

82.3(2)  
М 85



ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХ ЭТНОГРАФИЯ  
ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ

**АЛПЫСБАЙ МҮСАЕВ**



**ӘЙТЕКЕ БИ АЙМАҒЫНЫҢ  
ЭТНОМӘДЕНИ МҮРАСЫ**

Ақтөбе облыстық әкімшілігі  
Ақтөбе облыстық мәдениет басқармасы  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті  
Гуманитарлық зерттеулер институты  
Ақтөбе облыстық тарих, этнография және археология  
орталығы

Алпысбай МҰСАЕВ

# Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы

2/3 БӨГЕТКӨЛ  
Мәдениет бөлімі  
Ақтөбе облысы  
Аудандық тарих және этнография орталығы

Ақтөбе 2006

ББК 82. 3(2)  
М 85

Баспаға Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің  
Гуманитарлық зерттеулер институтының ғылыми әдістемелік  
кеңесі ұсынған

Авторы: А.Мұсаев – филология ғылымдарының докторы,  
профессор.

Пікір жазғандар:

Есім Ғарифолла – философия ғылымдарының докторы,  
профессор, ҚР ҰҒА академигі

Молдаханов Ә.М. – филология ғылымдарының докторы,  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің  
профессоры

М 85 Мұсаев Алпысбай Мұсаұлы. Әйтеке би аймағының  
этномәдени мұрасы – Ақтөбе 2006. 353 бет.

ISBN 9965 – 777 –26 – 8

Ақтөбе өңірі, оның ішінде Әйтеке би аймағының этномәдени  
мұралары осы ауданда жүргізілген ғылыми экспедиция барысында  
жазылып алынып, жинақталған материалдар негізінде жарияланып  
отыр. Еңбекте бұрын жарияланбаған зерттелмеген фольклорлық  
және этнографиялық деректердің молдығы ерекше қызығушылық  
туғызады.

Кітап көпшілік оқырман қауымға, филолог, этнограф мамандарға,  
оқушы-студент жастарға арналып отыр.

ББК 82. 3(2)

М 4702250105  
00(05)- 06

Гуманитарлық зерттеулер институты  
Облыстық тарих, этнография және  
археология орталығы

ISBN 9965-777-26-8

## АЛҒЫ СӨЗ

### **Кенжеғали КЕНЖЕБАЕВ**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ректоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор



«Мәдени мұра» атты орта мерзімді мемлекеттік бағдарлама жоғары өкімет деңгейінде көптен күткен әрі дер кезінде қабылданған шешім болып табылады. Осы кешенді пәнаралық бағдарлама тарих, этнография, фольклортану, көне жазба дереккөздері бойынша ғылыми еңбектерді жүйелеп, зерделеп, жинақтап басып шығаруға, сондай-ақ мәдениет пен өнер ескерткіштерін археологиялық тұрғыдан зерттеуге, қалпына келтіруге, сақтауға және мұражайландыруға бағытталған.

Бәрімізге белгілі, мәдени мұра Қазақстандағы интеграциялық процестердің маңызды факторы, ұлттық және мемлекеттік танымды қалыптастыру компоненті болып табылады. Археология, тарих, этнография, әдебиет, жазбаша өнер туындыларының ескерткіштері халық киесіне айналуы тиіс, өйткені олар руханиятты сақтап, ұлттың өнегесін өсіреді.

Бағдарламаны іске асыру аясында қалыптасқан ұйымдық-құқықтық ахуалға мәдениет ұйымдарының, ғылыми зерттеу институттарының, орталықтарының қалпына келтіру

мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, олардың қызметтерін қаржыландыру арқылы мемлекеттің белсенді түрде араласу қажеттілігінен туындап отыр. Осыған орай облыстық тарих, этнография және археология орталығы мен университет жанындағы Гуманитарлық зерттеулер институты ғалымдарының біріккен жұмысы өздерінің игі нәтижесін берді. Институт ғалымдары мен тәжірибелі өлкетанушы мамандардан құрылған ғылыми экспедиция облыс аудандары территорияларында зерттеулер жүргізуде. Тиянақты жұмыстар көптеген жәдігерліктердің көзін ашып, халық арасында сақталған құндылықтарды жинақтауға мүмкіндік туды.

Өздеріңізге ұсынылып отырған бұл еңбекте Әйтеке би сияқты қастерлі өлкенің ежелгі тарихы мен жазба әдебиеті, археологиясы мен этнографиясы - киелі келбетінен көрініс беретін тың деректері мол. Сондықтан да жинақтың туған жер тарихына, ата-баба рухына бас иетін көпшілік қауымға, оқушы-студент жастарға берер тағылымы да шексіз деп ойлаймын.

# **Мәдени мұра – асыл қазынамыз**

**А.МҰСАЕВ**

Экспедиция жетекшісі,  
Гуманитарлық зерттеулер институтының директоры,  
филология ғылымдарының докторы, профессор

Қазақстанның мәдени мұрасының қазіргі жай-күйі сан ғасырлық дәстүрлерді сақтау мен одан әрі дамыту жөніндегі шаралар кешенін қолдан келгенше қамтамасыз етумен, тарих пен мәдениеттің жаңа ескерткіштерін ашумен, кесенелерді, ескі мешіттерді, ежелгі кенттерді қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жандандырумен, олардың негізінде жаңа тарихи-мәдени мұражай-қорықтарды құрумен сипатталады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған Жолдауындағы «Мәдени-тарихи мұраны сақтау» туралы бөлімде: «Біріншіден, халықтың орасан зор мәдени мұрасың, соның ішінде осы заманғы ұлттың мәдениетің, фольклорың, дәстүрлер мен салттарын зерделеудің біртұтас жүйесін жасау... Үшіншіден, ұлттық әдебиет пен жазудың сан ғасырлық тәжірибесін қорыту және кеңейтілген көркем, ғылыми, өмірбаяндық дестелер жасау» - деп атап көрсеткен еді. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті Гуманитарлық зерттеулер институтының «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы бойынша жүргізіліп жатқан ғылыми жұмыстарының бірі – Ақтөбе өңірінің тарихи-мәдени мұраларын зерттеп, зерделеп, ғылыми айналымға енгізу. Осы бағыттағы жасалған жұмыстардың алғашқысы - Әйтеке би ауданына ұйымдастырылған ғылыми экспедициясы болатын. Ақтөбе облысындағы екі ауданның көлемін қамтып жатқан, қазақтың қаймағы бұзылмаған, тарихтан белгілі от тілді, орақ ауызды

би-шешендеріміз бен тарихи жәдігерлерге бай өңірге институт қызметкерлері екі рет экспедиция ұйымдастырды. Біріншісі маусым айында Әйтеке би ауданының бұрынғы Комсомол ауданына қарасты Құмқұдық, Ақтасты, Аққұм, Жабасақ ауылдарын аралап, екінші экспедиция шілде айында бұрынғы Қарабұтақ ауданына қарасты Қарабұтақ, Аралтоғай, Ақкөл, Аралтөбе, Бөгетсай жерлерін қамтып қайтты.

Экспедиция Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің Гуманитарлық зерттеулер институты мен облыстық тарих, этнография және археология орталығының қолдауымен ұйымдастырылды. Экспедиция құрамында – экспедиция жетекшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұсаев Алпысбай Мұсаұлы, этнопсихолог, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Тасымова Айсұлу Ахмадиқызы, институттың ғылыми кеңесінің мүшесі, белгілі өлкетанушы, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қызметкері Рысжан Ілиясова, институттың ғылыми қызметкері, филология магистрі Айнұр Қожахметова және Әйтеке би аудандық мұражайының директоры Гүлжаһан Шматова мен мұражай қызметкері Гүлнар Есмағамбетовалар болды.



Экспедиция құрамын алғашқы күні Әйтеке би ауданының орталығы Комсомол жерінде аудан әкімі Есмұқан Есенбаев қабылдап, жұмыстың бағыт бағдары жайлы кеңінен пікір алысылды.

Өз жұмысын экспедиция құрамы Құмқұдық округінің әкімі Көпжасар Айсауытовтың ауылдың көне көз

қарттарымен кездесуден бастады. Мұнда әйгілі Жәкібай жыраудың ұрпақтарымен кездесіп, жыраудың ұстаған домбырасы бейне таспаға түсірілді. Осы өңірдің ақыны Жөкей Шаңғытбаевтың шығарған «Құл мен қыз» дастанын көп жылдар жырлап өткен Жәкібай жырау туралы әңгіме шерткен ардагер-

ұстаз Өмірзақов Жаппар қартпен кездестік. Жаппар қарт кезінде тарихшы, ұстаз болған руы – Шөмекейдің Аюынан шыққан, құймақұлақ шежіреші сол жердің тарихымен тікелей байланысты құл мен қыз туралы кеңінен баяндады. Ал Дойманов Кенжеғали деген ақсақал Әйтеке би өңірінің халқы кезінде қасиетті, пір тұтқан Әулие ағашқа апарып көрсетті. Бір замандарда құдыретті деп танылған бұл ағаш аппақ, бұжыр тасты жарып шыққан. Теп-тегіс сайын далада бұдан басқа тас та жоқ. Екі-үш киіз үй қатар сыйып кететін, айдаладағы жұмыр ақ шұбар тастың батыс бетін жарып шыққан, уақыт өте келе әбден мүжіліп, тек түбірі ғана қалған, сол түбірден үш жас тал бой көтерген бұл мекен – табиғаттың бар сырын ішіне бүгіп тұрғандай әсерге бөлейді.

Әйтеке би өңірі өткен ғасырларда да діни сауатты халықты имандылыққа баулыған ұлағатты тұлғалары аз болмаған. Солардың бірі – Айтбай ахун. Ауыл ақсақалдарымен болған сұхбатқа Айтбай ахунның ұрпағы да келіп, өз атасы жөнінде бірсыпыра мәліметтер берді. Ол – Қонысбай Айнадинұлы Әбілқаев. Қонысбайдың айтуы бойынша Айтбайдың діни сауатының мықтылығын мойындаған тоқалар елден жібермейміз деп, қаржы жинап пірге қол тапсыруға аттандырады. Өз кезіне сай барлық емтихандарын тапсырып, ахун атағын алып қайтыпты. Ол кездегі діни оқуға сәйкес тағы бір мамандық алып шығады екен. Атамыз – мұраптық, яғни қазірше айтқанда гидротехник, су мамандығын меңгерген екен. Ол Басқұдыққа келгеннен кейін қолдан бөгет салдырған. Басқұдықта бұлақ көздері көп, соның жіңішке жерінен бөгемей, анық су жайылып айдындаған тұсынан бөгетеді. Сол тоғаң бөгет көп жыл тұрған. Халық игілігіне айналған ел егін салып, бау-бақша өсірген. Кейін кеңес өкіметі тұсында, совхоз шаруашылығы кезінде ол жақтан бөгемейміз, жіңішке жерден бөгемейміз деп, бөгетті сол жіңішке жерге салады. Бірақ тоқтата алмапты, жылда су тасып бұзып шаруашылық басшыларының мазасын ала беріпті...

Айтбай ахун пайғамбар жасына келгесін, шымылдықта отырыпты. Мәселен, Қожа Ахмет Иасауи қылуатке қалай жер астына түсті, міне ол да солай шымылдықта отырып, кісі көзіне көрінбепті, әйел затынан әрі болып, қонақ қабылдамаған екен.

Сол жердің жергілікті суырып салма ақыны 90 жастағы Алтын



Ылаубайқызы жырларының қолжазбасы жинақталды. Экспедиция мүшелері қарт ақынмен жүздескенмен, сұхбаттасу қиын болды, өйткені кәрілік пен ауру меңдеген ақын хал үстінде жатыр еді. Осы Қарашатау аулында болған сапарымыздың бәрінде Құмқұдық округінің әкімі Көпжасар Айсауытов еріп жүрді. Өзі бір табиғатынан елгезек, қоғамдық жұмыс десе жанын салатын жұртына жанашыр, көпшілікке сыйлы азамат екен.

Ауылдастары оны: «Еңбек десе барын салатын, баладай қалбалақтаған ақкөңіл, адал жан еді. Барлық шаруаның ортасында әрдайым өзі жүретін. Қыста кеңшарға дейін жол салып, трактордың ішінде өзі отыратын», - деп тебірене еске алады.

Елі үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей, шапқылап жүрген апталдай азамат, біздер аттанып кеткеннен кейін көп ұзамай, тосыннан болған табиғат апаты - өрттің кесірінен өмірімен ерте қош айтысыпты. Ол Әйтеке би мен Ырғыз аудандарының шекарасында Жабасақ даласында болған өрттен ауыр күйік жарақатын алып, соның салдарынан қайтыс болыпты. «Отан үшін отқа түс, күймейсің», деп халық батыры атанған Бауыржан Момышұлы айтқандай, елдің игілігін қорғап отқа түскен азамат бейнесі көпшіліктің көңілінде мәңгі сақталып қалары аян.

Келесі Ақтасты аулына бет алған экспедиция құрамын мұнда да округ әкімі Сәтімев Мейрамбек қарсы алып, ауыл халқы аса қастерлейтін әйгілі Ақбақсы әулиенің басына бастап апарды. Ауыл халқы қасиет тұтқан әулиенің шын аты - Төлеген Әулиенің тамы ақ күмбезді мазар түрінде салынған. Басына түнеп, шырақ жағу үшін әдейі тұрғызылыпты. Осы жерде көрші Аққұм ауылының тұрғыны, көрген түйгені мол шежіреші Әйтеке би жеріне кеңінен танымал атақты Раманқұл әулиенің немересі екен. Қарияның айтуы бойынша, өзі сол жерде туып өскенімен, өмірінің бірсыпыра кезеңін Сыр бойында өткізіп, кейіннен оралған екен. Зерттеуші-өлкетанушы Рысжан Илиясова мен Шайқы қарт арасында әйгілі Раманқұл әулие жөнінде төмендегідей сұхбат өрбіді:

**Шайқы қарт:** - Біз атамыз Раманқұлды "кәке" дейтінбіз. Оны бұлай бала кезінен бастап атапты: 6-7 жасында әулиелік қасиеттің қонғалы жүрген кезі болу керек, қасында бірге ойнап жүрген балаларды біресе түртіп қалып, біресе шымшып ұрып

қалып тыным бермейтін көрінеді. Сол кезде әкесі одан кіші балаларына: “Ағаң жақсы ма?”, - деп сұраса, кішкентай балалар: “Кәкәй!”, - деп қорқып жауап беретін көрінеді. Кәкәй – деген балалардың тілінде жаман нәрсеге ғана айтылады ғой, содан бастап атамыздан кішілері мен балаларының барлығы Кәке деп кетсе керек.



Раманқұл - әулие болғанда, мына бақсылықтағы жын емес. Таза әруақ. Анау Ақбақсыға, Әбуге, - бәріне бата берген Кәкем.



**Рысжан Ілиясова:** Ол кісінің қасиеті сонда тұқым қуалап тұр ма?

**Шайқы ақсақал:** Тұқым қуалағанда, арғы-арғы түпте бірдеңе болу керек. Бірақ оның әкесі Бектаста ондай қасиет болмаған. Бектастың ағасы бар – Тоқтас деген, Раманқұл сол кісінің бауырында өскен. Атамыз: “Мен – Тоқтастың баласымын”, - деумен кетті. Бектастың атын да атаған жоқ.

**Рысжан Ілиясова:** Раманқұл әулие осы Ақтөбе облысы әулиелерінің ішінде *киіктің матауын* көрген әулие

дейді.

**Шайқы ақсақал:** Ол қалай болды екен?..

**Рысжан Ілиясова:** Киіктің матауы – деген не өзі?

**Шайқы ақсақал:** Киіктің матауы – күзді күні 16 желтоқсанда киіктердің шағылысатын кезі. Сол кезде киіктер қаз-қатар тұратын көрінеді де, текелері келіп асылады. Сосын бәрі бір мезгілде мамыр айының аяғында төлдейді...

**Рысжан Ілиясова:** Жарайды, сол киіктің матауында жыныстық белгісінде ме, әлде мұрнының ұшынан шығатын безден бе бір хош иіс шығатын көрінеді.

**Шайқы ақсақал:** Көзінің алдынан (көздің жас шығатын қуысының алдынан А.)

**Рысжан Ілиясова:** Сол хош иіс топыраққа тама ма, әлде өсімдікке тама ма? Раманқұл әулие сол киіктің матауынан кейін адамдарды емдеген ғой шөппен.

**Шайқы ақсақал:** Иә, ол көбіне шөппен емдеген. Емі қонып жазылатын адамға жазылатыны айтқан, ал ем қонбай, дәмі таусылып тұрғандарға: “Үйіңе бара бер, жазылып кетесің”, - деп қайтара қоятын болған..

**Рысжан Ілиясова:** Шүкір – деген қандай шөп?

**Шайқы ақсақал:** Шүкір – шөптің тамыры, күйікке үгітіп сепсе, құлан-таза жазылады. Жапырақты өсімдік, жапырағы түйе жапыраққа ұқсайды. Раманқұл осы шөппен тағы да андыз, қына сияқты шөптермен де емдеген.

Шайқы ақсақал тек өз атасы жөнінде әңгімелеп қоймай, ел жер тарихынан да сыр шертіп, көп деректі әңгімелерге қанықтырды: Мәселен, айтыскер ақын Мәлік Әлмұратовпен айтысқан Жамал қыз деп жүргеніміз – белгілі Жамал Омарова Мұқанқызы екен. Жамал Әйтеке би ауданына жалғас Жетіқара жерінде дүниеге келген, руы – Жағалбайлы. «Отызыншы жылдардың басында Мәлік Әлмұратов Жағалбайлының Жамалымен айтысты», - дейді қария. Жамал Омарова, Рүстембек Омаров. Қызылтай, Мәлік – бәрі Алматыға барған екен сол кезде Жамал амандасып барып: “Әй, сен мені танысың ба?”, - десе «Танимын» - дейтін көрінеді қашқақтап. Сөйтсе Мәлік кезінде Жамалмен айтыста жеңіліп қалған екен, - дейді көне көз қария – Шайқы ақсақал.

Одан соң зерттеушілер сол Ақтасты ауылының тұрғыны, белгілі жырау Жәкібайдың баласы – Зәмзә Жәкібайұлымен кездесті. 1936 жылы туған өз кезеңінде кеңшарда көп жыл есеп қызметкері болып қызмет істеген, көкірек көңілі ояу, зерделі азаматтарының бірі болған Зәмзә қарт қазір құрмет демалысында.

Біз өзіміздің ел арасына келу мақсатымызды айтқан кезде, жырау баласы – Зәмзә ақсақал әңгімесін ел игілігін игеруге атсалысқан азамат-тұлғалардың бірі – Мұхтар Ғалиұлы Арыновтан бастады: “Мұхтар Арыновтың бұл жерге көп келуі – кезінде Абайдың арғы аталары: Ырғызбай, Торғай, Толыбайлар осы жерде көшіп-қоныпты ғой. Сол Толыбай – Мұхтар Ғалиұлының арғы аталары екен. Мұхтар мына біздің

Толыбай деген жерді сол өзінің Толыбай атасының мекен еткен жері емес пе?.. – деп ойлайды екен.

Бірде Мұхтар келгенде «Зәке, ауылыңыздан саналы, сезімді азаматтарды тауып қоярсыз», - деген кезде, ойланып қалдым. Оқыған, көзі ашық адамдарды тауып қой десе, бір сәрі. Ал енді, саналы, сезімді азаматтарды қайдан табамын? – деп қатты қиналдым...

Мұхтар – данышпан еді ғой!..”, - деп бір ой түйген жырау баласы одан әрі әңгімені өз әкесі жөнінде өрбитті: “Жәкібайдан екі баламыз. Әкем: «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман алда, оның шет-жағасын сен көресің», - деп еді. Міне, осы заман емес пе?!

Ол кісі бас бостандығын көп іздепті, көп қудаланды ғой. Әкесі – Сағынбай өлерінде айтыпты: «Мына төбетейді, мына қамшыны жоғалтпа! Бес уақыт намазыңды тастама!», - депті. Бірақ әкем төбетейді жоғалтып, құдыққа қамшыны да түсіріп алған екен. Ал намазын совет үкімет кезінде оқытпаған. Басына күн туған уақытта жырларының көшірме-қолжазбаларын бір сандық қылып көміп тастап, кейін таба алмай қалыпты.

Жәкібайды – қазақтың таңды таңға ұрып жырлайтын жыршы, жырауларының соңы деуге де болады. Ұйықтамай, қызыл күрең шайды ішіп отырып, әкеміз жеті күн, жеті түн жырлайтын:

«Тыңдаушысын қалғытса,

Бейшаралығы жыраудың», - дейтін.

Содан соң тоқтамастан жырлаған жырау жеті күн бойы ұйықтайтын болған.

Әкеміздің әкесі, атамыз – Сағымбай бақсы болған. «Бақсыдан бақсы шығатын еді, ал бақсыдан жырау шықты дегенді естімедік», - депті байлар. Сол кездегі жыраулар отыз күн жырлап сынақтан өткен:

«Бақсыдан жырау тумайды деп,

Тезіне қалдым сынақтың», - дегені осы болатын.

Әкем домбыраны тартқан кезде, тырнақ домбыраға тимеу керек дейтін. Тырнағын жұмсарту үшін қолын жиі-жиі суға салып отыратын. Домбыраның ішегін кәдімгі қойдың ішегінен дайындайтын, оны ұршықпен иіріп, бөлменің екі қабырғасына шеге қақтырып, шегеге тарттырып жасататын. Жырау домбыраны бабына келтіріп жасауды да, бабына, сазына

келтіріп орындауды да талап еткен Домбыра ешқашан дауысты басып кетпеуі керек дейтін.

Бірде түйенің ботасына көз тиіп өліп қалғанда, інген қасына адам жолатпай, саудырмапты. Сол кезде Жәкібай домбырамен азынатып күй тартқан екен. Кәдімгі адамша көзінен жас ағып жылаған інген иіп, саудырыпты. Міне, бұл – оның домбыра тартудағы қасиеті деп ойлаймын.

Әкем қайтар сәтінде қаптаған ұшып жүрген топ үйректі көріпті. Қасындағыларға: «Неге атып алмайсыңдар?», - депті, бірақ жан-жағындағылар ондай құбылысты байқамапты. Ол – жан тәсілім алдындағы ұшып шығып жатқан өлеңінің пірі екен.

Жәкібай 1954 жылы 4 шілдеде қайтыс болды, 6 шілдеде жерге тапсырдық. Бір уыс топырағым далада қалмасын! – деген еді” – деп аяқтаған еді өз естелігін Зәмза ақсақал.

Қайтар жолдағы экспедиция бағыты бойынша Комсомол жеріндегі әйгілі Былшық бидің нөмересі Төлегенов Әнеспен кездесіп, би өмірі мен шешендік сөздері хақында мәліметтер алынды. Одан әрі Аралтөбе жеріне келіп, ауылдың көне көз қариясы Нұрмаханов Орысбай ақсақалмен әңгімелестік. Орысбай ақсақал бізге сонау бір замандарда қасиеті асқан Бақсайыс әулие туралы және оның мешіті мен қорымы туралы қызықты мәліметтер келтірді. Бақсайыс әулие қасиетінің ерекшелігі сол көнторсыққа киік сауып ішіпті дейді. Бақсайыс өзенінің сағасын жағалай қоныстанған руларының келу тарихынан да әңгіме шертілді. Белгілі ақын Қуандық Шаңғытбаевтың атасы – Шаңғытбай қажы туралы да Орысбай ақсақал айтып өтті.

Экспедиция бағытының соңы ежелгі Қарабұтақ жеріне келіп тоқтады. Бір кездерде бір ауданның орталығы болған Қарабұтақтың тарихы терең. Ежелгі Қарабұтақ жерінде осы араның тірі шежіресі деуге боларлық, сексеннің сеңгіріне шыққан Жаңбырбаев Нысаналы ақсақал мен Аяп Әзбергеновтер қарсы алды. Кезінде аудандарда түрлі жауапты қызметтер атқарған, көкірек көзі ояу сұңғыла қария ауданның арғы-бергі тарихынан сыр шертті.

Мұнда қол бастаған батыр да, небір әділ шешімімен, қара қылды қақ жарған би де, ағайын мен ел жұртқа болысқан жомарт бай да, діни оқу мен ілім-білімнің шырағын жаққан оқымыстылар мен ағартушылардың бар екендігіне көз жеткізді. Нысаналы ақсақал аудан территориясында мекендеп, өмір

сүрген Назаралы әулие, Сары ишаң Шаңғытбай қажы, Бақсайыс әулие, Нұржан бай туралы кеңінен әңгімелеп, қызықты мәліметтер келтірді.

Әлі де дерек көздері ашып, зерделеу үшін Әйтеке би ауданына арналған ғылыми экспедиция құрамы өз жұмысын бұрын бір ауданның тарихын құраған Қарабұтақ өңіріне бағыттады. Бұл жерде экспедиция құрамына Әйтеке би аудандық мұражайы мен Қарабұтақ мұражайының қызметкерлері қосылды да, алдағы жұмыс жоспарлары айқындалды. Аралтоғай елді мекеніне бағыт алған құрамды округ әкімі – Абылай Дошаев қарсы алды. Ауыл әкімінің ұйымдастыруымен өткен сол жердің көне көз қарияларымен болған кездесуге Сары ишанның немересі Саттарберген қартпен Қуанышев Әшім, Сәндібеков Төлеуғали деген ақсақалдар келді.

Қарабұтақ жеріне діни білім-танымның шырағын жаққан Сары ишаң, шын аты – Қожахмет Үмбетұлы 1858 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келген. Руы – Жетіру, Керейттің Қожасы, әйгілі Қосым Қожаның ұрпағы. Қосым қожаның әкесі Мүсірәлі Сұпы - Әзиз, бабамыз Әйтеке бидің пірі. Сары ишаң есін білетін шамаға жеткен соң әкесінің ықпалымен Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауидің медресесіне оқуға түскен. Медресені тәмамдаған соң, жолдама бағыттаумен болса керек, 1878 жылдары Қарабұтақ өңірінің Аралтоғай жеріне келген. Әуелі, Аралтоғайдан 70 шақырым жердегі, кейіннен халық жадында 2-ферма деп аталып кеткен Төртқара руының Құламан аталығының қоныстанған жеріне барған. Сол жерде мешіт саламын деген мақсатпен екі қатар кірпіш қалап қойғанда, сол ауылдың Ашықбай деген бір кісісі қаттырақ сөз айтса керек, “Қой, бұл – болмас”, - деп, мешіт құрылысын тоқтатып, қайда болса да көшейін дегенде, Төртқара түгел жиналып, Ыскөл деген жерден арнайы орын бөліпті. Жайылымы мол құнарлы Ыскөл жеріне Қожахметке үй салып берген ауыл халқы: “Мешітті қызыл кіріпіштең, күйдіріп салайық”, - дегенде, ишанның мақсаты бала оқыту болған соң халқының мұндай құрметіне риза болып: “Қызыл кірпішті кейін көрерміз, діни сауатты ыждаһаттау үшін шикі кесекпен-ақ көтере берейік”, - дейді. Содан халық сол Ыскөл жерінде 40-50 адам сиятын мешіт, шәкірттердің жатын орны есебінде үй салып беріпті. Сары ишанның көптеген шәкірттері болған, - дейді Саттарберген қарт.

Халыққа шапағаты тиген шәкірттерінің ішінде Мұқан Бақытжан Ыбырай деген атақты молдалар шыққан. Кеңес үкіметі орнаған кезде қуғын көрген шәкірттері де болған.

Қожахметтің екі ұлы, бір қызы болыпты. Баласының үлкені – осы Саттарберген қарттың әкесі, екінші ұлы – Мұхамбетәлі 23 жасында қайтыс болыпты. Сары ишан баласының үлкенін Бұқар жеріне оқуға жіберіпті, одан ол діни білімнің биік дәрежесінің бірін Хиуа жерінде қорғапты. Діни білімнің әсерінен болса керек, - дейді қарт - әкем әкесімен ақылдаспастан Самарқандтан үй алып, тұрақтап қалмақшы болады. Сонда әкесі: “Ол жаққа баруға менің жасым келіп қалған сияқты”, - деп ойланып жүргендерінде совет үкіметі келіп араласып, көше алмай қалыпты. Әкем оқуын 1912 жылы аяқтап, Ырғыз, Қарабұтақ жеріне мүфти болып келген, - дейді қарт Саттарберген.

“Атам халықтан Сары ишан деген атақ алған адам. Атам ақ-сары, жұқа өңді, әдемі кісі еді. Арық та емес, толық та емес, әрі оқымысты, зиялы, дегдар адам болғандықтан, осы қасиеттеріне қарап халық Сары ишан деп атаған Қожахмет атам 1934 жылы ораза кезі болатын, наурыз айының аяғында Қарабұтақ маңындағы Қарашоқы деген жерде қайтыс болды. Әкем Ысқөлге апарып қояйың, оған қандай кеңес бересің, - дегенде, 1934 жылға дейін елде ашаршылық болды ғой, сол себепті атам: Жоқ, балам, мені ол жаққа апарма! Қазір жағдай ауыр – депті, - ұзын өлкенің саласы, күндердің-күнінде осы ара үлкен жол үсті болады. Өткен-кеткен “Бісіміллә, тие берсін!” – деп айтар, осы араға қоя бер – деп өсиет етіпті”, - деген Саттарберген қарттың ишан атасының көріпкелдік қасиетіне бүгінде куә болып отырмыз. Қазір бұл жер халықаралық дәрежедегі тоғыз жолдың торабына айналды. Ырғыз өзені бойындағы Қарабұтақ қорымының қақ ортасында Сары ишан бейітіне жуықта ғана ұрпақтары мен жерлестері әйбәт мазар салып, айбынын бір асырды.

Одан әрі экспедиция құрамы ауыл әкімі – Дошаев Абылайдың жол көрсетуімен Үңгіртас жеріне барды. Биік жартастатқалының етегінде мың бұралып кербез Ырғыз өзені ағып, табиғатты сұлу көркіне бояп тұрғанын көрді, өзен жағасындағы биік жартасқа ойылып орналасқан табиғат сыйы үңгіртасты аралап, ол туралы әңгіме-әпсаналарға қанықты, бейне таспаға түсірді.

Қарабұтақ жерінен 32 шақырым жерде тұрған Ақкөл ауылына барған экспедиция құрамын округ әкімі – Қайырбек Дүйсембин қарсы алып, көненің көзін көрген құйма құлақ қарттармен әкімшілік кеңсесінде кездесу ұйымдастырды. Мұнда Ыбраев Әбдіғани деген ақсақалдың белгілі ақын Нұрхан Ахметбековтің “Ұры Қарға” дастанының жырлауын тыңдады. Осы ауылдың тұрғыны, Көптілеуов Дүйсенғали деген ұстаның қолөнер бұйымдарын көріп, ат әбзелдері мен ер-тұрмандарды әзірлейтін ұста, өз шеберханасымен таныстырды.

Екінші экспедицияның бағыт алғандағы басты мақсатының бірі – Бақсайыс әулие. Осы мақсатта құрам өкілдері әйгілі әулиенің мешітін көру үшін Аралтөбе ауылына барды. Мұнда Қызылжұлдыз селолық округі деп аталатын жердің әкімі – Төлебаев Әбдіхамит шежіреші қарт, бірінші экспедицияда зерттеушілерді әңгімесімен қанықтырған Орысбай ақсақал Нұрмахановпен қарсы алды. Ақсақалдың бағыт-бағдарымен экспедиция құрамы ауыл маңындағы бір замандарда Бақсайыс мешіті деп аталып, қазір Бақсайыс қорымы деп есептелініп жүрген жерге барып, мешіт орнын көрді. Қазіргі кезеңде тек қана мешіттің орны ғана қалған, мешіттің ені мен ұзындығы 40 метр болғанын анық көруге болады. Орысбай қарт кеңес үкіметі орнағаннан кейін 1927 жылы құлатқан, ал ауыл халқы 1966 жылы осы мешіттің 200 жылдығын атап өткенін әңгімелейді.

Қайтар жолда экспедиция құрамы бұрынғы Қарабұтақ ауданына қарасты Бөгетсай елді мекеніне барып, белгілі ақын Қызмет Нұралинмен кездесті. Олар ақын шығармашылдығымен және баспаға дайындалып жатқан Қызмет Нұралиннің жаңа туындыларымен танысты.

Сонымен экспедиция өз жұмысын аяқтады. Жұмысты жинақтайтын да уақыт келді. Тапқан олжамыз бар ма екен? Бар екен. Олар - 30-40 баспа табаққа жуық жиналған қолжазба материалдар. Бұл қолжазбалардың ішінде ХІХ-ХХ ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың шығармалары, шежіре мен шешендік сөздер, толғау, термелер, қиссалар мен дастандар, шығыс сюжетінен келген аңыз әңгімелер мен ғашықтық дастандары және кеңес дәуірінде туған ауыз әдебиеті үлгілері де бар.

Халқымыздың ежелден сақталып ғасырлар бойы тот баспай бүгінгі ұрпаққа саф алтындай таза, кіршіксіз қалпында жетіп отырған рухани байлығы – ауыз әдебиетінің тамаша



қолжазбаларын да осы мәдени мұраның бірі деп тануымыз керек.

Мұнымен қатар жер-су атауларына байланысты, яғни топонимикалық қыруар материалдар жинастырылды. Би-шешендер, дін өкілдері, ғұламалар, айтулы ұста-зергерлер сияқты ел-жұртына қастерлі адамдардың есімдері аталып, олардың халық арасында атқарған шексіз де адал қызметтерінің жәй-күйі паш етіледі.

Жинаққа енген туындылардың барлығын «төрт аяғын тең басқан» дүниелер деп айту артықтау болар, бәлкім. Біз бұл жерде жер-ел, уақыт, кезең және тұрмыс-тіршілік жағдайларын кеңінен ескердік. Әдебиет, жалпы өнер тек таза классикалық дүниелерден тұрмайтынын ескерсек, Әйтеке би ауданының этнофольклорлық, этномәдени мұрасы да сол алып айдынға құятын таза ағыстың бірі деп қарауымыз керек. Ұсынылып отырған дүниелердің барлығы осы өңірде өмір сүріп, тірлік кешкен ата-бабаларымыздың артында қалған сарқылмас мол, рухани қазынасы. Ол бүгінгі ұрпақ санасында мәңгілік ізін берік қалдыратынына сенім мол.



Суретте солдан оңға қарай: Әнес Төлегенов, Айсұлу Тасымова, Алпысбай Мұсаев, Ақансері Ермағанбетов, Рысжан Ілиясова, Бақыт Исатаев.



# I ТАРАУ

## БИЛЕР МЕН ШЕШЕНДЕР

14787 -



2/18  
БӨГЕТКӨЛ  
Мәдениет бөлімі  
Ақтобе облысы  
Аудандық Ғылым және  
Мәдениет Орталығы

**Халқымыздың Атыраудан Алтайға созылған алқабы мемлекеттігін орыс отарына дейін де, кейін шынжыр балақ, қанды төс боп келген – орыс судьясы араласа бастаған тұста да дауын дуалы аузымен шеше білген қазақтың от тілді, орақ ауызды билері тұтас Билер институты деп аталатын концепция аясында болғаны және бұл бірізділік кешегі ХХ ғасырдың басына дейін жалғасып келгені мәлім.**

**Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жасайтын билердің төрелігін халқымыз “Тура биде – туған жоқ, туғанды биде – иман жоқ”, -деп бағалап, тек төбе бидің сөзіне ғана жүгініп қоймаған, әр ру, әр тайпа өз ортасынан шыққан биінің сөзіне де тоқтай білген..**

**Осындай төбе биі - Әйтекеден бастап, кенже биі – Былшыққа дейін жалғасқан күллі Кіші жүз жеріндегі Ақтөбенің Әйтеке би ауданы атына заты сай би-шешендер өлкесі екенін бүгінде тарих дәлелдеп отыр.**

## Әйтеке би Бәйбекұлы (1644-1700)

Қиыры ұшан-теңіз Қазақ даласының Кіші жүз рулары мекендеген аймағында Әйтеке бидің елдің бірлігі мен ынтымағына жұмсаған қайраткерлік істері тарихта мәңгілік жазылып қалған. Тектіден туып, бар қадір-қасиетін халқына арнаған ұлы тұлғалардың бірі Әйтеке би атамыздың атамекені Сыр өңірі, Ырғыз аймағы болғаны белгілі. Кешегі жел маясын желіп өткен Асанқайғының айтып кеткен Жерұйығының бірі де осы. Бүгінде бұл өңірді сол абыз Әйтеке бидің елі мекендеп отыр.



Әйтекенің шыққан тегі – Кіші жүздің Алшын тайпасының Әлім руынан. Ол қазіргі Өзбекстан жеріндегі Нұрата тауының Бұхара жеріне қарай созылып жатқан Қыз-Бибі тауының етегінде өмірге келген.

«Тобықты Әнет бидей баталы бол, Кіші жүз Әйтекедей аталы бол» деп атақты Сегіз серінің батасында айтылғандай, Әйтеке би аталы тұқымнан. Оның арғы атасы Сейітқұл Жәдікұлы Шығай ханның серігі болған.

Ісі қазақ Әйтеке атаны Бәйбек әулетінің ғана емес, Сейітқұл аталығының ғана емес, Төртқара, Әлім, Қаракесек (Әлім, Шөменнің атасы) руларының ғана емес, күллі Алшын елінің

(Кіші жүз елі) беделі мықты биі деп танып, ол кісіні түсіндіргенде «Алшын Әйтеке би» деп даралапты. Әйтеке атаның қазақ елінің бүтіндігі мен ынтымағына, оның өсіп-өркендеуіне сөзбен де іспен де белсене қатысып, қайраткерлік танытқан іс-қимылдары жайлы әңгімелер ұзақ сақталып, бүгінгі ұрпақ жадына жетті.

Бәйбекұлы Әйтеке би – қазақтың Тәуке, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандары тұсында мемлекет басқару ісіне араласқан мемлекет және қоғам қайраткері. Әз Тәуке хан құрған «Билер кеңесінің» мүшесі, атақты шешен, Кіші жүздің төбе биі, «Жеті жарғы» аталатын заңдар кодексін шығарушылардың бірі.

Әйтеке бидің ғұмырнамасын тарқата сөйлесек, өз заманының ойшылы, мұсылманшылық жолын мінсіз атқарып Меккеге үш қайтара барған айналасындағы ел-жұртқа әділ билігімен жаққан Ораз қажыдан Тоқпан батыр дүниеге келеді. Тоқпаннан Сейітқұл әулие туады. Ол да мұсылманшылық жолға адал болып, Меккеге екі қайыра барып, айналасындағыларға дін жолын шын ниетімен насихаттап өткен. Оның бұл адалдығы сөзінен ғана емес, бүкіл іс-әрекетінен байқалып отырған. Ол Шығай ханның бас кеңесшісі ретінде әділ қазылық жүргізіп тарихта қалған жан. Осы Сейітқұлдың бәйбішесінен төрт ұл екінші әйелінен үш ұл ең кіші әйелінен Азия жұртына аты аңыз болған Жалаңтөс баһадүр туады. Бәйбішеден туған Ақша кезінде Қоқан ханы болған-ды. Ал Ақша ханнан Бәйбек туады. Ол парсыша, арабша, түрікше оқыған. Ақшаның он баласының үлкені Бәйбек одан өрбіген жалпақ он ауылдың биі боп өткен.

Міне, осы Бәйбектен ісі қазақ жұртына өзінің даналығымен, даралығымен белгілі болған Әйтеке туған.

Зерек бала бес жасынан бастап ауыл молдасынан сауат ашады. Атасы Ақша баланың зеректігін дер шағында аңғарып, оны жеті жасынан бастап Самарқандағы Ұлықбек медресесіне оқуға береді. Жастайынан алғыр Әйтеке екі атасының тәлім-тәрбиесін бойына сіңіреді. Ақша атасынан ел басқару, әділетсіздікке қарсы тұрып, билікті сөз саптауға, адалдықтың адал жібін аттамауға үйренсе, Жалаңтөс атасынан қолбасшылық, батырлық, әскери ойын-тәсіл амалдарын меңгереді. Медреседе арабша, парсыша тіл сындырып, дін, әлемтану сабақтарынан дәріс алады.

Оның осы кезде көргені мен білгені кейін Тәуке ханның

кеңесші биі болған кезде ел кәдесіне асады. Қазақ халқының ата заңы іспетті «Жеті жарғыны» шығаруға қатысқанда да Әйтекеге осы алған білім мен жиған тәжірибенің көп көмегі тигені белгілі.

Бір жағынан Қытай, бір жағынан жоңғар, енді бір жағынан орыс-казак жерін құрсаулай торлап, шекараға әскерлерін шоғырландырған қиын күндерде Әйтеке би Төле бимен Қазыбек бимен біріге отырып, елді, жерді қорғауға белсене араласады. Мәртөбе мен Күлтөбеде күнде жиын кезінде алты алашты аузына қаратқан сол үшеудің біреуі – орақ ауыз, от тілді Әйтеке би. Көкірегі даңғыл дана бидің аузынан шыққан талай-талай қасиетті сөздері әлі күнге ел аузында. Жерінің азаттығы мен елінің бақытын ойлаған Әйтеке бидей даналардың санаға түсірген шапағаты сөнбек емес.

Кіші жүз Алшында айтулы би болған Әйтеке өзінің саналы ғұмырын осы өңірде өткізіп, осындағы ел-жұртқа шапағатын тигізді десек артық айтқандық болмас. Сондықтан да осы топырақты жайлаған көп жандармен замандас, тағдырлас болғаны белгілі. Ол заманда хандар мен билердің, батырлардың жүгінетін пірлері болған. Пір – тек мал-жанның, табиғаттың ғажайып сыншысы ғана емес, болашақты болжап айтатын, аузы дуалы сәуегей. Әйтеке бидің пірі осы өңірдің белгілі адамы Мүсірәлі болған. Оған халықтың қойған лақап аты – Сұпы-Әзиз. Оны Әйтеке би Түркістан медресесінде оқитын мың шәкірттің ішінен таңдап алған деген сөз бар. Кейін Мүсірәлі Сұпы-Әзизді Кіші жүзге ертіп келіп, Ақмешітке имам сайлапты деген де дерек бар. Тірліктерінде Әйтеке мен Мүсірәлі бір-бірін қатты сыйлап өткен. Тек Мүсірәлі тым ерте қайтыс болған. Ол қайтқанда ат арыр алыс жер болса да Төле мен Қазыбек билер барып, бата оқып, Әйтекеге көңіл айтқан екен деген деректер тарихта қалғаны рас. Ол кісі дүниеден өткенде, кіші баласы Қосым қожа пірлік етіп Әйтеке биге ерген.

Халықтың құрметіне бөленіп, дүниеден өткеніне біршама уақыт өтсе де халық жадында сақталып қалған Сары ишан әулие осы Қосым қожаның тікелей ұрпағы. Ол есін білетін шамаға жеткен соң әкесінің ықпалымен Түркістандағы Қожахмет Иасауи медресесіне оқуға түседі. Медресені тәмамдасымен Қарабұтақ өңірінің Аралтоғай деген жеріне келіп өзінің

бойындағы діни ілім-білімін халық кәдесіне жаратқан қасиетті адам.

Көне көз тарих, ата-бабалардың жүріп өткен жолдары осылай сыр шертеді. Қалай болғанда да түбі айналып ортақ алтын қазыққа байланатын, бір арнаға құятын тарихи деректердің растығы аян. Онда елім деп, жерім деп өткен бабалардың сабақтастығы, үзілмес рухани жалғастығы жатыр. Ендеше, осы өңірдегі қоғамдық, әлеуметтік мәселелерге терең бойлап, оның шешіміне өзіндік үлес қосқан белгілі тұлға Әйтеке бабамыздың табаны тиген топырақта өмір сүріп отырған бүгінгі ұрпағы исі қазаққа қадірлі Ата есімін ерекше құрмет тұтып, қастерлеуі азаматтық, адамдық парызы болмақ.

## **Қисық бидің қисынды сөздері**

Бұрынғы Ырғыз, қазіргі Әйтеке би өңірінің айтулы билерінің бірі – Қолықайұлы Қисық би. Ол Шөмекей руының Аспан аталығының Аю деп аталатын бөлігінен. Ата қонысы – Ырғыз бойындағы Аманкөл жері. Қисық би өз заманының айтулы биі болумен қатар кезінде Орынбор губерниясы шекара комиссиясының 1868 жылға дейінгі шекара бөлу жұмыстарына белсене араласып, Ырғыз уезі аумағының ел ішіндегі жер бөліс істерінде даудың басын дара алғандардың бірі. Жер бөлістегі жетпей жатқан мәселелерде тігісін жатқыза төрелігін айтуда қисынды сөздің қиығымен-ақ келтіре білген Қисық бидің мына бір сөз мұрасы халық арасында кеңінен таралған:

*Жер бөлісте Шекті Мырзааұл қос Шалқар көлін өзіне қаратып алғысы келіп, күш салады. Сол жерді комиссия Тілеу мен Қабақ аталықтарына берген екен. Мырзааұл әлгі шешімге көнбей (шаңқылдап, қатты сөйлейтін кісі екен), жер бөлушілердің арасында жүрген өз билеріне қырғидай тиеді:*

*-Өй, өңшең жамандар, не бітіріп жүрсіңдер?! Сөздеріңді өткізе алмайсыңдар, түге! Сонда Мырзааұлдың сөзіне құлақ салып тұрған Қисық би:*

*-Уа, Мырзааұл, өзім демесең болмай ма? Тым өзімсіне берсең, жалаң кісіден болар. Біз Қос Шалқарды жері жоқ*

*Бақсайысқа, не Бақшақ Ақау балаларына бердік пе? Берсек, өзіңнің екі көзіңнің бірі, егізіңнің сыңары Тілеуге бердік қой,- дегенде, Мырзағұл өзінің ағат кеткенін түсініп, сөзге тоқтаған екен.*

*... Ырағыз жеріне жер бөлісте басқарып жүрген адам ұлыққа көп мөлшерде пара беретін болып, Зеңгінің (Уатай-Қаражанның) Қаражыңғыл деген жерін Бақшақ Ақау балалары иеленбекке ниет қылысады. Ол кезде Қисық пен Зеңгі дүрдараз екен. Кейбіреулер жердің Бақшаққа кеткелі тұрғанын естіп: "Қисық саған қарсы еді. Енді жеріңнен айырылатын болдың",- деп хабар береді. Ондай қауесетке мән бермеген Зеңгі: "Қисық арын сатпас!",- деп тып-тыныш жатыпты.*

*Ақырында жер бөлістің қорытынды мәжілісінде Қисық былай дейді:*

*-Уа, Жараңдар! Сендердің мына тұжырымдарыңа қосыла алмаймын. Өйткені ана Қаражыңғылдың әр төбесінде Зеңгінің ата-бабаларының сүйегі жатыр, әр шұңқырында төккен күлдері бәріңе аян. Ол араға Бақшақтардың бір үйі тігілген жоқ, бір қалақ күлі төгілген жоқ. Сондықтан сендердің мына шешімдерің көпе-көрнеуі зорлық. Қаражыңғыл Зеңгіге тиесілі.*

*Осылайша бұлтартпастан шындықты айтқан Қисық қарау ойшылдардың төбелерінен жай түсіргендей қылып тастайды. Дәлелді сөзді бұзбаған тура би Қаражыңғылды Зеңгіге қалдырыпты. Сөйтіп, Қисық Зеңгімен араздығына қарамастан әділдігінен таймапты.*

*Бірде Шөмекейдің екі руының арасында кісі өліміне байланысты үлкен дау болады. Екі жақтың кісілері әрі-бері айтысып жатқанда, Қисық:*

*-Бұл дауды анау-мынау деп қарауға болмайды. Болашақта екі елдің арасындағы ынтымаққа сызат түспесін десек, әбден ойланып, түбегейлі шешкен мақұл. Егер, олай етпесек, бұл дау келешекте баланың баласына дейін ауысып, оның өшпенділігі ізінен қалмайды. Ел арасының берекесін кетіретіні анық,- деп аталы сөзін айтып, әділдікке, татулыққа үндейді.*

*Қисықтың бәтуалы уәжіне құлақ қойып, кінәлілер жағы үш тоғыз айып тартады. Дауды әрі қарай ушықтырмай шешуге үлес қосқан Қисық жұртшылықты тату мәмлеге келтіріпті.*

*Міне, шешендігімен көзге түскен, туралығын айтқанда,*



туғанын ұмытатын Қисықтай бидің әділдігі тек Шөмекей баласының ғана мақтаны емес, күллі қазақ халқының үніне үн қосатыны үлкен мәртебе.

## **Келелі сөзді келтірген Келаман би**

Би өңірінен шыққан тағы бір айтулы билердің бірі – Келаман би. Келаман Шоңатайұлы бұрынғы Ырғыз уезінің Аманкөл болыстығында (1845-1926) туып-өскен. Руы Шөмекейдің Аспан тайпасы Боқай бөлігінен.

Келаман өз заманында дәулеттілердің бірі болған. Ол тумысындағы зеректігімен ел арасына 20-25 жасында-ақ билік айтудағы шешендігімен дәл айтатын тапқырлығымен ел аузына ілігіп үлгерген болатын. Сонысына қарай көрнекті ел басқарушы тұлғалар оның келелі кеңесіне, кесімді пікірі мен ұтып айтатын ойымен санасып отырған. Әсіресе, ел аралық мәмлелерге Келаман би жиі қатысып, мәселенің оңтайлы шешілуіне себепкер болып отырған. Келаманның сондай білімдар шешендігіне тәнті болған ел басқарушының бірі – Самұрат Алматылы.

Самұрат - Әлім, Шөмен ішінде әйгілі текті тұлғалардың бірі. Ел басқарудағы қырық жылғы ұстанымы тек исі қазақ арасына ғана мәшһүр болып қоймай, орыс патшалығының да көңілінен шығып отырған. ХІХ ғасырдағы Кіші жүздің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқан Самұрат - "ұзақ жыл болыс, уездік бастықтың көмекшісі лауазымын иеленген, ел арасында құрметпен танылған абырой иесі. Оған қарсы, батыл айтатын би-шешен жүздің бірінен ғана кездескен. Осындай адамға батыл айтып, әділдікті мойындаттырып отырғандардың бірі – Келаман болған". (Еламанов Қ. Шежірелі өңір. Ақтөбе, 2003. 385-бет) деген пікірге зер ассақ, ел құлағында сақталған мына бір әңгіме соның айғағы:

Бірде елінде үлкен ас болып, оны өзі басқарған Самұрат ат шаптырып, үлкен бәйге тігіпті. Бәйге аттары мәреге жақындаған кезде ел төнтектері тәртіп бұзып, қараулық жасамақ болған кезде, астың басы-қасында жүрген тәртіптеушілер жанжалдың бетін қайтара алмапты. Сол кезде шыққан жанжалға өзі

араласқан Самұраттың қамшысы бір ақсақалға тисе керек. Жиналған қауым ел ағасы – Самұраттың бұл қылығын орынсыз көріп, ас аяқтала келе ауыл қарттары жиналып келіп, әлгі ақсақалдан кешірім өтініуді айтыпты. Келген жамағаттың өтінішіне: “Тәртіпсіздікті тыятын таяқ”, - деп Самұрат оған қыңа қоймапты.

Осы жағдайға құлағдар болған Келаман би Самұратқа бір күні арнайы келіпті. Биіне қонақ асын беріп, жайғап болғаннан кейін үй иесі биден келген жұмысын сұрапты. Сонда Келаман би: “Мен саған келдім, халық анау шалдың таяқ жегеніне ренжімейді. Басқаның емес, Самұраттың таяғы тигеніне ренжиді. Сен шалдан емес, халықтан кешірім сұрауың керек!”, -деп кесіп айтыпты. Сөзге тоқтай білген қазақтың текті ұлының бірі – Самұрат Келаман бидің “Халық” деген сөзінен сасып қалып: “Солай ма, Келеке, жаңылсам қайттым?..” – депті. Кейін халық жиналған бір жиында күллі қауымнан кешірім сұрап, жұрт көңілін бір тындырыпты.

Ел есінде Келаман бидің есімі дау-дамайды шешетін би есебінде ғана емес, терең тәрбиелік мәні бар істердің қамқоршысы ретінде де қалған.

## Әбет бидің әділдігі

Келаманның **Әбет** деген баласы да ата жолын қуып, төрелікті тура айтатындығымен шешендігімен халыққа танымал Би болыпты. Ол 1870 жылы сол өзінің ата қонысы – Ырғыз өңірінде дүниеге келіпті. Әбет атадан қалған дәулетімен ауқатты болса керек, алайда, сонау коллективтендіру кезінде малы талан-таражға көп түскенге ұқсайды. Соның бір дәлелі ретінде ел аузында қалған мына бір Әбет бидің сөзі көрегендігімен таң қалдырады:

Өткен ғасырдың басындағы ел-жұртты аралап жүретін шолақ белсенділердің бірі би үйіне келсе керек. Қонағын о баста қадір тұтып сыйлайтын қазақ салтымен Әбет би де бар ықыласымен сыйлайды. Таңертең ерте тұрған би сыртқа шықса, көршілерінің мал-жандары да қатар өріп жатыр екен. Сол кезде көршісі: “Әбеке, қонағыңыз кім?” – деп сұрапты. Сонда би: “Қонағымның

кім екенін өзім де білмеймін. Қонағым келгенде адам еді, тамақ жегенде ит болды, жатқанда қасқыр болып алды. Енді маған шабатының, әлде малға шабатының білмей тұрмын”,- депті. Әбет бидің “тамақ жегенде ит болды” дегені – қонақтың сүйек кеміргенін әбестік көрсе, “жатқанда қасқыр болды” дегені – қонақ өзінің киіп келген қасқыр ішігін үй иесінің салған төсегіне қабат, ішігінің түгін сыртына қаратып жамылып алғанын ерсі көргені екені. Ал “малыма шаба ма, әлде өзіме шаба ма” дегені – айтқанындай, қонағы малға шауып, бидің малдарын конфескелеп, үкіметке алатын болып кетіпті.

Әбеттің әріден танып айтқан бұл сөзі – сол кездегі заман лебің адамдардың пиғылың, қоғамның бұра тартқан құбылысын аңғартса керек.

## Әдебиеттер тізімі:

1. Еламанов Қ. Шежірелі өңір. Ақтөбе - 2003, I-том.
2. Негимов С. Шешендік өнер. Астана – 2003,
3. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. Алматы-1963.
4. Ахмедиярұлы Қ. “Қисықтың әділдігі” \ Ақтөбе. 1997 жыл,  
9 тамыз.

“Мен де бір бәйтеректің жапырағы...”

## Былшық би Сейітұлы

(1860-1933 )



Былшық би Әлім аймағы, Төртқара руы, Құламан тайпасы, Жантайлақ аталығы, Мүсіреп - Әбдібайұлы Сейіт баласы 1860 жылы қазіргі Қарабұтақ ауданы, “Қызылжұлдыз” мамандандырылған шаруашылығы Ақсуат жайылымында дүниеге келген. Атасы Әбдібай әулетті адам болған. «Қызыл Жұлдыз», бен «Тасөткел» ауылы аралығында ол кісінің үй тамы осы кезге дейін бар, айтушы көне көз қариялар кесегіне аттың қылын қосып

салған деп отыратын. Әбдібайдан Сейіт, одан Былшық туады. Сейіт кезінде шекті Есет (Көтібарұлы) батырмен дос болып, жақсы қарым-қатынаста болған.

Былшық жеті жасқа келгенде Сейіт үйінде Есет батыр келіп қонақ болып жатса керек. Мал сойылып, қазан көтеріліп жатқанда, қойға қасқыр шауып, ауыл аяқ астынан әбігерге түсіп, үйдегілер өре түрегеледі. Қонақты сыйлау ғұрпы бойынша Сейіт пен Есет әңгімелесіп отыра береді. Көппен бірге шығып бара жатқан Есеттің атқосшысының етігінен басып жібермеген Былшық: «Қайда барасың?» деп сұрайды. «Қойға қасқыр шапты емес пе?» деген атқосшыға: «Қойға қасқыр шапса иесі бар, қонақтың қойда несі бар?» - деп тоқтатып, онымен қоймай,

Есетке: «Жол жүргенде жан серік болар серіні ерітпей, қиындықта қол берер еріні ерітпей, қасыңызда малсақ періні еріткен екенсіз» депті. Әрине, Есет батырдың 1803 жылы туғанын еске алсақ, Былшықтың жеті жасында әкесі үйінде Есетпен кездесуі де мүмкін.

Шалқарлық Мырзағұл Жетіру Жағалбайлы Дербісалымен болатын бір дауда 12 жасар Былшықты атқосшы есебінде ала кетеді. Дау шешіліңкіремей Мырзағұлдар жатып қалады. Байыбына барса, Әлім жағының бір малшысының әйелін Дербісалының жақын ағайындары алып кеткен екен. Жарты патша атанған Дербісалы сөзге дерек беріңкіремесе керек. Мырзағұлдан ұлықсат алған Былшық:

Жағалбайлы бас қосса,  
Дерекеңді мақтайды.  
Мына отырған Дерекең  
Россия болмаса,  
Қазаққа тіптен жақпайды.  
Әлімнің алты баласы  
Айналасы көк орай  
Ортасы теңіз қатпайды  
Қойшы мінген байталға  
Қазанат айғыр шаппайды, -

деп, Дербісалы патшадан шен алса да, Әлімнің көп екенің терең батыратының, қойшының әйелін алып қашып, Дербісалының өзіне інілерінің кір келтіргенін айтып, жеңгесін сөзбен жеңіп алады. Былшық деген бала атына көңілі толмай отырған жетіру ақсақалдары «Ау, мынау Былшық болмады «би» де болды ғой деп. Әлім – Шөмен жетіру, жағалбайлы ақсақалдары Былшық би атын батамен беріпті» - дейді сексеннің сеңгіріне келген Қарашатаулық қария Баймұхан іздеп барғанымдағы бір әңгімесінде.

Былшық жөнінде «Құрманалы мен Мәриям айтысында» айтылады. Оны Алматыдағы орталық ғылыми кітапхана қорына Қарақалпақстаннан Бекназар Сейіназарұлы тапсырған (700-папка). Осы айтыс 1988 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан Мариям қағытпа сөзіне суырып салма ақын Құрманалы:

«Балшықбай, Құламенде. Былшық биім, Дұшпанды қарсы

келген қылған майып» (107-бет) деп Былшық би көзі тірі кезінде-ақ айтыс жолында пайдалана берген.

Шешендік өнер қай жерде сөзге бостандық, еркіндік болса, жүйелі сөзге жұртшылық құлақ асса, сол жер де, сол елде ғана дамиды. Әрине, Былшық бидің өмір жолы, әсіресе соңғы жылдары ауыз әдебиеті жойылып, жазба әдебиет бізде дами қоймаған, сөзге, тілге қысым жасалып шек қойылған, ақыл-ойдың адамдары қаралай сөйлей алмаған, сөз өнері тоқтаған кезде өткенін еске алсақ, ол кісі жөнінде деректер өте сиректеу болуы да заңды.

Былшық би қазақтың шежіресін өте жетік білген. Жармола (Ырғыз). Қарабұтақ бекіністерінде өтетін дәстүрлі жәрмеңкелерде төбе би болған, ел арасындағы дау-жанжалдарды шешуге қатысқан. Бақсайыс болысының бас биі болған. Төртқара руында өткен әйгілі тойбастарда дәстүрлі аталық сөздерді Былшық би бастаған. Ол кісінің өз қолымен жазған шежіресін Ырғыз, Қарабұтақ аудандарында елуінші жылдары аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Нұрқасым Бердіқұлов баспаға беретінін айтып алып кеткен. Әзір одан дерек жоқ.

Адамдарды тұспалдай, сөзбен тоқтатып тастауды Былшық би тек қана дау шешкенде айтпаған. Оған мысал ауылдас құрбыларына арнаған мына сөзінен де белгілі: Жаз айы. Ауыл жайлауда отырған кезде болса керек. Былшық би қасында бірнеше кісілері бар үйіне түсіп жатса, аяғынан алған тоқалы бәйбішіден қалған баласын ұрып жылатып жатыр екен. «Баланы неге ұрасың?» деп, тоқалға қол жұмсаса, қонақты жақтырмаған болады. Өйткені бабамыздан қалған қонақ келгенде қатын-балыны ұруға, жанжал шығаруға болмайтын ежелгі дәстүр бар. Ал тоқалға үндемесе, е, Былшық биді тоқалы жеңіп алған екен, марқұм бәйбішеден қалған баласын сабатып қойғанын қарашы, - деп дұшпандары күліп, елге жайып, биге бірде болмаса бірде салық қылуы мүмкін.

Осындай жағдайда қалған би тоқалына былай деген екен:

- Шыққан жерің Жабы-Тұржаң, тума-туысың Ыбырай, Ысқақ, барған жерің Кенжебай, Киізтымақ, - Талпаң, Өндірбай, Шиебай. Өндіршегін домбыра қылып тартқан, астындағы атын алты ай

іздеген, тегінде теке атпаған ерні аққа батпаған, тел ешкі саумағаң, төрден орын алмағаң, ері ыңыршақ, үзеңгісі бұршақ, тоқымы бір құшақ. Ақ жұмыртқа, сары уыз Құттыбайжанда не жұмысың бар, - деп жылаған баласын көтеріп алыпты. Бидің айтқан адамдары қасына еріп бірге келгендер екен.

Былшық би 1930 жылы «асыра сілтеу болмасын» кезінде ұсталып, 1933 жылы Ақтөбе түрмесінде қайтыс болған. Ол кісімен өмірінің соңғы жылдары бірге болған, сол кездегі балаң жігіт, Ақтөбе қаласы жанындағы Благодарный селосы тұрғыны Бөрауызов ақсақалмен 1965 жылы кездейсоқ кездестім.

## Үлкендер еске алады

1965 жыл. Ақтөбедегі республикалық мәдени ағарту училищесіне кезекті сынаққа жүріп бара жатқам. Жолда Хромтау қаласынан ақсақал адам автобусқа мінді. Жаз айында жүргінші көп болатын әдеті, орын жоқ болатын. Өзім қатарлы алда отырған жігіттер орын бермегесің, үлкен кісіні шақырып орнымды ұсындым. Рахметін айтқан қария әкемді, руымды сұрады. Әкем атын (Төлеген) танымаса да, руымды (Төртқара) айтқан кезде, «е, бәсе, жақсы ауылдың баласы екенсін» Былшық бидің елінен болдың ғой» - деді. Мен сол кісінің немересі екенімді айтқанда, қария орнынан ұшып тұрып, бетінен сүйіп, көзіне жас алды. Облыс орталығына келгенше көптеген әңгіме айтты, адресін берді. Бір айлық сынақ кезінде, уақыт тауып Благодарный селосына барып ақсақал үйіне сәлем беріп, атам жөнінде аздаған деректер (бір оқушы дәптер) жазып алып қайттым.

Әл-Фараби атындағы мәдениет институтында оқып жүргенімде дәптерім қолды болды. Бірақ Бөрауызов ақсақалдың атаң: «Даламыз қанша кең болғанмен, ой-өрісіміз, өмір шеңберіміз тым тарлау болып келді» - деп отыратын сөзі есімде қалыпты.

Оқу бітіріп елге келген соң, атам жөнінде дерек жинай бастадым. Оған себеп, Алматыдан әдейі атам жөнінде деректер іздеп келген адамға дұрыс сілтеуші болмай, олар



бос кетіпті. Үлкендермен сөйлесе келе, бұрынғы Аралтөбе тұрғыны Ұлы Отан соғысының запастағы офицері, еңбек ардагері, Жолымбетов Төрехан ақсақалдың адресін алдым. Ол кісі 70-жылдары Алматы облысы Қаскелең ауданына балаларының оқу бітіруіне байланысты көшіп кеткен 1984 жылы кезекті демалысымда осы ақсақалды іздеп тауып, әрі ата мұрасын іздей барғанымда айтып батасын алдым.

«Ата толғауы» өлеңің ол кісі ұсталғанда, ағайын арасындағы ешкім көрсетпегенің қайта екі рет салған салықты халық жинап бергенін, үшінші ретте атаның халыққа ризалығын білдіріп, салық төлеуден бас тартқанын айтты. Атаға салынатын салық көп болатын. Ата халық арасындағы беделі болмаса бай емес-тұғын. Ол кісі ақталды, «алып кет» деген хабардан кейін келгенін біліп қайттым.

## Атадан ұрпақ бар ма?

Былшық биден тоғыз ұл болған. Жантілес, Күнтілес жасы келіп дүниеден өткен. Жаманқалада (қазіргі Орск қаласы) – 3-4 нөмересі бар. Құбайдолла, Садуақас, Әбділда. Құттыбайлар Ұлы Отан соғысынан хабарсыз кеткен. Садуақастан Алма, Зоя деген қыздар қалды. Алма Ырғыз ауданы «Тәуіп» совхозында. Зоя Қарабұтақта тұрады.

Төлеген Дәуренбек, Мейрамбек есімді үш ұлы Аралтөбеде (ата қонысында) тұрды. Үшеуі де қайтыс болды. Төлегеннен төрт ұл (Кеңес, Әнес, Қалапберген, Нысаналы), 2 қыз (Алуа, Әлия). Дәуренбектен бір ұл (Бұзаубай), үш қыз (Талшын Тамара, Гүлбарам) болды. Мейрамбектен тұқым жоқ. Кеңес Қарабұтақ ауданына белгілі қаржыгер болған кісі. Нысаналы облыстық камсыздандыру басқармасында тексеруші, Әлия Ақтөбе қалалық үй жөндеу басқармасында есепші, Бұзаубай «Қызылжұлдыз» совхозында шофер. Өзім коммунистік еңбек ардагерімін. Комсомол аудандық халықтық бақылау комитетінде істеймін. Ата фамилиясында нөмересі Былшықов Алуа, Былшықов Бұзаубай, жиені Былшықов Оралхан бар.

1960 жыл. Ол кезде әкемнің алатыны 275 сом еді. (ақша жаңармаған кез). Атамыздың туғанына 100 жыл толуына, өз

қыстауы жанынан белгі салдық. Халық көп жиналды өздері алдын-ала ат дайындап келген екен. Орталарынан жүлде дайындап, ат жарысы, балуан күресі өтті. Сол кезде қатысқан азаматтар – қазір ауыл ақсақалдары. Атам жөнінде деректер жазуға сол кісілердің сөздері себеп болды. Еске алатын, көзбен көрген куәгер біздер барда, ең болмаса, белгі қойғандарыңды жаз деген де солар.

**Әнес Былшықбиұлы Төлегенов**  
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.



Суретте: Былшық бидің немересі Әнес Төлегенов экспедиция мүшелеріне ата мұраларын әңгімелеуде.

## Былшық бидің соңғы толғауы

Кіші жүздің кенже биі – Былшық би өмірінің соңында тағдыр тауқыметін тартқаны, 1928 жылы «Халық жауы» ретінде сотталып, 1933 жылы Ақтөбенің №5 түрмесінде аштық азабынан көз жұмғаны – ісі қазақ баласының XX ғасыр басында тартқан азабының тағы бір тарихи дәлелі.

Бір ауыз сөзі де желге кетпей, орнын тауып отыратын бәтуалы би ғұмырының соңында “толғауы тоқсан қызыл тілдің” соңғы байламдарын жыр жолдарымен хатқа түйіп бергенін сол би ата өңірінің біртуар перзенті, профессор Төреғали Қаратаевтың “Ақтөбе” газетінде 1999 жылы (№1 санынды) жарық көрген “Құламан Былшық би” атты материалынан таныс болдық. Ал профессор Т.Қаратаев қолына Былшық бидің толғауын сонау бір жылдары бидің немере-шөбере туысы болып келетін Жолымбетұлы Төрехан деген кісі тапсырғанын өзі атап айтады.

Сол газет бетінде ғана жарияланып, кейін халық санасында тағы да ұмыт бола бастаған Былшық би толғауын жинағымызға жариялауды жөн деп таптық.

Білмедім кеңдік сенің қадіріңді,  
Жемісті желі тартқан тамырыңды.  
Қалың ну, ағынды су, сағымды бу,  
Кең дала сағындырдың адырыңды.  
Белдерің мұнарланған асқан биік,  
Тауларың тайталасқан бұлтқа тиіп.  
Жұмақтан хош иісті дәм татқызып,  
Ескен жел рахат берген беттен сүйіп.  
Телмірген шыңдарыңды бөрі сақтап,  
Панаңды мекен еткен құлан-киік.  
Жап-жазық алақандай жапан дала,  
Баурыңа барша ғалам тұрған сиып.  
Ләззатын жемісіңнің татқан жандар,  
Кете алмай артқа қарап көзі қиып.  
Адамзат, хайуанаттар, жансыз заттар,  
Бәрі де тағзым етер басын иіп.  
Жүргенде біреу шалқып,  
біреу толқып,

Аларсың бауырыңа бәрін жиып,  
Өмірді өкінішпен қапы еткізіп,  
Отырмыз тар тұтқында іштен күйіп.

Сабаздар еркін өскен сақарада,  
Қор болып түсті басым дау-дамаға.  
Төңбекшіп күні-түні жата алмаймын,  
Жем болып шыбын-шіркей, қандалаға.

Ен дала сағындырдың ажарыңды,  
Семіз ет, тегін қымыз, базарыңды.  
Кез келсе күні-түні есеп емес,  
Қайнаған асханада қазаныңды.

Сағындым дала сенің аңғарыңды,  
Таза ауа, бұрқыраған шаңдарыңды.  
Құлжан мен бұғы, марал, тағы құлаң,  
Арыстан, аю, түлкі аңдарыңды.  
Жортады бірі түнде, бірі күндіз,  
Көрген соң жарық сәуле, таңдарыңды.  
Ақырып, айбаттанат кейбіреуі,  
Сақтадың шық тигізбей паңдарыңды.  
Жоқтаймың, сағынамың, сарғаямың,  
Тау мен тас, мал менен бас, аңдарыңды.  
Есіліп жатқан шығар есіп ерке.  
Көрсетпей кетемісің шаңдарыңды?

Ең дала жанға рахат лебің қандай,  
Жұп-жұмсақ, тәнге майда желің қандай.  
Алыстан сағым шалып мұнарланған,  
Көрінген бұйраланып белің қандай.  
Мың-мыңдап мал өсірген, дәурен сүрген,  
Иеленіп тұрған сені елің қандай.  
Ел шетін, жаудың бетін маған беріп,  
Халық үшін жанын қиған ерің қандай.  
Сағындым, сағынғаннан Дала сені,  
Мен үшін сенің қайғы менің қандай.

Дәуірлеп жүр ме бәрі алабында,  
Еркіндегі мал өсірудің талабында.  
Отыр ма күңіреніп әрбір ауыл,  
Тау-таудың жайпақ жазық алабында.  
Сай-сайды өрлеп, қаптап төрт түлік мал,  
Жатыр ма ана қырдың қабағында.  
Март туып, мұз бұзылып, қар кеткенде,  
Теңіздер толып тұр ма шанағына?  
Мал мен аң, асыр салып суда жайың,  
Жарқылдап ойнап жүр ме шабағы да?  
Зар болдық біз де сені бір көруге,  
Тар үйден шығармайды қамауында.

Ен дала, еркін дала, ерке дала,  
Ояндым тұрамын деп ерте мана.  
Аймалап емін-еркін сүтіңді емген,  
Мен едім арқаңда өскен ерке бала.  
Үкімет жібермейді ұмтылсаң да,  
Есікті ашамын деп жұлқысаң да.  
Шідерді аяқтағы үзе алмадым,  
Ақырып бесті асаудай бұлқынсам да.  
Күш жетпейт арыстандай ақырғанмен,  
Кім келер даусыңды естіп шақырғанмен.  
Бұл күнде қарға адым жер мұң болып тұр,  
Дариға, мыңды былғап сапырғанмен.  
Бәйге жоқ тие-тұғын наз бедеуге,  
Бүгілтіп бауырынан қатырғанмен.  
Бір елі кеңшілікке жібермейді,  
Қан жұтып, қайғы шегіп аһ ұрғанмен.

Сәлем де Төртқараның әулетіне,  
Нұр берген Хадыр Аллам сәулетіне.  
Ер құны, нар пұлындай жұмыс келсе,  
«Аппақтап» ұстаушы едің жау бетіне.  
Тұтқында тамағымнан кесеп ұстап,  
Тағдырдың мен кездестім нәубетіне.  
Түйінді кеңнен шешіп, белден кешіп,  
Қызықтың тойып едім дәулетіне.

Өтті өмір арманменен тұтқын үйде,  
Қарайтын үкімет жоқ сықпыт күйге.  
Ақырып арыстандай айға шапқан,  
Уайым, қайғы түсті Былшық биге.

Алты Әлім, арқаңда өстім, шалықтадым,  
Әділ ұл екенімді анықтадым.  
Басқа күн, қиын-қыстау іс түскенде,  
Күндіз-түн жұмысыңа жалықпадым.  
Мұз балақ, қырау қабақ, болат тырнақ,  
Бүркіттей аспанда ойнап қалықтадым.

Дұшпанның төбесінен бүріп едім,  
Ерінбей еңбек етіп жүріп едім.  
Күн туса қиын-қыстау ер басына,  
«Өл» деген жерлеріңде тұрып едім.

Не пайда өткен күннен әттең, Тәңір-ай,  
Болмаса талай дәурен сүріп едім.  
Паш болдым жоғары мен төменге де,  
Шақ болдым тай, құнан мен дөненге де.  
Тыңдаттым билігімді, тіл алдырдым,  
Жетіру, Әлім менен Шөменге де,

Төртқара баласына еттім еңбек,  
Мәпелеп, шаң тигізбей бақтым жемдеп.  
Дегендей «өлдім-талдым сен болмасаң»,  
Талайды өрге сүйреп, кеттім демдеп.  
Бір кезде түбі қайран суат едім,  
Қанғандай сансыз жылқы келсе шөлдеп.  
Мертігіп, ақсап қалған құба нардай,  
Ере алмай керуенге шөктім меңдеп.  
Әшкере бұрын ақын болмасам да,  
Хат жаздым ел халықтың көңілін демеп.  
Барады кең кеудені бір дерт кернеп,  
Қайғымен құса болдым жүрек шерлеп.  
Алдыма адасқандар келуші еді,  
Кешегі жүрген шақта жоғары өрлеп.  
Ащыны тұщыменен бірдей татып,

Дүниені серуендеп көрдім сермеп.  
Не келіп, не кетпеді басымыздан,  
Жан-жақты тұрғанымда қолды сермеп.  
Күнінде қуындырдым Куладинге,  
Қос құлып дәл түсіп тұр көңіл шернеп.  
Тарығып, зарыққаннан сөз құрадым,  
Еріккен тек әшиін емес ермек.

Сәлем де Жағалбайлы баласына,  
Жетіру, Табың, Тілеу, Тамасына.  
Қоныстас һәм қадірлес халық едің,  
Алғандай қысылған күн панасына,  
Ел едің, іргең берік, күп төктірген.

Жайықтың түрлі-түсті саласына.  
Ісіңе өзім сот боп барушы едім,  
Жік туса екі жұрттың арасына.  
Құрметтеп, хан көтеріп қайтарушы ең,  
Шиеленген мықты түйін таласында.  
Айт, Бұжыр, Жетіру мен Төресінің,  
Сәлем де бас көтерер данасына.

Біз тұрмыз Ақтөбенің қамауында,  
Бар болып қарсылықтың санауында.  
Жел беріп, жігіттерді желіктірген  
Жерім жоқ мал-мүліктің талауында.  
Қор болды кеңшілікте жүрген басым,  
Ырғыздың түрлі-түрлі тарауында.  
Белгілі түрікпеннің бедеуіндей,  
Жерім жоқ бәйгі берген жарауымда.  
Өмірге арманменен өкінбес ем,  
Сүйегім шықса егер тап ауылдан.  
Айдарлы Айдарбай қарт көшті өкініп,  
Арман мен саясаттың қарауында.

Адайға сегіз арыс аға болған,  
Айдекем Адай елін теңгерген ер.  
Тағы да тау мен белді, тасты басқан,  
Кім мықты шықса, соған теңгерген ер.

Жібермей ел намысың, арын жұртқа,  
Жау десе жалау байлап желдеген ер,  
Зынданда тынып жатпай қамалды алғаң,  
Халқы үшін жан аямай терлеген ер.  
Заманын тура жолмен бірдей көріп,  
Сол болды арманменен жерленген ер.

Біз-дағы соның жолын қуып тұрмыз,  
Жалғаннан үміт үзіп, суып тұрмыз.  
Бүгін бе, ертең бе деп, тағдыр күтіп,  
Ажалға көз бен қастан жуық тұрмыз.  
Аман бол қайран жұртым, қадірлі елім,  
Жәнеуге белді бекем буып тұрмыз...

## Қарадос би

Қарадос Қоңырұлы (1750-1845) Сырдария бойында туып-өскенімен, жаз жайлауы – Тәуіп, Нұра арқылы Басқұдық, Жабасақ, Қарашатау, Толыбай жерлері екен. Қарадос жас кезінен «Әділ би» аталып, есейе келе ең күрделі дауларды шешуге арнайы алдыратын болған. Ел арасында Қарадос би айтқан екен деген шешендік сөздер әлі бар.

Ор бойын жайлаған Жағалбайлы руында Қарадос бидің қатысуымен небір даулы істерге билік айтып, әділ шешкені тарихтан белгілі.

Қарадос бидің 90-нан жасы асып, аттан өзі түсіп, міне алмайтын кезінде, Кеңесарының алдына аттың үстіне отырып, бір ауыз сөзбен өзінің кім екенін айтып-ақ, бір үйір жылқысын қайырып алғанын ел еш уақыт есінен шығарған емес. Қарадос би ел қамын ойлаған халықтың қадірлі адамы болғаны туралы жазылған деректер баршылық.

**Ілиясова Рысжан**  
өлкетанушы, Қазақстан Республикасына  
еңбек сіңірген мәдениет қызметкері





**Р.Ілиясова (сол жақтан бірінші) экспедициядан алған өсерімен  
белісуде. Солдан оңға қарай:  
Ж.Нұржанова, А.Тасымова**



## **II ТАРАУ**

### **ӘУЛИЕЛЕР МЕН КИЕЛІ ОРЫНДАР**



Әулие туралы кеңірек түсіну үшін ғалымның жинақтап, тұжырымдаған дерегін ұсынуды жөн көрдім.

«Әулие – араб тіліндегі «уали» сөзінің көпше түрі. Әулиенің Құрандағы мағынасы Алланың досы немесе Алланың қорғауындағы адам. Әулие діни құлшылықтың мәніне жетіп жетілген, Жаратушы туралы ілімді толық меңгерген кісілер. Әулие өз іс-әрекетімен Жаратушыға жақындап қоймайды, сонымен бірге олар Құранда айтылған «ең әділетті қоғам» құру үшін шаршамай, талмай еңбек етеді. Себебі: әулие өзінің іс-әрекетін қара басының мүддесі үшін емес, Жаратушының қалағанын іске асыруға арнайды. Сондықтан олар өздерін Алланың Жердегі өкілі сезінеді. Осы «ең әділетті қоғам» құру идеясының тууы исламдағы көптеген тарикаттардың пайда болуына ықпалын тигізген». [1]

## Бақсайыс әулие

Ертеде Үш өзеннің суы тасығанда ортада қалатын төбе Аралтөбе атауын сұрамай-ақ алған. Бір кездері «Қызыл Жұлдыз» совхозы атанған. Осы жерде Бақсайыс әулие қорымы және осы аттас өзен Ырғыз өзеніне құяды.

Бақсайыс әулие туралы қарт кісілердің дерегі бойынша ол діни ғұлама, оқымысты кісі болыпты. Дүние салғанда осы жерге жерлеуді өзі тапсырыпты.

Бірақ ол әулиенің дүниеге келген, не қайтқан уақыты туралы бұл өңір хабарсыз. Көп ізденістің бір нәтижесі 2006 жылғы «Қазақ тарихы» журналының 3-ші санында басылған ғылыми мақалада бір дерек боларлық із табылды. Онда «Дешті-Қыпшақ халқына ислам дінін кіргізуге Сайид Ата өзінің шәкірттері Қасым Шайх, Хадым Шайх, Бақсайыс Атаны ертіп, Дешті-Қыпшаққа аттанады.... Мақаланың авторы бұл деректі Қадырғали Жалайырдың «Жылнамасынан» алғаның, ал оның негізгі көзі «Макамати Сайид Ата» атты кітаптан екенін жазған.

Бұл өңірде Бақсайыс әулие туралы айтылатын аңыздар көп. Ғұлама кісінің қолынан келетін көп жәйттер біздің санамыз сене бермейтінін мойындамасқа болмайды. Бақсайыс әулие көн торсығына киікті сауып ішеді екен десе, ол өлгенде маған көр қазбай-ақ кішкене көгалға қойыңдар депті, денесін айтқан жеріне қойып, ертеңіне келсе шағын көгалдың орнында төртбұрышты қақпақ тас пайда болыпты, сонда ол кісінің жерленген жерінде сол тастан басқа белгі қалмапты. Кейінгі жылдары ұрпақтары және шәкірттері келіп, әулие жатқан жерге мешіт тұрғызып, төрт күмбезіне таза алтыннан айшық орнатыпты. Сол мешітте кешегі 1930 жылдарға дейін бала оқытқан, кілең оқымысты аһуң, имамдар ұстап тұрыпты. Мешіттің ең соңғы имамы - Әлжан ишан 1937 жылы айдалып кетіпті, мешітті 1929 жылы құлатуы туралы әңгіме баршылық. Алтын айшықтардың тарихы бір төбе.

Бүгінде ескі тарихи әңгімелерді айтатын кісілер де сиреген. Аралтөбенің байырғы тұрғыны – Нұрмаханов Орысбай ақсақалдың есінде қалған әңгімелерінен Бақсайыс әулиенің жоғарыда келтірілген хикаяларымен қатар, бұл өңірге қожалардың келе бастауы туралы да естігенін айтып берді.



**Көнекөз қария Орысбай Нұрмаханов  
өткен тарихтан сыр шертті.**

«Естіген құлақта жазық жоқ» дегендей, қарттар өзінен бұрынғы кісілерден естігенін бізге, ал біз сізге жеткізіп отырмыз. «Бақсайыс әулие жерленді» – дейтін қақпақтас бүгінде төбе етегіне жақын өзен жақ бетте жатыр, ерте дәуірдің дәстүрлі тас қоршаулы бейіттері төбе басына шоғырланған. Бұл қорымның пайда болуы да әулиенің атына байланысты екенін аңғартып тұр.

Дешті-Қыпшақ еліне мұсылман дінін үйретуші төрт ғұламаның бірін Бақсайыс Ата деп аталуына қарағанда, ілім-білімімен қатар бұл кісінің жасының да үлкендігі байқалады. Бұл ғұламалар әуелі елдің астанасы болған Сарайшықта болғанын анықталып отыр.

«Арыс» баспасы, 2004 жылы шығарған «Сарайшық хандары» атты жинақтағы ғалымның (Бейімбет Ермұқанов) еңбегінен

«Сейіт атаның арқасында Дешті-Қыпшақтың халқы хижраның 720 (1320) жылы исламға мойынсұнды, – деп жазды Ұлықбек»... осы мақалада автор Сейіт ата туралы ертедегі ғалымдардың жазғанын келтіре отырып, Сарайшықтағы Мұғаммед уағызшысының кәбірі деп тәу етіп, ұрпақтар жадында сақталып келгенін келтірген. Әңгіменің басындағы төрт ғұламаны бастап келген Сайид Ата деген кісі қазіргі айтылып жүрген Сейіт Ата бір кісі екеніне ешкім күмән келтіре қоймас.

Нәтижесінде, ислам діні Өзбек ханның тұсында (1312-1342) ресми мемлекеттік дінге айналыпты [2. 86].

Алғаш келген төрт ғұламаның бірі Бақсайыс Ата – қорым және өзен атын алып жатқан жер Арқадағы Бақсайыс ғұламаның діни орталық еткен мекені болуы да мүмкін. Қыста Сырды, жазда Қырды жайлау дәстүрі де ертеден сақталыпты.

Бақсайыс әулие бұл жерді жайлап қоныстанды ма, не жолаушылап жүріп қайтыс болды ма, бізге беймәлім. Әулие қорымы деген жер тастақты кең биік төбе. Әулиенің биігі деген орында ұзынша қақпақ тас жатыр, еш белгі жоқ. Төбенің нақ ортасында үлкен обалар және орта ғасырлық бейіттер жақпар тастардан өріліп көмкерілген, ескі бейіттер көп. Кейін ауыл адамдарын жерлеп, ақ кірпіштен төртқұлақтар салыпты. Төбенің шығыс жақ тегіс беткейінде 40 x 40 м. етіп салынған мешіттің орны анық көрініп жатыр. Кейбір жаңа тамдар мешіттің ішіне салыныпты. 84 жастағы Нұрмаханов Орысбай ақсақалдың қайраты бар кезінде көргені бойынша сілтеп тауып берді. Қорымның оңтүстік шығысында сыңсыған құрақ, талы толы Бақсайыс өзені жатыр, арғы беті үлкен көгал ойпат, бұл жердің өсімдігі ерекше қалың, жері таза, мөлдіреген табиғатты көрдік. Осы төбедең қарасаң, айналаны түгел көресің.

Қарттардың есінде қалғаны былай: бірде Бақсайыс әулие осы өзен жағасына атын жіберіп тұрып, шідерлей салдым, – депті, қасындағылар аттың аяғына шідер салмағанына таң қалыпты. Ертеңіне серіктерінің біріне – кешегі жердегі атымды әкеліп берсін деп жұмсайды. Ол біраздан кейін үрейі ұшып қайтып келіп, – Сіздің аттың артқы аяғында жабысып бір қара кісі отыр. Мен қорқып қайтып келдім – десе, ғұлама сәл жымыып: – Е, мен шідерін алмаған екенмін ғой, бара бер, шідерін шештім, – депті. Барса, ат бос жайылып жүр екен.

Бақсайыс өзеніне жалғасқан шағын өзен «Шідер». Шідер – деген жылқының алдыңғы екі, артқы бір аяғына салынатын қайыс, шынжыр, қыл арқан қосылған құрал. Шідерленген ат алысқа ұзап кете алмайды. «Шідер» аталуының да Бақсайыс өулиенің құдіретіне байланысты оқиға туралы қызықты әңгіме айтылады және өзеннің қысқалығы қабысып атауды бекітіп тұрғандай.



Экспедиция мүшелері Бақсайыс өулиенің қорымында.

Орысбай қарттың тағы бір есінде сақталған әңгімесі.

Бақсайыс ғұлама үш ағайынды болса керек, ол кісі қайтқаннан кейін екі інісіне аян беріп, осы жерді сілтейді. Олар ағасының бейітін таба алмай, өзеннің жоғарғы жағына барып қонғанда, тағы аян беріп, – сәл жоғары кеттіңдер, қақпақтасты байқамай қалдыңдар, – депті. Сол ізімен кейін қайтып, төбе баурайындағы тасты тауып, осы жерге орнығып, мешіт салуға кіріседі.

Ауыл қарттарының тағы бір елең еткізер дерегі 1966 жылы мешіттің салынғанының 200 жылдығын атап өтіпті. Бұл 1760-1770 жылдарға келеді. Ол кезеңде бұл жерді иелік етуші бай

кісілер аз болмаған, Иманқұл бидің иелігіне қарайтын осы өңірге қоныстанған екі қожа он үйге жетіпті.

Тағы бір ескеретініміз, бұл ғұламалар және олардан тараған кісілердің сауатты екенін және олар барлық іс-әрекеттерді қағазға түсіріп, ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып отырған. Мешіттің салынғанының 200 жылдығы ойдан шығарылған деп қарауға болмайтынының негізі осында.

Айтылмаса, жазылмаса аңыз да ұмыт болады. Бұл жердің тарихы бірыңғай аңыздан тұрған жоқ. Жер-су аты – тарихтың хаты, оны ешкім өшіре алмайды. Халық өзі атаған атауын өзі сақтайды.

Бүгінде бұл қорым Бақсайыс әулие деп үлкен кісілер айтқанымен көптен бері халықтың тәу етер орнынан қалған екен.

Ауызша дерек бойынша ғұлама әулие өмірден өтерінде – басыма ештеме қоймаңдар, тарыққан пенделер келіп, жәрдем сұрап мазаламасын деп қақпақ тасты жамылып жермен жексен болып кетіпті.

Бақсайыс әулиенің осы жерде жер-су аттарына ие болуы, кейін оның шәкірттері мен жергілікті халық осы жерге мешіт салып әулиенің ісін жалғастыруы, айта берсек, осы өлкеде мешіттердің көптеп салынуы, ғұлама-оқымысты кісілердің келіп, оқу-ағарту жұмысы жүргізуі кешегі 1937 жылға дейін үзілмегені сол ұлы кісінің салған жолының жоғалмағанын қарттардан естіп білдік.

Тағы бір дерек, Қарабұтақ өңіріне кеңінен таныс Қазақстанға еңбекгі сіңген әртіс Жүсіп Сейілов (1901-1971) әнші, жырау. Осы жерде туып-өскен Бақсайыс әулие мешітінде оқып, жас кезінен 1930 жылға дейін азаншы болыпты. Жүсекеңнің әдемі ашық дауысы көш жердегі елге жететінін естіген кісілер әлі бар.

Бақсайыс әулие туралы бізге тағы бір тың деректі келтіру орынды болар.

Музей қорында сақталған жазба дерекке зер салайық. 1867-1868 жылдары патша үкіметі басқарудың жаңа жүйесін енгізген кезде біздің өлке Орынбор губернаторлығына Торғай облысына қараған-ды. Ырғыз уезі құрамына 12 болыс кіргенде, солардың бірі Бақсайыс болысы аталды.

1910-1913 жылдары қоныстанушыларды реттейтін комитеттің тапсырмасымен шығарылған Ырғыз уезінің картасында Бақсайыс болысы көрсетілген.



Ел жер түгелдей патша үкіметіне бағынышты болғаннан кейін, дала төсін зерттеушілер көп келгені белгілі. Сондай зерттеушінің бірі – геоботаник А.Н.Богданов тәжірибелік ізденіспен осы болыстың жер бедерін, табиғат жағдайын, өсімдіктерін тіркеп қоймай, қазақ елінің бүкіл тыныс-тіршілігін көрген-білгенін қағазға түсіріп отырыпты. Оның зерттеуінің қорытындысы 1915 жылы Орынборда «Баксайская волость Иргизского уезда. Естественно-исторический очерк» атты кітапша шыққан. Ол жол бойы кездескен шөптердің түрінен бастап (200 түрін тіркеген) өзен-көлдер жүйесін, ой мен қырын түгел жазған. Сонда: «Среди безлюдной тишины обращали на себя какое особенное внимание могильные курганы, которые словно сторожили долину со своих вершин и своим серьезным и важным видам еще более усиливали впечатление царящего здесь спокойствия. Почти напротив нас на противоположном склоне, на одной из господствующих вершин виднеется самый большой из курганов Аулие-Баксайыс: как и весь курганы, он сложен из обломков камня. Намного левее и ниже в нескольких верстах вверх по Баксаису могила Бек-Мурза, над которой кроме кургана, воздвигнуть еще большой минарет из кирпича сырца. [3.18]

Богданов қорымды аралап көрмеген, бірақ ерте заманда бұл жерден Түркістанға, Орынборға баратын, әрі кейін қайтатын керуен жолы болыпты. Ол көп жыл бұрын жабылыпты, – дейді. Орынбор деп отырғаны өзі білетін бағыттағы сол кездің орталығын айтып тұр. Негізінде, Түркістаннан Сарайға, Сарайшыққа баратын жол екенін түсіну қиын емес [3.19]

Богданов тап осы жердің бай өсімдігін көріп, бұл жерді қазақтар «Бақ-сад» деп атаған, сондықтан ең құрметті азаматтарын осы жерге жерлеп, болыстың атын да «Бақсайыс» деп атаған деп өзінің түсінгенін пайымдаған [3.19]. Қалай десе де бұл кісі Бақсайыс жерленген жер туралы нақтылы деректі беріп тұр. Өзінің мамандығы бойынша жер-бедері, өсімдіктері арқылы болса да көргенін жазып қалдырған.

Деректерді қорытындылай келіп, Бақсайыс әулиенің келген кезінде бұл аймақта қалың ел болғаны күмән туғызбайды. Бұл жер өзен-көлдер жүйесіне өте бай, суы таза, тұщы Ырғыз өзенінің өзі Қақпақтас жақтан бастау алып, салалары, Бақсайыс, Шот, Жоса, Шідер жалғасып жатса, төменде Қарабұтақтың мол сулы

өзені бар. Ол заманда суы тұщы шалқыған Белқопа көлі елдің ең бір берекелі мекені болыпты. Жоғарысында Ақтасты, Айбала, Құлбатыр, Айханыз көлдердің суы тұщы таза екенін және өзен-көлдердің суының тұщылығын бұлақтардың көптігінен деп түйіндеген. [3.6]

Шайдарбек Әшімұлының «Сыр бойындағы әулиелер» («Атамұра», 2000 ж.) атты кітабында Бақсайыс әулие туралы: «Тарихи болжамдарға сүйенсек, Бақшайыс ата XVI-XVII ғасырларда өмір сүрген. Баба мазары Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында ұрпақтары бірігіп, 1994 жылы биіктігі 12 метр болатын көркем кесене тұрғызды». [4.86]

Осы еңбекте «Сыр бойы ақсақалдарының шежіресі бойынша Бақшайыс ата Әнет бабаның замандасы саналады. Бақсайыс ата туыстарының үлкен бөлігі Орта жүз руларымен бірге Арқаға қайтқан кезде, баба қасиетті Түркістан маңында қалып, қазіргі Жаңақорған ауданы аймағында жерленген.. [4.88].

Олай болса, Бақсайыс әулиенің туыстары мен шәкірттері Арқадағы жаз жайлауында әулиенің жолын ұстап, сол кісінің атымен діни жұмыстар жүргізе берген болар.

Тап осы жерде айтылған ауызша және жазбаша деректерге ой жүгіртсек, ол ғұлама кісі өзінің өмірден өтер мезгілін күні бұрын білгендіктен де, осы жердің өзінің атымен байланысты діни ұйтқысын сақтап қалу үшін де «жерленді» дегізудің керек болатынына көзі жеткен болар.

Қорыта келгенде, Арқаға мұсылман дінін қалыптастыру, мешіт-медресе ашып, бала оқыту жұмыстарын жүргізген. Сондай-ақ заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов ата тегінің шежіресінде арғы атасы – ғұлама Бақсайыс қожадан бастау алатыны тарих шындық болып отыр.

Діни басшылықтың шешімімен Түркістаннан, Ақмешіттең Қазалыдан оқымыстылар жіберіліп тұрғаны нақты дерек көздерімен дәлелденіп отыр. Бақсайыс әулиенің де осы жерге келіп, ғұламалық істердің ұйтқысы болып, осы өңір үшін діни орталық жасауы және оның ісін шәкірттері мен әулиеден тараған ұрпақтарын сол кісінің атымен ұзақ уақыт жалғастыруы мүмкін.

Әулие атын алып жатқан өзен мен қорым, мешіт бұл аумақта Бақсайыс ғұламаның болғанының нақты айғағы. Жергілікті халық енді кеңірек білсе, өз жерінде жатқан ғұлама – әулиеге тағзым ете жүрсе деген ниет.

## Қарабас әулие қорымы

Сарыбұлақ ауылының батыс жағында ұзыннан созылып жатқан тас аралас биік төбенің басындағы үлкен қорымды «Қарабас әулие» деп атайды. Қорымның аумағы үлкен, қалақ тастардан қаланып, батыс жағына жазусыз үлкен-үлкен тас қойған көлемді бейіттермен қатар, беттерін таспен жауып, бастарындағы шағын қоңыр тастар мүжіліп, жерге сіңе бастаған күйі қылтиып самсап тұрғандары көп. Бұл бейіттер ерте заманның белгісін аңғартады. Шоғырланған ескі бейіттерден кейін жерленген кісілердің басына қойылған дәстүрлі құлпытастар ХІХ ғасырдың екінші жартысын қамтиды. Бұл қорымда ХХ ғасырда да дәстүрлі жерлеу, төртқұлақ там салу тоқтамапты.



1960-70 жылдары «Басқұдық» совхозына тас керек болғанда, қорымның шет жағындағы тас алыныпты, ауыл адамдарының айтуынша, тас қазып жүрген кісілер қақпақ тастың астынан адамның өте үлкен ортан жілігін көріп, қайта көміпті. Көптеген бейіттер жерге сіңіп кеткенінен байқалмай қалуы мүмкін. Ұзын төбенің бойы бейіттер болды, дәстүрлі жерлеуден

өзгеше, жаугершіліктегі қырғын соғыстың ізі сияқты – Қарабас әулиенің бейіті белгісіз, қорымды солай атайды, – дегенді естіп, бейітті көреміз-ау деп ойламаған едік. Төбе басындағы қалың тас қоршаулы бейіттердің батыс жағындағы үлкен бейіт тастары қаланған күйінде сақталып тұр екен. Қасына келгенімізде, өз көзімізге өзіміз сенбестей жағдайға кездестік. Үлкен бейіттің құбыла жағына қара мәрмәр таста «Қарабас әулие Ата» деген жазулы жаңа тас орнатылыпты, кім қойғаны белгісіз. «23 шілде 2006 ж.» деген жазуы бар. Кім де болса әулиенің бейітін тауып қойғанының өзі ерлік. Енді келген кісілер Қарабас әулиенің бейітін көретін болды. Бұл қорымды ел ертеден қадірлеп, басына түнеп жүріпті. «Қарабас әулие тұзы» деген тұзды да киелі санап, адамдар емделіпті.

Қарабас әулиемен қатар Сарбас әулие болғаның, сондай жер атауы бар екенін ел біледі.

Білмейтініміз – бұл әулиелер кім, қашан келді, қашан жерленді? Зерттеушісін күтуде.

## **Жайлау әулие (1762-1835)**

Арал теңізі бойынан қырға жаз бойы жайлауға келетін дәстүр ертеден қалыптасып, ХІХ ғасырдың екінші жартысында тоқтағаны тарихтан мәлім. Ел қыста Сырға асықса, жаз шыға арқаға Қырға ұмтылатын. Жайлау әулиенің өмір-деректері аз. Ол кісінің осы Қоян жайлауында жерленуіне байланысты әулие-көрегендігі аңызға айналған. Жасының ұлғайған шағында осы жерге көші тоқтағанда, өзінің өлетінін біліп, таяғын шаншып: «Мені осы жерге жерлеңдер», – депті. Бірге көшіп-қонып жүрген елдің үлкенді жиналып, Кердерінің жеріне жеткіземіз, бұл жаққа жайлауда қалды дегізбейміз, – дегендерге: – «Топырақ маған осы жерден бұйырды, түбінде бұл жерге ел қоныс тебеді, болашағы мол жер – менің де мекенім болсын», – депті. Әулиеден жеті бала екен, солардың үлкені Көпбай емші болған. Әулиенің осы жерге жерленуінен Кердері руының адамдарының қоныс тебе бастауы болса керек.

## Ақкөлде Абдолла әулие

Ұшқан құстың қанаты талатындай айдын дала төсінде алып көк теректер таласа шыққан Ақкөл ауылына ат басын тірегенбіз. Алдымыздан ақжарқын ауыл адамдары ыстық ықыласпен қарсы алды. Осы жерді Ақкөл атандырған өнбес көлдер қайда екен деген ойымнан шығар емес. Шетінен аттарын атай бастаймын: Кіндіктікөл, Ұзынкөл, Миялықөл, Сахабайкөл, Қонысбайкөл, Болай, Шыммолакөл, Табанкөл, Шилікөл, Жайлаукөл, Саумалкөл, Шұңқыркөл, Үшкөл, Домалақкөл, Ойынкөл (Қ. Еламанов, «Шежірелі өңір» 199-б.). Шындығында, бүгінде осы көлдердің біразының аты ұмыт бола бастаған, бастапқы табиғи тепе-теңдігі бұзылуынан бәрі дерлік суы тартылып тұз-сорға айналған «Суың кепсе сен бір шөл боларсыңның» – көбі осы болар. Кезінде әр көлдің атына, сыр-сипатына лайықты аты да, тарихы да болған. «Кіндіктікөл» атауы неге байланысты деп сұрағанымда, ол көлдің нақ ортасында бір төмпешік тас су бетінен шығып, қарайып көрініп тұрады. Ол көл де бүгінде сорға айналған. Сордың ортасында сол тас тұр. Сол көлдің ортасындағы тасты кіндікке ұқсатып, «Кіндіктікөл» атапты. Халқымыздың табиғатқа ат қойғыштығы да бір ерекше өнер-ау.

«Елу жылда ел жаңа» – деген даналарымыз, неше жылда жер жаңа болатынын неге айтпады екен, әлде бізге жетпей қалғандар қатарында ұмыт болды ма екен?

Алып көк теректердің шығуынан және үй басына құдық болуына қарағанда, баяғы қалың көлдің сулары жер астына кетіп, ағашқа, адамға нәр беріп тұрған болар. Тағы бір жер асты суының сүзіліп, мөлдіреп атып шығып жатқан бұлақ бар екен. Осы бұлақ жанында Бадырақұлы Абдолла (1860-1945) көріпкел әулие, діни оқымысты кісі жерленіпті. Кезінде «Сұпыата» атаңған атағы әлім-шөменге әйгілі Абдолла бейіті басында құлпытасы бар екен. Әулиенің жиені Қазбаева Сұлушаш келушілерге арнап үй салып, бейіт пен бұлақ басын абаттандыруды қолға алып жатқанын осы округтің әкімі Қайырбек Әбілқайырұлынан естідік. Жердің бетінде түрлі улы заттармен ластанған көлдер суы жер ана қойнына сіңіп, сүзіліп, тазарып халқына мейірін қандырар, рахаттандырар қасиетті бұлақ болып қайтарып жатқаны да құдыреттің сыйы болар.

Ақкөл атауы – бір кезде шалқып тасығанда бір-біріне ағып құйылып, кемерінен асып жататын 15 көлдің ескерткіші болып қалған-ау демекпіз.

## **Киіктің матауын көрген әулие**

Ертеден құт-береке дарыған Аққұмда Тоқтасұлы Раманқұл әулие 83 жасында 1935 жылы дүние салыпты. Раманқұл әулие діни оқыған, оған қоса емшілікті қоса меңгерген кісі екен. Есейе келе көріпкелдік қасиетін ел мойындаған. Ел аузындағы деректерде Раманқұл өзіне емге келе жатқан кісіні жолға шыққан бойда біліп отырады екен, әрі ол кісіні емдеуге бола ма жоқ па, алдын-ала біліп, келген сәтте айтады екен. Раманқұл діни дұғамен де, әрі Аққұмның дәрілік шөптері мен өсімдік тамырларының емдік қасиетін жетік біліпті. Раманқұлды елі «киіктің матауын» көрген әулие деп атайды. Бұл кісінің киіктің матауын қашаң қалай көргенін ешкім білмейді, өзі ешкімге ашып айта қоймаған.

«Киіктің матауын білетін адамды табудың сәті түспеді. Біледі-ау деген кісінің бірі Әйтемов Тел ағамыз – мамандығы ұстаз-биолог, одан кейін ұзақ жылдар Ырғыз өңірінде Торғай табиғи қорықты басқарған, табиғат қорғау мәселесі жөнінен бірнеше мақалалар жазған, әрі өзі, елге, жерге перзенттік жанашырлықпен қарайтын кісі екенін білетінмін. Тел ағамыздың әкесі мен сұрап жүрген Раманқұл әулиенің жиені екен. Киік туралы өзі білетіндерін және орыс ғалымдарының еңбектерінен оқығанын ерінбей қағазға түсіріп берді. «Бірақ, – деді, – сен сұраған сұрақты бошалап айтқан да, жазған да ешкім жоқ екен. Ал білетін кісілер өмірден өтіп кетті. «Киіктің матауын» көру кез-келген адамға жазбаған, оны көрген кісі де ерекше ілімнің иесі болар. Мен мұғалім болып жүргенімде, ауыл адамдары және жер-жерден келген кісілер Раманқұл әулиеге түнейтін, ешкім ол кісінің атын атамайтын, «Әулие ата» дейтін. Ол кісінің кереметі туралы көп әңгімеге құлақ түрген жоқпыз. Ауылда Саспақ Текені көрдік деген кісілер болған», – деді.

Әр аң, құстың қадір-қасиетін жетік білетін кісілер, киіктің қасиеті киелі аң деп қадірлеумен қатар, олардың адамға тигізер пайдасын жетік білген. Бірақ оларды қырмай-ақ, табиғи

жағдайда өздері қалдырып кететін пайдасын көрудің бір түрі де киіктің күйекке түсетін мезгілі қыркүйек айының 16-20 күндері. Қатты жел соғып, боран болатындықтан, текенің бұрқылы немесе бұрқағы деп аталған. Бұл күнгі киіктердің жасайтын кереметін сөзбен айтып жеткізу менің қолымнан келмес. Бұл құбылыс та осы аңның ерекше қасиетіне байланысты. Нағыз күш сынасар кезеңі басталғанда, текелер жер тарпып, ышқына ыңырана дауыстап, өзінің бөліп алған киіктеріне басқа текелерді жақындатпау үшін нағыз күрес жүргізіп, ең мықты жеңімпаз өз үйіріне иелік етеді екен. Жеңімпаздың үйірі қимылсыз бағынып, маталып тұрады. Бір үйірге ие болған ең мықты аталық теке ең соңында әлсіреп, тіпті, үйіріне ілесе алмай қалғанын «Саспақ теке» атаған, олардың еті жеуге келмейді екен. Үйірге ере алмағаны қасқырға бұйырған.

Әлсіреген аталықты өзінің үйірі ортаға алып, қақпайлап жайылымға алып кетеді екен. Сонша күрестің, жеңістің мақсаты – ұрпақ үшін өмірін құрбан еткен аталықтың әрекетін неге теңеуге болар еді. Қанша ғалымдар киікті зерттеп жазды десек те, қазақтың қара шалының түсінігі – ұлтымыздың ғана еншісі болып қала бермек.

Киік-Бөкенді зерттеген біраз ғалымдардың еңбегінде осы жәйттерді терең жазбаған, ал Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистерінің 170-ші бабында «Жақсы адаммен бірге болу – мускус (бірқатар жануарлардың ұрық безінен иісі күшті зат). Киіктің матауы кезеңінде иісі күшті заттың тарауы сол жердегі шөпке, топыраққа сіңіп, кейін оны білген адам ғана емге пайдалануы мүмкін. Раманқұл әулие киіктің матауын көрсе көрген болар, көрмегеннің өзінде ол кісі ондай құбылыста қай уақытта, қай маңда жылы жақтың болатынын білетініне дау жоқ. Ол кезде қазақ даласында киік өте көп болған. Емші тап сол жерден өзіне керегін танып ала білген де, оны емшілікке пайдаланған.

Бұл құбылыс та, оны пайдаға асырған әулие атанған емші де бізге жұмбақ болып қала бермек.

Кешегі 1960 жылдың өзінде дала төсінің еркесі болған киіктер үйір-үйір болып, жолыңды екі орап өтіп барып, алыстан бізге қарап тұратынын талай қызықтағанбыз. Бүгінде жолыңды орап

шұбап жүрген киік түгіл, әдейі іздеп шықсаң да көзге ілінбейді.

Жыл сайын 19-20 мамырда күн кеңет бұзылып, аздап болса да жаңбыр жауып, жел тұрады, халық бұл күнді «Құралайдың салқыны», кейбір өңірде “киіктің бұрқағы” деп те атайды. Көпшілік, әсіресе жастар ол неге дегенді біле бермейді. Киік атауы Қызыл кітапқа еніп, көзден ұшса да, оның баласын өргізетін күні біржола табиғатта сақталып қалғанын еске түсірер күн – «Құралайдың салқыны» аталып, өзгеріссіз келе жатыр. Табиғатпен тамырлас, жер мен көктің құпиясын оқи да, тоқи да алатын данышпан қартты қазақ әулие санатына қосқан.

## **Айтбай ақын атанып кеткен Айтмұхамбет ахун**

Осы жылдың тамыз айының 2-3 күндері бұрынғы Ырғыз уезінде, кейін қазіргі Әйтеке би ауданы халқына кеңінен танымал зергер-ұста, имандылықпен шеберлікті қатар ұстаған, еліне қамқор болған Соңғыбай Құмақбайұлының 120 жылдығына арналған асқа барғанымда, ойда жүрген бір шаруам – Айтбай ахун туралы деректі толықтыру еді, жақсы кісінің шарапаты болар – сәті түскен күн болды. Азды-көпті әзірге жинақталған және өзім көрген ахунның аяғы басып жүрген еңбек еткен, жерленген жерді, және есіне сақтап құрметтеп отырған халқын көргеніме тәубе ете отырып жазып отырмын. Айтбай ахун елі, жері туралы Қарабас әулие, Сарбас әулиелер, сансыз мөлдір бұлақтар мен айдын көлдері мен қасиетті тұздары т.б. туралы жазылар талай аңыз-әңгімелер ұшан- теңіз зерттеуін күтуде.

Айдарбекұлы Айтбай ахун (1863-1933ж.ж) жастайынан жетім қалып, ауыл мектебіндегі зеректігін байқаған тума-туыстары Айтбайды Бұхарадағы медресеге оқуға жіберіпті. 1880-1890 жылдары Бұхарада және Үргеніште діни оқудың жоғары сатысына дейін оқып, белгілі сынақтан өтіп ахун атанып, елге келгеннен бастап, оқу ағарту саласына белсене кірісіпті. Ауыл аймақты ұйымдастырып халықтың қаражатына екі мешіт салғызып, ауыл балаларын түгел оқуға тартады. Сонымен қатар, әр жұма сайын ересек кісілерге дәріс оқып, тазалық, имандылық, әдептілік, талғам жайлы шарифат жолымен кеңінен



түсіндіріпті. Айтбай ахунның білімді, парасаттылығымен қатар сол заманның саясатын жақсы түсініп, халықты еңбек етуге жерді, суды дұрыс пайдалануды үйретіпті. Жиналған елдің сұрағына дәлелді жауап қайтарып, риза еткені туралы ел ішінде бірнеше әңгімелер әлі бар.

Бірде – «Ахун аға, ғылымның керек болатынын, артықшылығын айттыңыз. Оқусыз адамдардың да өнегелі ісі аз емес, олар туралы не айтар едіңіз», – дегенде, ахун «қанша мақтасақ та білімсіз адам дара атты да, білімі барлар қос атты ғой», – деп жауап берген екен (Қ. Еламанов «Шежірелі өңір»).

Ахун 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысып, сарбаздарға елдің көмегін ұйымдастырушы болғаннан, кейін бірнеше жыл бой тасалауға тура келген.



Айтбай ахун діни оқумен қатар инженерлік, агрономдық мамандықты меңгерген, орыс тілін жақсы білген. Қарақай өзені бастау алатын бұлақ қар суымен толыққанда үлкен арналы өзенге айналады екен. Елді асырау үшін егін салып, бау бақша өсірген арық, жаптардың ізі әлі сайрап жатыр. Сол арнаның жалпақ жерінен қолдап бөгет салып, суды ашатын құлақ шығарыпты. Бөгет бөгеу үшін 300 қап тоқытып, оларға саз аралас құм толтырып, байластырып салған бөгет көп жыл бұзылмай тұрған. Елді жайлап келе жатқан ашаршылықтан

суармалы тары өсіріп, 90 үйлі ауылды асыраған. Өзі бел шешпей басы-қасында жүріп, аянбай еңбек еткені ел есінде. Сол бөгет қандай су тасқыны болса да сыр бермепті. Совет үкіметі орнағаннан кейін бөгетті жіңішке жерінен салған екең тасқынның екпініне шыдамай бұзылған бөгет, қақ айырылған қалпы көрініп тұр.

Айтбай ахунның тағы бір елді сақтап қалған кезеңі Кеңес үкіметіне қарсы Айжарқын ханның ашқан көтерілісіне халықты қоспай көрегендік жасауы болыпты: «Бұл үкімет енді күш алып кетті, біз оны жеңе алмаймыз, бос қантөгіс болғалы тұр», -деп осы аймақты түгел аман алып қалыпты.

Айтбай ахунның шын аты Аймұхамбет екенін Құмқұдық округінің қазіргі молдасы Әбілқаев Қонысбай Айнадинұлы атасы туралы біраз білгенін айтып берді. Айтбай атасы Бұхарада оқып келгеннен кейін әуелі Ақсақал Тәуіптегі Дүйсенбі ахунның мешітінде 5 жылдай бала оқытқан. Сол жақта үйленіп, ата қонысына келіп, әуелі Сасықкөлдегі Тұрғанбай, Жақсан салған мешітте бала оқытыпты. Үлкен баласы Абдолланы бастауыш білім алған соң, Бұхараға оқуға жіберген. Абдолла діни оқуды бітіріп елге келіп, бірнеше мешіт салып, бала оқытыпты, ерте қайтыс болған. Екінші баласы Әбілқай қазақша да, орысша да оқыған. Троицкіде ұсталып, алты айдан кейін ақталыпты, кейін екінші рет ұсталғанда 1941 жылғы соғыс басталып, айыптылар батальонына жіберілген.

Айтбай ахунның үшінші ұлы Мәжиттің әйелі 88 жастағы Зағипа әжейдің айтуынша, ері Мәжит 45 жасында қайтыс болған баласы Сыраш осында тұрады. Әбілқайдың баласы Айнадин Қарғалы ауданына қоныс аударыпты.

Айтбай ахун патша үкіметінің жерді меншіктене бастағанын сезіп, Қарақай өзенінің бас жағын Басқұдық, Тымабұлақ аумағын өзіне қаратып алғаны туралы қағазын көрген кісілер болыпты. Заманның өзгеріп, діннің, тілдің құнын жойып, адамдардың санасына кері әсер ететін саясатқа қарсы тұруға шамасы жетпегенін сезген ахун қайтыс болар шағында дүниенің бәрінен бөлектеніп, шымылдықтың ішінде отырып қалыпты. Кітаптарын алдын ала көмгізіпті.

Айтбай ахунның денесін жуған жері Қарақайдың жалғасындағы төмпешік бүгінде елеусіз қалыпты, кезінде оны

қасиетті жер санап, адамдар түнеп жүріпті. Қарақай өзенінің басы үлкен төбеде ахунның төртқұлақты тамы құлаған, құлпытасы көрінбейді, ол кісіні жерлегенде бұл жерде қорым болмағаны байқалады. Ел аузында Айтбай ахун айтқан тағы бір сөз – менің қасыма әйелді жерлемендер, – депті. Бірақ ол әсиет бұзылған кезең кешегі кеңес заманынан басталып, елге билік жүргізушілерден «батыр» шығып, әйелді жерлеуді бастапты. Жер жетпей жатса, кешіріммен қарауға болар.

Айтбай ахун сепкен имандылық пен парасаттылық ауылдың татулығын, берекесін арттырыпты. Өз заманында ол ауыл ең тәрбиелі, ынтымақты ауыл болып елге үлгілі болыпты. «Айтбай ахунның ауылынанмын», – дегенді үлкен мақтанышпен айтатынын естіген қарттар баршылық. «Ғалымның хаты өлмейді», – дегенді осындай кісілердің ілімі-білімі, қалдырған игі істерін де айтқан болар.

Жасыл желек жамылған тап-таза ауылдың ортасынан Қарақай өзені бастау алатын мөлдір бұлақ сылдырап ағып, жан-жануарға нәр беріп жатыр. Ауылдың іргесі толы үлкенді-кішілі, тіпті ащы-тұщы бұлақтар. Бір орыны толмай тұрғаны – сонау бәрі тапшы қиын заманда егің бау-бақша өсіріп елін аман сақтап қалған азамат ата Айтбай ахунның салып беріп кеткен өнегесінің жалғасы неге табылмай отыр деген сұрақ мазалайды. Ауылдың еңсесі көтерілген, малдары мол, бау-бақша өсірсе өздеріне артық болмас еді-ау деп ойлаймын. Бұлақтың суы да, өнегелі азаматтың көрсетіп кеткен ісі де Алланың сыйы деп қарасақ, ұтылмас едік, ағайын.

Ертеде жылдың төрт мезгілінде малдың жағдайы болатын жер үшін ірілі-ұсақты талас-тартыс, дау тумай тұрмаған. Дауласқан елді жауластырмай әділ шешім айту және оған тоқтау да үлкен ептілік тәрбие болған. Ауызы дуалы би-шешендер ел мүддесін дұрыс шешкеннен атағы құрметпен еске алынады. Артында есті кісі ескере жүретін ұлағатты сөз қалдырған шешендердің бірі Амандық (1871-1965).

Уәлі мен мамырды,  
Алып берген Амандық.  
Амандықтың кезінде,  
Көрмеген ел жамандық.

Осы шумақты 1993 жылы Толыбайда марқұм Қалық жырау тарихи әңгімесімен айтып берген еді. Амандық шешен де осы қорымда руластығынан бұрын рухтастығымен қатар жерленіпті.

**Әйтеке би ауданы  
Тымабұлақ ауылы  
2-3 тамыз 2006 жыл**

Ед жер аман тұрғанда, небір талай иелері туа беретінін естіп-біліп жүрміз. Кешегі күнге дейін өмір сүріп, халқына пайдасы тиген бақсы-балгерлерді ел есінен шығарған емес.

# Әзірбай

## (1900-1965)

Аралары қашық емес, қатар жатқан екі ауылда екі бақсы жерленген.

Құмқұдық округіне қарасты бұрынғы Қарашатау жерінде жерленген Есқұлұлы Әзірбайдың ерекше құпиялы қасиетін ел ұмыта қойған жоқ. Ешқандай оқуы жоқ, адамның ақылы жете бермейтін керемет иесі болған кісі. Ақшұнақ аязда жалаңаяқ бұрқытып, көзден ғайып болып, өзін мінгізбей кеткен көлігінің алдынан шығатынын талай кісілер көрген. Тымабұлақ жерінде Соңғыбай ұстаның 120 жылдық Ас берілген жиында Әзірбайдың ұстамен болған бір оқиғасын естідік. Бірде Соңғыбайдың ұстаханасына келген Әзірбай, ұстаға мына қысқашыңды жұтайын ба? Сенің жұмысың тоқтап қалса, маған ренжіме, – депті. Жұта қояр деймісің, әншейін ойыны болар деген ұста: жұта қой, –десе, Әзірбай бір сүйем темір қысқашты аузына салып жіберіп, көлденең ұстағанда екі ұртын тесіп кетердей қиналған сыңайды көрсетіпті де, кеудесіне жұдырығымен ұрып қалып, жұтып жіберіпті. Содан бір жетіден кейін тағы келіп, қысқашсыз ісің өнбей жүр-ау деп күлді. Ұстаның іздегені қысқашы. Дүкеннің маңдайшасына қолын созып мына жерге қойып кетіп едім, – деп алып беріпті. Енді сенбей көр, – деп күлген екен». «Әзірбайдың кереметін айтып тез жазып та тауыса алмаспыз. Кереметі ашылмай кеткен жан».

## Ақбақсы (1895-1993)

Бақсылық, емшілік, әрі көріпкелдік қасиеттерін меңгерген, елдің ықыласына бөленген Сатыпалды Төлегенді халық Ақбақсы атап кеткен.

Ырғыз, Қарабұтақ, Торғай, Жаманқала жұрты бақсының кереметін көріп, емін алып, жоғалтқанын тауып дегендей, құдірет иесі деп санайды. Ол кісі туралы ел ішінде көп әңгімелер сақталған. Ұзақ жасап, көзі тірісінде тамын салғызып, маңына кісілерді жерлей беріңдер, – депті. Ақбақсы



Ақтасты елді мекенінде жерленген. Өзі тұрған үйі мен тамы бір-біріне алыстан тура көрініп тұрады.

Бақсының зираты басына түнеп, зират етушілер үзілген емес. Жалғыз қызы Қатшагүл әкесінің үйінде баласымен шырақшы есебінде отыр, есігі әрқашан ашық. Ақтасты ауылына келген кісілер бұл шаңыраққа бас сұқпай кетпейтін дәстүр қалыптасқан.



Ақбақсы әулиенің зираты.

Жабасаққа жақын Қарасу елді мекенінде оқымысты Қарабақсы өмір сүрген, жерленген жеріне түнеген адамдардан көп әңгімелер сақталған. Қарабақсы әулиені зерттеудің сәті түспей келеді, жергілікті халық әлі ұмыта қоймаған.

# Нұрмашев Әлмағамбет

(1888-1975)

Басқұдық жерінде туып-өскен, бастауыш мектеп-медресесін бітірген, кейін Үргеніш медресесінің жоғары білім беретін сатысында, кейін медициналық саласын оқып, елге оралады. Сопылық ілімді де меңгерген, астрономияны да жетік білген кісі болған. Қара суды теріс ағызатын, жаңбыр керек болса, жаудыра беретін құпия ілімді меңгерген. Әлекең мешіт-медреседе шарифат жолы туралы насихат жүргізуге де өте жүйрік болған. Өзінің қалауы бойынша өмір бойы адам емдеген. Әлмағамбет молданың кереметін Басқұдық, Жабасақ, Толыбай, бір шеті Торғай елі әлі ұмыта қойған жоқ. Өте сыпайы, тақуа кісі болған. Ол кісінің немере-шөберелері Әйтеке би ауданында, Ақтөбе қаласында тұрады.

Жалпақ жұрт көзі тірісінде-ақ әулие деп таныған, шығу тегі тарихтың терең қойнауынан басталып, ұрпақтары дүйім жұртқа жайылып, қадірлі әулет тараған, ал жерленген жері киелі орынға айналған ғұлама кісілерді ел қастерлеп, құрмет тұтқан.

## Сары ишан

Бұрынғы Қарабұтақ ауданының қазіргі округінің орталығы қасындағы үлкен қорымда Сары ишан – Үмбетұлы Қожахмет (1856-1934) жерленген. Ол кісі Қарашоқы деген жерде қайтыс болғанда, Шаңғытбай қажы жатқан тап осы жерге жеткізіп жерлеңдер деп тапсырған екен. Ол кезде бұл жерде поштаның төрт үйінен басқа ел жоқ, онысы несі дегендерге, түбінде осы жерге халық та қоныс тебеді, үлкен қатынас жолы болады депті. Қожахмет ішкі жақта діни оқып, діни орталықтың нұсқауымен 1893 жылы осы жаққа келген. Ыскөл, Сарыоба деген жерлерге мешіт-медресе салып, балаларды оқытыпты. Сыпайы, ақсары кісі екен ел қоғадай жапырыла сыйлапты, атын тікелей атамау да құрметтің бір түрі, сондықтан елге Сарыишан болып аты жайылған.



Ишанның қамкірпіштен тұрғызылған тамының көлемі үлкен, өзімен бірге отбасының мүшелері жерленген. 1995 жылы Әбдіганидың әйелі, ишанның келіні Жәнипа әжейдің өтініші бойынша тамның ауыз жағына жерлеуге бейітті қазғанда біраз кітаптар шығыпты, бірақ олар ауаға шыққан бойда уатылып, оқуға жарамапты. Осы кітаптардың ішінде ишанның шатрихаты да болыпты.

Біз Аралтоғай ауылына кештеу келгендіктен, экспедиция басшысы профессор Алпысбай Мұсаев: - кеш те болса сәлемдесіп, ертең сөйлесетінімізді ескертейік, үлкен кісі ғой, ойлансың, ұмытқанын есіңе түсірсін – деген соң Саттарберген қарттың үйіне жақындағанымызда сыртта ол кісі қасында өзіндей екі адам және баласы отыр екен. Біз сәлемдесіп, келген мақсатымызды айтып, ертең сіздермен кездесеміз, әңгіме, естеліктеріңізді айтарсыз,-дегенімізде Саттарбергеннің қасындағы бір кісі, шамасы құрдасы болса керек: - Мына арабтан сұрасаңыз бәрін біледі,- деп әзілдеді. Профессор іле: - Неге араб дейсіз? Бұл кісі үш жүздің пірі болған Керейт Мүсірәлі Сұпы-Әзиздің ұрпағы ғой,- дегенде – қайдан білейік, қожа дегенді біз солай түсініп, араб деп әзілдесіп жүрміз деп күлісіп алды.

Көз шырағы сөнгенмен, көкірегі ояу қарт Саттарберген: - өз бабамның, атамның тарихын өзім айтам. Мені кім десеңдер де орталарыңда отырамың, ел сыйлайды, түрткі көргенім жоқ. Ел елшілігін жасайды, өзің дұрыс болсаң. Ал мыналар құрдастығынан, нағашы-жиендігінен әзілдей береді ғой,-деді сабырлы қалыппен.

– Бастауыш кластық қана білімім бар және бой тасалап үнемі қоныс өзгертуге тура келді, біресе Сырға, біресе Қырға көшіп-қонып жүріп, осы Аралтоғайға қоныстандық, – деді.

Сары ишанның 1912 жылдары Ырғыз уезінің мұхтасибі болғанын осы кісіден естідік.

Саттарберген ақсақал әңгімені жүйелі айта білетін, салмақты бір біз таң қалғандай өте сақ сөйлейтін кісі екен. Ата тегі, әкесі ишаң, молданың тұқымы деп үнемі қуғында жүргендегі үрей әлі бойында сақталып келе жатқанын да жасырған жоқ.

Қырғын конфескілеу бұл өңірде 1929 жылы басталып, мал-мүліктер тіркеуге алынып, аса құнды заттар бірден жиналыпты. 1928 жылы мешіт құлатылады, Сары ишан бой тасаланып

Нұраға, одан кейін Нөкіс қаласында тұрады, 1933 жылы Қарабұтақ жеріне қайтып келіпті. 1934 жылы қайтыс болады. Соның аяғы 1937 жылы Шаңғытбай қажының екі баласы ұсталып айдалғанын көрген Әбдіғани молда бүкіл кітаптар мен құжаттарды асығыс түрде Сары ишанның тамына көміпті. Шаңғытбай қажы – Қазақстанның халық ақыны Қуандық Шаңғытбаев ағамыздың атасы. Тақуа би-қажы, дәулетті кісі болған.

Сары ишан – Қожахмет балалары – Әбдіғани, Мәриямгүл, Абдолла. Бәрі де діни оқыған кісілер. Абдолла дінге жасала бастаған қысымды ерте сезіп, ішкі жаққа біржола қоныс аударады. Үлкен қалалардан оқуын бітіріп келген Әбдіғани осы жерде бала оқытып, мешіт ұстайды. 1937 жылы Әбдіғанидің ұсталуы туралы мынадай деректер бар:

Қожахметов Әбдіғани (Әбдіғали) 1902 жылы Қарабұтақтың 18-ауылында туылған. Белгілі кәсібі жоқ (БКЖ). 25 қыркүйекте 1937 жылы УНКВД үштіктің шешімімен астыртын үгіті үшін (АЖК) ату жазасына кесілген. 1965 жылы 19 июньдегі облыстық соттың шешімімен ақталған. (Қуғын-сүргін құрбандары. Ақтөбе, 1997ж. 133 б.)

Әбдіғанидан екі ұл, екі қыз болған екен, бір қызы Закария ерте қайтыс болған. Қалған Алданберген (Милыда) қайтыс болды. Саттарберген (Аралтоғайда), Камария (Ақтөбеде), бұлардан өсіп-өнген ұрпақтар баршылық.



Сары ишанның өзі тұтынған заттары және мері.

Сары ишанның немерелерінде сақталған мұралардың ішінде өте құндысы – сирек кездесетін оқымыстылардың мөрі барлығына көзіміз енді жетті. Мөрдің көлемі 1,8 + 1,3 см. Арабша жазылған. Әбдіғанидың үйін тінтіп, конфискулегенде Жәнипа әжей етегіне түйіп, аман алып қалыпты.



Саттарберген ұлы бабасынан өзіне дейінгі аталарын жатқа біледі екен.

Әрі өздерінде ертеден үзілмей келе жатқан ататегі шежіресі сақталған. Бұл киелі әулет бастауын сонау XVI-XVII ғасырлардан алып, қазақ жерінің, оның ішінде, Кіші жүз халқы жайлаған аймаққа түгелдей ілім-білім таратушы ғұлама кісілер. Әйтеке би Мүсірәлі Сұпы-Әзизді Кіші жүзге ертіп келіп, Ақмешітте имам сайлапты деген дерек бар.

Кейін Мүсірәлі Түркістан жанындағы Шаян ауылында мешіт ұстайды. Тағы бір деректе ол кісі дүниеден өткенде, кіші баласы Қосым қожа пірлік етіп, Әйтеке биге ерген.

Осы кісілердің аталарын шежіреге былай тіркеген: Ақсақал қожадан – Мүсірәлі қожа. Мүсірәлі қожадан – Қосым қожа. Қосымнан – Ысқыш, Ысқыштан – Әумин. Әуминнен – Жұматай, Жұматайдан – Үмбет. Үмбеттен – Қожахмет – Сары ишан.

Мүсірәлі қожаның қабірі Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек ауданы, Шаян ауылында, Қосым қожаның бейіті Қазалы ауданы, Қуаңдария бойында. (Бұл деректі Әбдіғани балалары сақтап келген.)

Сары ишанның немерелерінің қолындағы деректер үлкен шежіреден үзінді, өздеріне қатысты жерін ғана жазып алған. Онда “Мүсірәлі қожаның арғы тегі туралы түсінік. Арабтың Аңсары руынан Озған пайғамбар Бастами сол жерде туған. Бұл шежіре 1525 жылғы араб баспасынан аударылған. Әбу Базамит қожаның баласы Ақсақал қожа. Шешесі Бибі-Рәбиға руы – Бақсайыс қожа. Ақсақал қожадан 12 бала туған. Мүсірәлі қожа – алтыншы баласы. Ақсақал қожаның лақап аты Керейт қожа деп халық қойған... Енді Қосым туралы қысқаша түсінік... Галден церен қазақтың киелі әулиесіне ең кенже қызы Мариямды Мүсірәлі Сұпы-Әзизге ұзатып берген. 1685 жылы Шұғылай қалмақтың қызынан Қосым қожа туған... Қазалы ауданы Қуаңдария бойында қабірі бар...”

Мүсірәлінің Сұпы-Әзиз атануы туралы әңгімелер айтылып та, жазылып та жүр. Алайда, жазушы Мұқадес Есламғалиевтің “Алшын Әйтеке би ғұмырнамасы” еңбегінен үзінді беру артық болмас:

“Ол кезде ауыл-аймағы алыс, бұрын қарым-қатынасы жоқ, бейтаныс жандар бір-біріне әлдеқалай дау-шармен келе қалғанда: “Әуелі төрт тіреуіңді айт!” дейді екен. “Төрт тіреу” дегендері: “Ауылыңның, сол аймағыңның пірі кім, биі кім, батыры кім, мырзасы кім?” – дегендері екен. Мұны білмеген, айта алмаған адамдармен әрдайым сөйлесе бермегенге ұқсайды. Осының ішінде жастар басқасын білсе де, пір дегеннің кім екенін, оның қандай адам екенін біле бермеуі ықтимал. Ол кезде атақты билер, батырлар ған емес, хандар, ұлыстар, жүздер өздеріне пір ұстаған. Пір – тек мал-жанның, табиғаттың ғажайып сыншысы ған емес, болашақты болжап айтатын, аузы дуылы, сәуегей. Мұндай пір кезінде Төледе де, Қазыбекте де болған Төлөнің пірі – Мағзамаң Қазыбектің пірі – Ер Сейтімбет, Әйтекенің пірі – Мүсірәлі, халық қойған лақап аты – Сұпы-Әзиз. Оны Әйтеке 1678 жылы Түркістан медресесінде оқитын бір мың бір шәкірттің ішінен таңдаған екен дейді. Мың бір шәкіртті алдынан өткізіп шығып: “Мына шәкіртті алам” дегенде, медресенің мүриді: “Апыр-ай, сіздің көзіңіз басқа балаға

түскенде, мен осы шәкіртті ұсынғалы түр едім" – деп Әйтекенің көз қырағылығына қайран қалыпты. Ол бала он төрт жасар осы біз айтып отырған Мүсірәлі, дәлірек айтсақ, Баба түкті Шашты-Әзиздің ұрпағы еді.

Мүсірәлінің ғажайып көріпкелділігі кезінде ел ішінде аңызға айналған.

Сондықтандан да оның Мүсірәлі деген шын атын жұрт ұмытқандай болып, "Сұпы-Әзиз" деп кетеді.

Ол кезде өздерінің таңдаған пірлерінің сөзінен ешқандай хан да, би де, батыр да аттап кетпеген. Шын көзі жетпеген нәрсеге соқыр тәуекелмен пірлер де болжам айта бермеген.

Әйтекенің аталас ұрпағы, шежіреші Абдолла Қойшиев айтқан мына бір-екі әңгімеге назар аударып, тоқтала кеткеннің артықтығы жоқ секілді. Бірде, үлкен бір жиынның үстінде Керейт Қожа ер Сейтімбет, Мағзаман және Мүсірәлі пірлер қатар отырған кезде, оларды сынамақ болған қалың қауым үшеуінің алдында бір буаз сиырды алып келеді. "Осы сиыр ішіндегі бұзауы қандай?" деп сұрайды.

Сонда Сейтімбет: "Бұл сиырдың ішіндегі бұзау ұрғашы, түсі қарақасқа", - дейді. Мағзаман пір: "Ол рас, бірақ бауыры да қара ала", -дейді. Ал Мүсірәлі: "Бұзаудың қара екені де, ұрғашы екені де рас, бірақ қарақасқа емес, қара, құйрығы ақ", -дейді. Жиналғандар сиырды сойып жіберіп қараса, ішіндегі бұзау ұрғашы, ақ құйрық, қара болып шығады. Үшеуінің де айтқаны жобаға соғып, әсіресе Мүсірәлінің айтқаны дәл келгеніне жұрт қайран қалады.

Сол арада Мүсірәлі: "Енді менің атымның көзін тас қылып байлап, өріске басқа жаққа жіберіңдер. Әйтекенің атын басқа жылқыға қосып, басқа өріске жіберіңдер де, таңертең барып қараңдар", -дейді.

Қасындағылар оның айтқанын істейді. Таңертең барып қараса, Мүсірәлінің аты сол көзі таңулы күйінде Әйтекенің атының жалын иіскелеп тұр екен дейді. Осы жиында Мүсірәлі өзінің көріпкелдік, сәуегейлік көп өнерімен жұртты таң қалдырып, Үш жүздің бас пірі болып саналады. Сірә, бұл жиын Тәукені хан сайлау тұсында болған секелді. өйткені мынадай жыр жолдары соған меңзейді.

“Әз Тәукені хан сайлап,  
Софы Әзіні пір сайлап,  
Қонды дейді Ақсарбас,  
Әйтеке бидің төріне”, - деген сөз бар.

Міне, ел ішінде мұндай әңгіме көп қалған. Тірліктерінде Әйтеке мен Мүсірәлі бір-бірін қатты сыйлап өткен. Тек Мүсірәлі тым ерте қайтыс болған. Ол қайтқанда, ат арыр алыс жерде болса да Төле мен Қазыбек, Сейтімбет пен Мағзыман да барып, бата оқып, Әйтекеге көңіл айтқан екен”. (173-174 беттер)

Бұл жөнінде әйгілі Базар жырау “Әлеуметтер, құлақ сал” атты толғауында:

...Әулие өлмес дер едім,  
Отқа салса күймеген,  
Залымдықтың өмірі  
Бір шарпуы тимеген,  
Арамды көңілі сүймеген  
Дін мұсылман баласын  
Кереметпен билеген  
Саһар тұрып жылаған,  
Хақтан медет сұраған,  
Ол ерлердің тағаты  
Құдайына ұнаған,  
Баба түкті Шашты Әзиз,  
Ер Сейтпенбет, Мағзамнаң,  
Марал ишан, Софы Әзиз,  
Солардан да өткен бұл дүние...,- деген

**“Жырау” Алматы, 2004.**

Сары ишанның құлпытасында жазылған Қосым қожа тегі деген сөзді дұрыс түсіне бермей жүргеніміз рас.

Қосым қожа Мүсірәлінің кіші баласы. Сұпы-Әзиз өзінің ғұламалық жолын жалғастыратын, қосымды жегетін, іргесін кеңейтетін балам деп үміт артқаны және Қосым қожа кереметі туралы көп деректер мен аңыз-әңгімелер Сыр бойында көбірек сақталған. Мүсірәлінің ғұламалық жолын жалғастырып дамытқан және одан тараған оқымыстылар Арқада, Сыр бойында, Қарақалпақстанда, басқа да өңірлерге тарап, орнығып, оқу-ағарту жұмысын жүргізген. Солардың соңғы буындарының бірі – Сары ишан – Қожахмет Үмбетұлы өзінің алтыншы атасы Қосым қожа ісінің жалғастырушысы дегенді білдіріп тұр екен.

Мүсірәлі Сұпы-Әзизден кейінгі аталарының қожа атануы жүргізетін ілім-білім беру, оқыту, имандылықты уағыздаудағы билік-қожалық етушілер деген ұғымды білдірсе керек.

Алданберген ақсақалдың жазып жүрген шежіресінде “Үмбеттен төрт бала үлкен әулет, оның бір қызы бар, Измамбеттен 2 бала – Төлеген, Төлеу – Үргеніште. Үшінші баласы Перзенттен бала белгісіз, Қожахметтен Әбдіғани...”

1968 жылы 8 маусымда Орынбор облысы, Дамбаров ауданы, Ащыбұлақ теміржол бекетіне келген тума Панаұлы Құрманязбын дейді. Пана – Жұмабайдың баласы, Үмбетпен бірге туысқан. Құрманяз менің баламның аты Орынбай бар еді...” Толық сақталмаса да біріншіден, бұл әулет өз шежіресін қағазға түсіріп отырған. Екіншіден, кешегі кеңес заманында қуғынға ұшыраған әулеттің көрмегені жоқ, қашып-пысып, жер-жерге тарап кеткен. Елде қалған қарттар мен жас сәбилер мен аналар “мылтықсыз майданның” құрбандары, үрейлі, ішқұса өмір сүріп, көбі шерменде болып өмірден өткен.



**Сары ишан 1934 жылы қайтыс боларында өзі мегзеген Ырғыз өзенінің жағасындағы жер** – үлкен ел өсіп-өніп жатқан Қарабұтақ өңірі, ғұламаның айтқанындай, айнадай тас жолдың бойында оңтүстік пен солтүстікті жалғастырып жатыр.



Суретте Сары ишанның ұрпағы Сағындық Орақов экспедиция мүшелерін ата қорымымен таныстыруда.

Экспедиция жұмысының нәтижесінде қорымызға тағы бір жәдігер келіп қосылды. Бұл Сары ишан қорымынан 1993 жылы қазылып алынған бір сандық кітап және құран-кәрімнің көне нұсқаларының бірі. Табылған қазынадан талай білімпаз ұрпақтың сусындағанын тануға болады.



Жердің құты – жаңбыр,  
Елдің құты – ер азамат.

*Нияз би.*



Сары ишан әулиенің жаңадан тұрғызылған мазары

Толыбайдан шығып Жабасаққа жақындағанда қалың қамысты «Қорен қопасы» деген жерде ескі қорым бар. «Қорен қопасы» атауы қалмақ ханының атымен шатастырылып айтылып жүр. Бұл жер қазақтың Қорен атты батырының аты, ал жер осы батырдың атамекені екеніне дәлел Тұрымбет Сылқымбайұлы (1868-1946) жыраудың жырынан білдік. Осы жерде отырған Қорен батыр жол жүріп кеткенде, қалмақтар ауылын шауып, батырдың әйелін, екі қызын тұтқындап кеткеннен кейін, атақты Киікбай батырдың жауды талқандап кек қайтарғаны туралы ұзақ жыр бар.

...Қазақтың хан заманы уақытында,  
Даңқты ер болыпты Қорен деген...  
Қасайда Қорен деген кісі болған,  
Дұшпанда ол кісінің тісі болған.

Шет жайлап жалғыз ауыл отырғанда,  
Қалмақпен үлкен соғыс ісі болған.

(Қасай – Шөмекейдің Бозғылынан тарайды).

Қорен қопасы мен Басықара аумағы ХІХ ғасырдың аяғы, ХХ ғасырдың басында Темірбек Жүргеновтің әкесі Қараның жайлауы болыпты. Жаз жайлауының өзінде Қара осы жерге екі мешіт салыпты. Қыр мен Сырды қатар мекен еткен Қараның сүйікті жайлауы Басықарада еліміздің сүйікті перзенті Темірбек 1898 жылы дүниеге келіпті.

Әбілбек Нұрмағамбетовтың «Жер-судың аты – тарихтың хаты» (Алматы, Балауса, 1994) атты еңбегінде Ақтөбе облысының оншақты жер-су атауларын зерделепті. Солардың бірі – Өлкейек және Қабырға өзендерінің атаулары туралы пікірлері.

Осы отыз екі салалы Өлкейек екі бетін қалың ел жайлаған заманның дәуірі ХІХ ғасырдың екінші жартысында іргесі сәгіліпті. Өзеннің өн бойы толған қыстаулар мен жайлаулар ізі атауларда ұмыт бола бастағаны шындық.

Ел бірлігің қоныстас ауылдардың татулығын ұстағаң айтқан сөзін жұрт екі етпейтін би-шешендер Баубек-Бостан айтыпты дейтін ұлағатты сөздерді бала кезімізден естіп жүрдік.

Бостан ажарсыз, кішкене бойлы кісі екен. Бірде ауылдастары Бостанды томашадай етіп төрге шығара береміз бе? Енді келсе қозғалмайық деп келісіп, сіресіп отырғаң ортаға кешігіңкіреп келген Бостан «Ассалаумағалейкум, орта толсын», – дегенде, төрде отырған біреуі: «Кемісі сенімен толсын, кешігіп келдің ғой, бос орынға отыра бер» дегенде, «Түр базарына барып ем, түрден тұл қалыппың, бақ базарына барып бағымды алып келемін», – дегенде төрдегілер ығысып орын бере бастапты.

Тағы бір әңгіме ел ішінде сақталған. Бостан 90-нан асып, томашадай шал болып, күзде күншуақта тұрса, бір топ атты кісілер «басынан сөз асырмайтын Бостан қартайғанда не дер екең сауалдаса кетейік», – деп сәлемдесіп болып:

– Халың қалай ақсақал? – депті.

– Е, халымды менен несін сұрайсың:

Кәдірсіз болсам, халқымнан сұра,

Қыдырымпаз болсам, көршімнен сұра,

Қазымыр болсам, келінімнен сұра, – депті.

Баубек-Бостан Өлкейек бойы жайлаған арғын-шөмекей еліне

сөзін тыңдатып, татулық пен бітімгерліктің сақтаушысы болыпты. Баубек-Бостан жер атауы ел есінде сақталған.

Осы өңірде Саржан көлі, Саржан көлі қыстауы дегенді бүгінде тек үлкендер ғана біледі.

Саржан Алмат-Самұраттың билеп тұрған заманында солардың төбе биі болыпты.

Біреудің көңілі аспанда, жерде басы,  
Біреудің аспандап тұр дәрежесі.  
Халықпен қарауындағы жұмысы жоқ,  
Ойлайтыны құлқыны мен қара басы, –

деген сөздері ел есінде.

Саржан би өте турашыл, өткір тілді, айбатты би болғаны туралы қалған әңгімелер көп. Ұрпағы Ақтөбеде, Шалқарда бар.

XVIII-XIX ғасырда Арқа-Қыр деп аталып кеткен осы кең дала мен Сыр өңірі қазақтарының бірін қыста, бірін жазда жайлайтын тұрмыс, салт-дәстүрі өнері араласып, біртұтас ұлттық қалыптасқан кезеңінде ел билеген азаматтар, қаһарлы батырлар, дана би-шешендер, ақын-жырау, әнші, күйшілер енші алыспастай ортақ қазына болып қалыптасқан.

Елің жерін қорғаған батырларды алсақ: Боқай, Арыстанбай, Тілеулі, Табынбай, Қашқынбай, Ұзақ, Киікбай, Тобаберген, Тайлақ, Сүйсінбай, тізе беруге болады, көбі зерттелмей жатыр.

Халықтың қамын ойлап, әділ билік айту да халқымыздың ең бір қадірлі дәстүрі болған және «от ауызды, орақ тілді» билер хан алдында да «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», – деген қағидамен сөздің күшін сыйлата білген бастысы, сөзге тоқтата білу де даналықтың ұлтқа ғана тән құрметі болар.

Тарихи деректер бойынша үлкенді-кішілі мешіттер салу, мектеп-медресе ашу, қазақ жерінде 1867-1868 жылға дейін еркін дамыпты.

Кейін елді басқару жүйесін реттеп алған ресейлік тәртіп бойынша мешіт салуды уездік правлениенің рұқсаты керек болыпты.

1870 жылғы 26 наурыздағы ереже бойынша молдалар орыс тілін, христиандар татар тілін меңгеру керек деп тұқыртқан.

Архив деректерінде 1903 жылдың өзінде Ақтөбе, Темір, Ойыл, Ырғыз уездерінің болыстарынан Азия жоғары мектебіне 30 озық оқушылар жіберілген. Олар жеті жыл оқып, медресе ашып, бала оқытуға құқығы бар кісілер болып елге оралып,

оқу-тәрбие ісін жүргізушілер болған. Әр уезде жыл сайын 20-30 жастар мектеп бітіріп отырған. Темір, Ырғыз уездерінде көбірек оқыған.

1905-1907 жылдары революция толқыны кезінде патшалық Ресей оқу-ағарту және мұсылман мекемелерінің өсуіне, алыс аймақтарда кітапханалар ашуға рұқсат бере бастайды. Алайда, мектептерді орыс-қазақ аралас оқыту жүйесін дамыта отырып, діни мектептер мен медреселерге қысым күшейді. Ауыл балаларын оқыту үшін минаретсіз шымнан жаппа, жартылай жеркепелерде, киіз үйлерде оқыту жүйесіне көшеді. Олардың көбісі жасырын болған. Ертеде салынған Жантайдағы тасмешіттің тарихын біле алмай жүрміз.

XIX ғасырдың ортасынан бастап бай кісілер балаларын Бұхара, Самарқан, Уфа, Хиуа, Ташкент т.б. қалалардағы жоғары оқуға жібере бастаған. Онда білімнің барлық саласы оқытылған, философия, медицина, астрономия, шығыс әдебиеті және бірнеше тілді және орысшаны да оқытып шығарған. Осы қалаларда білім алып елге оралған оқымысты молдалар, хазірет, ахун, ишандар жер-жерде әлі келгені мектеп-медресе ашып, мешіт ұстап, оған қолы жетпегендері қысылып жүріп-ақ балаларды оқытуды, имандылықты уағыздауды тоқтатпаған.

Оқымысты хазірет, ишан, ахундар репрессия құрығына бірінші ілініп, айдалған, атылған. Қайсыбірі қашып, қоныс аударған.

Кеңес үкіметіне дейінгі кезеңде қазақ елінде оқу жүйесінің қалыптасуы мен оларға еңбек сіңірген діни оқымысты кісілердің зерттеуі де кенже қалып келе жатқан мәселе. Оған қоса діни оқу саласы әр аймақта әртүрлі жолмен дамып отыруының өзіндік жолы, қилы тағдыры болған, қатынас жолы, жер жағдайы, елдің әл-ауқаты бірдей еместігі ескерілуі керек.

1905 жылы Шербинаның экспедициясының есебі бойынша, қырғыздардың (қазақ) қаншасы сауатты екенін білу мүмкін емес депті. Олар оқуды жасырын оқытады, еш жерге есеп бермейді дей келіп, Торғай облысында 94 ауыл мектебі бар деп көрсеткен. Ақтөбе уезінде 259 оқытушы молда бар депті. 1905 жылдары қазақ зиялылары көтерген жер мен дін бірінші кезектегі саяси бостандықтың өзекті мәселесі болыпты.

Әйтеке би ауданы жерінде бүгінде бізге белгілі XVIII-XIX ғасырлардан қалған 20 шақты мешіт-медреселердің орны бізге



Экспедиция мүшелері және Қарабұтақ өңірінен сыр шерткен  
Нысаналы Жаңбырбаев пен Аял Әзберенов.



Қарабұтақ мұражайында өткен сұхбат



## III ТАРАУ

**АҒАРТУШЫЛАРЫ МЕН  
ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ**



## Жүргенов Темірбек (1898-1938)



Әйтеке би өңірінің дархан жері дүниежүзіне танымал болған тұлғалардың атамекені, туған жері. Жұртына ізгі өнеге қалдырып, ақыл-ой, қайрат-жігерімен, білім-білігімен қызмет етуді азаматтық борыш, әрі ұлтқа деген сүйіспеншіліктің бір көрінісі деп сезінген қазақ баласы киелі жерден өсіп өнді. Бұл жердің түлектері атаның емес, халықтың, елдің адамы атанды. Соның бірі Жүргенов Темірбек. Ол Қазақстан мен Орта Азияда Совет өкіметін орнату және нығайту жолындағы күреске

белсене қатысушы, қазақ әдебиеті мен өнерін дамытуда зор үлес қосқан тұлға, мемлекет қайраткері.

Т.Жүргенов 1898 жылы Әйтеке би ауданының Жабасақ елді мекенінде (бұрынғы Ырғыз ауданына қарасты Басықарақопа жері) ауқатты шаруа отбасында дүниеге келген. Ауыл баласы Темірбектің қиялы бала кезінен бүкіл шартарапты аралап, көрсем, білсем, жағымды бір іс қылсам дегенді арман етіп өсті. Әкесі Қара баланың таудай талабын көріп, бетінен қақпады. Заман баласы, ел қорғаны деп тәрбиеледі.

Мектеп табалдырығын ерте аттаған бала Темірбек 1913 жылы орыс-қазақ бастауыш мектебін ойдағыдай тәмамдаған соң, Перовскіде Суханский атындағы орыс-қазақ училищесіне оқуға түсіп, оны 1917 жылы озаттар қатарында бітіріп шығады. Сондай-ақ, Уфа қаласындағы жер өлшеу училищесінде де оқиды. Темірбек Жүргенов жастайынан зерек, алғыр, қай қызмет саласы болмасын өз ісінің шебер ұйымдастырушысы бола білді. Бұл қасиеті студент-жастар арасында да ерекше байқалды. Білім алу жолында да сондай ыждағаттық танытқан ол кейін 1921 жылы Орынбор қаласындағы жұмысшы

факультетіне оқуға түседі. Бұл оқу орнын 1923 жылы үздіктер қатарында бітіріп шығып, Орта Азия мемлекеттік университетінде білім алуға жолдама алады. Шығыс мемлекеттері бойынша тұңғыш ашылған осы жоғары оқу орынының заң факультетіне түсіп, 1927 жылы университетті үздік дипломмен бітіріп шығады. Диплом жұмысы бірауыздан мақұлданып, өз алдына кітап ретінде басылып шығады. Сөйтіп университетте оқытушылық қызметке қалдырылып, мемлекеттік құқ кафедрасында жұмыс істей бастайды. Осында жүріп ғылыми жұмыстармен айналысады.

Т.Жүргеновтің өмір жолы да, қызмет жолы да Кеңес үкіметімен тығыз байланыста болды. Ол әуел бастан-ақ, кеңестік жүйені қолдады. 1918 жылы «Қазақ мұңы» газетінің редколлегия мүшесі ретінде, жалынды ұранға толы мақалалар жазып, езілген халық мұңын жоқтады. 1918 жылы Қызылқұмдағы жергілікті бай-манаптарға қарсы азаттық күреске қолбасшылық танытып, коммунистердің Торғай облыстық съезін өткізуге белсене ат салысып, 1919 жылы Ырғызды ақ гвардияшылардан азат ету соғысына қатысады. Кенжеғара болыстығын үкіметке қарсы дұшпандардан азат етеді. Сөйтіп 1920 жылдан бастап КПСС мүшелігіне қабылданды.

1920-1921 жылдары Темірбек Ырғыз уездік ревком төрағасының орынбасары, кейін оның төрағасы қызметін атқарды. Жұмысшылар, әскери адамдар мен шаруалар Кеңесі депутаттарының төрағасы болып, халық ағарту, әлеуметтік мәселелер саласында өнімді еңбек етті.

Ырғыз уездік атқару комитетіне төрағалық етіп, халық ағарту ісін жандандырып, әсіресе қазақ жастарының білім алуына және еңбек жолына араласуын қадағалады. Халыққа білім беру, елдің сауатын ашу әуел бастан-ақ, Т.Жүргенов үшін күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің санатында болды. Және де бұл өз нәтижесін бере бастады да. Сөйтіп өмірінің соңына дейін Т.Жүргенов 1924 жылы ВКП(б) Орталық атқару комитеті бюросының тағайындауымен Өзбек ССР, кейін Қазақ ССР Халық ағарту комиссары қызметін атқарды. Онымен қоса 1926-1929 жылдары Ташкенттегі педагогикалық институтының ректоры, 1929-1933 жылдары Тәжік ССР-нің финанс халкомында жауапты қызметте болды. Елдегі барлық саяси-әлеуметтік жағдайлармен дер кезінде қанығып отыратын



Т.Жүргенов 1924-1926 жылдары КазССР-нің Түркістан республикасындағы толық құқылы өкілі, Қазақстан мен Түркістан ОАК мүшесі, Орта Азия мен Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік жағынан бөлінудегі комиссияның белсенді қызметкері, 1933-1937 жылдардағы БК (б) П Қазақстан өлкелік комитеті мен бюро мүшесі болды.

Қай қызмет бабында болмасын Темірбек Қараұлы ауыл қала жерлерін аралап, ондағы халықтың экономикалық-әлеуметтік жағдайымен бірге, елдегі сауат ашу мәселелерін қатаң бақылауға алып, мектеп, техникум, жоғары оқу орындарын түгелімен аралап, ондағы жағдаймен дер кезінде қанығып, шешім шығару, орындалуын қадағалау күн тәртібінде бірінші тұрды. Елдегі шығармашылық элитамен тығыз қарым-қатынас орнатты. XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы қазақ әдебиеті мен өнерінің даму және қалыптасуына мемлекеттік қызметкер ретінде зор үлес қосты. Бірінші жалпықазақстандық халық өнері слетін ұйымдастырушысы болды. Мәскеудегі Қазақ ССР-нің онкүндігінің жоғарғы дәрежеде өтіп, қазақ өнері мен өнерпаздарының зор қошеметке ие болуы да Т.Жүргенов еңбегінің нәтижесі.

Қазақ мәдениетіне қосқан үлесі туралы Қ.Жандарбеков, Қ.Байсейітов және Ш.Жиенқұлова өмірбаяндық естеліктерінде Т.Жүргенов есімі аса үлкен мақтанышпен аталып, жылы лебіздер айтылған. Солардың бірі Қазақстанның атақты композиторы Евгений Брусиловский өз естелігінде былай дейді: «Біздің нарком Т.Қ.Жүргенов өте байсалды, ұстамды адам болатын. Сырт келбеті әскери адамға қатты ұқсайтын. Орта бойлы, кең жауырынды, қайратты, әрі тік шашы өз жасына қарағанда ерте ағарып, бурыл тартқан кішкентай көзі өте өткір. қыр мұрынды, ерні қалың, қою қара қасының өзі оның келбетін онан әрі сұсты қып көрсеткендей болатын. Көп сөйлеймейтін, бірақ нақты, дәл бір кесіп шешім шығаратын. Алдына келген қандай адам болмасын оған бірден өзінің көңілі толмайтындығын ашық жайып салады. Барлық істі тиянақтап бардым дегеннің өзінде де, бір кемшілігің бар немесе болады дегенді оның бет-әлпетінен бірден жазбай тануға болатын.

Соншалықты жауапты қызметте жүрсе де, Темірбек Қараұлы елдегі, өнер мен әдебиеттегі барлық жағдайдан қанық болып отыратын. Қазақ музыкалық театр сахнасында қойылатын барлық қойылымдардың дайындығына уақыт тауып қатысып,

өз пікірін білдіріп отырады. Қазақ қаламгерлері жазған либеретто және пьесалардың барлығын өзі оқып шығып, оны түзетуге, қойылымдардың эскиздерімен танысып, суретші, режиссерлермен пікір алысуға, Сәкен Сейфуллинмен газет бетінде «Қызыл сұңқарлар» пьесасы бойынша қатаң саяси пікірталас жүргізуге, К.Бәйсейітова мен Қ.Жандарбековтің өнер жолын қадағалап отыруға уақыт тауып үлгеретін...»

Қазіргі заман үшін жоғарыда көрсетілген қызметтерімен қоса, Т.Жүргенов мұрасы ішіндегі ең маңыздысы Орта Азия мен Қазақстандағы мәдени құрылыстың тарихын алғашқы зерттеуші ретіндегі ізденістері болып табылады. Әсіресе "Положение казахов в средней Азии" // Еңбекші қазақ, 08.01. 1924.; "Город и аул в востании 1916 г.г. // Советская степь, 30.08.1926-02.09.1926. зерттеу мақалалары қазақ тарихы үшін маңызды мағлұмат берері анық. Ол К.Маркстің классикалық еңбектерін алғаш қазақ тіліне аударған алғашқы аудармашылардың бірі.

Темірбек Жүргенов қарапайым өмірде мінездің тұрақтылығымен бірге, үлкен адамгершілік қасиеттерге ие ұлы жүректі адам болған. Өз ұлтының өнері мен әдебиетін шексіз сүйетін, оған бар уақыты мен жігер-қажырын аямайтын. өз жанынан өлең жазып, домбырада керемет шебер ойнайтындығы ел аузында аңыз ретінде сақталып отыр.

Өз қажыр-жігерімен, ақыл-ой еңбегімен, адал қызметімен Кеңес үкіметі үшін жасаған ісі Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1937 жылдың 5-12 маусым аралығында өткен Орталық атқару комитетінің пленумынан кейінгі бірінші съезде бюро кеңесіне мүшелікке сайланды, Семей сайлау округі бойынша оның кандидатурасы СССР Жоғары Кеңесінің депутатына ұсынылды.

Өз қызметінің өрлеу, кемелдену тұсында тұрған Темірбек Қараұлы Жүргеновтің өмірі аяқ астынан қиылды. Оған ұлтшыл-фашизмнің жақтаушысы, халық жауы айыптары тағылып, ақ есіміне дақ жағылды. Жазықсыз жала жабылып, атылып кетті.

Халық Темірбек Жүргенов сынды азамат атын ардақтап Ырғыз ауданының орталығы – Ырғыз селосындағы шағын паркке 1986 жылы Қазақстан мен Орта Азия республикаларының мемлекет қайраткеріне ескерткіш орнатты. Ескерткішті белгілі мүсінші Хакімжан Наурызбаев граниттен жасаған.

Сондай-ақ, Темірбек Қараұлының өмірі мен қызметі, оның қазақ өнері мен әдебиеті, заң салаларында жасаған еңбегі туралы зерттеу, ізденіс материалдары жарияланып, жеке кітап болып та басылып шықты.

## Сейдалы Оразалин (1884-1936)



Елін сүйген, халқының болашағы үшін қызмет қылған, жұртының ертеңгі күні бақуатты, шат-шадыман, азат таңы арайлап атқанын армандап өткен азаматын туған жер ешқашанда ұмытпақ емес. Небір қуғын-сүргін, азап күні туса да шын асылы тот баспайтынын бүгінгі егеменді мемлекетіміздің тарихы дәлелдеп отыр. Сондай-ақ кез-келген тарихи жайттың алғашқы парағы жеке адамнаң отбасынан басталып, онан әрі сабақталып, өзге оқиғамен, түптің соңында әдебиетпен, халық мұрасымен сабақтасып кете барады.

Келмеске кеткен таптық көзқараспен ұлт санасын улап келген үкімет бетке ұстар азаматтардың адал еңбегіне қара күйе жағып, елден аластатып, «халық жауы» деп қаралап, ұрпағы әке атын атай алмайтындай, өз қанын өзіне жат қылған солақай саясаттың ызғары біршама уақытқа дейін сезілді.

«Ел іші алтын қазына» дегендей халық мұрасы хатқа түсіп сақталмағанның өзінде де ел жадында сақталатыны анық. Көреген халқымыз оны әлдеқашан болжап айтып та кетті. Оның дәлелі Әйтеке би өңірінің ардақты ағартушы, білімдар азаматтары. Соның бірі Сейдалы Оразалин.

Сейдалы Оразалин 1884 жылы қазіргі Әйтеке би ауданының аумағында дүниеге келген. Әкесі Оразалы Орынбайұлы бай, сауатты, тілге шешен кісі болған. Ал анасы Фатима сол өңірдегі

сұңғақ бойлы, қырмаұрын, қаракөз сұлу келіншек болыпты. Өз ғұмыры турасында біздің қолымызға жеткен оқымыстының ескі төте жазумен жазылған еңбегінде былай делінген: «1884 жылы шәуәл айында Қарағандысай Қарабұтақта Сейдалы Оразалыұлы туыпты. Атымды Нағашыбай ахун қойыпты. Кіндік анам Ұлбике Шолаққызы».

Сейдалы ұлдың үлкені еді. Алғашқы сауатын ескі Қарабұтақ ауылында мұсылман тәртібімен ашқан. Үлкен апасы Нағиша екеуі діни қаралар мен араб тілін меңгерген. Ел ақсақалдарының айтуынша Нағиша кейін ауыл арасында аты әйгілі, белгілі ақын қыз атаныпты. Ұлының таудай талабын тани білген көреген әке бұл оқудың заман талабына сай еместігін түсініп, малын аямай, он жасар ұлын Орынборға оқуға жібереді. Онда Сейдалы екі кластық мектепте оқиды. Оқуды орысша оқып, неміс, француз тілдерін үйренеді. Бұл замандағы реалды училищелер білім алушыларға техникалық мамандық беріп, ал екі кластық мектептер оқуды гуманитарлық бағытпен жүргізген. Сондықтан да Сейдалы білім алған мектептің дәрежесі гимназиядан төмендеу болғанымен, қазіргі тоғыз жылдық аяқталмаған орта білімге сәйкес келеді. Біраз уақыт білім алу жолымен жүрген Сейдалы 1904 жылдың күзінде Қазан университетінің тарих-филология факультетіне оқуға түсіп, дәріс ала бастайды.

Студент кезінен бастап, елдегі революциялық іс-әрекеттерге қызыға кіріскен С.Оразалин РСДРП-ның жасырын жиналыстарына қатысып, жастар арасында өзіндік көзқарасының беріктілігімен белсенділік танытады. РСДРП-ға мүше болмағанымен, меншевиктік платформаны қолдап, оны қазақ еліне бейім саяси бағыт деп біледі. Оқуға алғыр жас, қоғамдық жұмыстарды атқаруда да ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленеді.

1907 жылдың маусым айында патша Ресейдегі мемлекеттік екінші Думаны таратып жібереді. Сол-ақ екен елде «сезіктілерді» жаппай тұтқындау басталады. Қазан университетінің көптеген студенттері оқудан шығарылып, Якутия жеріне айдалады. Сейдалы Оразалин де оқудан шығарылады. Ендігі жерде Ресей жерінде жүре алмасын сезген ол бір түннің ішінде туған мекені – Ақтөбе өңіріне қашып келеді.

Баласының бекерден бекер келмегендігін түсінген Оразалы жөн сұраған ағайын-туғанға «үйлендірем деп шақырып алдым»

деп жауап беріпті. Көп ұзамай үлкен той жасап, баласына бұрыннан аттастырып қойған Шобан руының Бабан дейтін кісісінің қызы Жәкешке үйлендіреді. Отбасылы болып, міндет артып, күнделікті тұрмыс әрекетімен шұғылданған Сейдалы университеттегі оқуын жалғастыруға мүмкіндігі болмай қалады. Оның үстіне Петербордың екінші кадет корпусында оқитын інісі Әубәкір туберкулез ауруына шалдығып, оқуын доғарып, 1916 жылдың басында Қарабұтаққа қайтып келеді. «Қымыз ішіп, жазыла ма» деген әке-шеше үміті ақталмай, Әубәкір көктем шыға дүние салады. Отбасы қайғысына бүкіл қазақты жайлаған қайғы қосылады. Дегенмен Сейдалы мойымай, елдің бетке ұстары ретінде өз ісін атқара береді.

С.Оразалин он жыл бойы Шалқар – Ырғыз – Торғай – Қарабұтақ арасында тілмаш болып істеген. Осы тұрғыда Ахмет Байтұрсыновтың оған айтқан әзіл сөзін күні бүгінге дейін ауыл ақсақалдарынан естуге болады:

«Ырғыз бен Торғай арасы жүз шақырым,  
Күнде барып келесің жай ақырын».

Ал А.Байтұрсыновтың өзі ол кезде Орынборда Міржақып Дулатовпен бірге «Қазақ» газетін шығаратын. Олардың арасындағы қарым-қатынас эпистолярлық тұрғыда да болуы мүмкін.

Саяси сауаты бар С.Оразалин қоғамдағы бар жағдаймен дер кезінде таныс болып отырады. 1917 жылы қазақ интеллигенциясы түгелімен еліміздің жеке мемлекет болып қалыптасуына мүмкіндік беріп тұрған Уақытша өкіметті қолдайды. Осы саяси мүмкіндікті пайдалану үшін елдің зиялы қауымы шілде айында Орынборда Бірінші жалпықазақ съезін өткізеді. Осы съезге делегат болған Сейдалы ендігі жерде Алаш партиясының белді мүшесі, оның Батыс бөлімшесіндегі Ақтөбе уезінің өкілі болады. Бірақ 1918-1920 жылдары Алаш партиясы үшін ең қиын кезең болды. Бір-бірімен қырғи қабақ соғысып жатқан ақ пен қызылдарға Алашорданың жеке Қазақ елі атты теориясы ұнамады. Сөйтіп Алаш партиясы да қызыл әскер мен ақ гвардияның қыспағында болды. Екі жыл арасында Ақтөбе өлкесі де үш рет қызылдардың, екі рет ақтардың қолында болды. Алаш басшылары Семейге көшіп, олардың батыс өлкемен қатынасы үзіліп қалды. Кейін Семей қаласының билігі Кеңес өкіметінің қолына көшіп, Алаш басшыларыны жасырын өмір сүруге мәжбүр болды.

Алашордашылар саясаттан алыстатылып, билік Кеңес үкіметі қолына өткеннен кейін, өлкенің барлық жерінде жаңа тәртіп орнай бастады. Міне осы кезден бастап С.Оразалин ағартушылық қызметке бар күш жігерін сала түседі. Қыналыкөл ауылын қоныс қып, сонда мектепте сабақ бере бастайды. Үш жылдан соң, жақын туысқаны Смағұл Нұрмұхановпен бірге Аралтоғай ауылында Кеңес еңбек мектеп-интернатын ашады. Бізге жеткен деректерде бұл оқу орнының «Советская трудовая школа» атты орысша атауы ғана сақталған. Оразалиннің өз қаражатымен ашылған мектепте 53 бала оқып білім алған. Бірақ Алаш партиясының мүшесі болғандықтан, кеңес өкіметі оған сайланатын, сайлайтын азаматтық құқ бермейді.

Саясат ауылынан саяқ жүрсе де, Сейдалының ел арасындағы беделі жоғары еді. Сауаты шамалы, кеңес үкіметінің сойылын соғуға әзір шолақ белсенділердің өзі



Екінші қатарда оңнан солға қарай екінші Сейдалы Оразалин Домбар жерінде айдауда жүрген кезі.

Сейдалыдан ығып тұрады екен. Сейдалыдан ақыл сұрайды екен. Қазіргі ел ақсақалдарының аузында мынадай естелік сақталып қалыпты. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Жағал деген кедейлеу кісі болыстыққа сайланыпты. Жаңа болыс өзіне

мініске ат таңдағанда «қандай ат мінгіңіз келеді?» деп сұраған атқосшысына: «Аттың жорғалығы Сейдалыдай, шапшандығы Қауыпбайдай, семіздігі Жәлендей, сұлулығы Сырлыбайдай болсын» депті. Осы айтылғанға қарағанда Сейдалы сөйлеген сөзін түйреп, шаншып-шаншып емес, - майдалап, әдемілеп, сыпайылап, желе жорғалаған сәйгүліктей жұрт ұйып тыңдайтын шешең елді аузына қаратқан көсемсөз шебері болса керек.

Сонымен қазақ жеріне ауыл шаруашылығын жаппай колхоздандыру басталды. Тарихтан белгілі колхоздандыру ісі ВПК(б)-ның 1925 жылғы қазан айында өткен Пленумында талқыланып, тиісті әрекеттер жоспарланды. Пленум шешімдері қазақ жеріне жетіп, кедей шаруаны ұйымдастыру белсенді асыра сілтеумен басталды. Онсыз да жоқшылық пен таршылықтан арыла алмай отырған жұрт соңғы малынан айырылғаннан кейін берекесі кетті. Көз алдында елдің азып, тозып бара жатқанын көріп, шыдай алмаған бір топ бас көтерер ағайын азаматтар кеңестер бастамасына халықты көнбеуге, қарсылыққа шақырды. Осы тұста шолақ белсенділердің «шапшаң Қауыпбай», «жорға Сейдалы» атанған бетке ұстарларымен бірге ауыл мұғалімдері Тұрмағамбет Қисықов, Жаназар Сәндібековтер елдегі әділетсіздікке қарсы шықты.

Ақтөбе облысы прокуратурасының мұрағатында үкіметке қарсы шыққандардың 1927 жылғы №3300 сот материалдары үш том болып сақталып тұр. Оны оқып ақиқат шындықтың қайсысы екенін анықтау мүмкін емес. Қағазға түсіп, сақталған құжаттардан оқиғаның шегін де, шиеленісін де, қойылған кінәні де түсіну қиын. Дерек жүйесіз. Оның үстіне бір-біріне қарама-қайшы келетін айыптаулар мен көзқарастан нанымды нәрсені түсінініп болмайсыз.



Суретте: Сейдалы Оразалин жұбайы және қызы Амансұлтанмен бірге.

Сонымен жат пиғылды, елді үкіметке қарсы айдап салушылырды қудалау басталды. ВКП(б) Орталық комитетінің 1926 жылы шыққан үш қаулысы «Халық жауларының» алғашқы легін әшкерелеп, олардан «елді тазарту» ісін мықтап қолға алуды талап етті. Алғашқы қаулы 24 мамыр күні қабылданды. «Кедей арасындағы өткізілетін жұмыс» қаулысында қоғамның барлық сатысындағы басшылыққа тек кедей өкілдерін ғана қою керек, олар ВПК(б) және кеңес өкіметін дұрыс түсіне біледі делінді.

26 қазаннан 3 қарашаға дейін өткен он бесінші партиялық конференцияда «Жаңа оппозиция тобы» (Каменов, Зиновьев) троцкизм жолына түсіп біржола антилениндік саясатқа көшті деп шешілді. «Жаңа оппозицияға» қойылған кінәлардың ішінде ең нақтылы болып көрсетілгені осы топтың ұйымдастыру – колхоздандыруға қарсы шыққаны. 30 желтоқсандағы «Совхоз бен колхоз құрылысының нәтижесі» қаулысында ең бірінші рет кулакты тап ретінде жою туралы ашықтан ашық айтылады. Ал 27-ші өткен екі пленумда бұл идеяны жүзеге асыру жолдары айқын алып көрсетілген.

Мұның барлығы Кеңес өкіметіне қарсы насихат жұмысын өткізген Т.Қисықов бастаған топты жоюға мүмкіндік берді. Бірақ қазақ жерінде бай, кедей болып бөліну, оларды бір-біріне қарсы қою қиынға түсті. Кешегі кедей бүгін байып, кешегі бай бір жұттан кейін кедей болып шығуы әбден ықтимал еді. Оның үстіне туған-туысқандық сезім, құда-жекжаттық байланыс, адамгершілік парыз ел ағаларын біршама уақыт жазықсыз жаладан сақтағандай болды. Құрығы ұзын кеңес үкіметі «кінәлілерге» ұлттық буржуазия пиғылымен орыстарды ұнатпайды, бай болып кедейді қыспаққа алды, Алаш партиясының өкілі ретінде барлық кеңестерге қарсы шықты, рушыл болып өзінің Төртқарасын, кедей-кепшігімен жақтап, басқа рудағыларды тепкіге алды, тіпті ВКП ішіндегі «жаңа оппозицияға» кірді, соның мүшесі деп әр түрлі негізсіз айып тағып, Сейдалы Оразалин және тағы басқа он төрт адамға «рушыл» деген кінә қойылды. Ақтөбе ОГПУ-на 1927 жылдың қаңтарында түскен арыз негізінде төмендегі Шалқар уезінің азаматтары қамауға алынды: Шектібаев Қазбай, Мамытов Рахметолла, Қисықов Тұрымбет, Қисықов Тұрымбет, Ақбаев Жүсіп, Хасанов Шайқұл (мұғалім), Тұнғашин Ахмет (мал дәрігері), Қарабаев Асу, Серкебаев



Бәйділдә (мұғалім), Сарбатыров Оспан (мұғалім), Тотанов Рай, Сәбенәев Бақытжан, Сәндібеков Жаназар (мұғалім), Түктібаев Ержан, Төртімбаев Арықбай (Ырғыз болысының басқармасы). Бұлар 1927 жылдың 10 ақпаннан бастап 10 ай түрмеде Оразалин Сейдалымен бірге жатқан.

Соттың шешімімен он бес адам Россияның он бес губерниясына айдалды. Сейдалы Оразалин РСФСР қылмыстық кодексінің 59-7 және 91 бабы негізінде Ақтөбе ОГПУ үкімімен Владимирге 3 жылға айдалып кетеді. Әрине айдауда жүргенде кім-кімнің болмасын өмірі тозаққа айналатыны анық. Оны Сейдалының елдегі Сансызбай, Сәду атты інілеріне жазған өлең үлгісіндегі хатынан көруімізге болады:

Сансызбай, Сәду, шырағым,  
Владимир болды тұрағым.  
Заманның мынау дәмін тат  
Үкіметтің көрдім тиғаның,  
Айта берме шарифат,  
Аузыңды бақ, туысқаным,  
Жоқ дүниеде ақиқат.  
Тумаларға сәлем айт.  
Жүр ме екен саламат  
Азғана елім аманат.  
Шөп, атала ішкенім,  
Мен байғұс нені ішпедім,  
Шетте жүріп өлем деп,  
Ата қорымын көрмейім деп,  
Уайымдаймын жабырқап,  
Қайда жүрсең алады-ау  
Жаппардың өзі табады-ау.  
Бағатұғын малым жоқ,  
Алатын кәсіп тағы жоқ,  
Денсаулығым ғарибат.  
Адалдан нәрсе таба алмай,  
Кеміп барады ғибадат.  
Қаладан тыс шыға алмай,  
Дертіме дауа таба алмай  
Дүние саған талаһат.  
Жатқан жерім ит күрке  
Жасым да келді қырық төртке  
Үзгендей болдым енді үміт...

Осы үзіндінің өзінен ардақты азаматтың қаншалықты азап пен қайғы шеккендігін білуімізге болады.

Осы аралықта елдегі жағдай да ушығып тұрған-ды. 1920 жылдың басында алашордашыларды ВЦИК ресми түрде ақтағаннан кейін, Сейдалы Оразалиннің өз алдына мектеп ашып, мұғалімдікке көшкендігін жоғарыда баяндаған болатынбыз. С.Оразалин ашқан мектеп 1927 жылы ұсталғанда жабылып қалады. Осы мектепте білім алушылар үкіметтің бұл ісінің бұрыстығын баяндап Ақтөбе уезінің басқармасына төмендегі мазмұнда хат жолдайды. Әрине бұл суға кеткен тал қармайдының кебі еді.

**Актюбинскому ГПУ**  
**от имени 53-х учащихся Карабутацкой волости №6**  
**аул Кналыкольск, Совтрудшкола.**

### **ЗАЯВЛЕНИЕ**

*1924 года 1 октября открыта Совтрудшкола по разрешению высшей инстанции исключительно для детей бедняков. Содержателем был Сейдалы Уразалин, который до 1927 года 7-го февраля давал для нас даровую квартиру и собственно отопление и освещение, и оказывал нам полное содействие и всячески старался улучшить наше положение.*

*По доносам частных лиц арестовывается наш путеводитель к просвещению. Чему мы учащиеся выражаем глубокое недовольствие. Человек первый открыл нам школу с программой отца нашего Ленина с ареста нет никакого ухода за нами и за школой? Почему с арестом путеводителя к науке, мы вынуждены будем закрыть школу и расходиться?*

*Заявляя о вышеизложенном, мы учащиеся просим о немедленном освобождении товарища С. Уразалина. он крайне нужен для нас в следующем: через каждые 3-4 дня он читал нам заветы Ленина, он воспитывал нас.*

*Мы 53 учащиеся выделим из комсомольской организации Кожгельдина Каракыз, Куанышалиев Алпысатар, Сатвалдина для представления настоящего заявления ГПУ для свидетельства.*

*Ниже указан список комсомольцев 23 человека и 30 детей бедняки и сироты.*

Одан әрі елу үш баланың аты-жөні жазылған.

Елден жырақта жүріп, үш жыл бойы қазақ жеріндегі жағдайдан бейхабар Сейдалы Оразалин айдалған мерзімім бітті деп, Владимир қаласында жалғыз екенін баяндап, досы Т. Қисықовпен бірге болу үшін, өзін Ульяновск қаласына, не болмаса Орынборға жіберуді өтініп Москваға ОГПУ-ға мынадай хат жазады. Хат орыс тілінде. Хаттың көшірмесі Сейдалының қызы Амансұлтанда сақталыпты.

С.Оразалиннің бұл өтініші қанағатсыз қалды. Ешқандай ресми шешімсіз Владимир қаласында тағы да үш жыл тұруға мәжбүр болды. Дегенмен, жазылған хаттың бір нәтижесі бәйбешесі Жәкен, ұлы Ахметкерей, қызы Амансұлтанға отағасына көшіп баруға рұқсат берілді.

1933 жылы Сейдалы Оразалин Владимирден көшуге мүмкіндік алды. Қазақстанды мекендейтін құқы болмағандықтан қазаққа жақын жүру үшін қазақ жерінен соққан желдің лебі жететін Орынбордың Орск қаласына тұрақтайды. Мұнда үш жыл тұрып, Ресейдегі айдаудан тапқан еншісі - өкпе ауруы қайта қозып, 1936 жылы дүние салды. Жетпістен асқан шал нағашы ағасы Жақия Құмақбаев тірі Сейдалы тұрмақ, өлі Сейдалыны да орыс жеріне қимай денесін киізге орап, Қарабұтақтың Қияқты мекеніне әкеліп жерлейді. Сейдалының ерекше адамгершілік қасиетін, еліне жасаған қызметін қадірлеген жұрты, туған-туысқандары бейітін қоршап, басына құлпытас орнатады. Тірісінде адал қызметін бағаламаған үкімет жиырма жыл өткеннен кейін де, осы өңірге тың игеруге келгендер басына орнатқан көк гранитті құлыптасын сындыртып, бұзып, үйлерінің фундаментіне пайдаланыпты.

Сейдалы Оразалин қаза болғаннан кейін, жақын-жуық жұрағаттары, отбасы біраз қиындық көреді. «Халық жауын» жазалаудың екінші легі басталғанда, марқұм Сейдалы Оразалиннің ісі қайта көтеріліп, қайта қаралады. Сейдалының немере тумалары Сансызбай, Баймағамбет Құлназаровтар, құдасы Қуаныш Жұбанов тұтқындалып, 1938 жылдың ақпанында атылып кетеді. Кезінде «екеуінің төре болғаны жетеді» деп әкесі Оразалы оқытпай қойған, 1906 жылы туған кенже інісі Сәдуақас Оразалин Қайсар Нұрмақанов, Сүйінішәлі Жасағанбергенов, тағы да С.Оразалинмен туыстық байланысы бар төрт азамат 10-15 жылдан түрмеге отырып шығады. Бәріне

қойылған айып әрине біреу-ақ: Сейдалы Оразалинмен туысқандық жақындығы.

Сейдалы Оразалиннің өз ұрпағына келер болсақ, Ахметкерей атты ұлы өзінен екі жыл бұрын қайтыс болып кетеді. 1912 жылы туған қызы Бәдигүл әке жолын қуып, Ырғыз орта мектебінің белді мұғалімі қызметін атқарып, халық ағарту саласына қомақты үлесін қосып, өмірден озды. Бүгінгі күні көзі тірі бел балаларынан екі қызы бар. Амансұлтан және Сафура.

Қазір Амансұлтан апай Ақтөбе қаласында тұрады. Зейнеткер. Қырық жыл бірге тұрған қосағы, марқұм Қияс Сәрсембаев 25 жыл Ырғыз ауданының Калинин атындағы совхозының директоры, КПСС XXIII съезінің делегаты, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 8-ші шақыруының депутаты, халқының аяулы азаматы болды.

Сафура апай Алматы қаласында тұрады. Көп жыл білім беру саласында істеп, Алматы қаласындағы №56 орта мектебінің директоры қызметінен соң, құрметті зейнетке шықты. Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім. Жазушы, журналист, қоғам қайраткері, марқұм Балғабек Қыдырбекұлының аяулы жары.

Амансұлтан, Сафура апайлар жат жұрттың баласы екенбіз деп қарап қалмай, жазықсыз жала жабылып, қара күйе жағылған әке аты қайта ақталғаннан кейін, ер азаматтың ерлігін жасады. Жері ойылып, жексен болған әке бейітін іздеп тауып, басын қарайтып, ас беріп, әке мұрасын елімен табыстырды. Ақтөбе облысының әкіміне «Әкемнің басына ескерткіш қойып, Ақтөбе өңірінің бірінен көше атын берсеңіздер немесе мектептің бірін әке есімімен атасаңыздар» деген өтініш жазып, ол халық ақыны Фариза Оңғарсынованың қолдауымен іске асты. Сейдалы Оразалин атымен қазіргі күні Қарабұтақ өңірінде көше аты, Аралтоғай орта мектебі аталады. Ауыл азаматтары мұражай да ұйымдастырыпты.

Сейдалы Оразалин ағартушылық қызметпен бірге, қолына қалам алып, өз көрген білгендерін, өз жанынан шығарған өлең шумақтарын хатқа түсіріп отырған. Көзі ашық білімдарлығың, дуалы сөздің иесі екенін ел азаматтары күні бүгінге дейін тамсана әңгімелейді.

Сейдалы қызы Амансұлтаннның бізге берген деректеріне қарағанда ол шын мәнінде зерделі кісі екеніне көзіміз жетті. Жоғарыда берілген өлең-хатқа әдеби таладау жасасақ – ол

көне парсы-араб өлең құрастыру дәстүрімен жазылған Жәдид қарпімен жазылған бір кітабы да қалған екен.

Тарихта есімі қалған қайраткер еңбегінен біз бірнеше үзінділер беріп отырмыз. Қазіргі күні Сейдалы Оразалиннің көзі тірі ұрпақтары араб әрпімен жазылған жоғалып қайта табылған еңбекті Сәрсенбі Дәуітовке қазіргі әліпбиге түсіртуде. Жақын аралықта баспа жүзін көреді деген үмітте. Бұл еңбек сопылық бағыттағы, дін жағын уағыздайтын кітап болмақ.

Сөз барысында біз бұл еңбекті қайта табылған деп атап өткенбіз. Расында да Сейдалы Оразалиннің бұл еңбегін қайраткердің соңында қалған екі қызы әкелері ақталғаннан кейін бір аспиранттың айтуымен Орынбор мұрағатынан тапқан. Кітапта қазақ халқы қоныстанған жерлерден түсірілген карта да сызылған. Және де сол өңірлердегі жер-су аттарының бәрі ескіше аттарымен жазылған. Сондай-ақ, кітапта Сейдалы Оразалиннің бірқатар өлеңдері де ұшырасады. Ал кітаптың соңғы беттерінде орыс тарихына қатысты материалдар бар. Осы кітапты туған еліне қайта табыстауды арман етіп, осы арманын жүзеге асыруды мақсат етіп жүрген Сафура Сейдалықызының айтуынша кітаптың бірнеше беттері жыртылған.

Сөз соңында айтарымыз С.Оразалин сияқты тұлғалардың соңында қалған мұрасы облыстық көлемде мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ғана танылып отыр. Ендігі қайраткер тұлғасын таныту бағытындағы іс қандай деңгейде болса да ғанибет болмақ.

## Сейдалы Оразалыұлының елге, туысқандарына жазған өлең хаты.

Сансызбай, Сәду, шырағым,  
Владимир болды тұрағым.  
Аз ғана елге аманат,  
Ақсауыт, Сейіт, Мырзабай,  
Балғабай, Көпең, Жаңабай,  
Жүрсіндер ме саламат?  
Баймағамбет, Сәке, Шекім, Ерекеш,  
Қатар өстік әзілдес.  
Кедеймін деп ойлама,  
Кемшіліксіз бола ма?  
Заманның мынау дәмін таттым,  
Баймағамбет, Иманалы,  
Үкіметтің көрдім тиғанын.  
Айта берме шариғат  
Сұлубектей боп-боп жүр,  
Аузыңды бағып топ-топ жүр  
Көзімде көрді ақиқат.  
Сәдуақас, Ақдәулет,  
Жазуы шығар құдірет.  
Күн көрісті ойлап бақ,  
Кесірім менің тимесін.  
Кім болса, сол билесін,  
Заманың мынау хахағат.  
Ағайын-туғаң қарындас,  
Сіздерде болса ықылас  
Он бір күнде келер хат.  
Сарғайамың сағынып,  
Кімге айтамын шағынып.  
Жүрген жерім жаз болды,  
Бірталай мұнда халық бар.  
Ынтамнан өрген зурият  
Шетте жүріп өлем деп,  
Атаның қорымын көрмеймін деп,  
Уайымдаймын жабырқап.  
Қайда жүрсеңде алады-ау,

Жаппардың өзі табады-ау.  
Бағатын малым жоқ  
Қылатын кәсіп тағы жоқ.  
Денсаулығым ғанибет  
Адалдан нәрсе таба алмай,  
Кеміп барады ғибадат.  
Болар деп бұлай білмедім  
Дүние салған талахат.  
Жасымда келді 44-ке  
Үзгендей болдым енді үміт.  
Әйкенім тірі болғанда,  
Маған да мұндай болмас еді,  
Бәріне ие болар еді.  
Әбдіхакім, Нұраддин,  
Болса бір Әбең, Сағадат.  
Барымен болсын базарым,  
Жоқты қайдан табамын.  
Құба, тәубе, ғанибет  
Бектен белгі қалмады.  
Ойдағы мақсат болмады,  
Қалды бізде жамағат.  
Артымдағы Садуақас  
Бары болса аямас,  
Сахи деп айттым шын жомарт.  
Ауданы аз ел едік,  
Теңелеміз деп жүр едік.  
Бәріне еткей қанағат,  
Қарындас қош бол, дұға қыл,  
Бізден өнген Зурият.  
Аппақтың Назық есігі  
Алдыстан болды несібе.  
Бармақтай қара Танабай,  
Перзентің болды мынадай.  
33 мың сахаба,  
24 мың пайғамбар,  
12 қағым сегіз жар,  
Сендерден бөтен нем бар?  
Әлиқожа пір едің,

Сары ақын тірі едің,  
Аруағың болса жарқырат.  
Іскендір, Дәуіт, Сүлеймен,  
Сіздерден медет тілеймін.

(аяқталмаған)

Ресей, Владимир қаласы 1928жыл

## Сейдалы айтқан

Құдайдың бәрекелді айдауына,  
Кім аяп, кімдер қарар жағдайыма.  
Фаріп бас тірлікте не көрмейді,  
Заманның жолығармыз қандайына.  
Ұрлық қып, кісі өлтірмей, қазына шашпай,  
Халыққа залал салып, теріс баспай  
Бұл сапар тап болған-ды маңдайыма.  
2280 шақырым барған жерім,  
Тағдырда осылай деп жазған жерін.  
Суырылып өкіметтің күшіменен,  
Шаһары Владимир алған жерін.  
Хош аман мал-мүлкім, қатын-бала,  
Разы бол көріскенше халқым-елім.  
Дүние опаң бар ма жалған едің,  
45-те ақсақалды қарт болдым,  
Қазіргі заманға бар ма сенім.  
Фұрбатта әскерлікте жүрген күнде  
Қуаныш болар еді келсе өлім.  
Қайда да өлім біреу, ажал рас  
Аллаға «тәуекел» деп бұғам белім,  
Жасаған жайлы қылғай жатқан көрім.

10 ғынауар 1929 жыл  
Владимир шаһары.



## Адам ғұмыры

Ер адам он беске дейін бала, жиырма бірге дейін албырт-аума, отыз беске дейін кісі-адам, қырық-қырық беске дейін толық сабырлы болғаны, елуде шабан-баяу, елу бесте баршын-ақсақал, алпыс-алпыс бесте қарт, жетпісте - өлім.

## Тарих парағынан

XVIII ғасырда байлы та, билік те Жантайлақтың қолында болды. 1868 жылы ереже бойынша болыстық билігі, басқарудың зорлығы Жантайлақ пен Ақбота да болды. Біріне 360 үй, екіншісіне 120 үй бағынышты болды. Советке сеніп мен соларға қарсы болдым, тірліктің таласымен өмір кештім.

Кеңес үкіметі біздің Қарабұтақ жеріне тек 1926 жылы ғана кіре бастады. 1928 жылы тәркілеу (конфеске) толық кірді. Оған дейін Жантайлақ пен Ақбота заманы болды.

Мықтыменен күресіп жұлыссаң, жықпасаң да, жықсаң да, басыңа үлкен сор болады екен.

## Халық пиғылы

Байлар зекетсіз, бинамаз еді, олар ұрлыққа араласып, ұрыны сүйеп, әкім болып, пара жеп, өсім алып, сауда істеп, артық алып, қатарынан басқаны менсінбей, малшының ақысын жеп, баймен құда-тамыр болып, бұлардан басқасын қонаққа қондырмайды.

Мырзалар, әкімдер партияға мал шығарады, пара жеді, ұрыны сүйеді, зинашыл болды, елді жік-жікке бөлді. әділдік қалмады, аздың, нашардың, жарлының айтқаны болмады.

Тойда, аста, намазда ата-руға бөлініп, таласу, төбелесуге болмайды. Бірақ айыпты болса қалай адам баласы кінәсіз болмайды. Тентекті тиып, оны айыптау бар-дүр. Ал миләттің (ұлт) ісі деп мүшеге, сыбағаға бола халықтың төбелесуіне, ренжесуіне, айрылысуы болмайтын іс.

Осы әдет монғол түрікте айрықша мол. Қазақ, қырғыз, түркімен, арабта көп. Бұлар мәжүси, шамани халықтан қалған әдеттер мұны қою керек.

Әйел ерге, жарлы байға, ешкі қойға, аз көпке, малай мырзаға, надан молдаға, жақсы жаманға қарай туады деуші еді. Туды. Көрдім.

## **Деген екен**

Ақың молда, ишан байға қонақ болды. Оларға мал берсе, адам демей ала берді. Штатқа араласып партия басы болды, малың да шығарады. «Баймен тіреспе, мықтымен күреспе» деген мақал болды.

Жаңа заман осыған қарсы ісін бітірді. Кәуірге (кәпірге) ешнәрсе емес, мұсылманға бұл ғибрат еді.

Сапақ би айтқан: «жиырма беске келгенше үйден табылған (ешқайда шықпаған) жігіттен түңіл, алпысқа келген соң үйден табылмаған ерден түңіл», - депті.

Камал бидің айтқаны: «Ақылым жиырма беске келгенше жоғары өрлей береді, қырық беске келгенше бұлаңдай береді, алпысқа келгенде тура түбі түскен шелектей болады», - депті.

## **Не кәсіп абзал**

Сауда абзал оған харам араласпау дұрыс, өз күшімен таза істеу керек. Егін егіп, ағаш өсіру дұрыс.

Мал өсіріп, қой өсіріп бағып, дініңді сақтау жақсы іс болып табылады.

## **Қазақ айтқан**

Молдалардан хат, ұсталардан зат, шеберден миң жүйріктен сың шешеннен тіл қалар.

## **Жақайым қарттың айтқаны**

Керіліктің азасы үлкен. Соның бірі – артында ізгі, мейірбан жақсы бала қалғандығы.

## **Шөмекей Бекіштің айтқаны**

Тағам азасы – жегең, сұраған азасы – бергең, көз азасы – көргең, жігер азасы – жеңгең, достық азасы – сенгең, шақыру азасы – келгең, қарттық азасы – өлгең, тірлік азасы – жақсы-жаманды көргең, қаза азасы – бәлеге сабырмен көнгең.

## **Дүнияуиде бақытты кім?**

Бұған жауап беруге зор хакім, философ керек. Не үшін десеңіз дүниеде армансыз пенде болмас. Мұны тұтас тексеруге

бір зор кітап жазуға тура келеді. Оны іздеп, тексеріп жатуға уақыт тар. Бір таза діні және жамағатымен мұсылман халқын бақытты деп сөзімізді қысқартамыз.

Дүние жүзіне мәлім екі миллиард халық бар, оның біріншісі өнерлі, бай солтүстік Америка халқы. Екіншісі өнерлі, бай елдің бірі – Албания болатын.

VI-VII ғасырларда арабтар ғылым, өнер, ғалымдар жинап кітап жазып, дүнияүи ғылымға аяқ басты. Бір шаһарда ғұламаларды жинап тұрды. Олар өз алалығын бұзды. Испания, Франция соны пайдаланып, барын тартып әкетті. Міне, бақытсыздық, міне аяқ асты болғандық (бұл туралы көп тарихи дерек бар).



Суретте әкесі туралы деректерді берген  
Сейдалы қызы Амансұлтан апай

## Ғибрат сөз

Бірінші ғылым үйреніп, ғылымды кітаптан үйреніп бағаласа, бұл жақсы, артында ізгі бала қалса, сауда қалдырса бұл нәрселер сауапты іс. Не жұмыс істесе де «Құдай» деп бастаса, балаларына, жамағатына көркем әдеп үйретсе, өте дұрыс болар еді.

### 1932 жылы Ақтөбе түрмесінде жатып дүниеден қайтқан Былшық Сейітулының соңғы сөзі:

Сәлем айт, Төртқараның әулетіне,  
Нұр берген ел ішіне сәулетіне.  
Ер құны, нар тұлындай жұмыс келсе,  
«Абақ» деп ұстаушы едің жау бетіне.  
Тұтқында тамағынан кесел ұстап,  
Тағдырдың біз кездестік нәубетіне.  
Түйінді кеңнен шешіп, белден кешіп,  
Халықтың туып едім дәулетіне.  
Өтті өмір, арманменен тұтқын үйде,  
Қарайтын өкімет жоқ сықпыл күйге.  
Ақырып арыстандай айға шапқан,  
Уайым мен қайғы түсті Былшық биге.  
Алты алаш арқаңда өсіп шалықтадым,  
Адал ұл екенімді анықтадым.  
Басыңа қиын-қыстау жұмыс түссе,  
Күн-түні орындауға жалықпадым.  
Мұзбалақ, қыран қабақ, шолақ тырнақ,  
Бүркіттей аспандағы қалықтадым.  
Дұшпанның төбесінен ұрып едім,  
«Өл» деген жерлерінде тұрып едім.  
Іс түссе қиын-қыстау ер басына,  
Ерінбей еңбек етіп жүріп едім.  
Пайда жоқ арттағы өткен күндеріңнен,  
Болмаса талай дәурен сүріп едім.  
Паш болдым жоғары мен төменге де,  
Шақ болдым тай, құнан мен дөненге де.  
Тыңдатып билігімді тіл алдырдым,  
Жетіру, Әлім менен Шөменге де.

Төртқара баласына еттім еңбек,  
Мәпелеп шаң тигізбей бақтым жемдеп.  
Күнінде түбі қайран суат едім,  
Қаңғандай сансыз жылқы ішкен шөлдеп.  
Оқ тиіп ақ дәнеме әлсіретіп,  
Ыңыранып Сарыбас құдай жаттым көлбеп.  
Қалады бір минутта қиратылып,  
Мысалы, бұл өмірің бір қу шөлмек.  
Панарда жарық беріп тұрғанымен,  
Шамшырақ мың күн жанған бір күн сөнбек.  
Алланың тағдырына қайыл болып,  
Бәріне ризалықпен пенде көнбек.  
Барады кеудемді бір дерт кернеп,  
Қысталы қайғы толды жүрек шерлеп.  
Алдыма адасқанда келіп еді,  
Кешегі жүрген күнде жоғары өрлеп.  
Ащыны тұщыменен бірдей татып,  
Дүниені серуендеп көрдім серлеп.  
Не келіп, не кетпеген басымызға,  
Жан-жаққа ұрғанымен құлаш сермеп,  
Күнінде қу ілдіріп құладыңға,  
Қос қолын күйін тауып қылдым сергек.  
Зарығып, тарыққан соң сөз құрадым,  
Еріккен тек әшейін емес ермек.  
Сәлемде Жағалбайлы баласына,  
Жетіру, Табын, Тілеу, Тамасына.  
Қоныстас, һәм қадірлес, һәм қарындас,  
Халық едің бізді алар панасына.  
Ортаңа өзімсініп барушы едім,  
Жік түспеген жұрт едік арасына.  
Қадірлеп хан, төредей қабылдаушы ең,  
Шешілген билік беріп таласына.  
Төрт шөмең, бес шекті Байұлының,  
Сәлемде бас көтерген баласына.  
Жатырмын Ақтөбенің қамауында,  
Бар болып қарсылықтың санауында.  
Жел беріп жігіттерді желіктіріп,  
Жоқ едім мал-мүліктің талауында.  
Қор болды кеңшілікте жүрген басым,  
Ырғыздың отыз екі тарауында.

Белгілі Түркіменнің белдеуінде,  
Жерім жоқ бәйге берген жарауында.  
Өлімге арман етіп өкпе етпеймің,  
Сүйегім шықса барып дәл ауылға.  
Айбарлы Айдархан қарт көшіп еді,  
Арманмен саясаттың қатарына.  
Әйдекем адай елін меңгерген ер,  
Күнінде азды көпке теңгерген ер.  
Адайға сегіз арыс аға болып,  
Кім мықты болса, соған теңелген ер.  
Тағы да тау мекендеп тасты басып,  
Жау десе, жалау байлап желдеген ер.  
Бермеген ел намысын арын жоқтап,  
Төрінде тыныш жатпай тербелген ер.  
Қамалып ақырында қараңғы үйге,  
Ауырып арыстандай шерленген ер.  
Зынданда сұлап жатып, қош айтысып,  
Шөл болып арманменен жерленген ер.  
Біз-дағы соның жолын қуып тұрмыз,  
Жалғаннан үміт кешіп суып тұрмыз.  
Бүгін бе, ертең бе деп тағдыр күтіп,  
Ажалға көз бен қастан жуық тұрмыз.  
Аман бол қадірлесім қайран жұртым,  
Жөнеуге белді бекем буып тұрмыз.

\*\*\*

Өлімнің қашып құтыла алмас шәрбат дәмін татты,  
1932 ұлу жылы елуге келді-дағы сонда қайтты.  
Надандық, салақтықпен қиды халқың,  
Аллаға шәһид болдың, жүзің жарқың.  
Хан болып Жұмағазы адасты ғой,  
Ақбота тума еді өзі жақын.  
Есіл ер ақтан өліп ғафыл өтті,  
Білмекші надан халық ненің парқың.  
О, Беке, топырағың жеңіл болсың,  
Ұлына кіші жүздің кетті даңқың.  
Білгенге күллі шәһид тірі жан ғой,  
Сұлтаным болғын бақұл кешкін халқың.  
Сейдалы, Қауыпбай, жалын жеткіншектер,  
Еңбекші қалды халқым істің арты.

## Төртқара Бақсайыс болысы Пірәлі Жүсіпұлы 1916 жылы 19 қазанда опат болғанда айтқан сөзі.

Пірәлі болыс еді Бақсайысқа,  
Ер еді, мықты еді, сөзге ұста.  
Патшаға қызметті орында деп,  
Ақырында ұшырады зор жұмысқа.  
Тіреген аспан жерді дәулет, бақыт,  
Сыйғандай ел болып еді бір уысқа.  
Жегіліп қара халық қаны қашып,  
Ғафылда өлім берді ол байғұсқа.  
Жолбасшы жүзден озған арыстаным,  
Дүниені азғантай күн қарыштадың.  
Жамандық, жақсылықты нық ұстадың,  
Дұшпанда кетпегенді намыстарың.  
20 жыл Бақсайысқа хандық құрдың,  
Арасын талай жаздың қағысқанның.  
«Жігітке бақыт дұшпан» деген рас,  
Еш жанға бәйге бермей жарысқанның.  
Достасып ағайын боп табысқаның  
Сырдария, Торғай, Орал облысына,  
Жайылған дауылпаздай дабыстарың.  
Мырзағұл Самырат, Дербісәлі  
Олармен дәрежеңіз болды ғой сай,  
Жамандар қуанарсың, жұбанарсың,  
Сөнді ғой ортаңдағы күн менен ай.  
Піреке, жаның жәннат рухың шат,  
Халайық «Әумин» деп қолыңды жай.  
Алты Әлім, төрт Шөмекей сәлем айтты.



Суретте: С. Оразалиннің өзі тұтынған пышағы

## Сырлыбай Бекбаев

Әйтеке би ауданы өңірінен түлеп ұшып, қазақ ағарту саласында өнімді еңбек етіп, тұлғаға айналған Сырлыбай Бекбаев есімі туған жұртының мақтанышы. Халқының аяулы ұлы елі үшін туып, ел үшін бүкіл саналы ғұмырын сарп етті. Қарабұтақ өңірінің түлегі, кедей шаруаның отбасында өскен Сырлыбай 1881 жылы туған. Жасынан білімге құштар Сырлыбай Қарабұтақтағы Ыбырай Алтынсариннің ықпалымен ашылған қазақ-орыс училищесінде оқып, оны ойдағыдай тәмамдайды. Осы



мектепте оқитын балалардың арасынан Сырлыбай өзінің ерекше қабілеттілігімен және оқуға деген ынталылығымен өз құрбыларының арасынан даралып тұратын. Кішкене бала күнінен осылайша ауыл жұртын тамсандырып, туыстары оның болашағынан зор үміт күтетін. Жас жігіттің оқуға бейімділігі, алғырлығы бірден көзге түседі. Сондықтан оған ауқатты туыстары қол ұшын созып, Омбы қаласында мұғалімдік семинарияда білімін көтеруге көмектеседі.

Заман лебін сезген Сырлыбай бұнымен шектеліп қалғысы келмейді. Өз білімін жалғастыруды армандайды. Оның бұл талабын ағайындары, туыстары барынша қолдап, осылайша ол Санкт-Петербург қаласындағы университетінде білім алады. Осында жүріп университет қабырғасындағы өтілетін білімпаз жастардың басқосуларына қатысып, саяси-әлеуметтік мәселелер төңірегіндегі өтетін сөз сайыстарында көпшілікті өзіне қаратып алатын шешендігімен көзге түсіп жүреді. Бүкіл орыс мәдениетінің жауһарлары жиналып сақталған рухани өмірдің ошағы Петерборда жүріп, келешек ғұмырына үлес қосар мол мәдени мұрамен осылайша нәр алды.



Бұл уақытта Ресейде Қазан төңкерісі басталған-ды. Сырлыбай төңкерісшілерді қолдап, оларға қолынан келгенше көмектеседі. Кейін оның астыртын ұйымына мүше болады. Бірақ жаңалыққа ұмтылған, азаттықты аңсаған жас жігіттің «жат пиғылдылармен» байланысы анықталып, оқудан шығарылады. С.Бекбаев бұған дейін де Омбы қаласында оқып жүріп жергілікті саяси үйірмелерге қатысып, өз уақытындағы білікті, ойшыл замандастарының нағыз ортасында рухани жетілген-ді. Соңдықтан да оның осы кезге дейінгі саяси-қоғамдық көзқарасы өзіндік мәні бар, тұрақталып орныққан еді.

Сырлыбай Бекбаев халқының егеменді ел болуын аңсағандардың қатарында болды. Сондықтан ол күн сайынғы болып жататын саяси-экономикалық жағдаймен қоса, шалғайдағы қыр қазағының тұрмыс тіршілігімен хабардар болып, өз қызметінде іскерлік пен ыждағаттық танытты. Алашордашылардың тәуелсіздік идеясын қолдады. Сөйтіп Алаш партиясының белді мүшесі ретінде 1917 жылы Орынбор қаласында 2-8 сәуірде өткен Алаш партиясының съезіне Ахмет Байтұрсыновпен бірге қатысып, Торғай облысы өндірістік әскери штабына мүше болып сайланады.

Сырлыбай Бекбаев революция ісіне де белсенді араласты. 1918-1920 жылдары Ырғыз уезі халықты қорғау әскери штабының бастығы, уездегі халық ағарту бөлімінің коллегия мүшесі қызметін атқарады.

XX ғасырдың басы небір тарихи оқиғаларға толы еді. Соның бірі ұлт-азаттық көтеріліс. Азамат соғысының кезеңі өте ауыр болды. Елдегі жағдай қиын, халықтың тұрмысы нашар. Соған қарамастан Сырлыбай революциялық әскерге жан-жақты көмек көрсетті. Елді жиі аралап, халық еңсесін көтеретіндей жалынды сөздер сөйлейді. Кеңес үкіметінің саясатын түсіндіреді. Нанымды, отты сөзін халық жылы қабылдап, оның әр кездесуі тиісті нәтижесін бере бастады.

Сырлыбай Бекбаев өте кішіпейіл адам болған. Сонымен қатар, бауырмал, ақкөңіл, өте кішіпейіл жан екен. Өзінен жасы кішілерге үнемі қамқор, ақылшы бола білген. Ол кісіні іздеп, үйіне барып, ақыл-кеңес естімеген адам кемде кем болса керек. Осы тектес адамгершілік қасиеттері ел аузында күні бүгінге дейін айтылып жүр.

Осындай іскерлігі, қабілеті мен адамгершілігі ескерусіз

қалмады. Қызмет бабында сатылай өсіп, жауапты істер оған сеніп тапсырылатын. 1920 жылы ақпан мен желтоқсан айлары аралығында Түркістан Орталық Комитеті Қырғыз өкілеттілігіне хатшы болып сайланады. 1921 жылы Қарабұтақ аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалады. 1922 жылы Қарабұтақ ауданының таратылып, Ырғыз ауданына қосылуына байланысты Ырғыз аудандық атқару комитетінің төрағасы ретінде жұмыс істеді. Кейін Қарабұтақ ауданы жеті болысымен Шалқар ауданынан бөлініп шыққанда, С. Бекбаев аудандық атқару комитетінің төрағалығына қайта бекітіледі. Ел ішіндегі жоқ-жұқа, ашаршылыққа қарамастан Сырлыбай өз қызметінде белді де, беделді ұйымдастырушы басшы болды. Өзінен кейінгі жастарды партия ісіне тарту мақсатында, оларды баулып, тәрбиелейді. Жастардың тәжірибесіздігіне қарамастан, кей сәтте оларға да сенім артып тапсырма беріп, оны өзі қадағалайды екен. Ол жастар кейін кеңес үкіметінің белгілі қайраткерлері атанып, облыс, республика көлеміне танылды.

1923-26 жылдары Сырлыбай Бекбаев сол кездегі республика астанасы Орынбор қаласына қызметке шақырылып, Қазақ АССР оқу министрі қызметін атқарады. Мемлекеттік қызметімен қоса, сондағы жұмысшылар факультетінде оқитын қазақ балаларына орыс тілінен сабақ береді. Тарихи деректер бойынша С. Бекбаевтан қазақ еліне белгілі азаматтардың көбісі сабақ алса керек. Біздің қолымыздағы деректер бойынша олардың қатарында жазушы С. Мұқанов та болған деседі.

Халқына осыншама қызмет еткен қоғам қайраткері атанған С. Бекбаевтың артында ұрпақ қалмағаны ең өкініштісі. Негізінде ол Шөмекей руының Қарабай деген кісісінің Зейнеп атты сұлу қызына үйленген Шаңырақ көтеріп, отбасылы болған.

Сырлыбай Бекбаев 1926 жылы желтоқсанда 46 жасында өмірден озды. Сүйегі туған жеріне әкелініп, там салынған. Қазіргі күні ел арасында «Сырлыбай тамы», «Сырлыбай төбесі» деген содан тіркестер сақталған. Ел арасында «Сұлулығы Сырлыбайдай болсын» деген бата сөз де осыдан қалған.

Сырлыбай Бекбаевтың жоғарыда аталған мемлекеттік, қоғамдық қызметтерінің ішіндегі біз үшін ең маңыздысы киелі Әйтеке би өңірінде жастарға білім беру ісін қолға алып жандандыруы. Ол өз дәуірінің оқыған азаматы ретінде халық ағарту жұмысын алғашқы орынға қойды. Оған дәлел Омбы

семинариясын бітіргеннен кейін, туған жері Қыналыға келіп, құдасы Төлеген Айсауытовтың үйін жалдап, балаларды оқытуы. Бұл бастаманы ел азаматтары да қолдап, Сырлыбайға қолдарынан келгенінше көмектерін береді. Сөйтіп ол 70-тей баланы оқытады. Көпшіліктің алғысына бөленеді.

Сырлыбай Бекбаевтың қай салада болмасын атқарған істерін қорытындылай келе, біз оның халықтың сауат ашуы, өз ұлтының алдыңғы санаттағы өнерлі де, мәдениеті жоғары өзге жұрт қатарына қосылуын арман етіп өткендігін аңғаруымыз. Әсіресе ол қазақтың ендігі жарқын өмірі білімді, талапты, өнертапқыш, іскер, отаншыл жастардың қолында деп зор сенім артады.

## Төреғали Қаратаев



Төреғали Қаратаев 1934 жылы Қарабұтақ ауданының Ақкөл ауылында туған, тарих ғылымының кандидаты, профессор. Қызылжұлдыз жетіжылдық, Қарабұтақ орта мектептерінде оқыды. Ақтөбе педучилищесін үздік бітірген беспайызшылардың бірі (1953 жыл). Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін тамамдап, Алматы маңындағы Шамалған орта мектебінде ұстаздық еткен.

1959-1962 жылдары республикалық оқу-педагогика баспасының редакторы. 1962 жылы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетіне қызметке ауысады: аға оқытушы, кафедра меңгерушісінің орынбасары. Жұмысшы жастар тарихынан кандидаттық диссертация қорғады (1974 жыл), «Қазақстан жас металлургтерінің тарихы» (1974), «Президент Н.Назарбаевтың еңбектеріндегі терминдер мен түсініктер» (1996жыл) және Қазақстан тарихының әрқилы салалары бойынша жиырмаға тарта кітап пен кітапша, жүз жиырмадай ғылыми-көпшілік мақала

жариялады. «Жүз жылдың ақ-қарасы» монографиясы студенттерге оқулық ретінде пайдаланылады. Ұзақ жылдар Қазақ республикалық радиосы мен теледидарында, «Жас алаш» (бұрынғы «Лениншіл жас») газетінде халықаралық шолушы болды. Соңғы жылдары тарихи терминология саласында. Ақтөбе өңіріндегі тарихи тұлғалар қақында еңбектеніп жүр. «Еңбектегі үздік табыстары үшін» белгісімен марапатталған, «Әйтеке би ауданының құрметті азаматы» атағының иегері.

## **Ысқақ Райымбергенов**

Елімізге танымал ұстаз Ысқақ Райымбергенов 1929 жылы Әйтеке би ауданына қарасты Қосағаш ауылында дүниеге келген. Ақтөбе педагогикалық училищесінде 40 жылға жуық ұстаздық қызмет атқарып, халық арасында күйшілігімен, сазгерлігімен аты шыққан ұстаздың көптеген шәкірттері болды. Құрманғазы, Қазанғап, Мүсірәлі күйлерін шебер орындап қана қоймай, өзі де “Жастар биі”, “Балдырған” атты күйлердің авторы атанған. Күйші шығармашылығына тән 10 шақты күй мен “Егіншілер жыры” атты әні қалың жұртшылық арасына кеңінен танымал туындылар. Сондай-ақ өнер зерттеушісі ретінде де танылған Ы.Райымбергенов қазақтың ұлттық ою-өрнектерін жинап, кейінгі ұрпақ бойына қазақ халқының ұлттық эстетикасынан мол мағлұмат беруде елеулі үлес қосқан және домбыра, қобыз сынды ұлт аспаптарының акустикасын зерттеп, өзі де көптеген музыкалық аспаптар жасаған қолөнер шебері. Өнертанушы ұстаздың еңбегі көзі тірісінде-ақ бағаланып, “Қазақ КСР білім беру ісінің үздігі” атты белгісімен марапатталған. Өнердегі атақты аты өмірінде де жалғасқан сазгер-күйшінің ізін балалары жалғастыруда.

## **Тағыберген Бітімбаев**

Әйтеке би ауданында 1897 жылы бұрынғы Ырғыз уезі, Белқопа болысының №6 ауылында туған. Жан-жақты өнерпаз, сазгер. Алғаш білімді Қарабұтақ училищесінде алған. Әскери

қызметтен зейнет демалысына шыққан соң біршама уақыт Алматы қаласында шығармашылықпен шұғылданған. Жасы егде тартқанда туған өлкесі – Қарабұтақ селосына келіп, қалған ғұмырын, бойындағы бар күшін өнерді насихаттауға, жастарды баулуға жұмсайды. 1957 жылы аудандық мәдениет үйі жанында ұлт аспаптар оркестрінің құрылып, қайта жандануына бірден-бір себепкер болып, оркестрдің бұрынғы құрамында болған шебер орындаушылардың қайта бас қосуына мол үлес қосқан. Қарабұтақ жерінде балалар мен жасөспірімдердің музыка мектебін ашып, қанатын кеңге жайды. Сазгер қаламынан 200-ден астам музыкалық шығармалар дүниеге келген. Композитордың “Туған”, “Халқым күнде тойлаған”, “Қарабұтақ маршы”, “Туған жер”, “Қазақстан жастарының жыры” атты әндері тек Қарабұтақ жерінде ғана емес, республика көлемінде кеңінен таралған.

## Әліби Қойлыбаев



1932 жылы Ырғыз ауданының Шабаған ауылында дүниеге келген. Бар қажырлы қызметін Әйтеке би ауданының Қарабұтақ жеріне арнаған ел ағасы ең әуелі, қызмет жолын Алматы мал-дәрігерлік институтты бітірген соң, жолдамамен Қарабұтақ ауданына келіп, мал дәрігері, аудандық мал шаруашылығы инспекциясында бас маман болудан бастады. Үздіксіз ізденіс, аса қабілетті ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында өз кезінде Шевченко атындағы ауылды 22 жыл бойы басқарып, еңбегі жанып, екі мәрте Ленин ордендерімен, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған. 1980-1985 жылдары Қазақ ССР Жоғары Советінің депутаты, 1958-1994 жылдар аралығында ауылдық, аудандық, облыстық Кеңестің депутаты

болған. Қазір құрмет демалысында жүрген Әліби Қойлыбаев қажырлы да қайратты ғұмырына куә болған Қарабұтақ жері туралы «Бабамнан қалған байтағым» атты еңбегін жарыққа шығарды.

## Мейірхан Ақдәулетұлы

Қасиетті қара Ырғыздың етегінде туып, соның «суын ішіп, жанып ұшқан» «жұлдыз бала» Мейірхан Ақдәулетұлы бүгінде ердің жасы елуден асқан атпал азамат. Белгілі ақын, көсемсөзші, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

Ол алғаш еңбек жолын Қарабұтақ аудандық «Жаңа өмір» газетінде бастаған. Сол өңірден үлкен өмірге түлеп ұшқан ол республикалық «Ақ желкен» журналында аға редактор, «Арай» журналында бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, «Қаржы-қаражат» баспасында бас редактор, «Дәуір-Время» газетінде бас редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінің бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Қандай қызметте жүрсе де өзінің азамат атағына кір келтірмей, адалдық пен шындықты, туралық пен батылдықты мұрат тұтып, ел игілігіне жұмыс істеуге өзінің күш-қайратын жұмсап келе жатқан жан.

Құдай берген талантының арқасында қасиетті қара өлеңнен өрім өрген ақынның өлеңдері 1971 жылдан бері республикалық басылымдарда жарық көріп, топтама жинақтарға енді. Ол «Бастау», «Шырақ ғұмыр», «Жалғыз досым – жүрегім», «Дәруішнама» жыр жинақтарының авторы. Мейірхан Ақдәулетұлы М. Аджидің түркі тарихы туралы «Қыпшақ даласының жусаны» тарихи эссесінің, К. Аширдің «Қабыл-Адам ата перзенті» драмасының тағы басқа эсселер мен ғылыми-



философиялық мақалалардың, Т. Буркхардтың «Шығыс пен Батыстың киелі өңірі», Э. Фроммның «Психоанализ және дзен-буддизм», Ф. Шьюонның «Исламды ұғыну» еңбектерінің аудармашысы. Ол түркі тілдес халықтардың халықаралық фестивалінің лауреаты.

Жаңа ғасыр табалдырығын үлкен оймен аттаған Мейірхан Қазақстанның бұқаралық ақпарат әлеміне күрделі құбылыс ала келді. Өзінің тікелей бастамасымен республикалық тәуелсіз «Алтын Орда» газетін туған өңірі Ақтөбе топырағында дүниеге әкелді. Батылдықпен, сенімділікпен, кәсіби шеберлікпен қолға алынған іс өз жемісін беріп, қысқа мерзім ішінде газет республика жұртшылығына танымал, көпшілік іздеп жүріп оқитын басылымға айналды. Мейірхан Ақдәулетұлы бас редакторы болған бұл газеттің бетінде ұлт пен ұрпақ тәрбиесіне қатысты жаңды проблемаларды сөз еткен материалдар көптеп басылды. Ұрпақ санасына сыналап кіретін тәрбие атты тәңірге көсемсөзші қазақ қауымының басын игізіп, ұлттық намыс пен ұлттық қадір-қасиетке табынуды сездіре білді.

Газеттің сол қол жеткен табыстары үшін оның бас редакторы Мейірхан Ақдәулетұлы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығында «Ерен ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Қазір облыстық «Ақтөбе», «Актюбинский вестник» газеттерін біріктірген «Шамшырақ-Ақтөбе» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры.

## Қарапайым өлең

Құйсаң - іштім,  
Бергеніңді жеп өстім,  
Елірмедім елесін деп мені ешкім,  
Ел қатарлы болғым келген,  
Ішімнен  
-Әуре болма, - деп кейіді көмескі үн.

Кімге қатты ұнамадым,  
кімге ұнап? –  
Қайдам...  
мені қажытпады бұл бірақ,

Ешкімде жоқ қылығыма бас шайқап  
Күлді талай сабырлы қыз сыңғырап.

Қыздар күлді,  
Қарттар кейіп,  
ит үрді.

Аң-таң болады екен адам бір түрлі.  
...Көршіме ұқсап көріп едім

бір мезгіл  
Апта бойы баса алмадым күлкімді...

Ұрсаң, ақыл дарымайтың, келтекпең,  
Қырсық па екем,  
құлай кетіп, жер тепкен?  
Еш өнерге болмағасын икемім,  
Енді ешкімге ұқсамауға серт еткем.

Талай сабаз тарс жарылар сөзге мең,  
Ренжімей,  
Түк дәмеппей өзгедең,  
Өзімді өзім еркелетіп отырам  
Жазып қойып қобалжыған кезде өлең.

Сіз кейіңіз,  
Берік менің шыдамым,  
Сынық Айдан бүтін жұлдыз құрадым.  
Әулекілік бастап тұрса бір ойым,  
«Әуре болма» деп алдынан шығамын.

Ақиқаттан жасап қайтем текке үнем –  
Ақылдымсып сөйлесем де тектімең,  
Ол кеткен соң үміт артып үп-үлкең,  
Өзіме өзім:  
«Әдіре қал» деп күлем.

Болған жақсы-ау өзіңе өзің шарайна –  
Шыдай білсең,  
Шарайна да қарайды, ә?  
Жылағаннан не түседі,  
Күлгенге  
«қасқа екен...» деп түңілмеңіз алайда.



Мойып қалам  
момын кейи бастаса –  
Кейір болсаң,  
Қайтып қабақ ашпашы,ә?  
Өлең қалай жазылады?  
Білмеймін...  
күлмеймін де,  
мұңаймаймын басқаша.

Аздығынан ақылдың...  
(Не басқаның?)  
Шектен шығып,  
ернеуімнен аспадым,  
Жалған тұғыр жасамадым өзіме  
Аласарып кете ме деп аспаным.

Разы боп,  
наразы боп кей күнге,  
Құйса – ішіп,  
Ұсынғанын жеймін бе –  
неде болса  
көшкім келмей жат жұртқа  
Отырамын  
«Әуре болма» деймін де.

Жынды өзінің үлкен сорын болжамас,  
Осы мені жылжытпайтын көзқарас:  
«Әуре болма өзге басқа аяқ боп,  
Өзіңді алдап, өзге аяққа болма бас».

Келісіңіз,  
келіспеңіз, жақсы аға,  
Қия алмайтын бөстегім бар патшаға:  
Осы – менмін  
Осы кіші Отаным.  
Оны сатып, бол демессің масқара?

Талыс дегің,  
танымасаң, тар дегің -  
жеткенінше қорғап өтер әл-демім,  
Барлық аппақ қалалармен бауырлас,  
Күнге туыс бір астанам бар менің.

# Күбір

«...ұлып жұртқа қайтқан ой»

Абай

«Екеу таза киімім –  
бір Иткөйлек,  
бір кебін  
...Күллі әлемдік Күйелеш,  
мен де өзіңмен біргемін!  
Бар арманым – Тазалық. Кірлегеннің  
арманы...»

Мұны айтуға жаныңның тәуекелі  
бармады.

Соны біліп өлді Өлең.  
Ұят кетті сенделіп –  
Өзің сенбес Бақыттың әнін айтсаң,  
сен де - өлік!

Аңқау елге Ібіліс пір болады  
демей ме ел?  
Құл – қулықшыл болғанда,  
патша - өтірік кемеңгер.  
«Ақымақтың ақылы - қулық»  
дейді ұлылық,

Мұңаюды қойды да ел,  
Ыржаңдады мұны ұғып.  
Ақиқат тым ажарсыз. Сүйген  
жүрек – жазалы.

Адал ғашық,  
Сен болдың жезөкшенің мазағы!

-Баяғыдан белгілі осы ұсқынсыз  
Шындығың.  
Жылайсың, - деп, - несіне?  
кылғындырды Мұңды мұң.  
Әппақ едің әуелде таға алардай  
Күнге мін -

өкінгенсіп қайтесің -  
өмір сүрдің – кірледің!  
Өлер болдың. Білгенің – дүниенің жалғаны.  
«Бақыттымын!» демеуге еш амалың қалмады!

Амалың жоқ.  
Амалың – күң-қанағат, құл-тоба,  
«Әппақпын!» деп бір тақпақ жазып едің,  
қырт о да!  
Амалсыздан келісіп күллі әлемдік Күнәмең,  
сен де ішіңнен балаша шырыл қағып  
жылап ең –  
сөнбеді ешкім.  
Қайтесің. Мойындадың – жұбандың.  
Құдайлықтан дәмелі ең –  
Құлшылықты құп алдың...

Менде екі таза бар –  
Бір Иткөйлек,  
Бір Кебін.  
Екеуінің арасы - өмір сүрген күндерім.  
Аман қала алмаспын күллі әлемдік Күйеден –  
күйе жеген жанымның ақтығына сүйенем.  
Сосын...  
үнсіз ән салам –  
мөлдір, ессіз, жаралы Ән –  
дәрменсіздің дәмесі – Тазалықтан тараған.

Күлләлемдік Күйелеш,  
уақытша пендеңмін –  
аппақ болып келгенмің,  
аппақ болып жерге енгім  
келетіні –  
Сен үшін құмырсқаның қиялы,  
Менің күллі ғұмырым сол тілекке сияды!

...-Мұңаясың несіне? – деп сұрайды  
Күн менен.  
Екеу таза киімім.  
Неменеге зілденем!?  
-Қай Ақиқат айтарың? Білмейтін кім?  
...шарасыз  
жылап, күліп, күлгенсіп  
қайда беттеп барасыз?  
-Өмір бойы іздегенім...




---

## IV ТАРАУ

**АҒАШТАН ОЮ ОЙЫП,  
ТЕМІРДЕН ТҮЙІН  
ТҮЙГЕНДЕР**

---



Имандылық пен шеберлікті қатар ұстаған, қиын-қыстау шақтарда, еліне қамқор болған пірлі ұста атанған, «оң қолынан өнері тамған» Соңғыбай Құмақбайұлы (1886-1976), Якуда Жалмырзаұлы, Елеусін ұста (1894-1962) туралы соңғы жылдары ұрпақтарынан дерегін жинап, сақталған мұралары туралы жазылып, хабардар еткенбіз. Биылғы шілде-тамыз айларында ұйымдастырылған экспедиция кезінде әр ауылда бірнеше ұста-зергерлер болғанын, олардың ел үшін істеген ерен еңбегі мен мол мұрасы ел есінде екеніне көзіміз жетті. Тағы бір көңіл толатын жағдай – олардың балалары, немерелері шебер аталарының құралдарын қадірлеп сақтап отырғанын көрдік. Аққұмда Өткелбай, Көңілімжай, Қодар арқалы ұсталар туралы әңгімелер аңызға айналған. Олардың дүкендерінің орнын аяқасты етпеген. Толыбай мен Жантай ортасындағы «Аяқауылда» жерленген керейт Елеусін ұстаның балғасының соғылған үні естіліп тұртынын елі біледі. Ақкөлде жеті атасынан атақты зергер болған Боқанов Тәуіпбайдың баласы – Қуанбай атасының, әкесінің екі төсін, терігін сақтап отыр. Дүйсенғали Көптілеуов тұрмыстық заттар – арба, шана, қамыт, бесік т.б. жасап, шаруаның тетігін тауыпты. Аралтөбеде Нұғмаң, Сүйінтай ұсталарды елі ұмытпаған. Елеусін ұста, Рысмағанбет, Мұқан ұсталардың көрігі, төсі басқа да құралдарын балалары қастерлеп ұстап отыр.

Қарасуда Аймағанбет ұста, әрі домбырашы кісі болыпты. Жұбаназар, Алданиязар ұста-зергерлердің жасаған заттары ел арасына кең тараған.

Жабасақ, Толыбай жерінде атақты шебер Білеуов Жамбыл (1882-1964) ауыл мектеп-медресесінде оқығанының арқасында Жағал болыстың писары болыпты, кейін ер-әйелдердің киімін тігудің атақты шебері болыпты. Аяқты тігін машинаны елдің белгілі кісілері шеберлігі үшін сыйға тартыпты. Елде Жамбыл тігінші, шебер атанған кісі.

“Ел іші - өнер кеніші” деген осы да. Он саусағынан өнері тамған шеберлер ісін бүгінгі ұрпағы жалғастырып, ертеңгі күнге жеткізсе деген тілек бар көңілде.

## Үсенхан Өтешұлы

(1884-1957)

Үсенхан Өтешұлы 1884 жылы дүниеге келген. Ұста, әрі аруақты кісі болған. Ел арасында «пышағы бар бала» атанған. Үсенхан төрт ағайынды: Үсенхан, Асанхан, Біләл, Әбдірайым. Біләл Өтешұлы (Үсенханның інісі) - ауылнай болған. Белсенділерді ұстап жатқан кезде Біләл қашып кеткен. Іздеп келгендер «ініңді тауып бер» деп Үсенханды 1930 жылы Қызылорданың Қармақшы деген жеріндегі түрмеге отырғызған. Екі аяғынан мешел болып, жүре алмай, түрмеден шыққан кезде өзімен бірге болған Ерден (Шәкірбектің әкесі) деген кісі Үсенханды арқалап қайын жұртына жеткізген. Үсенханның қайын жұрты – Нияз руынан Қарамырза деген атақты бай болған. Қолының ісмерлігі бар, шебер адам болған соң, Қарамырза бай жалғыз қызы Нәзипаны Үсенханға қосады.

Үсенхан ұста 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліске қатысушыларға, кейін Айжарқын ханның көтерілісі болған кезде қару-жарақ соққан. Көрікпен ақ күміс, алтыннан зергерлік бұйымдар жасап, Сәтбай, Самұрат байлардың қыздарының отауын күмістеген. Шаруашылыққа қажетті арба, соқаның түреніне дейін жасайтын болған. Үсенхан ұстаның көрігі, төсі немересі – Жарылқасын Әбдуәлиевтің үйінде сақтаулы. Ұста соққан бұйымдар ел арасында өте көп сақталған. Қарсы ілгек, тұрмыстық заттар салатын кішкене қобдиша, сырғалары бар. Үсенхан ұста 1957 жылы 20 қазанда дүниеден өткен. Басқұдық селолық округіне қарасты Сасықбай деген жерде жерленген. Ұрпақтары Басқұдық ауылында тұрады.

## Қазан сипаған Пұсыр

Пұсыр жаз жайлауда мал бағып жүріп, көрік көреді. Көрікті үш мәрте көрген соң, үлкен әжесіне айтады. Сол жылы ұлы Дүкенбай дүниеге келеді. Ұсталықты кәсіп ететін дүкен ұстағандықтан, Дүкенбай деген есім беріледі.

Бір күні Пұсыр көрші ауылға барса, сол елдің ұстасына бір әйел келіп, жалынып тұр дейді: «жеті балам аш отыр, қазан

тесіліп қалып, бір апта бойы тамақ пісіре алмай отырмын», – деп зар илейді. Сол жердің ұстасы оны-мұны сылтау етіп үйіне кетіп қалады. Бұны көріп тұрған Пұсыр ұста қасындағы жолдастарына көрікті алдырып, қазанды балқытып, тесіліп қалған жерін қолымен сипап, бүтіндеп береді. Сол уақыттан бастап «Қазан сипаған Пұсыр» атанады.

Балалары – Дүкенбай, Әбіш ұсталықты кәсіп етеді.

Жеті атасынан бастап, ұсталықты кәсіп еткен - Әбіш ұста 1893 жылы дүниеге келген. Зергерлік бұйымдар жасайтын болғандықтан «Ақ ұста» атанған. Қалып есебінде малдың жауыры ортасының шұқырын пайдаланған. Ұрпақтары Басқұдық ауылында тұрады. Дүкенбай ұстаның көрігі немересі Шарафадиннің үйінде сақтаулы тұр. Әбіш ұста 1975 жылы қайтыс болған. Әбіш пен Пұсырдың 2 көрігі бар.

*( Деректер Әбішев Шарафадиннен алынды).*

**Басқұдық селосы, 2 тамыз 2006 жыл**

## Мұқаш



Жолаев Мұқаш – 1886 жылы туған. Толыбай, Жантайда ұсталық етіп жүргенде 1941 жылы Ұлы Отан соғысына алынып, содан соғыс біткесін елге оралған. Соғыстан келген бойда бұрынғы Амангелді колхозы кейін Толыбай бөлімшесінде 15 жылдан кейін Жабасақ кеңшарында ұзақ жылдар ұсталық еткен. Отбасында 10 бала тәрбиелеп өсірген. Ол кісі арба, ат шана жасаудың шебері атанған. Ұста жасаған ат шанасын сол уақыттағы Жаңадәуір, Сарбұлақ, Басқұдық колхозының

басқармалары арнайы тапсырыспен жасатып алатын болған. Сонымен қатар ер тоқымға үзенгіні тартпаның тоғасын әдейі


жасалған қалып арқылы құйып шығара береді екен. Мұқаш ақсақалдың кереметтігі сондай колхоз кезінде бірінші келген «Москвич» автомашинасының ресоры сынып қалғанда, ол уақытта дәнекерлеуші құралдар (сварка) жоқ, соның негізгі листісін қыздырып бір-бірімен жабыстырып таптағанда пісіргеннен артық ұстағандығын көргендер бар. Ол кісі сонымен қатар дәнекерлеуді жақсы меңгерген Жабасақта Мұқаш ұстаның мол құралдарын жұбайы мен балалары сақтап отырғанын көрдік. Әттең-ай дейсің, әке өнерін жалғастырар бір ұрпағына киелі ұсталық жұғысты болар күн тезірек туса? - деген тілек тұрды.

## Якуда Жалмырзаұлы (1908-1969)

“Дәулет ауыспалы, өнер жұқпалы” деген баба сөзі бар.

Якуда Жалмырзаұлы 1908 жылы Ырғыз уезіне қарасты Ұзынкөл ауылында ағайынды Жалмырза, Шегір деген сол өнерге зергерлігімен аты шыққан ұсталардың отбасында дүниеге келген. Жалмырзаның інісі Шегір атақты шеберлігіне қоса атсейіс кісі болыпты. Ол баптаған көк байтал жарыстың алдын бермепті, соны көрген халық: “Шегірге Алла бала бермесе де, бағына атағын алысқа апаратын өнер берген екен” дейтін болған.

Шегірдің зергерлік шеберлігі ешкімге ұқсамайтын болыпты. Ат аяғы жетер жерден арнайы ат-әбзелін, қару-жарақ пенкісе, кемер белдік соқтыруға небір жайсаңдар келеді екен. Ақысын өзі айтпаса да өнеріне риза болған кісілер шеберге тоғыз қарадан кем төлемепті. Шегір соққан дүниені ұстау да бір үлкен дәулеттіліктің белгісі болыпты.





Міне, осындай әке мен ағаның көрігін басып, 9 жасынан ұсталықтың жолына түскен Якуданың өмір жолы да өзгерістерге толы болды.

Қоғамның өзгеруі барлық адамның өміріне әсер етпей қоймайды. 1928-30 жылдары қауырт жүргізілген жаппай ұйымдастыру кезінде дайындықсыз құрылған серіктестіктер мен колхоздарда басты тұлғалар – ұсталар болғаны рас. Колхоздың жұмысына керекті барлық құрал-саймандар ұстаның қолынан шықты. Оған қоса шалғайдағы елге тұрмысқа қажетті заттарды жеткізу жұмысы жолға қойылмаған-ды. Ұсталар әр үйдің тесілген қазанын түптеуден бастап, мосы, ошақ, шелек, шылапшын, көсеулер жасаған, жарылған-сынған шыны ыдыстарға дейін құрсап, бүтіндеп отырған. Якуда зергерлікті жинап қойып, елдің күн көрісіне керекті бұйымдарын жасапты.

Көзін көрген кісілердің айтуынша, ұстаның өзіне қарауға уақыты болмапты. Елде өтіп жатқан той-садақаға да баратын уақыт таппайды екен. Бұйымын бүтіндететін кісі түн демей, күн демей ағылып келіп жатады, соларды жөндеу, не соғып беру үшін көрігін суытпай, үнемі жедел жәрдем беруге дайын тұру керек екен.

Осындай Дәуіт пайғамбардың нұры қонған Якуданың жалғыз баласы жоғары дәрежелі энергетик – Сейітжан бүгінде Ақтөбе қаласында тұрады. Қаршадайынан әке кәсібіне көзі қанығып өскені бар, әрі инженер-энергетик мамандығы да үлкен ілімді керек ететіндіктен әкесінің оқымай-ақ сонша құпияны меңгеріп, асқан шебер болғанын жоғары білім жағынан саралап, өзі таңданатынын жасыра алмады. Оның айтуынша әкесі 1950 жылға дейін Ырғыз ауданы бойынша құрылған 64 колхоздың жалғыз ұстасы болыпты.

Якуда ұста 1941 жылы күзде соғысқа аттанып, Сталинград майданында жараланып, 1943 жылы елге оралады. Елде ер-азамат қалмағандықтан әбден титықтаған халықтың мүлкінде оңдайтын, жамайтын, тетігі кеткен техниканы жөндейтін қолы шебер ұстаның орнының ортайып-ақ тұрғанын көріп, кәсібін жалғастырады. Мыңдаған қойдың жүнін қырқу үшін жүздеген қырықтық жасаудың өзі неге тұрады!

## Соңғыбай Құмақұлы

Құмақұлы Соңғыбай (1886-1976 ж.ж.) он саусағынан өнері тамған зергер-ұста болған. Құмақтан тараған жеті ұлдың кенжесі болғандықтан, жасынан ерке өсіпті. Ата-анасы мен ағаларының арқасында серіліктің аз уақыт дәмін татыпты. Ауылда колхоздастыру кезінен кейін басталған зобалаң кезінде ең үлкен ағасы репрессияға ұшырап жер аударылады. Одан кейін отан соғысына қалған ағалары аттанып кеткенде, бүкіл әулетті асыраушы болып Соңғыбай қалады. Қоралы жанды асыраушы ұста-жігіттің



қайратымен шеберлігі кәдеге жарады. Жаңа ұйымдасып жатқан серіктестік пен колхоздардың қысқы-жазғы құрал-саймандары көбіне қолдан соғылатын. Сынған техниканы жөндеуді де, шеберханалардағы бүкіл жұмысты да енді ұсталар істейтін болған. Оған қоса Мамыт, Қожакөл, Сасықкөл ауыл советтеріне қарайтын елдің күнделікті тұрмыстық ағаш, темір заттары тек қана ұста дүкенінен істеліп шығатын.

Соңғыбай өзінен үлкен ағаларымен бала кезінде ауыл молдасында оқып, хат таныған, мұсылманның негізгі парыздарының бірі – бес мезгіл намазын қаза қылмай, ораза ұстап, молдалықты да меңгеріп, таза да мейірімді адам болыпты. Алла тағала кәсіптің үш түріне ерекше мән берген деген қағида бар. Олар – диқаншылық, қолөнер мен сауда, әрқайсысының кәсіби құпиясын меңгеріп, алдаусыз адал еңбекпен дамытуды міндеттейді екен. Біздің халқымызда бұл үш кәсіп ертеден атадан балаға мұра болып келген «Кәсіптік тұқым қуалаушылық» деуі де тегін емес. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген сөз бекер айтылмаса керек. Әр ұлттың қолөнерінің дамуы ғасырлар қойнауынан үзілмей келе жатқан кең арнасы соңғы екі ғасыр бойы жоғалып, кейбір түрлері ұмыт


болғаны жасырын емес. Мол мұра қалдырып кеткен зергер-ұсталар әлі зерттелген жоқ. Олардың қолынан шыққан заттар ғасырдан ғасырға жетіп тамсандырғанымен, көз майын таусып, бар ынта-жігерін жұмсап, өнерге тер төккен сол бір жандардың аттары аталмай да жатыр.



Соңғыбай – ұста ғана емес, шеберліктің барлық түрін жетік меңгерген жан еді. Ағаш, темірмен қатар тарамыс көннен таспа тілу, қайыс пен тері илеу, өрімші оған қоса, биік талғамды зергер. Ұста қолынан шыққан ердің өзінен өнердің барлық түрін табамыз. Ағаштан ерді шауып қиюластырып, иленген

былғарымен қаптау және оның бетіне күміс өрнектерімен безендіруден қанша өнердің басын қосып тұрғанын көріп тұрмыз. Ердің көлемі шағын, әрі жеңіл өте әсем безендірілген. Қасында құйысқан мен өмілдірігі бар. Басқа құралдары, тіпті үзеңгісі де сақталмаған. Құйысқан мен өмілдірігі де түгелдей безендірілген. Соған қарағанда бұл ер-тоқым түгелдей әшекейленіп істелгеніне күмандануға болмайды.

Бүгінде теңдесі жоқ бұл ер-тұрман құнды дүние болып есептеледі. Соңғыбай ұстаның қолынан шыққан көптеген бұйымдары ел ара-



сында көп екенін биылғы жылғы экспедициямен жүрген кезде көзіміз жетті. Ұстаның арнап істеп берген қобызы мен домбырасын қастерлеп сақтап отырған кісілерді көрдік. Балалары Әбдіжәми мен Гүлсімайдың үйлерінде әкесінің көзіндей сақтап жүрген заттары баршылық. «Шебердің қолы ортақ», -деп түйіндеген дана халқымыз, шебердің жасаған дүниесіне елі ие дегенді мегзейді.

## Бес ұста

1941-1945 жылғы соғыс жылдарында ауыл адамдары бар жарақты, мал-мүлкін "майдан үшін, жеңіс үшін" аяған жоқ. Өздері ішер асқа жарымай бір үйлі жан бір сиырдың сүтіне қарап қалса, дымы жоқтар өзен жағалап, тышқан аулап дегендей, елді жайлаған аштық халықты мықты әлсіреткен кезде, елді аштықтан құтқарудың жолын іздестіру керек болды. Шығанақ Берсиевтің тары өсірудегі даңқы ел еңсесін көтеруге негіз болды. Осындай қысылтаяң кезде Қарабұтақ ауданында суармалы егістік салып, оны суарудың тетігін тапқан бес ұстаның еңбегін елі есінен шығарған емес. Жастары егде тартса да елдегі еңбек майданына тартылған ұсталар Асанов Құрманәлі, Шигатиев Дәуренбек, Өксіков Тоба, Бегімбаев Амаң темір ұстасы, зергер Досмағамбет.

Олар ауданның суармалы егін егу жұмысының негізін салушылар десе де болады. Бесеуі бірігіп ай сайын бес шығырдаң ал көктемге дейін 32 шығыр жасап шығыпты. Шығыр жасау және оның онша ауыр болмай, үнемі айналып су құйып тұратын шелектерін үлкен шеңберге орналастырып, терең үлкен шұңқырға айналмалы тегермештер арқылы суды іліп алып, сыртқы жаққа дәл құйып тұру үшін қамтамасыз ету – айтар ауызға ғана жеңіл болар. Байқап қарасаңыз, бұл тұтас инженерлік жүйе, дәлдік пен қиыстыру, төменгі, ортаңғы және жоғарғы су таситын шеңбердің айналуы және оған жегілетін өгіздің не түйенің құрал-жабдығын өздері жасайды.

Шығыр – негізі ағаш болғанмен, темірсіз жасау өте күрделі жұмыс, оған қоса керекті заттар да табыла бермейді. Ағаш шебері мен темір ұстасының біріккен туындысы деуге болады. Дана халқымыз "Ұсталы ел озар, ұстасыз ел тозар" деп тегін айтпаған. Құнарлы жер мен өзен суының игілігін көрсете білген қажырлы еңбек пен өнер иелері – ұсталар еді.

Қайрақты өзенінің терең жағасына орнатылған шығырдан су ішкен далада өскен тары – елдің еңсесін көтергенін және сол кезде шығырын айдасып, торғайына қорғаш болған балалар – бүгінде ел ағалары өздерінің көргенін есіне алады (Т.Құрманалин "Өмір өткелдері" Ақтөбе, 2004).

Осы ұсталардан үйреніп, кейін айтулы темір ұстасы аталған Ысқақов Ыбырайым ұстаның өнері мен қатар өзі тұрған Милы ауылының ақылшысы, бүтіншісі, қазыналы әділ ағасы болғанымен, 1980 жылдары жиі естіп жүргенбіз: Ауылда монша салып, ағаш егіп, көшелерді таза ұстауды қолға алып, өзі бас болып сынған, қисайған араны қоршаудан, түзеуден қолы кетпейді екен. Қолынан балғасы мен шегесі түспейтін бүтінші болғанын елі аңыз етіп айтып жүргенін талай естігенбіз. Жазғы демалысқа ауылға келген жас өспірімнің шашы өсіп, жалбырап тұрғанын көрген ұста желкесінен ұстап алып шашын қысқартып беретінін білетін жастар ұста алдында дұрыс киініп, бойын тік ұстауға үйренген. Небір қиқар деген бала ұста алдында жіптіктей болатының жас отаулардың үй-жайың, қора-қопсысын өзі келіп түзеп беріп кете береді екен. Бір өзі бір ауылдың сақшысы, тәрбиешісі болып отырған ұстамен 1995 жылы кездесудің сәті түсті. Мінезі қызық адам, кез-келген адаммен сөйлесе кетпейді, өзі үнемі шаруа үстінде болады дегенді естіп, қорқа соғып барғанбыз. Қарт ұста бізді жақсы қарсы алып, үйінің жанындағы дүкенің, қысқы, жазғы ат әбзелдері мен құрал жабдықтары мұнтаздай болып жинаулы тұрғанын көрсетті. Бұрынғы қайрат жоқ, көзімнің тірісінде дүкенді ұстайтын адам таппадым. Менің дүкенім мектеп балалары үшін ашық. Қатаң талабым: құралдарды алған жеріңе қой, жерде бір шеге жатпасың,-деп ұқыптылыққа баулимын. Балалар оған үйренген. Кейде өздері дүкенді ашып, ұсақ-түйек, темір-терсекті іске жаратып жүрді. Алайда, ұсталық кәсіп менімен бітеді-ау деймін,- деді қария.

Жетпістен асса да еңкеймеген, ұзын бойлы, қайратты қарттың әңгімесінің өзі бізді баурап барады. Жадында сақтағыштығына таң қаласың: кім қашан басшы болып келгенде, не істеп бергенің, қай жылы шаруаға жайлы, жайсыз болғаның, айы, күніне дейін айтып береді. Бұл өзі сүйіп еткен адал еңбектің берген уақыты болар. Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадистерінде: "Адал кәсіппен айналысып, содан шаршап ұйықтаған адам күнәлары кешірілген халде түнейді", -делінгенді тап осы тынымсыз ұсталарға айтылғандай көремін. Бір ғажабы өткен су ыстығы мен күңгірт ұстахана ішінде темір соғып, бүкіл ғұмырын өткізген киелі өнер иелері ұзақ жасаған.

Керек затын істетіп алғанды ұнатқанмен, ұсталықты ұстайтын ықлас табылмай тұр. Кемпірім екеумізге арнап жататын үйімді салып қойдым. Кім біліпті, қандай заман боларың, біздің жақтың қысы да қатты. Балаларым қиындық көрмесін дегенім ғой,- деп бір түйді. Ауылымның түтіні дұрыс шықсын деп ұсталықпен қатар тазалық пен тәртіпті, аталық ақылымды, үлкендігімді істеп, айбат та болайын дедім. Ауыл адамдары мені түсініп, құрметтейді, өздері үшін екенін түсінгеніне мен ризамын. Соңғы кезде бар заттың иесі болмай, күн көрудің қамымен біраз салулы тұрған монша, клуб т.б қаңрап бос қалғанына жаным ауырады – деген ренжісін жасырған жоқ. Біз кездесіп отырған кезде Ыбырайым ұста жетпістен асқан, бұрынғы тап-тұйнақтай ауылдың да берекесі кетіп, жұмыссыздықтан ауыл адамдарының дағдарысқа ұшырап, күн көрістің қисыны қашып тұрған, өтпелі кезең болатын.

Күні-түні еңбек еткен адам өлетін болса, ұсталар өлер еді. Маңайдағы барлық колхоздың техникасын, адамдарға керек құрал-саймандар жасап, шаруашылықты ақсатпауды міндетіме алып, абыроймен атқардым,- дегенде, ұстаның “Халықтар достығы” құрмет белгісі орденін алғанын өзі айтпаса да білетінмін.

“Ұста бізді шығарып салып тұрып “Дүние екі келмейді, өгіз аттай желмейді”- дегендей, менің қартайған кезімде, кездестің, қарындасым. Ертерек болғанда музейінді толтырып қоятын дүниелер жасаған болар едім”,-деп қоштасты. Пірлі ұсталардың соңғы буыны ісі мен сөзі бір жерден табылатын қайратты қарт ұстаның дүкендеріндегі құралдары мен заттарынан көз алмай, әңгімесіне ризашылығымызды білдіріп аттандық.

Табиғатпен тамырлас, тіршілік атаулының құпиясы мен тыныс-тіршілігін тап басып біліп, сонымен елге пайдасын тиізген небір ғажап ілімнің иелері өтіпті бұл жерде.

**Кіребай Жолдыбайұлы (1879-1966)** – жұлдызшы, сынықшы. Жылдың төрт мезгіліндегі жан-жануарлардың мінез құлқына, өсімдіктердің өсу, гүлдеуі және аспан әлеміндегі ай мен күннің, жұлдыздардың орналасуын бақылап, ауа райының қандай болатынын болжап айтқаны айнымай келетінін елі ұмытпаған. Бір өкініштісі бұл кісінің ілімі туралы жазбаша ешнәрсе сақталмаған.

Халқымыздың дала төсінің әрі иесі, әрі сақшысы бола жүріп, өмірдің сан алуан саласында жұртына пайдасы тиетін аңшы, құсбегі, сынықшы, емші т.б сияқты кәсіпті жете меңгерген кісілердің шеті 1960-70 жылдарға дейін болғаны ел есінде.

**Ілиясова Рысжан**  
өлкетанушы, Қазақстан Республикасына  
еңбек сіңірген мәдениет қызметкері



## **V ТАРАУ**

# **ӘЙТЕКЕ БИ АУДАНЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАЛАРЫ**





**Бала жастан  
Бауыр басқан  
Бал дәуренім – байтағым.  
Сенсің бүгін жаңа дастан,  
Жырға қосқан айтарым.  
Бақыт – бұлбұл,  
Көкте – қыраң,  
Ағылған күй алқабың.  
Қарабұтақ,  
Бақ дарығаң,  
Дос пейілді дарқаным!**

**Мұхтар Құрманалин**

Әйтеке би ауданы облысымыздағы эпикалық мұраға бай, құлашы кең аймақтардың бірі. Оған аудан территориясындағы небір көмейінен жыры төгілген ақын-жыраулары мен от тілді, орақ ауызды шешен-билері, өнерімен тәнті еткен біртуар саңлақтары куә. Олардың қатарына атақты “Құл мен қыз” дастанын шығарған Жөкей Шаңғытбаев, әйгілі Қырымкерейдің шәкірті Жәкібай Сағымбайұлы, Бақыткерей Науқанов, Мәлік Әлмұратов, Құрманәлі Дәуітұлдарымен қатар, қазіргі көзі тірі, есімі республикаға мәшһүр ақын Мұхтар Құрманалин, өлең жинақтарымен республикаға танылып қалған Қызмет Нұралиндердің есімдері аудан жұртшылығында ғана емес, қазақ халқының арасына кеңінен таралған.

Осы өңірдің айтулы ақыны **Жөкей Шаңғытбаевтың** “Құл мен қыз” дастаны ҚазССР Ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының дайындауымен жарыққа шыққан “Батырлар жырының” үшінші томына енген. Оны өз замандасы, осы өңірдің тұлғасы Жәкібай жырау жеткізді. Әлі күнге дейін сол жерлерде “Құл” және “Қыз” деген жерлер бар. Сараттың арғы жағындағы сор – бір кездегі шалқыған көл болыпты. Осы аймақты жайлаған Балпақ байдың Әйім атты сұлу қызы болған. Жырда оны:

Әйімнің жасы келді он тоғызға,  
Әркім-ақ ынтық болды осы қызға.  
Сұлудың сұңғақ бойлы нұр дидары,  
Пара-пар аспандағы ай, жұлдызға –

деп суреттейді. Сол Балпақ байдың ұл баласы болмайды. Малың бағып жайлайтын он бес құлы болады. Он бес құлдың басшысы Талайлы деген ер өзінің атқарған қызметімен, іс-өнегесімен байға жағады. Жырда:

Талайлы әрі іскер, әрі балуан,  
Әртүрлі өнері бар алуан-алуан,  
Әрі ақын, әрі тілді шешен, шебер.  
Істейді әртүрлі істің бәрін қолдан.

Бай қызы Әйім өзін көруге, айттыруға келген мырзаларға көз ілмей, құл да болса, жігіттің төресі, өнерпаз жігіт Талайлыға ғашық болады. Екеуі сөз байласып қашып шығады. Құлдың астында Нарқұла деген аты болған, “Сары оба” деген жерден ертіп шыққан ғой. Сол жаққа қарай қашқан құл мен қыздың

артынан қуғыншылар түседі. Олар Текілінің басынан асып, Қарашатауға жеткенде, өздерінің арттарынан қуып келе жатқанын көреді. Сол кезде құл қызға: "Сен кете бер! Егер, мен аман-сау болсам – жалғыз жетемін. Ал енді адам көп болып келе жатса – менің өлгенім!" - дейді.

Содан, сол қыздың басында құлдың өзі қайратты адам болса керек, қуғыншылардың төрт-бесеуін ұрып-жығып тастайды. Келгендердің арасында мылтығы бар біреуі бар екең, құлды атып өлтіреді. Одан әрі қуғыншылар қызға қарай бет алады. Қыздың тұрған жері он бес-жиырма шақырымдай жер. Қыз қараса, көп адам келеді екең. Содан мойнына тасты байлап суға, тоғытқа батып кетеді. Дастанның қысқаша мазмұны осындай.

Сахара Сарыарқаның байтақ жері,

Сұлаған сулы жаннат екі белі.

Өлген соң біріне құл біріне қыз,

"Құл-Қыз" – деп атанады содан бері,-

деп аяқталады.

Жөкей Шаңғытбаев бұдан басқа "Ойқожа мен Қырқожа", "Көктазы", "Орқабай алып", "Дәме сұлу" поэмаларын жергілікті жыраулар жатқа айтып, ел ішін қанық еткен. Көптеген өлеңдері мен поэмаларынан үзінділер республикалық, облыстық мерзімді басылымдарда жиі жарияланып тұрған.

## Жыр дүлділі – Жәкібай

Сағымбайұлы Жәкібай – 1888 (сиыр) жылы Ырғыз уезінде туған. Әкесі Сағымбай үлкен бақсы болған кісі. Руы - Шөмекейдің Бабан Көнегі. Нағашысы Ор бойындағы Өскембай ауылының қызы Аққожа Жағалбайлысы, анасының аты – Ұлсынай. Бір көзінің ағы болғасын Сағымбай атын атамай «соқыр» дейді екең. Ұлсынайды 13 жасында қол бала етіп алады.

Жәкібай ортадан жоғары бойлы, ақ сары, қой көзді, қалың қабақты, ат жақты, қыр мұрынды, кең тынысты, өте ақ көңіл қайырымы мол кісі болған. Сағымбай – баласы Жәкібай үйленбеймін десе де тыңдамай Жетірудың ішіндегі Рамадан

Имағамбеттің қызы Ақсұлуды алып береді (1993 жылы 93 жасында қайтыс болды). Жәкібайдан үш бала (11 баладан) тірісі: Мінап – 1926 жылы туған (1999 жылы қайтты), Жаухар – 1928 жылы туған және мен - Зәмза 1936 жылы туылғанмын.

Жәкібай жасында молдадан сауатын ашқан, кейін Ырғыздағы екі кластық орыс мектебінде оқыған. Оқуға зерек болған Жәкібай жеті ағайынды болған, бірақ басқалары өліп қалады да, әрі отбасының шаруасына байланысты оқуды тастап кетеді. Кеңес өкіметі құрылғаннан кейін Ырғыз орта мектебінде шамалы уақыт ән-күй, домбырадан сабақ береді. Әркімдер шақырып жетілеп жырлата берген соң сабақ беруге уақыты болмай оны да тастап кетеді. Жәкібайдың арғы тегінде ақындық болмаған тек өз басында, нағашыларында домбыра тартатындар болған. Өлең айтып отырғанда өте сұлуланып кететін еді. Арқалы жырау болған. Ырғыздағы Әбу бақсы бір өлең айтып отырған кезінде үстінен шығып “ой, Жәкібай, мен сені әншейін жаттанды жырау шығар десем, арқалы екенсің ғой, ананы қараш, екі иығыңда екі бала дауысыңды домбыраға қосып отыр” деген екен. Жәкібай жетілеп, айлап өлең айтатын бірақ қайталап айтпайтын, әсіресе терме өлеңге түбі жоқ еді. Жәкібайды – қазақтың таңды таңға ұрып жырлайтын жыршы, жырауларының соңы деуге де болады. Ұйықтамай, қызыл күрең шайды ішіп отырып, әкеміз жеті күн, жеті түн жырлайтын:

“Тыңдаушысын қалғытса,  
Бейшаралығы жыраудың”, - дейтін.

Әкеміздің әкесі, атамыз – Сағымбай бақсы болған “Бақсыдан бақсы шығатын еді, ал бақсыдан жырау шықты дегенді естімедік”, - депті байлар. Сол кезде жырау отыз күн жырлап сынақтан өткен:

“Бақсыдан жырау тумайды деп,  
Тезіне қалдым сынақтың”, -

дегені осы болатын.

Әкем домбыраны тартқан кезде, тырнақ домбыраға тимеу керек дейтін. Тырнағын жұмсарту үшін қолын жиі-жиі суға салып отыратын. Домбыраның ішегін кәдімгі қойдың ішегінен дайындайтын, оны ұршықпен иіріп, бөлменің екі қабырғасына шеге қақтырып, шегеге тарттырып жасататын. Жырау домбыраны бабына келтіріп жасауды да, бабына, сазына

келтіріп орындауды да талап еткен Домбыра ешқашан дауысты басып кетпеуі керек дейтін.

Оралдық (Борлы ауданынан болу керек) жырау Әкімгерей Қостанұлы жылда сыбай атпен Ырғызға келіп жырлап, күзде 5-6 түйеге тапқанын артып қайтады екен (Осы Әкімгерей туралы Затаевичтің 1001 әні кітабында жазған). Әкімгерей келгенде ылғи байлардың үйіне түсетін болған. Бір жылы Бақашы 1000 жылқы біткен Сейділда бай, інісі Байділда Әкімгерейге қосшылыққа Байділданың бір домбыраға әуес баласын қосып жібереді, осыны үйретіп, батаңды берерсің деп. Жәкібай да қосшылыққа ергісі келгенмен Әкімгерей Байділданың сөзін тастай алмай, ерітпейді. Бірақ Жәкібай Әкімгерей қай ауылға барса да соңдарынан қалмай сыйса үйде, сыймаса сыртта Әкімгерейдің өлеңдерін тыңдап жүреді. Зерек Жәкібай айтқан терме, өлеңдерін, жадында сақтап отырады. Түнгі өлең айтып отырған кезінде Әкімгерей далаға шығарда қосшысына “мә - мына домбыраны суытпа!”, - деп беріп кететін көрінеді. Қосшысы домбыра тартқаны болмаса өлең айта алмайды. Бұған шыдамаған Жәкібай жетіп келіп домбыраны жұлып алады да Әкімгерейдің көп термесінің біреуін айтып жібереді. Сырттан кіріп келе жатқан Әкімгерей бір аяғы сыртта, бір аяғы іште Жәкібайды тыңдап тұрып қалады да, терменің соңында Әкімгерей қосшысына: “Міне, бүгіннен бастап қосшы маған мына Жәкібай, сен Байділдаға сәлем айт өкпелемесін. Менің де аққан терімді сыйла. Құмға су құйып ат сауара алмайсың. Ертеңнен бастап үйіңе қайт”, - деп қоя береді. Осыдан бастап Жәкібай “Жырау бала” атана бастайды. Әкімгерей келесі жылдары келгенде тыңдаушылар Әкімгерейге домбыраңды Жәкібайға берсеңші, Жәкібай айтсын деушілер көбейе бастағасын, бірде Әкімгерей: “Сен тұрғанда маған енді Ырғызға жол жоқ сияқты, үйге кіріп, мына Сыр бойы Қазалы жағын байқап, бағымды сынап қайтайын” деп бата береді. “Халқының қалаулысы бол, бал таңдай бол” деп батасын беріп Сырға жүріп кетеді. Күзде бір жолаушыдан Әкімгерейге хат беріп жіберген екен. Оқыса: “Жәкібай-жан, Ырғыздың халқындай халық жоқ екен-кісі айтқанын тыңдайтың Сыр бойы әркім өз айтқанын ұнатады екен. Бұл Ырғызға да, Сырға да соңғы сапарым болар, қош, мені танитындарға түгел сәлем айт” деп хатын аяқтапты.

Әкімгерей деген бет біткеннің сұлуы, азаматы еді, қасқыр түгіл адамзатқа қыймайтын кісі еді деп құран бағыштап отыратын Затаевичтің кітабында осы Әкімгерейді боранда аты тастап кетіп, қалың қасқыр жеп кетіпті деп жазыпты.

1930 жылдары Мұхтар Әуезов іссапармен Торғай жағына түнделетіп бара жатады. Бір ауылдың үстінен шығып, Мұхаң жол сұрауға бір үйге тоқтайды. Үйдің ішінен жыраудың даусын естейді де: "Бұл – кім?", - деп сұрап, біраз сыртта тыңдап тұрып, асығыс болғасын жүріп кетеді. Осы туралы 1980 жылдардағы "Жұлдыз" журналының соңғы номерінде Мұхаңның естеліктерінде былай жазыпты. "Асығыс жол сапармен кетіп бара жатып, Торғай жағында жолдан шатасып бір ауылға жол сұрауға жолай соқсам, жырау жыр жырлап жатыр екен. Асығыс болғасын көп тұра алмадым. Атын ұмыттым, Жабасақ жағынікі деп еді. Өте күшті айтатын кісі екен, ондай айтқыш жыршының даусын әлі есіткен жоқпын. Кейін кездесетін шығармын деп едім, кездесе алмадым", - деп жазыпты. Сол жырау - Жәкібай еді.

Жәкібайды 1936 жылы Алматыға шақырған екен бірақ бара алмапты. 1943 жылы Ақтөбеде халықтар талантына сол кездегі облыстық атқару комитетінің орынбасары Әмесов басшылық етіп, байқау өткізгеннен кейін, Нұрпейіс Байғанин екеуіне мал сойып, үйіне шақырып Жәкеңе өлең айттырады. Сонда Әмесов Жәкеңнің сыртына шығып: "Мынау құдырет қой, Жәке, сіздің осы даусыңыз қай жеріңізден шығып жатыр, көрсетші?", - деген екен. Мына Нұрекең қағаз арқылы өлең жазғанмен сіздей айта алмайды деп ертеңіне Нұрекеңе қайтуға ұлықсат беріп, Жәкеңді бір жеті жырлатыпты. Соңында: "Жәке, қалай болғанмен де, Алматыға баруыңыз керек, кейін шақыру қағазын жібереміз", - деген. Шақыру қағазы колхозға үш рет келді. Жеткізуге көлік, жолға қаражат бөлсін деген. Бірақ ауырып қалып (жүрегінің қабы кеңіген) бара алмады.

Жәкібай қандай қалың кітап қиссаларды бір-екі оқығанда жаттап алады, бірақ әніне жетілеп отыратын еді. Кейбір қиссаларды, өлеңді оқып отырғанда күлетін де: - Ой, мына жері олақ, редактордың жұлмалауынан шыққан ғой. Ол олай емес, былай ғой, - деп айтып жіберетін.

Бірде Жәкең «Зарқұм соғысын» айтып отырғанда кітабын қарап отырған мен, артынан өлеңді өтірік айтасың ба? - деп сұрағанымда, - Ол кітап сөзі қызғылықсыз, тартымсыз болады.

Сондықтан тыңдаушыны қызықтырып, күлдіріп отыру керек деген-ді. Осы жөнінде Әбділда Тәжібаевтың “Жылдар, ойлар” деген кітабында: “Нағыз жырау - әрі ақын, әрі композитор болады. Олай болмаса ол – жырау емес”, - деген.

Соғыс жылдарында колхозда ақын Шаңғытбаев Жөкей ағай «Құл мен қыз», «Жанғожа батыр», «Ой қожа мен Қыр қожа», «Опасыз жар» (ел ішінде «Көк тазы» аталады), «Елемес-Аман», т.б. дастандарды шығарды. Жазып болғаннан кейін де, Жәкең көптеген түзетулер енгізіп отырды. Соның арқасында баспаға (батырлар жинағында) Жөкей Шаңғытбаевтың жазғаны тәуір деп танылды.

Жәкібай терме өлеңге түбі жоқ еді. Қиссалардан айтатыны есте қалғаны. «Орақ-Мамай», «Алпамыстың» екі саласы, «Зарқұм соғысы», «Дәндән батыр», «Қарасай батыр», «Қамбар батыр», «Жанғожа батыр», «Елемес-Аман», «Ой қожа мен Қыр қожа», «Құл мен қыз», «Опасыз жар». Қалғандарын ұмыттым. Мұхиттың, Балқы Базар жыраудың өлеңдерін де айтатың

Жәкібай жырау мен едім,  
Қай жыраудан кем едім?  
Жылағанды жұбаттым,  
Сүрінгенді демедім –

дейтін кейінгі кезде. Ал жас шағында:

Менің атым - Жәкібай,  
Сөз сөйлеймін осылай.  
Қыз-келіншек жыйналмай,  
Даусым бір отыр аңқымай, -

деген екен

1945 жылдары болу керек Ырғызда Жұмабек Дүйісов аудандық атқару комитетінің төрағасы болып жүргенде өкпе ауруымен ауырып жұмыстан босағасын Қазалы жаққа көшеді. Жәкібайға: “Менімен бірге жүрсейші, біздің ел де дауысыңызды тыңдасын депті. Жәкең сөзін қимай барады. Кешкілік клуб меңгерушісін Жұмабек шақырып алып: «Бүгін концерт болады деп есіттім. Соңғы жағынан мына Жәкеңді тыңдасын халық», - дейді. Концерт бітті дегесін Жәкең барса, клуб меңгерушісі: - Ойбай, сақал-мұртыңыз бар екен. Онымен сахнаға шығуға болмайды, алдыру керек, - демесі бар ма, сонда Жәкең: -

Қырыққан ешкідей тонайтын болсаң, шықпаймын, өлең айтпаймын деп отырып алады. Залда отырған жастар жаңағы: “Жырауың қашан шығады?”, - деп айқайға басады. Сасқан клуб меңгерушісі Жәке сахнаға шыға беріңіз, күлсе сізге күледі ғой депті. Өлең басталған мезгілде жастар жағы үйлеріне жүгіріп үлкендерін жырау жырлап жатыр деп жинап келіпті. Клуб іші адамға сыймай кетіпті. Уақыт болды деп клубты жабам деген әлгі жіптке халық клубты жаптырмаған. Сасқан клуб меңгерушісі Жұмабекке жүгіріп барып: - Халық клубты жаптыратын емес, ертең жұрт жұмысқа шықпай қалса бастықтан таяқ жеймін дегенде Жұмабек Жәкең қайта-қайта келе бермес, мен өзім бастығыңмен сөйлесермін, халық тыңдасын депті. Халық таңертең шаққа тарап, содан екі жеті он бес күндей үйлеріне Жәкеңді шақырып өлең тыңдапты.

Бірде Ақтөбеден келген артистер мәдени қоста колхозшыларға концерт қояды да, кешкілік Жәкеңді жырлатады. Жәкең: - Шырақтарым-ау, өздерің де өлең айтасыңдар ғой, мені неге қолқалайсыңдар? - дегенде әйгілі артист Жүсіп Сейілов (кейін Қарабұтақта жерленді, бұл кісі де жыр айтатынды): - Ой, ағай, біздікі тек құр шатпақ, шұбартушы секілді бірдемелер ғой Сіздей қайда?! Көктемгі егіс пен орақ кездерін асыға күтеміз, қайда барасыңдар дегенде, алдымен сіздің ауылды атаймыз. Шөліккеп, шөлдеп, дауысыңызды сағынып, жеткенше асығамыз,- деген екен Жүсіп.

1998 жылы жазбаша, ауызша Жәкеңнің өмірі туралы облыстық өлкетану мұражайының директоры Ырысжан Ілиясоваға берілді. Ол дыбыс таспасына жазып алды. Әкем жөнінде деректерді, өлеңдерін жағалбайлы жағы жақсы біледі. Қотансу, Керуенбай, Дамбар, Ақжарлардан шығуы мүмкін. Осы кезге дейін оның әндерін ешкім айта алып жүрген жоқ. Термесің әні, күйі деп радиодан бергенін естігенім бар.

Әкем қайтар сәтінде қаптаған ұшып жүрген топ үйректі көріпті. Қасындағыларға: «Неге атып алмайсыңдар?»,-депті, бірақ жан-жағындағылар ондай құбылысты байқамапты. Ол – жан тәсілім алдындағы ұшып шығып жатқан өлеңінің пірі екен. Әкеміз 1954 жылы 4 шілдеде қайтыс болды, 6 шілдеде жерге тапсырдық. «Бір уыс топырағым далада қалмасын!»,-депті.

**Зәмзә Жәкібайұлы**  
зейнеткер.





**Зәмзә Жәкібайұлы** - әйгілі Жәкібай жыраудың 1936 жылы туылған баласы, бүгінде Әйтеке би ауданының Ақтасты ауылының зейнеткері. Осы ауылда көп жылдар бойы бухгалтерлік қызмет атқарған ақсақал экспедиция құрамымен кездесіп, әкесінің өмірі мен шығармашылығы жайында қызғылықты әңгіме шерте отырып, жыраудың бұрын соңды жарияланбаған өлең-толғаулары мен аудандық газет беттерінде жариялаған мақалаларын көрсетті. Қазақтың жыраулық дәстүрінің соңғы жүгін көтерушілердің бірі – Жәкібай жөніндегі тың мәліметті баласы аузынан естідік те, тұтас шығармашылық талдауға лайық тұлға, тыңғылықты зерттеуді талап етіп тұрған жырау екенін аңғардық. Төмендегі Жәкібай жыраудың толғаулары баласы – Зәмзадан алынды:

**Жәкібай жыраудың Әкімгерей Қостанұлын қатты боранда аты тастап кетіп, қалың қасқырға тап болып қайтыс болыпты деп естігенде айтқаны:**

Менің пірім көп үйрек көк алалы,  
Батагөйім - Әкімгерей Қостан ұлы.  
Қар кетіп көктем шыға Орал жақтаң,

Сыбай атпен Ырғызға келуші еді.  
Күзге дейін ел аралап өлең айтып,  
Ырғыздың халқыменен қош айтысып,  
Қимай-қимай еліне қайтушы еді.  
Кетерде алты нарға жүгін артып,  
Тағдырға шара бар ма құдай жазған.  
Тағдырды өзгерте алмас ешбір адам,  
Тағы түгіл адамға қимаушы едім,  
Дүние-ай, өтер-кетер түбі жалған... –  
деп құран бағыштап отыратынды.

### **Жәкібай жыраудың термелерінен қысқаша үзінді:**

Жәкібай жырау мен едім,  
Қай жыраудан кем едім,  
Жырау бөлек жыршыдаң,  
Арқалы жырау мен едім.  
Мен де бір жүрген еркесі,  
Қаумалаған халқымның,  
Ардақтысы болдым қарсы алар.  
Әлім менен Шөменнің,  
Жылағанын жұбаттым,  
Сүрінгенді демедім,  
Талай сараң байлардаң,  
Ала жағын жарлының,  
Тілмен де алып бергенмін.  
Қазақтан шешен халық жоқ,  
Жыраудың сөзі құдырет,  
Намысын қайрап жалғыз да,  
Қаптаған жауға салған ед.  
Ерлердің құнын айтысқа,  
Бір ауыз сөзбен шешкен ед.  
Қылыш кеспес тілдерді,  
Жүйелі сөзбен кескен ед.  
Тілегенің халқым сөз болса,  
Алдарыңда төгейін.  
Жер танабын тартатың,

Бауырынан жараған,  
Бәйгі атындап желейін.  
Делебеңді қыздырар,  
Жел сөзді неге аяйың,  
Шымырлатып бойыңды,  
Қиқулатып қояйың.  
Бүгежектеп жатырмың,  
Бауырым жазып алайың,  
Неше бір болған айтыста,  
Талайдың бердім сазайың.  
Өлеңге менің түбім жоқ,  
Сарқылмайтын бұлақпың  
Бақсыдан жырау тумайды деп,  
Тезінеде қалдым сынақтың.  
Отыз күн үзбей жыр айтып,  
Қалыбынан өттім сынақтың.  
Аққан терден ойылды,  
Сол сынақта арқасы,  
Үстіме киген киімнің.  
Сағынып қалған халқым-ай,  
Таңды таңға қосармың.  
Тыңдаушысын қалғытса,  
Бейшаралығы да жыраудың.  
Жылжи-жылжи алдыма,  
Тастап кетпеңдер орныңды.  
Таласып қалмай артынаң,  
Тапқандарың орынды.  
Сыймаған үйге көп халық,  
Сыртта тұр екен айнала,  
Сыпырар үйдің киізің,  
Делебесі қозғанда.  
Салқын тиіп қалмасың,  
Қолдағы жас балаға,  
Таң атып күн шыққанда,  
Ескертемін, жұртым, абайла.

## Жәкібайдың айтатын термелерінің бірі.

Әуелі Алла жар еттім,  
Ыңырап көңіл тілменен.  
Пайғамбар да өріп еді,  
Төрт шаһарияр пірменен.  
Құдайым қожа, пенде құл,  
Айдаса жүрер жолменен.  
Сандуғаш болып сайрайың,  
Бақшадағы гүлменен.  
Қазына көңіл саудагер,  
Алымсақ адам бар болса,  
Шығарайын тілменен.  
Бұл күндегі жел сөзім,  
Өлгенде ұшар желменен.  
Дүниенің түбіне,  
Талай ерлер талпынып,  
Айнала қолын сермеген.  
Кетеріне келгенде,  
Араз болған тамырдай,  
Қайырылып қолын бермеген.  
Өзі болған жігітке,  
Жатта бір жақсы ағайын.  
Қаусырмалы тіл мен жақ,  
Қақпалап жолға салайың.  
Аталы болған жаманнаң,  
Өзі болған тек артық.  
Кәдір білмес жаманнаң,  
Құныңды білген дос артық.  
Білмей артық сөйлеуден,  
Сөйлемей тұру бас артық.  
Әр нәрсенің бағасы,  
Қалайыдан жез артық.

Арық малдың етінен,  
 Бір тостаған сөк артық.  
 Сайран салып жүруге,  
 Қараңғы түннен күн артық.  
 Өтпейтін алмас қылыштан,  
 Қолдағы қамшың көп артық.  
 Көктемесе жаңбыр боп,  
 Қайырсыз жаздан қыс артық.  
 Тобылғылы шұбардан,  
 Панасыз таудың несі артық.  
 Қу қанжыға жүйріктің,  
 Топыраштан несі артық.  
 Қарғалы тай, қатқан тоң,  
 Қараша көзін шұқиды.  
 Бір қарауға мұң болады,  
 Қара көзден нұр тайса.  
 Ауылың қиқу күнде шу,  
 Азамат ерден бақ тайса,  
 Жабы басы тозады.  
 Аруанадан қом тайса.  
 Жолда жүгі қалады,  
 Көл суалып ортайса,  
 Бақа-шаян жайлайды  
 Құдыққа құлан жығылса,  
 Көзіне шыбын үймелер.

**Жәкібай насыбай ататың, насыбай атып жатқан  
 адамның жарғағын былай сұрайтын-ды:**

Менің де атым - Жәкібай,  
 Сөз сөйлеймін осылай,  
 Алтын шақша қолға алып,  
 Атар ма еді насыбай?  
 Насыбайдың жоғынаң  
 Ауырып отыр басым-ай.  
 Бермен таста жарғақты,

Тістің түбі зар қақты,  
Бір батырып алайын,  
Сұқ қолменен бармақты.

\* \* \*

Ертегі сөзге олақпын,  
Терме сөзге шебермін.  
Терме сөзге келгенде,  
Ақ бөкендей алдыңда,  
Дөңгеленіп желермін.



Суретте: Экспедиция мүшелері  
Зәмзе Жәкібайұлының отбасымен бірге.

## Құрманәлі Дәуітұлы

Белгілі халық ақыны Құрманәлі Дәуітұлы 1892 жылы Қарабұтақ ауданында дүниеге келген. Ақын өлеңдері кезінде баспасөз бетін көрмегенімен ел арасына жыршы-жыраулар арқылы кеңінен тараған. Әйтеке би, Ырғыз, Шалқар аудандарында, Сыр бойының Арал, Қазалы өңірінде Құрманәлінің толғаулары мен термелерін білетін жыраулар ел арасында әлі де кездеседі.

Құрманәлі өз кезінде айтыс ақыны ретінде де белгілі болған. Оның «Жазушы» баспасынан айтыс жанрына арналып шыққан көп томдықтардың екінші томында (1988жыл) Мәриям қызбен айтысы бар. Ауыз әдебиетінің мол мұрасын бойына сіңіріп, сусындаған ақын өз кезінің айтулы ақындарының бірі болған. Ол 1938 жылы Қызылорда облысының Қазалы ауданының «Дихан» ұжымшарында дүние салған. Сүйегі сондағы «Қарсақпай» қорымында. Ол қазақ поэзиясының белгілі ақыны Мұхтар Құрманалиннің әкесі.

### Қазақтың болған панасы Құрманәлі Дәуітұлы

...Ерғайыпты хан сайлап,  
Сумпазыны пір сайлап,  
Қалмаққа күнде аттанған  
Жәнібек, Есет ту байлап,  
Кіші жүз байтақ ел болды,  
Ыңырсыған жылқы айдап.  
Қыс болса көшіп Қызылға,  
Жаз болса шалқар көл жайлап.  
Мен айтайын барымды,  
Ерғайып-Есім ханымды,  
Адайдан шыққан Әбілді,  
Байлыдан шыққан Байтақты,  
Тамадан шыққан ер Есет  
Мұсылманға жағымды.  
Қарабатыр тәлтекем  
Найзасын көктей өткергең

Досын жақтап бір кезде,  
Кемеліне жеткізген  
Сол секілді ерлерім,  
Бескүншілік жалғанда  
Дәуірін бастан өткізген.  
Тоқадан шыққан би болды  
Кешегі Сәтбай данышпан.  
Белгілі жүйрік озбай ма,  
Қиғаштаған шабыстан  
Алшыннан шыққан белгілі  
Жетікедей баласы,  
Қосқұлақтың ақыны,  
Бақа би ер данасы.  
Үлгілі сөзді бастаған  
Қатардан артық шамасы.  
Айырып ата айтуға  
Білуге қиын болып тұр.  
Төрт Шөменнің арасы.  
Жылқы малдың болмайды,  
Арғымақ аттай шабысы.  
Өзен сумен тең болмас,  
Дарияның қатты ағысы.  
Айтқан сайын өрлеймін,  
Жорғаңның қалай шабысы.  
Төлөпберген баласы  
Кешегі өткен би Алмат,  
Алысқа жеткен дабысы.  
Қарадан туып хан болған,  
Ұнаған жұртқа әр ісі.  
Айып етпе, жақсылар,  
Сөзімнің болса шалысы.  
Алматтан туған белгілі  
Мынау бір жүрген Самырат.  
Әлім-Шөмен ішінде  
Бәйгіден келген тарлан ат,  
Сыпайылығың оздырған,  
Сөйлеген сөзі бек қымбат,  
Абыройлы, әдепті,  
Таппасаң бұдан қалетті.



Сарқасқада Қалдан би,  
Сол сықылды нар өтті.  
Болып тұрған күнінде,  
Ешкімге теңдік бермепті.  
Аш арыстан секілді,  
Қасына дұшпан келмепті,  
Бұдан шыққан ұл Қисық,  
Дабысы алған жер-көкті.  
Баласы оның Тұрымбет  
Жалғанға қолын сермепті.

Құлақ салсаң, ағалар,  
Әлімнен сөзді бастайын.  
Айта алман деп жел сөзді  
Қорғалап сірә саспаймын.  
Шамалы жерден жобалап,  
Сүбелі жерден ұстаймын.  
Әлім атам баласы,  
Әлкені екен Жаманақ,  
Қалың жатқан Кішкенә,  
Жақайым, Тілеу, бұл Қабақ,  
Берекетті ел еді.  
Дұға бір дарып, қонған бақ.

Мынау бір жатқан төменде,  
Әлім менен Шөменде.  
Бұл заманның адамы  
Болады құмар өлеңге.  
Кәпірменен жау болып,  
Қол ұрған түпсіз тереңге.  
Қаладан орыс қашырған,  
Бабажанды өлтіріп,  
Қоқанға сартты асырған.  
Ерегіскен дұшпаны  
Аяғыңа бас ұрған.  
Сескенбеген жау бар ма,  
Жанқожадай батырдан

Раманқұл хан болған  
Үргеніштің еліне.  
Тіл тигізіп болмайды,  
Арғы бір ата-тегіне.  
Орысқа қала салдырған  
Сыр-Қуаңның жеріне,  
Ақыл айтып, үгіттеп,  
Кіші жүздің еліне.  
Болып тұрған күнінде  
Жан келмеген бетіне.  
Болашағын ойлаған  
Осылардың кемі не?

Сыр бойына хан болды  
Бекбауыл ұлы Құлбарақ,  
Құдайы қалап қонған бақ,  
Заманында шықты Сердалы,  
Асыл дегдар баласы  
Аққандай бұлақ сорғалап,  
Әкім болып, ел билеп,  
Алмағамбет, Бекетай,  
Қазалының білгірі,  
Дәулет, бақыт – бәрі сай.  
Алданазар болыстың  
Айтсам бір сөзі бірталай,  
Дәрменқұл Жетес би шығып,  
Шектінің болды қорғаны-ай.  
Бекмырза да ер еді,  
Қабағы қалың қырандай.  
Түсі суық көрінген  
Бауыры шұбар жыландай.  
Алтайыдай бұлаңдап  
Баянсыз мынау сұм жалған  
Солардан да қалғаны-ай.

Айтуыма көп жатыр  
Қабактың мынау баласы.  
Белгілі жерден айтпасам,

Атаның болар таласы.  
Бәрін тамам айтуға  
Жорғаның келмес шамасы.  
Бес Пұсырман ішінде  
Ерлік қылып оқ атқан  
Қарабастың баласы.  
Арыстан мен Көтібар,  
Қаптаған қалың аруақ,  
Төбесінде бұлты бар.  
Арыстандай ер Есет,  
Дұшпанға қылған серті бар.  
Тел күрең атты ойнатып,  
Ауыздығын шайнатып,  
Қандай жан бұдан құтылар.  
Адам артық туар ма,  
Көтібар ұлы Есеттей.  
Ішіне сақтап қайратың,  
Дұшпанға келді көрсетпей.  
Заманның шошып түрінең,  
Ойлаған артың іс етпей.  
Ақылы асқан би еді,  
Мінезі жайлы төсектей.  
Әзберген шықты Қабақтаң,  
Әкім болып, ел билеп,  
Халықты аузына қаратқан.  
Қалыбектен туады  
Отаралы би Қасым,  
Бұлардан сірә кім басым.  
Құдай артық жаратқан  
Отаралы баласың.  
Айтады мұны жорғасы,  
Бұл Тілеудің ішінде,  
Отыз ұлды Достанды,  
Қарағұл Шыман би шығып,  
Жаулыбайдың үш ханы,  
Болып тұрған күнінде  
Кемітпеген дұшпаны.

Түтеген мылтық ішінде,  
Қарсы қарай шапқан-ды.  
Кешегі өткен Мырзағұл  
Қазақтың еді ажары.  
Жанқожаға қосылса,  
Дін мұсылман қазақтың  
Жұмсайтын жауға қарағы.  
Қаракесек нәсілі,  
Ер туар ма Ақтаңдай,  
Қабағы қалың ер еді,  
Ашуы келіп ақырса,  
Дарияның суы қатқандай.  
Мен айтайың, ағалар,  
Егізбай болыс Нысанды,  
Ақылына қарасам  
Мысалы дария ұшанды.  
Болып тұрған күнінде  
Қаулаған өрттей тұтанды.  
Қайраты асып қатардаң,  
Егізбай-Нысан атанды.  
Артық деп кім айтады  
Тәтенің ұлы Ораздан.  
Әлім-Шөмен ішінде  
Бәйгеден келген торы азбан.  
Қызыл тілге келгенде  
Сол сықылды жорғадан  
Айтар сөзге кім озған.  
Бақыты асқан би еді,  
Биік жерге қол созған.  
Әлімнің мынау баласы,  
Байтақ жатқан Төртқара.  
Әруақты көтеріп  
Айтар жерің осы ара.  
Жақсылардың алдында  
Қызыл бір тілім жорғала.  
Төртқараның баласы,  
Төлтекем еді ағасы.  
Қарабатыр барында,

Қисаймаған жағасы.  
Тайталаста тең болып,  
Келмеген ешкім шамасы,  
Орасан артық қан төгіп,  
Менменнің жүрмес тобасы.  
Құлтабанның баласы,  
Ер туар ма Қарадай,  
Найзасы қанға боялған  
Баласы оның Жолдыбай.  
Қалмақты жаулап өтіпті,  
Кигені сауыт, дулығай,  
Арыстандай, айбатты.  
Жарып туған қайратты,  
Жынды көрсе жынданған,  
Жараған тойға бәйге аты,  
Ерғалаң ұлы Нұржігіт  
Адамның қайтпас болаты.  
Айтулы ердің ұрпағы,  
Қараның нағыз жұраты,  
Қатардан бағып асыраған,  
Дұшпаны қорқып бас ұрған.  
Кем деп ешкім айта алмас  
Былшықбайдай кісіні.  
Дін-мұсылман қарындас,  
Төртқараның жорғасы  
Бәйге алатын тұлғасы.  
Төлтекемде би Сапақ,  
Қатардан артық өз басы,  
Орасан тілді болыпты,  
Берген соң бақыт аласы.  
Уақыты бітсе жүрмек жоқ  
Мынау бір тұрған қара жер...

# Құрманәлі мен Мәриям қыздың айтысы

**Құрманәлі:**

Қыз деген қарап тұрсаң – қызыл түлкі,  
Жарасар қырын киген кәмшат бөркі.  
Ата-ана тірнектеумен қызым бар деп,  
Кетеді құр далаға жиған мүлкі.  
Асығып бұл байғұс та жүрген шығар,  
Басында бейшараның бар ма еркі.

**Мәриям:**

Әй, аға, мінген атың күрең қасқа,  
Жат адам көрінесіз түрің басқа.  
Кім едің келмей жатып қыз сынаған,  
Жарамас жөн сұрамай тұру босқа.  
Әпсәтте абайламай қапы қалдым,  
Жаңағы сөзіңізді қайта баста.

**Құрманәлі:**

Қарағым, бала екенсің жаңа талап,  
Кеткен бе бауырыңды шайтан жалап.  
Бел буып, білек түріп шыға келдің,  
Не етесің жолаушының жөнін сұрап?  
Басқа қыз сөйлемейді, сен сөйлейсің,  
Тиюге тұр ма маған көңілің құлап?

**Мәриям:**

Ей, аға, әзілді қой, сөзді баста,  
Дұрыс айт жауабыңды, қорқып саспа.  
Бейшара, өз жөніңе жүре бермей,  
Тар жерде кетесің-ау, күйіп босқа.

**Құрманәлі:**

Қасыңа кіріп келдім қызарған соң,  
Түлкідей бұлаңдайсың қыз болған соң.  
Бір сөзді байқау үшін айтып едім,  
Жүре алмай ту биедей сен қалған соң.

Алдымнан көлденеңдеп шыға келдің,  
Бәріңнің ар-намысың бір болған соң.

**Мәриям:**

Ей, аға, тиістің ғой келіп өзің,  
Шаншудай қадалады айтқан сөзің.  
Елімде сендей қашқын толып жатыр,  
Білдірші ат-жөніңді әуелі өзің?

**Құрманәлі:**

Шырағым, «Бісмиллә» сөздің басы,  
Ашылмас егес болмай сөздің нәші.  
Сұрасаң руымды мен айтайың,  
Әлімнің Арқадағы Төртқарасы.  
Білмесең, атым менің Құрманәлі,  
Тәлтекем Қара батыр ұлы атасы.  
Шешеннің қай жерінен мін табасың,  
Нағашым – Кішкененің Жанғожасы.

**Мәриям:**

Білемін Төртқараның жай-жапсарың,  
Бек білем бес шектінің ол қошқарың.  
Ат қойып асылыңа тіл тигізбей,  
Жәкеңнің сыйлаймыз біз әруағың.  
Төртқара ат төбелі деп естуші едік,  
Атақты ешкім білмейді адамдарың.  
Алдымнан көлденеңдеп шыға келіп,  
Көрдің бе құраманың ел болғанын?

**Құрманәлі:**

Қыз бала, руың қай туғансың,  
Несіне аяналық сөз қуған соң.  
Көңілім айтпай өлең ашылып тұр,  
Бір жүйрік Сыр бойынан кез болған соң.

**Мәриям:**

Ауылымның ақсақалы Қалмен батыр,  
Бір шеті төрт түліктің қырда жатыр.  
Баласы Көлдейбектің Ермұхамбет

Салдықпен Сағанаққа құрған шатыр.  
Елінде сенің сондай туды ма бек,  
Қиялды түгел елге айтқан ақыл  
Сұрасаң руымды - Қарасақал,  
Осындай кез келгенде айтпақ мақұл

**Құрманәлі:**

Қыз бала қызығымен дидар ғайып,  
Ар үшін айтысқан сөз болмас айып.  
Елімді неге менің кемітесің,  
Байлық пен мырзалықты айтысайық.  
Байқабыл, Орман атты байларым бар,  
Керемет келген жерде шалықтайық.  
Сонау жыл Байқабылға ас бергенде  
Қалменің кеткен жоқ па шала байып?  
Орманға мың қой бітіп ас қылғанда,  
Байлықпен аты шыққан адырайып.  
Балшықбай, Құламенде, Былшық биім,  
Дұшпанды қарсы келген қылған майып.  
Орынсыз жерге құлаш ұрамын деп,  
Кетпесін қапылыста табан тайып.

**Мәриям:**

Қой, аға байлықты айтпа, мешінің бар,  
Және де ұрлық қылған кәсібің бар.  
Төртқара қырда қалған ат еріндей,  
Бермейді елге маза шұбырғандар.  
Бейшара, өзің дағы қаңғып жүріп,  
Айтатын байлық жайын не жөнің бар?

**Құрманәлі:**

Қыз бала, айтып оны алжаспалық,  
Көрмеген бұл аштықты бар ма халық.  
Біз түгіл орыс, ноғай – бәрі де ауған,  
Аштан өлген дегенге арланбалық.  
Сонау жыл Ақтөбе, Ырғыз сен де бардың,  
Ол жайлы айтып бетке мін қылмайық.  
Құдайдың не қылса да өз қолында,  
Аштықты тоғайдық деп ұмытпалық.



**Мәриям:**

Ауылым Қуаң қыстап, құм жайлаған,  
Сәнді етіп шатыр тігіп, жылқы айдаған.  
Кісіге келмей жатып сын тағасың,  
Бос жүрген жан шығарсың абыройдан.  
Кісіні байтал дейсің, шайтан дейсің,  
Туғандай Кеңесары, Абылайдан.  
Бейшара, өз жөніңмен жүре бермей,  
Бір үлкен сес көрерсің сор қайнаған.

**Құрманәлі:**

Көтерер егес болса ердің бағы,  
Шешеннің суырылар тіл мен жағы.  
Жиенің, бозқасқа айтып шыққанында,  
Жәкеңнің қолдай көрсін әруағы.  
Елсізде екі жүйрік айтысқанда,  
Қызулы шықпады ма сөз ошағы.  
Шырағым, байтал десем шамданасың,  
Мінезің қалмапты ғой құлындағы.  
Не етесің тулағанмен күнің өтер,  
Жеңем деп тұрсың ба ойлап шынындағы.  
Құдаша, жел қуықтың өзі екенсің,  
Шапса да шаршамайтын түннің уағы.

Әзірлеген баласы  
Мұхтар Құрманәліұлы  
Ақтөбе. 14 шілде 2006ж.

**Сидақ Дайрабайұлы** – 1872 жылы Қарабұтақ маңындағы Көрпе ауылында дүниеге келген. Оның айтқырлығы мен суырып салма қасиеті халық арасына кең тарап, әйгілі Нұрпейіс Байғаниннің де назарына ілігіп, 1939 жылы кездесіп, екі ақын біршама сөз жарыстырғандары ел аузынан белгілі. Соның бір дәлелі - Нұрпейіс ақын бірде, іні орнына жарап жүрген Сидақ ақынды сынамақ болып: “Мына үйді суреттеп берші”, - дейді. Сонда Сидақ іліп ала былай дейді:

Маңдайша, қос босаға, табалдырық,  
Тоғыз қанат кереге, тоқсан уық.  
Еңселі ақ ордаға сән беріп тұр  
Қара шаңырақ орнаған оған уық,  
Төрт туырлық, екі үзік, жеке түндік  
Көрінген еңселі орда жерден күндік.  
Сәукеледей келіннің көрінесің  
Дауыл тұрса, желбауы иықтан буып.

Сондай-ақ ақынның айтыс өнерінде де өзіне тән өресін танытатын таланты болған. Бұған дәлел ретінде Сидақ ақынның Ырысты қызбен айтысын атап айтуға болады. Айтыстың бұл нұсқасы 1988 жылы жарық көрген “Айтыс” кітабының II томында жарияланды.

Сидақ Дайрабайұлының шығармашылық шабытының шыңдалған тұсы – Екінші дүниежүзілік соғыс тұсында. Ұлы Отан соғысы жылдарында халықтың ерлік рухы мен патриоттық сезімін ояту идеясында жазылған өлеңдері болатын.

**Закария Шоқаев (1903-1971)** – 1903 жылы Әйтеке би ауданының Қарабұтақ ауылында дүниеге келген. Халық арасында жырау атанған Закария “Орақ-Мамай”, “Кенесары-Наурызбай”, “Сегіз-Мақпал” жыр-дастандарын нақышына келтіріп орындаудың шебері болған. Жыршының өнері айтыс жанрында да кеңінен танылды. 1960 жылы наурыз айында Ырғыз ауданы мен Қарабұтақ аудандары



ақындарының айтысы болды. Сол ақындар сайысында Мәлік Әлмұратовпен айтысқан. Оның Мәлік Әлмұратовпен айтысының қолжазба нұсқасы Мәлік өлеңдерінің арасынан табылды.

## Закария мен Мәліктің айтысы

Клубқа жиналған жұрт сыймай кетті,  
Айтысты асығумен бәрі күтті.  
Айтысы екі ауданның басталды деп,  
Үй-үйге радиодан хабар етті.  
Сампылдап барлық жерде радио,  
Тұс-тұстан көшелерді күмбірлетті.  
Тәтті үң тамылжыған буынды алып,  
Ақындар міне айтысты бастап кетті.  
Шырқалған шат көңілді кешкі дауыс,  
Құйқылжып, шыр айналып, көкке жетті.  
Айтысты ең әуелі Жөкең бастап,  
Екінші міне маған кезек жетті.  
Айтысқа келді маған Закария,  
Қартаңдау жігіт екен көрген көпті.  
Төселген бұрын жорға кісі екен.  
Әр сөзге оралымды тілі епті.

Үйде де, көшеде де тыңдап жырды,  
Селт етпей есітуге бәрі тынды.  
Екеуміз екі жақтан домбыра алып,  
Жетістік, кемшілікпен айттық шынды.  
Байлығын екі ауданның салыстырып,  
Ортаға салып өттік бүкпей сырды.  
Түзеуге кемшілікті мойындадық,  
Орынды, тура айтылған әділ сынды.

Сондағы айтысымыз міне тыңда,  
Екеуміз екі жақтан түстік сынға.  
Айтысты онан бұрын мен бастадым,  
Толғанып домбырамды алып қолға.

**Мәлік:**

Ауданым қонысы кең, байтақ жері,  
 Кеңелген байлығына тұрғын елі.  
 Торқадай топырағы егіске бай.  
 Көргенде көзің тояр солтүстігі.  
 Қыс бойы малы шығар аяғынан,  
 Паналы жері жылы оңтүстігі.  
 Отгоным Тәуіп пенен Нұраны айтсам,  
 Шалқыған санап болмас Шалқар көлі.  
 Өлкейек, Сары өзек пен Телғарасы,  
 Қосылып, Ырғыз, Торғай тартқан желі.  
 Саусақтың саласындай қатарласқан,  
 Күмістей суы мөлдір өзендері.  
 Шабындық жерлерімді суландырған,  
 Тасқындап, осылардың құйған селі.

Ағады суда малтып балықтары,  
 Балықтың небір жаһан алыптары.  
 Айтпайды өтірік деп сіздің аудан,  
 Көріп жүр жылда келіп, алып бәрі.

Тоқтыдай табандары тайша тулап,  
 Суымда жазды күні құстар шулап.  
 Киігі қойша өреді қырымдағы,  
 Ағылып әрбір тұстан мыңдап-мыңдап.  
 Қамысы ну ормандай көз жетпейді,  
 Жайқалып қауылдырық желге ызыңдап.  
 Мысалы тәтті күй мен ән салғандай,  
 Кешкілік, ертеңгілік, тұрсаң тыңдап.

Жоңышқа, бидайықты көл жағасы,  
 Көз жетпейді көлдерінің айналасы.  
 Рахат кешкітұрым самал соғып,  
 Болғандай дертке шипа таза ауасы.  
 Жерімді суреттесем таусылмайды,  
 Бұл айтқан оннан бөлек бір шақасы.  
 Деген бар, жері байдың елі де бай,  
 Таусылмайды айта берсем тамашасы.

**Закария:**

Мәліюкаң мақтанасың Нұраны айтып,  
Жерім бар Сары даладай жатқан шалқып.  
Көргенде сол жерімді қызығар ең,  
Таңданып, тамашалап, бойың балқып.  
Көрдің бе Белқопаның қамысынаң,  
Нұраның мақтағанмен қай жері артық.  
Балығы суындағы көп болса да,  
Алғанын көргенім жоқ балық тартып.

Нұра мен Тәуіп деген азғана жер,  
Ол жерден жұрт білетін шықтыма ер.  
Ауданның жер байлығын айтамын деп,  
Мақтанып, айкайлайсың шыққанша тер.  
Ал енді бердім кезек сөйле тағы,  
Ағаңның міне, осындай қимылын көр.

**Мәлік:**

Қой, Заке, ондай сөзбен жеңе алмайсың,  
Шеніме жеңбек түгел келе алмайсың.  
Аралап ауданымды көргенің жоқ,  
Сұлбалап айтқаныңмен біле алмайсың.  
Болғасын жерің тақыр құла дала,  
Байлығын Нұра, Тәуіп көре алмайсың.  
Бөлінді осы Ырғыздан сіздің аудан,  
Таласып байлығына теңелмейсің.

Соғатын екі ауданның жүрегі бір,  
Ойлайтын мақсаты мен тілегі бір.  
Жарыста социализм кім озады,  
Алдында ұлы міндет жоспары тұр.  
Үлгілі ауданыңның өренін айт,  
Лепірген бос сөз айтып, мақтанбай құр.  
Бұл айтыс баяғының айтысы емес,  
Айталық, байлық мақтап, ететін жыр.  
Бірінен-бірі оқып тәжірибе алу,  
Еңбекті ортаға сап, айтылып сыр.

Мақтасаң, еңбекте үздік шыққан ерді мақта,  
Байлығын ала білген жерді мақта.  
Орынбор Чилябинды қамсыз еткен,  
Нұрадай балығы мол көлді мақта.

Төрт ферма Нұра отырып қоныс еткен,  
Қойлары егіз қоздап, санға жеткен.  
Ізтілеу, Жұбаназар шопандарым  
Жүзінен жүз қырықтан қой төлдеткен.  
Жарыста біздің аудан жылда алда,  
Орындап малдың санын әр түліктен.  
Жұмыстың барлық тарау саласында,  
Табысқа үздік шығып қолы жеткен.

Жеті жыл жоспарының қырандары,  
Бес жылда орындамақ пландары.  
Бастаушы коммунистік партияның,  
Көңілге құйған нұрдай ұрандары.  
Табысқа үлес қосып еселеген,  
Елімнің қыз бен жігіт ұландары.  
Жоспарды жеті жылдық орындауға,  
Ұмтылған жігерленіп жас пен кәрі.  
Ал енді сіз айтыңыз жетістікті,  
Ұзатып не қыламын мұнан әрі.

### **Закария:**

Нұраны балығы көп таласпаймың,  
Сөзіңді артық-кем деп санаспаймың.  
Көп алған малдан өнім бізде де бар,  
Әуелі осыны айтып, сөз бастайың.  
Келгенде сөз реті кезегімең,  
Адымдап жүйрік аттай ойқастайың.

Ауданда еңбек сүйгіш ерлерім көп,  
Кең алқап, егіске бай жерлерім көп.  
Білмейсің біздің аудан байлықтарың,  
Аралап, онда барып көргенім жоқ.

Әр істі ынтымақпен қолға алады,  
Жұмыста озаттардан үлгі алады.  
Жарыста социалистік озатты қып,  
Өнеге өзгелерге жол салады.

Білетін шопаным көп малдың жайын,  
Еңбекте алда келеді жыл-жыл сайын.  
Жүз қойдан 130 қозы алған,  
Кімнен кем Әбдіуәли Дүйсенбайым.  
Жұмыста ұқыптылық бізде сондай,  
Не керек құралының бәрі дайын.  
Шаруасы мақтағандай емес екен,  
Ферманың Калининде көрдік жайын.  
Ал сөйле, Мәлік інім бердім кезек,  
Сөзіңді мен де байқап аңғарайын.

**Мәлік:**

Кемшілік сіздерде көп айта берсем,  
Шетінен қалдырмастан бәрін терсем.  
Кетпелік аса терең мін айтысып,  
Мойындап, әділ сынды жөнге келсең.

Жарыстан жылда қалып оза алмайсың,  
Сын айтсам қарсы дау қып, төзе алмайсың.  
Көрсетпей істе үлгі өнегені,  
Уәде құрғақ сөзбен жол алмайсың.

Бірінші керек нәрсе ұйымшылдық,  
Жұмыста сонда болмайды қиыншылық.  
«Алауыз болса кетер ауыздағы»,  
Жұмысың берекетсіз бәрі былық.  
Бірінің бірі тілін алмайтұғын,  
Сіздерде бар көрінеді жаман қылық.  
Ырқылжың жоқ нәрсеге ерегісу,  
Аты өшкен әлдеқашан қазақшылық.  
Сіздерде жатып ішер әлі де бар,  
Ешқайда бармайтұғын үйден шығып.  
Дүкенге келген затты бермеді деп,  
Бәсеке уақ-түйек сылтау қылып.

Мұндайлар кездесіпті Тасбұлақта,  
Мұнысы есітуге жат құлаққа.  
Үш күндей сиыр қора тазартылмай,  
Қалдырған көрінеді ол ұятқа.  
Құлысов деген біреу жатып алған  
Өкпелеп дүкендегі келген затқа.  
Мұны айтқан Сағындықов қасындағы,  
Күтімсіз сиырларды көрген шақта.  
Мұхтар мен Қашыбаев айтып келді,  
Аралап бармасам да сіздің жаққа.

Айтамын фактілерді етіп дерек,  
Мақтану құр әшейін неге керек.  
Газетте облыстық жарияланды,  
Сіздерде жетіспейді –деп айыр-күрек.  
Малдарға шөп салатын мезгілінде,  
Шегелеп отырады дейді күрек-сенек.  
Мейлі малға шөпті қолмен шашсың,  
Сүрік қып, екі жылға бір-ақ береді.  
Аязда айыр сынып қалмай ма екең,  
Бергенмен ұзақ сүрік құр межелеп.  
Ферманың басшылары сіздер солай,  
Шаруаға қынжылмайды дейді ешкім елеп.  
Таяды малдың күйі осындайдаң,  
Бұларды дегенменен уақ-түйек.

Ал неге олар көрмейді Бөгетсайды,  
Құралы, техника тұрған жайды.  
Ұқыпты пысықтығы қайда қалды,  
Елейтін айыр-күрек азғантайды.  
Егерде нағыз адал іскер болса,  
Машина, тракторлар тоналмайды.

Машина отыздаған жұрдай болған,  
Шашылған теміріне аула толған.  
Трактор он-ондаған қаңқасы тұр,  
Бүлініп бөлшектері тегіс сынған.  
Әрбірі әрбір жаққа шашылыпты,  
Табылмас іздегенмен ойдан-қырдан.  
Портында сабақ алып енді тоқта  
Көрсетіп кемшілікті айтқан сыннан.



**Закария:**

Сөйледің айтпай жатып бізді сынап,  
Оншама тұрған жоқ қой сөзің ұнап.  
Тағы да табатуғын мінің бар ма,  
Сөйлеші есітейін салып құлақ.  
Реті сын айтудың осы екен деп,  
Тоқтамай әділ сөзге кетпе бірақ.  
Мендағы көргенімді баяндайын,  
Азғана есітесің тұрсаң шыдап.  
Мен көрдім малдарыңның тұрған жерін,  
Жер кепе шомнан соққан жатыр құлап.  
Көргенде біздің базды таңқалар ең,  
Сен оны көрмедің ғой Мәлік шырақ.

Малдарым бәрі семіз күтімдегі,  
Болмаса бірең-сараң шетіндегі.  
Қойларым құйрықтарын көтере алмайды,  
Жайылып шыққан өріс бетіндегі.

Таңдаулы шопаным бар Дүйсенбаев,  
Әр жылда мақтау алған малды жайып.  
Төл алды жүз саулықтан бір жүз отыз,  
Үлгі боп өзгелерге таңғажайып.

Кәнекей мұнан қандай мін табасың,  
Кемітіп, қай жерінен сын тағасың?  
Ой, Мәлік осыменен сенде тоқта,  
Сөз қуып, құр әншейін неғыласың.

**Мәлік:**

Әділ сын айтылмаса мін түзелмес,  
Тұрасың сөйлемесе сын түзелмес.  
Салынса көптің егер талқысына,  
Болмаса нағыз ойсыз кім түзелмес.  
Орынды сөзге Зәке, тоқтау керек,  
Әр сөздің басын шатып етпей егес.  
Өлең-жыр айта берсе таусылмайды,  
Байлаусыз сөзді халық мақұл демес.  
Кемшілік мойындамай көпіргенмең,

Тапалған тілі жүйрік ақын демес.  
Екі жақ кімдікі жөн сынап отыр,  
Бір түрі мәдениеттің бұл бір кеңес.  
Әділ сын әрдайымда айтылғанда,  
Әркімдер сауаты мол бөтен демес.  
Мақтадым жеріңді де, малыңды да,  
Ортаға салып өттің бәрін тегіс.

Кемшілік айта берсек сіздерде көп,  
Мұнтаздай дей алмайсыз еш мінім жоқ.  
Малдарың күндіз-түні бір орнында,  
Баурына қатпар-қатпар қатыпты боқ.  
Тұратын күндіз шөпте ашық қора,  
Неліктен жасалмаған бір базда жоқ.  
Сиырың алды өрде, арты ылдида,  
Ойылған құдыққа ұқсас апандай боп.  
Қотыры сауыменен бірге тұрады,  
Алдында тапталыпты салынған шөп.  
Совхозы Қарабұтақ фермасында  
Осындай малдың жайы өтірік жоқ.  
Екінші фермің жайын баяндайың,  
Мақтаған көңіліне болсын бір тоқ.

Бар екен қырт управ деген жалпы,  
Оншама жақсы емес оның қалпы.  
Болса егер өзі қандай ісі сондай,  
Қолбұрап жүретұғын олпы-солпы.  
Шаруаға оншама ол ширақ емес,  
Ежелгі болса керек оның қалпы.  
Ертерек түзетпесе кемшілікті,  
Ұятқа соқтырмай ма мұның арты.

Мақтама шопаныңды Дүйсенбаев,  
Қит етсе қыдыратын көзден тайып.  
Ауылдан ауыл кезіп бос жүреді,  
Жүруге тағаты жоқ қойды жайып.  
Тапсырған 800 қой оған сеніп,  
Мұнысы Әбдіуәли емес пе айып?

Әрине жақсыларды мақтау керек,  
Үлгісін озаттардың жақтау керек.  
Шөбің жоқ малдарыңа не бересің,  
Қалайда қыстан оны сақтау керек.  
Шаруаңыз біздер көрген жайы осы,  
Мақтанып құрғақ сөзді шатпау керек.  
Мойындап кемшілікті қамыңды же,  
Бейғам боп құр әшейін жатпау керек.  
Кемшілік айта берсем таусылмайды,  
Ал Зәке, осыменен тоқтау керек.  
Толымды сөзіме орай табалмасаң,  
Болжырап жоқ нәрсені соқпау керек.

### **Закария:**

Ай, Мәлік, мына сөзің кетті қатты,  
Қанымды қайнатады жанға батты.  
Ауданның салған жерден мінін айтып,  
Көңілімді сөзің өтіп жабырқатты.

Мақтаймын егіске бай жерлерімді,  
Еңбекте үздік шыққан ерлерімді.  
Әр дайым Әбуғали озаттарым,  
Әдісін мал өсіру меңгеруде.  
Сиырды тоқсан саулық бұзаулатып,  
Сиырдың басына бас төл беруде.

Аузыма сөз келеді қызған сайың,  
Осындай егескенде сөзім дайын.  
Жерім бар жалпақ дала көз жетпейді,  
Мен саған бәрін айтып баяндайын.  
Шұрқырап жылқым жатыр өрісінде,  
Арда емген айғырдай-ақ құлын-тайым.  
Сиырым аруанадай алшаңдайды,  
Литрлеп сүт шығады сауған сайың.

Ай, Мәлік, білемісің Омаровты,  
Мал бағу шаруалыққа өзі епті.  
Сиыры майдан жүре алмайды,  
Алдында талғап жейді салған шөпті.

Тағы да сауыншым бар Зағипа атты,  
Ынталы еңбегімен көпке жақты.  
Аянбай жан қиярлық еңбегімен,  
Сиырды он сегіз бас бұзаулатты.

Табасың ай, шырағым қай жерден мің,  
Орынды ақыл болса айтылған сын.  
Тағы да болса айта бер кемістігім,  
Оншама боямалап асырмай тым.

**Мәлік:**

Мақтадың ауданыңның байлықтарың,  
Қалдырмай тізіп бердің айтып бәрің.  
Бар болса тағы да айт есітелік,  
Еңбекте үздік шыққан озаттарың.  
Бір ыңғай жалақ сөзбен мақтай бермей,  
Мойында іске шорқақ олақтарың.  
Кейінге оны сақтап неғыласың,  
Управ Жұмабайдай олақтарың.  
Секілді Ырыспаев ашық ауыз,  
Төкпейме ауданыңның ұят-арың.  
Бір түнде 54 қой шығын етіп,  
Есіттік орнынан алынғаның.

Сиырды теңгересіз аруанаға,  
Ойлаңыз осындайда сөз бола ма?  
Сіздерде литрлеген сауылса сүт,  
Біздер де желін сау боп құр қала ма?  
Сиырдан литр емес алады шелек,  
Түйені сиырменен айтпа теңеп.  
Басқұдық совхозының сиырлары  
Жылына 4000 литр сүтті береді.  
Айтпасын айғырдай деп тай-құлының,  
Мақтану құр әшейін неге керек.  
Көтерем тайың түгел ат-айғырың,  
Шөбі жоқ сандалып жүр бөлек-бөлек.

Жылқыңның Белқопада күйі осындай,  
Мақтаулы сиырларың жоны астаудай.  
Аралап ауданыңды көргенімде,  
Шөбі жоқ тұрған жоқ пе еді малың оңбай.

Әрине бірдей емес,  
Бірақта көбінің-ақ күйі кеміс.  
Бақташы Омаровтың сиырлары,  
Бағымы күйі тәуір бөтен емес.  
Сонда да сау малы мен қотыры бір,  
Аралас тұрады екен бәрі тегіс.

Ол қалай қора малға жетпеді ме,  
Сауын да қолдан қотыр еткені ме?  
Шөбің көп малың семіз дегеннен соң,  
Ұмытып шаруалықты кеткені ме?  
Бір тартар мінезді деп естуші едім,  
Біреуге әлде Омаров өкпелі ме?  
Мақтанар бақташының біреуі осы,  
Әнекей абыройыңды төкпеді ме.

Біз көрген осы малды сізде көрдім,  
Сөзіме мақтанумен жауап бердің.  
Шын сөзді өтірік деп айта алмассыз,  
Жеріңе жеңілетін енді келдің.

Ол рас Қостеректің пішіні мол,  
Бөгетсай совхозында көрнекті сол  
Егерде басқа жағы нашар болса,  
Болады кімге тұлға бір жалғыз сол.

Білемін сауыншыңды Зағипадай,  
Жұмыста әрі іскер, мінезге бай.  
Сиырдың, төлдің жайы бірдей жақсы,  
Болмайды неге ұқыпты бәрі сондай.  
Теңелсе бұл секілді озаттарға,  
Әрине болар еді шаруаңыз жай.  
Ал Зеке, осыменен тоқталыңыз,  
Бәсеке бос сөз айтып сөзді қума.

**Закария:**

Ауданым жері жазық, көлемі кең,  
Ырғызың келе алмайды жеріме тең.  
Жоңышқа бидайықты табандары,  
Түрлентіп келтіреді жеріме өң.

Бөгетсай тұщы айрық салалары,  
Егісті ұлан байтақ далалары.  
Еңбекте озат шыққан ерлерім бар,  
Абырой-атақ алған даналары.  
Жеткіншек озат шыққан жастарым бар,  
Тәрбие үлгі берген ағалары.  
Бірлесіп еңбек десе ұмтылады,  
Екпіні тау бұзғандай шамалары.

Ырғыздың бұған жетер жері бар ма,  
Атақты жұртқа мәлім ері бар ма?  
Орнатқан қамыс завод ортасында,  
Айтарлық Белқопадай көлі бар ма?

Шопаным қой өсірген мыңдап-мыңдап,  
Ақтылы қойым туған егіз қоздап.  
Құлындай жылқыларым жер қайысып,  
Шаңдатқан өрісімді түйем боздап.  
Кәнекей жұрт білетін кімдерің бар,  
Біртіндеп айтып өтші бәрін қозғап.  
Жерімнің байлықтарын айта берсем,  
Ырғызға қиын болар мұнан озбақ.

**Мәлік:**

Ауданым көлемі кең, жері байтақ,  
Келелі өрісі мол елі байтақ.  
Шабындық кең өлкені суландырған,  
Өзені сансыз тарау көлі байтақ.  
Ондатр, балыққа бай және аңға,  
Біледі тамашасын көрген байқап.  
Ағылып, ерсіл-қарсыл жалт-жұлт етер,  
Шортаны ақ балығы суды шайқап.  
Толған мал қойнауында ыңырсыған,  
Киелелі жер ырыс деп осыны айт.

Бар қаншама жеріне сай өрендері,  
Жайылымды болса сондай байтақ жері.  
Бір емес ондап санап айтылады,  
Ауданда социалистік Еңбек ері.  
Әлтаев, Мәмбетовті бәрі біледі,  
Бір емес Қазақстан барлық елі.  
Ізтелеу Жеңсікбаев, Жаппасбаев,  
Олардың жолын қуған інілері.  
Боқаев, Қашыбаев тағы да бар,  
Еңбектің үлгілі озат шеберлері.

Болған соң жерім де бай, елім де бай,  
Ұқыпты бәрінің де жұмысы сай.  
Байлығын ала біліп меңгергесің,  
Қысыңнан қысылмаймыз шаруамыз жай.  
Әр базға мал таратып телімдейтін,  
Болмайды ешбір әдет бізде ондай.  
Аралап ауданыңды көрген кезде,  
Сіздерде қиыншылық болды сондай.

Қалайда қыстан малды аман сақтау,  
Алдыңда міне міндет тұр осындай.  
Ауданның жетістігін салыстырсаң,  
Тоқтарсыз сөзге сонда талас қылмай.  
Түйін жоқ сөзіңізде берекесіз,  
Әшейін даурығасыз сөзге тұрмай.  
Мойындап сынға Зәке, төзу керек,  
Дәлел ғып жоқ нәрсеге талас қылмай.

**Закария:**

Мәлікжан, мақтай бердің жеріңді де,  
Балықты, шөбі шүйгін көліңді де.  
Алдыма бәрін тізіп салып өттің,  
Мәмбетов, Әлтаевтай еріңді де.  
Салынған сәнді үйлер біздің аудан,  
Оншама кемітпесін жерімді де.

Әуелде төрт үй еді енді қандай,  
Ақ үйлер жаңа салған шағаладай.

Ауданым совхозымның электрлі,  
Самсаған жарық беріп самаладай.  
Қонақ үй, оқу үйі, клубымен,  
Және бар мәдениетті столовай.  
Сәнді үй салтанатты шиферланғаң,  
Біздерде жарысымды бәрі сондай.

Совхозды баяндайын “Қарабұтақ”,  
Ай, Мәлік маған айтқан сөзің батады.  
Екінші фермідегі Қуанышбаев,  
Қойлары егіз қоздап алған атақ.

Жүзінен жүз жиырма қозы алған,  
Өнеге өзгелерге жолды салған.  
Жетеді екі қысқа шөбі анық,  
Шығын да көрген емес баққан малдан.

Кемшілік сіздерде бар айта берсем,  
Сөзімнің дей алмассың бәрі жалған.  
Ақмолдин Сисендерің сіздердің де,  
Шөбіңе Қарабұтақ жәрдем алған.  
Егерде біздер жәрдем етпегенде,  
Шығыны көп болар еді баққан малдан.  
Қамқорлық біздің аудан көмегімен,  
Малдарын Ақтөбеге айдап барған.  
Ал Мәлік келді кезек енді сағаң,  
Айта бер кемшілігім болса қалған.

**Мәлік:**

Совхозын мен білемін Қарабұтақ,  
Берейін керек десең бәрін де атап.  
Екінші фермасында Қуанышев,  
Шабаны қой бағудан алған атақ.  
Сығымдап шөпті қытып бергендіктең,  
Қойлары ұзақ күнге бірақ жатады.  
Ықтасын ашық қора болмаған соң,  
Шөптерін селдіреген сыртқа шашады.  
Осыны бірге көрген өзің де айғақ,  
Домалап күнде бірі өліп жатады.



Қалайша неге олай мұның бәрі,  
Әуелде аз шабылған шөптің зары.  
Бүрсеңдеп сүмірейіп сақиып тұр,  
Ішінде арық-тұрақ тоқтылары.  
Бір бөлек арық қойлар қамауда тұр,  
Айтпассыз мал болады деп оның бәрі.  
Күйлі деп осы жақсы көрсеткенің,  
Оның да айтарлықтай жоқ ажары.

Демеймін шаруаңызды бәрі сондай,  
Дегенмен көбірек ғой дәл осындай.  
Шөбі мол жерлеріңде болсадағы  
Құныттап шабылмапты ала жаздай.  
Себебін біздер ойлап таба алмадық,  
Жоқ екен ашық қора ешбір базда.  
Күндіз-түн бір орында қамалған соң,  
Қайтсын жүдеу болып малың азбай.

Ол рас құрылысың мақтағандай,  
Болғанмен сырты сұлу іші қандай?  
Мақтаған клубыңмен оқу үйің,  
Жабұлы тұрады екен бір ашылмай.  
Болғанмен сырты сұлу тағамы жоқ,  
Қаңқиып тұр Бөгетсайда столовай.  
Бір минут тұруға онда мүмкін емес,  
Зымыстан қыстан жаман іші мұздай.

Мұндайлар толып жатыр айта берсек,  
Шетінен қалдырмастан бәрін терсек.  
Онша көп қазбалатпай мойынға алып,  
Қайтеді ынтымақты сөзге келсек.

Кемшілік жою керек сабақ алып,  
Құр босқа ерегіспей сөзге салып.  
Болса да қандай қиың қандай істі,  
Бірлескен ауызбірлік жеңеді анық.  
«Алынбас қамал болмас» -деген сөз бар,  
Болса егер ауызбірлік деген халық.

### **Закария:**

Шырағым, маған айтпа ақылыңды,  
Білмедім қайсы дұрыс мақұлыңды.  
Алдыңда жүйрік аттай ойқастайың,  
Созайын біразырақ тақымыңды.

Барлығын алдыма сап тізіп өттің,  
Базымды, құрылысты айтып өттің.  
Тұрарлық мақтануға совхоздарды  
Кей жерде босқа сынап, артық кеттің.  
Қай жерде шаруашылық нашарды айтып,  
Қарамай көңіліме әңгіме еттің.  
Шырағым, әрі итеріп, бері жығып,  
Ішінде масқара етпе толы көптің.

Ырғызың мен білемін көрген жерім,  
Аралап бәрін тегіс жүрген жерім.  
Білемін Нұра деген алыбыңды,  
Мақтаулы жері бай деп сенген жерің.  
Нұраның біз көргендей күйі шығар,  
Мақтарлық қамысы мен шиі шығар.  
Салынған оюменен соққан орамалы,  
Жер көп мыжырайған үйі шығар.  
Жаз болса сонасы мен маса талап,  
Көлінің қара батпақ миі шығар.

Әйтеуір отгон деген атақ шығар,  
Жаңа үй жоқ әр жерде бір жатақ шығар.  
Таласып қамысы мен балығына,  
Күнде ұрыс айқалаған шатақ шығар.

Күз болса отырушы от қамыс ұстап,  
Бүркесіп мыжырайған түтін ыстап.  
Қыс болса терезесі төбесінде,  
Үйінің есігі жоқ алаша ұстап.

Тәуіп пен Нұраңыздың салты емес пе,  
Белгілі маған мәлім қалпы емес пе?  
Сәнді үй, салтанатты іші таза,  
Осылай мәдениет шарты емес пе?

Ауданым мәдениетке қолы жетті,  
Малға азық 400 гектар жүгері екті.  
Айтарлық жүгеріден өнім алды,  
Малға азық жетерліктей шөп сүрлетті.  
Бар болса бұған орай қоймай сөйле,  
Баласын сөзге шебер тілің епті.

**Мәлік:**

Қой, Зәке, айтып кеттің әлденені,  
Жүріпсіз ұмытпай-ақ баяғыны.  
Таба алмай сөзіме орай ешбір дәлел,  
Сіз қалай шатып кеттің әр нәрсені.  
Аты өшкен алда қашан ескіні айтпа,  
Ойлаңыз мұныңыздың келмес жөні.

Аңдап айт не десеңде айтқан сөзді,  
Жағдайды білесің бе сенің өзің.  
Қазір де социализм шыңындамыз,  
Аттасаң енді алдыңда - коммунизм.

Білсеңіз енді қазір жер жаңарды,  
Айдынды суы мөлдір көл жаңарды.  
Сіз көрген ертегі заман емес,  
Бүтіндей енді қазір ел жаңарды.  
Баяғы жабайы әдіс адыра қап,  
Меңгеріп техника ел жаңарды.

Тәуіп пен Нұра жері ұшқан дала,  
Білмесең жері шұрайлы сала-сала.  
Бұрынғы жер кепелер атымен жоқ,  
Мектебім қызыл отау бейне қала.  
Салынған фермалардың орталығы  
Шиферлі дүкендерім барды жаңа.  
Салынған интернат пен көркем үйлер,  
Медпункт тағы да бар аурухана.

Ауданым алда келеді сірә көптең,  
Орындап артық малды әр түліктен.  
Қай жағын алсадағы сізде төмен,

Егісте, мал өсіру, жүн мен еттен  
Табысын екі аудан салыстырсаң,  
Кем түседі сіздің аудан проценттен  
Бір жылда үш Қызыл ту мақтау алды,  
Бірінші орында боп сый-құрметпен  
Жұмыстың әрбір түрлі саласында,  
Табысқа жылдан-жылға қолы жеткен.  
Жоғары жүгеріден өнім алды,  
Білмейсіз оны қалай не себептен?  
Орындап партияның тапсырмасың,  
Үлгілі өренім бар еңбек еткен.  
Гектардан 380 центр өнім алды,  
Үлгі ал, міне біздің Нұртаевтан.  
Өнімді мұнан артық алғаның жоқ,  
Кімің бар бұл табысқа қолы жеткен?  
Миллиондап өнім алып, тың игерген,  
Северный, Псковым бар егін еккен.  
Теңеледі қай совхозың осыларға,  
Шығармай отыр бәрі убыткіден.  
Ал Зәке, бір тыңдауға бұл да жетер,  
Көбейтіп сөйлемейін асып шектен.  
Сөзімді талдап сізде сынап отыр,  
Мақтанған жерім болса артық кеткен.

Мақтаулы бір совхозың Ярослав,  
Айтайын кемшілігін көрген сынап.  
Трактор 70-80 жөндеусіз тұр,  
Өткенгі күзді күнгі қалған қирап.  
Трактор 42 дайын деген,  
Жөндеуі дұрыс емес ол да бірақ.  
Тұқымы әлі күнгі тазартусыз,  
Мақтама шаруашылық жатқан құлап.  
Тоқтаңыз осыменен көп ұзатпай,  
Орынды сын сөзіме салып құлақ.

### **Закария:**

Ауданым жері жазық, кең алабы,  
Әр түрлі шөбі өскен сай-салалы.  
Сіздердей ойлы-қырлы күмәнда жоқ,

Егіске арнағандай кең даланы.  
Сарадал бетегелі жер жанаты,  
Еріксіз көрген адам көз салады.  
Құм басқан Ырғызыңның көшелерін,  
Желдетіп соқса дауыл нең қалады?

Жерің бар құм шауыпты ойлы-шұқыр,  
Қияғы, шығырымен қоқыр-соқыр.  
Қойларың сол шұңқырда жайылады,  
Күртілдек, омбы қарда сықыр-сықыр.  
Қоңы жоқ қойларың да күйі тайған,  
Көп болса шөбің онда неге жайған.  
Ырғыздың совхозында бәрі сондай,  
Қойларың таба алмайсың шұңқыр-сайдан.

Нұраның мен білмейтін жоқты жері,  
Ол рас, балығы көп, шалқар көлі.  
Жерінде шөбі көп деп мақтанасың,  
Шөбінің қамыс еді нағыз дені.  
Отарда мал өсірген ерің барма,  
Еңбекте озат шыққан өнегелі.  
Ондайды ойлағанмен таба алмассың,  
Болмаса жекелеген Еңбек ері.

**Мәлік:**

Толымды берген мақұл сөзге кеңес,  
Айтыстың жөні осы деп етпе егес.  
Шаруаның нашар жағы сізде басым  
Міні жоқ дей алмайсыз бәрі тегіс.  
Қыс қамын жаз айында ойламағаң,  
Қазірде өкінгенмен біте ме іс?

Малыңыз өзің айтқан жайылымда,  
Жерінде қарың метр сіздерде қыс.  
Таусылған шөптің орнын таба алмассың,  
Уілдеп соқса боран жиғызбай ес.  
Малдарың шөп таба алмай сандалып жүр,  
Болса да шөп таусылар мезгіл емес.

Жерімнің қыры да алтын, құмы да алтын,  
Бізде жаз, сіздерде қыс, жерің салқын.  
Құм қандай, дала қандай қыс айында,  
Әр нәрсе байқау керек шама-шарқын.  
Құмымда шөбі белден көрініп тұр,  
Ойланып сөйлеу керек сөздің артын.  
Қыс бойы аяғынан жайылады,  
Мал баққан шаруамыздың жүзі жарқын.

Құм басқан Ырғызымды дедің қала,  
Тағарлық мінің бар ма тағы жаңа?  
Күн жауса батпан балшық жабысатың,  
Сіздердей біздерде жоқ тақыр дала.  
Шұрайлы жер ұйығы біздің Ырғыз,  
Кең өлке, қонысы мол сала-сала.  
Бидайық, бозқонағы көз тұндырады,  
Нұраны шөбі жоқ деп салма жала.  
Қамысты, шалбидайық барып көрсең,  
Ораған тоғыз қабат шөптен қала.  
Теңіздей толқынданған құлпырады,  
Бидайық, жоңышқалы шексіз дала.  
Бір шеті Қарақұммен шектеседі,  
Босбүйрек, Доңыз көлі, Сұңқарқия.  
Нұраның жері де бай, елі де бай,  
Ондағы төрт ферманың жұмысы сай.  
Жетеді шөптің қоры екі жылға,  
Қысыңнан қысылмаймыз шаруамыз жай.

Бір малым екеу болып басы өскең,  
Пайда жоқ сөз көбейткен құр егестең.  
Фермам бар Қызыл тулы отарымда,  
Табысқа ие болып қолы жеткен.  
Көшпелі Қызыл туды жеңіп алды,  
Артық боп проценті әр үлестең.

Ферманың басқарушы Елеуовті,  
Дейді жұрт әрі іскер, әрі епті.  
Коммунист партиядан тәрбие алған,  
Шаруашылық мамандықта көрген көпті.

Көбейтті қойдың санын екі жылда,  
Артылып жиырма сегіз мыңға жетті.  
Бөлді оны екі ферма шаруашылыққа,  
Сыймады бір фермаға сол себепті.  
Екі аудан бір бірінен тәжірибе алу  
Айтысқа келіп отыр игі ниетті.

Айтысты көп созғанмен мәні болмас,  
Бір сөзді қайталасаң сәні болмас.  
Жер артық ықтасынды қысты күні  
Жайылған қу далада малың оңбас.  
Ырғыздың бір жағы қыр, бір жағы құм,  
Ықтасын панасында малы тоңбас.

Кемшілік айтып өттің сөзді теріп,  
Аралап бірталай жер келдің көріп.  
Кәнекей бізде қандай сізде қандай,  
Әділдік шын сөзіңді айтшы беріп?  
Болмашы түкке тұрмас кемшілікті,  
Айтпаңыз құр әшейін дардай қылып.  
Түйедей мінін көрмей түйме дейді,  
Термеңіз жоқтан-бардан құрастырып,  
Келесің құмың көп деп біздің жерді,  
Малдарың панасыздан жатса да өліп.  
Артыңда шаруаңыздың бәрі нашар,  
Сөз қуып таласасыз неге сеніп?  
Қай кезде ауданымнан озғаның жоқ,  
Төмендеп процентің жылда кеміп.

Кемшілік беті ашылып көп айтылды,  
Ұққанға нағыз әділ сөз айтылды.  
Деген бар сын түзілмей, мін түзелмес,  
Түзетсін кемшілікті деп айтылды.

## Мәлік Әлмұратов (1907-1989)

Мәлік Әлмұратов - Әйтеке би өңірінің төл перзенті. Аймақтың мәдениетін дамытуға барынша үлес қосқан жан-жақты талант иесі болатын. Ол шебер қобызшы, айтулы жыршы, белгілі фольклорист-журналист еді. Оның, әсіресе, қабілет қарымының жарқырап көрінген тұсы – ақындығы. Ақын қаламынан әйел теңдігін жырлайтын “Ақбикеш”, өлкенің ұлы тұлғаларының бірі – Абат батырдың ерлік істерін баяндайтын “Абат” поэмалары туды. М.Әлмұратов республикалық, аймақтық ақындар айтысына да қатысқан. Оның Жамал қызбен, Закариямен, Қазыбаймен айтыстары көркемдік және кезеңдік ерекшеліктерімен есте қалады. Ақынның өлеңдері, толғаулары жергілікті мерзімді басылымдарда жарияланып тұрды. Өткен ғасырдың 30-60 жылдарындағы түрлі қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық тақырыптарға жазылған, әлі жарияланбаған жиырма баспа табақтан астам шығармалары бар.



### Мәлік пен Жамал қыздың айтысы

Іргелі ел Жағалбайлы қатар жатқан,  
Кәсібі шаруашылық малын баққан.  
Сауықшыл күнде думан ойын күлкі,  
Қосылып қыз-бозбала өлең айтқан.  
Сылқым қыз, сал жігіттер бәрі сонда,  
Шетінен бәрі өлеңші судай аққан.  
Қосылып, ойын-тойда айтысады,  
Құлпыртып, әсем үнді сылдыр қаққан.  
Қыздары кербез сұлу, өр мінезді,  
Алтыннан шаштарына шолпы таққан.



Момындау іші жұмсақ бозбаланы  
Мазақтап күн көрсетпей іліп қаққан.

\*\*\*

Бір жылы жолым түсіп бардым сонда,  
Жиын ел отыр екен Ақтастыда.  
Нұрлыбай, Жақсыбайдың ауылдары,  
Мықан мен Есжан аулы бәрі сонда.  
Ол кезде атанғанмын жырау бала,  
Жаттаған өлеңім бар біраз ғана.  
Қималы әшекейлі домбырам бар,  
Тастамай жүретінмін алып жанға.  
Келді деп Шөмекейден бала жырау,  
Ілезде тарап кетті жұртқа мана.  
Сол күні кешке жақын ел жиылды,  
Біреуден біреу естіп құлақтана.  
Арбалы, атты, жаяу ойдан-қырдан,  
Ағылып келіп жатыр ұлы думан.  
Сыртта да, үйде дағы сыбыр-күбір,  
Естуге бәрі құмар өлең-жырдан.  
Сықырлап үйге кірді бәрі дулай,  
Далада бала-шаға жүрді шулай.  
Жабықты қолмен жүріп сығалайды,  
Далада қалғандары үйге сыймай.  
Алқынып жиналған жұрт ортаға алды,  
Мен дағы аямадым қолда барды.  
Жаттаған біразырақ қиссаларым,  
Жарамай көп айтуға бітіп қалды.  
Мұнан соң қиял айттым әнге салып,  
Отырды ықыласпен тыңдап халық.  
Талдырмаш, толған айдай бір сұлу қыз,  
Үстіме кіріп келді домбыра алып.  
Ұмытып өзімді де, өзгені де,  
Мен соған қарап қаппын аң-таң қалып.  
Жиынды осы отырған басқаратың,  
Пысықтау келген жігіт Сәрсенғали.  
Мықанның Жамалы деп сыбырлады,  
Аянба барың болса деді Мәлік.

Сенімен айтыстыру мақсатымен,  
Қос атпен аулынан келдік алып.  
Жүрегім дүрсілдеді атша тулап,  
Көпшілік қошеметтеп отыр дулап.  
Тимеген үйден орын жастар жағы,  
Далада өздерінше жүр шулап.  
Ән салып, өлең айтқан мені көріп,  
Жамал қыз кербезденіп отыр тыңдап.  
Елеусіз көз қиығын мен де салам,  
Білдірмей қарайды ол да бір қырындап.  
Бір жігіт әдеппенен алып берді,  
Үкілі домбырасын ойған сырлап.  
Әуелі домбырасын алды баптап,  
Барады тартқан сайын жорғалақтап.  
Түрікпен теке, жәуміт арғымақтай,  
Апшыны қуырғандай бір-ақ аттап.  
Бауырлап домбырасын баптап алып,  
Бір кезде сөйлеп кетті сөзді бастап.  
Әуелі менен Жамал жөн сұрады,  
Орамды жүйрік аттай кетті ойқастап.  
Жіберді домбыраны қағып-қағып,  
Барады құлағыма үні жағып.  
Қызынып әрі-беріден алғаннан соң,  
Жөнелді тамылжытып судай ағып.

### **Жамал:**

Басы еді өлеңімнің әлеуләйім,  
Бітеді саздақ жерге тал мен қайың.  
Мінекей он жетіге биыл келдім,  
Қашаннан халқым біледі менің жайым.  
Әй, құрбым, аты-жөнің танысалық,  
Айта отыр жөніңізді жорғатайым.

Әуелі баяндап бер өз атыңды,  
Айтарсың рет-ретімен ата затың.  
Жүріпсіз не шаруамен жолың болсын,  
Айта отыр жұмысыңды азаматым.  
Бұрын соң көрмеген соң танымадық,

Аралас болмаған соң қоныс жақын.  
Руым Жағалбайлы, атам Біліс,  
Мықанның ақын қызы Жамал атым.

**Мәлік:**

Ай, Жамал, тілің жүйрік, өзің шешен,  
Алдыңда үлкен тұрып болма көсем.  
Өлеңді келе салып қоя бердің,  
Сұрасып біліспей-ақ аман-есең  
Ұшқалақ, жеңіл мінез болмағай ең,  
Әдепті, ақылы бар бала десем.  
Бас тігіп осы жерде айтысар ем,  
Өзіңе сеніп мені жеңем десең.

Сұрайсың аты жөнім неге керек,  
Әр нәрсе ретімен орны бөлек.  
Әуелі сәлемдесіп көріспестен,  
Жасадың асығыстық тым ертерек.

Сөйлейсің үлкен тұрып жасың кіші,  
Солай ма ауылыңның өнегесі.  
Сымбатты сыртың сұлу көрінгенсің,  
Бала ғой деп ойлап ем ақыл-есі.  
Алдында аға тұрып білімсіген,  
Шырағым, жақсы дейсің оның несі.

Шықпадың ол ойымнан Жамал шырақ,  
Азғана кідірмедің неге шыдап?  
Дағдың ба, әдеттенген жас басыңнаң,  
Кісінің амандық жоқ жөнін сұрап.

**Жамал:**

Ай, құрбым, меніменен жасың қатар,  
Еліңнен сіз шығыпсыз етіп сапар.  
Шамдансаң сен кетерсің өз еліңе,  
Деген бар тауықсыз-ақ таңым атар.

Сұрадым білмек үшін аты-жөнің,  
Несі айып бола қалды енді мұның.

Ұялшақ жаңа түскен келіндерше,  
Атауға күрмеледі неге тілің.  
Кісіге аты-жөні жоқ кінә тағып,  
Соқтығып көрінгенге барма жының.  
Осындай қатар құрбы бас қосқанда,  
Ақтарып сөйлеспей ме айтып сырын.  
Мінедің келмей жатып мені сынап,  
Қызбенен сөйлеспесең мұнан бұрын.  
Үйренген бала жастан әдетің бе,  
Ұр мінез, о жарланып, жүрер қырын.

**Мәлік:**

Мен сізге көріндім бе қисық о жар,  
Ақ жүзің толған айдай бітіпті ажар.  
Түріңе ісің сәйкес болмағай еді,  
Шырт мінез бала екенсің мінезің тар.  
Тілдейсің келмей жатып сырын білмей,  
Кісіге ерсі емес пе ұяты бар?!

Әлмұрат әкем аты, атым Мәлік,  
Жасымнан сөз сөйледім домбыра алып.  
Шөмекей арғы атам білгің келсе,  
Өзімді ақын бала дейді халық.

Шырағым, ақыл айтпа енді маған,  
Ретті айып емес жөн сұраған.  
Қазақтың ең әуелі жөні солай,  
Сұрайды сәлемдесіп есен-аман.  
Қақшаңдап жас басыңмен ұрысасың,  
Әдетің өрескелдеу екен жаман.  
Ұялшақ келіндерше деп сөгесің,  
Қажеті аты-жөнім қанша саған.

Білмейсің өз бойыңдағы таудай мінді,  
Жеңбексің бұл түріңмен сірә кімді.  
Қапелімде аты-жөнім айтпадың деп,  
Әр түрлі атақ тағып қойдың сынды.  
Құрбылық, сыпайылық қайда қалды,  
Аулыңа келмей жатып дедің жынды.

Шалдуар қыз басыңмен тілің ащы,  
Сөйлейсің абайламай артық-кемді.  
Кесірің ауылыңа тиер бір күн,  
Қоймасаң тәлтектеген мінезіңді.

Тік мінез қыз балаға болар айып,  
Себеппен келдім мұнда дидар ғайып.  
Ақылсыз, түрі көркем болғанменен,  
Ажарды кім ішеді езіп шайып.  
Мықанның ерке қызы шайпаулығын  
Жүрем де мұнан былай жұртқа жайып.

**Жамал:**

Сөз айттың адуындап ақын Мәлік,  
Сыпайы шектен шығып асырмалық.  
Артық-кем қайсымыздың сөзімізде,  
Көпшілік осы отырған біледі халық.  
Шайпаулық атағыңды шығарармың,  
Дедіңіз жүрген жерде жұртқа жайып.

Япырым-ай, мұныңызға түсінбедім,  
Сөзімді аңдамастық болды ма айып.  
Мінезім көңіліңе ұнамаса,  
Ажарды іш демеймін езіп-шайып.  
Кісіге бір көргеннен жала жапсаң,  
Кетерсің өз-өзілдей жолдан тайып.  
О, жұртым, үлкен-кіші, азаматтар,  
Ортаға орамалды қойшы жайып.  
Баласы мал іздеген Шөмекейдің,  
Ақшаны тастаңдаршы кетсін байып.

**Мәлік:**

Жүгірттің ақын Жамал әрбір саққа,  
Сүйеніп ерік бердің тіл мен жаққа.  
Ақшаны қажет болса өзің-ақ ал,  
Мал іздеп келгенім жоқ осы жаққа.

Берерсің өз жаныңнан болсаң мырза,  
Әркім-ақ қолда барға болар ырза.

Мықанның аты шыққан ерке қызы,  
Орамал жайып жұрттан жылу жима.

Әкеңіз олқы емес мал мен басқа,  
Кем емес киер киім, ішер асқа.  
Бір байдың әлпештеген бағланысың,  
Жарасар жәрдем сұрау жалаңашқа.  
Ат мінгіз, шапан жапсаң бәрі өзіңде,  
Ойласаң әр кәденің орны басқа.  
Сыпайы, сынық мінез әдептілік,  
Жарасар ойласаңыз қарындасқа.

**Жамал :**

Ай, Мәлік, қыдырасың домбыра алып,  
Сөйлейсің неге өктем сөзбен шанып.  
Жолаушы ел қыдырған жалғыз атты,  
Кетуге келіп пе едің жөнге салып.  
Домбыра алып ол қыдырған жыраулардың,  
Сақина тиін-тебен алуы анық.  
Жасырма айран сұраған шелегіңді,  
Орамал жай дегенім несі айып?

Кәделі алсын деп ем орамалың,  
Сықақтап айтты дедің жорамалың.  
Ат-шапан берсем менен табылады,  
Кәдеге орны болса жетер малым.  
Қой, Мәлік, буынсызға пышақ ұрма,  
Алыспа шамаң жетіп келмес әлің.  
Орынды сөзге тұрмай мақтанатың,  
Қашаннан Шөмекейдің сыры мәлім.

**Мәлік:**

Қой, Жамал олай деме елді сөкпе,  
Кесірің тиер жұртқа кенді төкпе.  
Бір гүлің он екіде ашылған жоқ,  
Жасың бар өсетұғын артық кетпе.  
Екеуміз не десек те өз басымыз,  
Жетеді қазбалама ата текті.

Белгілі болды маған сырың мәлім,  
Мақтандың байлық айтып көп деп малым.  
Біреудің мұрын боғы көздің жасы,  
Осындай озбырлықпен жиған малың.  
Түбінде шаян болып шағар бір күн,  
Қоярға табалмайды сонда жаның.  
Ол рас жасырмаймын өзім кедей,  
Сылайды халқым мені кедей демей.  
Мұқтаждық көргенім жоқ сондадағы,  
Біреудің еңбегі мен ақын жемей.

Осындайда арқам қызады ұлы дуда-ай,  
Орыным көз ілеспес ағын судай.  
Мінекей он сегізде жасым менің,  
Жүлде алдым жеке шауып жерде осындай.  
Домбыра ап, өлең айтқан айып болса,  
Неге айтады Қожамұрат шашы қудай.  
Орынды ретіне тоқтау керек,  
Ерке қыз тарта сөйле тіліңді удай.

Шөмекей деп айтасың қайта-қайта,  
Қоймадың бірнеше рет атаны айта.  
Өсетін кесір болар жас басыңа,  
Тым артық кетпе Жамал сөзді байқа.

Әдептен ақын Жамал озба артық,  
Абайлап сөйлеген жөн, тілің тартып.  
Ағының жүйрік аттай көз ілеспес,  
Суындай дарияның тасып шалқып.  
Көргенде дидарыңды көзім тойды,  
Мысалы мас болғандай бойым балқып.

Тең түссе ризамын жарысқаным,  
Сендағы жолды беріп қалыспадың.  
Айтылып артық-кемді сөйлегенде,  
Бойыңа жуытпадың алыстадың.

Айтыстың ортақ кемді замандасым,  
Кем емес бір кісіден сенің басың.

Орынсыз артық кеткен жерім болса,  
Көңіліңе ауыр алма қарындасым.

Егесте не айтылмайды сөз болғасын,  
Қағыстық жел сөзбенен кез болғасын.  
Сөйледің абайламай артық кемді,  
Шыдамсыз ашуыңыз тез болғасын.  
Тастарсың екіншілей бұл әдетті,  
Айтамын жаным ашып кез болғасын.  
Жуымас қатар құрбың бүйте берсең,  
Көпірме, жайсыз сөзден мезі болғасын.

Айыпты көңіл ашып айтса өлең,  
Адамның көңіл-қошы өлеңменен.  
Атамыз Абай айтып кеткен жоқ па,  
“Көргеде өлеңменен кірер денең”.  
Аға-іні алқалаған айт деген соң,  
Өлеңді неге аяйын енді неден.  
Домбыра алып жүрсем сауық үшін,  
Жинауға жүргенім жоқ тиін-тебен.  
Жұқпайды аққа күйе жақсадағы,  
Сөзіңді дәлелдейсің енді немен?

Қаумалап жиналған жұрт ортаға алды,  
Сөйле деп аға-іні қолқалады.  
Көтердім көңіл қошын айт деген соң,  
Өлеңмен жүргенім жоқ жиып малды.

### **Жамал:**

Мөлтілдеп сөз айтасың шайып-жуып,  
Егесіп, бәйге алмассың сөзді қуып.  
Бәйгеге жастай шауып жүлде алдағанмын,  
Сен түгел сенен зор да келмес жуық.

Білемін Шөмекейді бала жастан,  
Қатар ел болғаннан соң араласқан.  
Белгілі Шөмекейдің төрт баласы,  
Үлкені Тоқа, Көнек, Бозғұл, Аспан.  
Боласыз осылардың қайсысынаң,



Білсеңіз айып емес жөн сұрасқан.  
Танысып бір-біреуді білген дұрыс,  
Жөн сұрау мирас нәрсе әуел бастан.  
Білмесең аты-жөнің зарлығым жоқ,  
Бетіме айт жерім болса қателескен.  
Әшейін жеңу үшін сөз айтпаймын,  
Жерім жоқ артық кетіп, жаза басқан.  
Жөн сөйлеп, енді Мәлік аңдау керек,  
Жігітке ұят нәрсе асып тасқан.

**Мәлік:**

Ай, Жамал абдырама сонша сасып,  
Мен саған сөз айттым ба асып-тасып.  
Сылтау қып жоқ нәрсені бұлғалақтап,  
Айтасың өтірікті қара басып.  
Алғашқы қалпың емес түрің кетіп,  
Барады ішің түсіп неге жасып?

Ойыңша айттым дейсің сөзді тауып,  
Баяулап кейде серпіп ауық-ауық.  
Көріпсің жастайыңнан талай нәрсе,  
Әр жерде сынға түсіп, топта шауып.

Белгілі айтпай-ақ қой маған сырың,  
Аулыңа келмесем де мұнан бұрын.  
Сыпайы қонақ күтіп көрмедің бе,  
Кісіге аты-жөні жоқ келдің қырын.  
Сұрайсың қайта-қайта өршеленіп,  
Айтайын қажет болса аты-жөнім.

Белгілі Шөмекейдің төрт баласы,  
Білесің саған мәлім ол арасы.  
Кенжесі Бозғұлдан бесеу туады,  
Үлкені Қаратамыр жоқ таласы.  
Сарыбай, Торыбаймең, Келдібай бар  
Кішісі атам Қайқы деген бір баласы.  
Қайқыдан Қыдыр, Темір, туар Болат,  
Айтамын аты-жөнім көңлімде жат.

Болаттан Жауқанты, Сабай, Пұшық,  
Әндіқожа, Тоққожа және Әлімбет.  
Туыпты Жауқаштыдан жеті бала,  
Үлкені Назарұмбет болған аға.  
Отарбай, Қосбармақ егіз туған,  
Елшібек, Сәмет, Қиық Қалтаң ата.  
Мінекей Отарбайдан нәсілатым,  
Баяндап айттым саған арғы затым.  
Жасымнан өлең сөзге үйір болдым,  
Жайылды елім сүйіп Мәлік атым.

Әр жерде алқалаған түстім топқа,  
Сүрініп көргенім жоқ болса да омпа.  
Бір сөзді он қайталап айтпа Жамал,  
Елінде жөн білетін кісің жоқ па?  
Руың, атаң кім деп, айта бермей,  
Қой Жамал есің болса сөзге тоқта.

Бір сөзді қайталадың бірнеше рет,  
Айтарлық мұнан басқа сөзің жоқ па?  
Аптығың алып ұшқан басылады,  
Басыңа түскеннен соң темір ноқта.  
Әзірге білмей отыр болып баптаң,  
Асықпа аяғыңа түсер қақпаң.  
Еліңе қадірің бар ерке болсаң,  
Әкеңіз неге сені малға сатқан.  
Мал алып есіл-дерті байи беру,  
Адамдық безген кісі ар-ұяттаң.  
Кәзірде әйел ерке бәрі бірдей,  
Хабарың бар ма Жамал саясаттан?  
Кешегі қара түнек кер заманның,  
Бұғауы быт-шыт болды қармап жатқан.  
Сегіз жыл сонан бері есіңде ме,  
Жарқырап ұлы Октябрь таңы атқан.  
Ай, Жамал, лайықты орныңды тап,  
Жастардың одағына кіріп сапқа.

1925 жыл

# Абат батыр

(поэма)

Бір күні үйде отырып ішім пысып,  
Ойланып түрлі қиял еске түсіп.  
Далаға шықтымдағы атты жектім,  
Қымбатқа келейін деп амандасып.  
Қиялып қашып түрлі әрбір жаққа,  
Заулатып бардым жетіп Сарыбұлаққа.  
Алдымнан Қымбат ағай қарсы шықты,  
Үйіне келіп жаңа түскен шақта.  
Мен-дағы сәлем бердім жақын келіп,  
Қарсы алды қошаметпен мені көріп.  
Сұрасып есен саулық амандасты,  
Жайласып отырғасын үйге келіп.  
Бір әйел шай қайнатты тымпыңдаған,  
Ай балақ, толық дене былқылдаған.  
Семізше, орта бойлы, төсі қайқы,  
Жүрісі өнімсіздеу мыртыңдаған.  
Жасы бар алпыс-жетпіс шамасында,  
Жанында бір шал отыр құтыңдаған.  
Қария көпті көрген адам екен,  
Сөзуар, әңгімешіл сымпыңдаған.  
Кең екен үйдің іші үш бөлмелі,  
Бір жақта балалар ойнап шыңқылдаған.  
Сол кезде алдымызға шай әкелді,  
Қайнатып самаурында бұрқылдаған  
Ортаға дастарқан сап, шай әперді  
Кішкене қарабала тыңқылдаған.  
Шал тұрып шай үстінде сөз бастады,  
Өнерге жан емес деп ұмтылмаған  
Өмірімді жас кезімде босқа өткіздім,  
Жүріспен ойын күлкі сыңқылдаған.  
Жасымда әр нәрсеге әуес едім,  
Қызақой жоқ нәрсеге жыртыңдаған.  
Сол күнгі жастық өмір кетті өтіп,  
Кәрілік жетті аяңдап митыңдаған.

Іздеуші ем ұлы жиын көпшілікті,  
Ат шабыс, ойын-тойды қиқулаған.  
Жасымда білім қуып оқымадым  
Не пайда құр жастықтан қылтыңдаған.  
Мінекей жас үлкейіп тісім түсті,  
Сөйлесем аузымнан тіл бұлтыңдаған.  
Бәріңде мен сияқты шал боларсың,  
Мәңгілік жастық өмір бір тұрмаған.  
Шырағым, менің атым Тілепберген  
Оншама қарт емеспін көпті көрген.  
Атымды осылай деп қойған екен,  
Баласы болғаннан соң соңына ерген.  
Алпыстан кетті өтіп менің жасым,  
Бәрі шал қатар өскен құрбыласым.  
Білімге жас кезімде ұмтылмадым  
Өткізген надандықпен есіл басым.  
Айтайын бір азырақ есіткенім,  
Шырағым, ақын балам сөз тыңдағын.  
Ол кезде ел билейтін би мен болыс  
Таппаған кедей шаруа жайлы қоныс.  
Қоздырып ұлт араздығын малы көптер  
Жесір дауы тағы сондай талас ұрыс.  
Болса да аузы қисық бай сөйледі,  
Жөнсіз іс істесе де деді дұрыс.  
Бетіне жуандардың келе алмады,  
Еш адам дей алмады мынау бұрыс.  
Оқымады мектеп көріп балалары,  
Сауатсыз ел билейтін «даналары».  
Баласын оқытуға кедей шаруа,  
Олардың жетпей жүрді шамалары.  
Ел едік қазақ халқы езілген тап,  
Таңы атып октябрьдің орнады бақ.  
Мінекей бұл дәуірге жасым жетіп,  
Ұл мен қыз еркін өсіп жетіскен шақ.  
Бақытты заманымның сіздер ұлы  
Бөлеген Сталиннің алтын нұры.  
Партия, үкімет тәрбиелеп,  
Өркендеп отанымның өскен гүлі.  
Жүздеген ақын менен жазушы бар

Сайраған сандуғаштай сөз бұлбұлы.  
Сен дағы сөзге шебер бір бала едің,  
Шырағым, құлақ салып тыңда мұны.

## II тарау

...Ертеде ел жайлаған мынау Нұра  
Қос бүйрек, Құлтас шыңы, Сұңқарқия.  
Бұйыр құм, Майқаралы түрлі шөпті  
Кең алқап, өрісі мол сай мен жыра.  
Қашаннан келе жатқан ел қонысы,  
Суы бақ шөбі шүйгін жер ырысы.  
Құлпырған масатыдай кілем түрі  
Кілемі малға жайлы кең өрісі.  
Малға жай өрісі мол, байтақ жері  
Шалқыған батысында Доңыз көлі.  
Ертеде осы жерде мекен еткен  
Шығыстан ауып келген қалмақ елі.  
Еріксіз қоныстанды Доңыз көлге  
Иелік етті сөйтіп осы жерге.  
Қалмақтың Шарыш атты ханы болды  
Жүргізбек болды үкімін барлық елге.  
Ысқырып оқ жыландай зәрін шашып,  
Қазақтың жерін алды соғыс ашып.  
Отырған бірлі жарым қазақ елін  
Жері мен малын тартып алған басып.  
Қалмақтан зәбір көрген кедей шаруа  
Жемдегі Абат ерге барды қашып.  
Зәбірін баяндады онан көргең

Береке кетті деді біздің елден.  
Шулатады қойдай қуып, айдап шықты  
Мекендеп қоныс еткен жерімізден.  
Етпесең өзің жәрдем, қайрат қылып,  
Әл кетті, күш азайды енді бізден.  
Ханы бар ол қалмақтың Шарыш атты  
Мейірімсіз хайуанға ұқсас діні қатты.  
Бостырып жерімізді тартып алды.



Суретте: Қобда жеріндегі Абат-Байтақ кесенесі  
(Өңдеуге дейінгі көрінісі)

Ызасы ол қалмақтың жаман батты.  
Бүлікті келісімен салып жатыр,  
Қазақтың жерін тартып алып жатыр.  
Босып жүр біз сияқты кедей шаруа  
Малы көп тарту алып барып жатыр.  
Бейбіт ел отыр едік қосып басты,  
Ысқырып, оқ жыландай зәрін шашты.  
Шыдамай тіресуге азған ауыл  
Қалдырып мал мен жерін бәрі қашты.  
Сый беріп, тартуменен бай мен бектер  
Дос болып Шарышпенен жақындасты.  
Қонақ қып бірін бірі шақырысып,  
Бірлесіп ауыз жалап арамдасты.  
Келіп ек айтайық деп сізге батыр,  
Зәбірі айта берсек толып жатыр.  
Қаңғырып жерден босып тентіредік,  
Бір жәрдем етпейсіз бе бізге, батыр.  
Оларға Абат батыр былай депті,  
“Жігіттер отыра қап тыңдап кепті.

Жерді алып, малды қалмақ иемденсе,  
Көрші елдің көз алартып азап шекті.  
Ағайын жәрдем деуің өте орыңды  
Жанды аяп, жатып болмас кепті.  
Мен бірақ атаменен сөйлесейін  
Қария адам еді көрген көпті.  
Айтайын қандай жауап береді екен  
Дегенім өзім білем келмес епке”.  
Абаттың атасы еді Асан қайғы  
Айтуға барды Абат ер осы жайды.  
Мәнісін бастан-аяқ түсіндіріп,  
Жұмысын келген қонақ баяндайды.  
Қария аз ойланып көпті болжап  
Қалмаққа өзім барсам деп ойлайды.  
Абатқа жауап берді мұны абайлап  
Бұл істің артын болжап артын ойлап.  
“Асықпа әзір, бала, сабыр ет,” - деп  
Негізін түсіндіріп айтты жайлап.  
“Сен барма. – деді - балам мен барайың,  
Қалмақты жай адам боп аралайын  
Толы елге тосын барып киліккенше,  
Әуелі білген артық мән жайын”.  
Деп Асан тоқтатады Абат ерді  
Көрем деп қалмақ алған сүйем жерді.  
Екі-үш күн қонақ қылып сыйлық беріп,  
Қарсы алып жақсы күтті келгендерді.  
Ақылын білгенінше айтып-айтып,  
Жөнелтті іздеп келген кісілерді.  
Кейіннен Асан Қайғы мініп атқа  
Жүреді сапар шегіп қалмақ жаққа.  
Белінен Жем өзенін кешіп өтіп,  
Бойына теріс аққанның құламаққа.  
Жол жүріп екі арада бірнеше күн  
Келеді Барбидағы көп қалмаққа.  
Ырғыздың ол кездегі аты Терісаққанды  
Қыры егің, ойы балық, жері сәнді.  
Бір беті құм, бір беті қырат-жазық,  
Көлі құс шыңқылдаған, шың-құзы аңды.  
Бұрында қазақ қалмақ неше ұрысып,

Қалмақтан өлтіріпті Барби ханды  
Хан Барби осы құмда өлгеннен соң,  
Сондықтан Барби құмы атанғанды.  
Көп қалмақ Терісаққанды қонған бойлап,  
Басынып қазақ ауылын баса жайлап.  
Қазаққа көрші отырған көз алартып,  
Жерінен ығыстырып шыққан айдап.  
Қыс-қыстап қалмақ елі Доңыз көлін  
Өзіне жер шұрайын алған сайлап.  
Құс салып, ит жүгіртіп, қыс кәсібі  
Аң аулап жүреді екен бұлағайлап.  
Ауғабай жер ұйығы осы Нұра  
Қос бүйрек, Құлтас шыңы, Сұңқар қия.  
Киікпең, қоян-түлкі қойша өреді,  
Биік шың Тобылғылы сай мен жыра.  
Хан Шарыш аңшы кісі бір құс базы  
Жалықпайды аң аулаудан қысы-жазы.  
Сұлу қыз, жақсы киім елдегі бар  
Жүйрік ат бәрі сонда жүйрік тазы.  
Хан көреді игілігін бар жақсының,  
Қалайда жүреді айтса халыққа назы  
Нұрада қойша өреді құлан-киік,  
Доңыз көл хан қонысы қонған сүйіп.  
Деген шың Сұңқар қия осы күнгі  
Батысқа Бураша бас тұрған ұйып.  
Сондықтан жазық жерге тік біткен тау  
Бір көрсең кете алмастай көзің қиып.  
Пойыздай қатарланған терістігінен  
Суретін шығарғандай қолдан қиып.  
Қарасаң шығысынан бір құба жон  
Тауға ұқсас көрінбейді онша биік.  
Аса зор аң байлығы төңірегінде,  
Сай-сала Тобылғылы бір жер ұйық.  
Шарыш хан аң байлығын жақсы біледі,  
Құс салып, ит жүгіртіп жылда келеді.  
Салса да қандай қыран құс әкеліп,  
Бір құстан сол таудағы жылда өледі.  
Сол тауда болады екен бір сұңқар құс  
Болғандай қолға түссе таланға түс.



Шарштың салған құсын жылда қиып,  
Өлтірмей бірін аман жібермейді құс.  
Бұл құсқа ыза болып іші күйіп,  
Еркін бір аулай алмай құлан-киік.  
Кім ұстап береді деп осы құсты  
Жан шықпады сұраса да елін жиып.  
Шарыш хан жүре берсін аулап аңың,  
Теп-тереп Сұңқар қия таудың маңың.  
Ендігі сөз Асан қайғы қариядан  
Қалмақтың іздеп шыққан Шарыш ханың.  
Аралап Асан қайғы қалмақ елін  
Көреді қонақ түсер көп жерлерін.  
Кісі боп жай жолаушы жоқ іздеген,  
Жасырып жүрді айтпай аты-жөнін.  
Жағалап ханның барды ордасына,  
Кісідей жүрген жай бір шаруасына.  
Ол кезде аңнан Шарыш келіп еді,  
Белгілі қырық уәзірі бар қасында.  
Хан көріп шаһарада қазақ шалың,  
Білмекке қандай адам жай-жағдайың.  
“Шалсың, - деді, - бұл арада неғып жүрген,  
Боларсың әлде бір қу қазақ залым”.

### **Асан қайғының жауабы:**

- Екенсің ақылың тайыз хан да болсаң,  
Халқыңа әлдеқалай заңда болсаң.  
Хан болып халық меңгеріп неғып жүрсіз,  
Көргеннен адам түрін аңдамасаң.  
Болама мен сияқты қияр адам,  
Құлқына қулық-сұмдық сияр адам.  
Елім шет Жем бойында мен бір жоқшы,  
Жоқшыны қиярсың деп хан мен надан.  
Еліңе жоқ малыңның ізі келді,  
Сен болсаң шығарып бер шын әділ хан  
Бұл сөзім базыналық, тақсыр ханым,  
Сізбенен тіресуге жоқты әлім.  
Ықтияр әурелесең ерік өзіңде,  
Қазақтың жеңесің ғой жалғыз шалың.

**Хан:**

- Еш жаққа жоғың кетпес келсе мұнда,  
Татитын шал екенсің сөзің пұлға.  
Байқаймын құр алақан кісі емессің,  
Болғандай сөзің үлгі кейінгі ұлға.  
Білетін елдің сырын ер шығарсың,  
Үш ауыз жауабым бар сөзім тыңда.  
Қамқоршы елін сүйер жақының кім,  
Бір басы жүз кісіге татыры кім.  
Қорласа сырттан дұшпан болаттай құрсап,  
Халқыңның арқа сүйер батыры кім.

**Асан қайғы:**

Халқымның арқа сүйер батыры – Абат,  
Бір басы жүз кісіге татыры Абат.  
Қорласа сырттан дұшпан арқа сүйеп,  
Халқымның қамқоршысы, жақыны Абат.

**Хан:**

Еліңде сабырлы кім, ақылды кім,  
Қашанда қуаттайтын мақұлы кім?  
Екінші сізден менің бір сұрағым  
Еркекте қызғанбайтын қатыңды кім?

**Асан қайғы:**

Елімде сабырлы Абат, ақылды Абат,  
Қашанға қуаттайтын мақұлды Абат.  
Екінші сұрағыңа жауабым бұл  
Еркекте қызғанбайтын қатыңды Абат.

**Хан:**

Еліңде ер жүректі ерлері кім,  
Алысты жуықпенен көргені кім?  
Үшінші атқан оғы дәл тиетің,  
Еліңнің асқан қыран мергені кім?

**Асан қайғы:**

Елімнің ер жүректі ерлері Абат,  
Алысты жуықпенен көргені – Абат.  
Үшінші атқан оғы дәл тиетің,  
Халқымның асқан қыран мергені – Абат.

## **Хан**

Білгенге бағалы алтын сөздің пұлы,  
Жүйріктің ақылы дария сөз бұлбұлы.  
Осынша Абат ер деп көп мақтадың,  
Айтыңыз Абат батыр кімнің ұлы?

## **Асан қайғы:**

Білгенге бағалы алтын сөздің пұлы,  
Жүйріктің ақылы – дария, сөз – бұлбұлы.  
Абатты бір мен емес халық мақтайды,  
Деген ол Асан қайғы ердің ұлы.

Сұрамады хан да жауап одан әрі,  
Есітті шалдың сөзін жас пен кәрі.  
Мұндай ер қазақта да бар екен деп,  
Таңданып, таңырқады баршалары.  
Хан айтты шал сөзіне нандық деді,  
Есітіп ерлеріңді қандық деді.  
Сыйлығым атпен міне тон кигізем,  
Кейін қайт саған бірақ жарлық деді.  
Бұл айтқан сөздеріңді ескерермің,  
Рас па, өтірік пе, тексерермін.  
Мақтадың Абат ер деп үш қайтара  
Өлмесем сол Абатты бір көрермін.  
Болғасын хан жарлығы қайтпақ болды,  
Ат мініп, хан сыйлығы киді тонды.  
Қақпанға тез түсетін хансың ғой деп,  
Қария елге қарай жүрді жолды.  
Қария елге қайтты атқа мініп,  
Сөйлесіп Шарыш ханның сырын біліп.  
Еліне Асан қайғы қайта тұрсын,  
Сөйлетейік Шарыш ханды кейін келіп.

\* \* \*

Keңесті шақырып алып уәзірлерің,  
Keң танау, жуан қарын ел билері.  
Кешегі қазақ шалы кеткен шақта,  
Қазақтың сынайық деп Абат ерін.  
Сөйлесіп қырық палуан барсын деді,

Жылқысын қуып айдап алсын деді.  
Артынан айырамын деп Абат келсе,  
Ұрысты қырық палуан салсын деді.  
Абатты әлі жетсе байлап алсың,  
Пенде боп ала алмаса қалсын деді.  
Бұл сөзді мақұлдады барлығы ойлап,  
Шығарды қырық батырын сайлап-сайлап.  
Білдірмей жасырынып түнде барып,  
Жылқысын ер Абаттың алдап, айдап.  
Артынан айырамын деп қуып келсе,  
Абатты алыңдар деп өзін байлап.  
Қазақтың Абат ерін ала алмасақ,  
Пенде боп қалыңдар деп көзің жайнап.  
Қалмақтан атқа мінді қырық батыр  
Қазаққа саламыз деп заман ақыр.  
Асынып сауыт-сайман мініп бедеу,  
Бет қойып Жем бойына келе жатыр.  
Келеді қырық палуан гүрілдесіп,  
Нан пісіп көкірегіне гүжілдесіп.  
Шапқылап бірі қашып, бірі қуып,  
Аударып бірін-бірі дүрілдесіп.  
Ішінде кейбіреуі елеңдеген,  
Желбегей белін бумай делендеген.  
Қысық көз, дөңгелек бет, тыртық танау,  
Елеріп үріккендей әлденеден.  
Кейбірі мен-менсініп тықарайған,  
Кеспелтек, күржік жауырын мықырайған.  
Өзінше әлдеқандай адамсымақ,  
Басында айыр қалпақ жапырайған.  
Теріс аққанның бойынан  
Аттанып шықты қырық қалмақ.  
Жем бойында Абаттың  
Елінен барып жылқы алмақ.  
Күші жетсе Абатты  
Пенде қылып байламақ.  
Өзіне қосып жылқысын  
Қалмаққа қарай айдамақ.  
Көрсетпекші ханға әкеп,  
Қазақтың Абат батырын.

Түсірсе қолға айлалап,  
Қырық батыры қалмақтың.  
Келе жатыр гүлесіп,  
Сауыт-сайман бөктерін  
Тепсініп атын шу десіп.  
Қалмақтан шыққан қырық қабан  
Кескіндері тым жаман.  
Қабағынан қар жауып,  
Қаһарын елге түсіріп.  
Жүрген жерін шаңдатып,  
Зәрісін елдің ұшырып.  
Кесіртке, жылаң, қап тесер  
Көзіне түссе жолшыбай  
Атып ұрады ауызға,  
Отқа шала пісіріп.  
Сипап қояды миығың,  
Көтеріп қояды иығын.  
Сондағысы ойында  
Бар недәуір кісілік.  
Қолаңса иісі бұрқырап,  
Ық жағына барғызбайды.  
Ауызының сасық лептері,  
Жеркенбей демін алғызбайды.  
Сондадағы недәуір  
Қырымпазданып бойына,  
Кісімсініп тазайын  
Жан теңгермей бойына.  
Қалма көрдей мойынды  
Кісіден тәтті қайтпаған  
Шетінен алып, шойыңды.  
Гүмпілдесіп, гүлесіп,  
Қазақтың Абат еріне  
Көрсетемін деп ойынды.  
Жедел жүріп Жемді өтті,  
Аттарын жалдап демде өтті.  
Байқуат жатқан көп елге,  
Би мезгіл қалмақ кеп жетті.  
Келіп кірді кешкіре,  
Жылқысын елдің тексере.

Бір терең сайға бекінді,  
Қалмақтың қырық әскері.  
Сол уақытта Абат ер  
Күзетіп жүр еді жылқысын.  
Бейғамдықты қалт етпей,  
Төрт бөліпті ұйқысын.  
Ояу жан қалмай бәрі де,  
Ел барған кез ұйқыға.  
Абатты көрмей күзеткең,  
Қалмақтар тиген жылқыға.  
Абат ердің алдынан  
Қуа қашты көп қалмақ.  
Көптігімен қорқытып,  
Мақсаттары жылқы алмақ.  
Айырмақ болса Абат ер  
Онда қосып айдамақ.  
Пенде қылық батырды  
Қол-аяғын байламақ.  
Мұны көріп Абат ер  
Сабыр қылды саспады.  
Атынан түсіп шешініп,  
Киімін ауыр тастады.  
Мініп алды кері атқа  
Мықтап тартып айылын.  
Қырық қалмақпен ұрысып,  
Көрсек деді айбынын.  
Соңына түсіп қалмақтың,  
Қуып жетті ұзатпай.  
Жібермеді еркіне,  
Мойынына түскен тұзақтай.  
Жалғыз өзі ер Абат  
Қалмақтармен ұрысты.  
Көп екен деп қорықпай,  
Сермеді семсер қылышты.  
Сермеген жері серпіліп,  
Селдіретті қалмақты.  
Қарсысына батырдың  
Ешбір батып бармапты.  
Батырға төтеп бере алмай,

Қалмақтар жаман қысылды.  
Табан жерде құтқармай,  
Жиырма-отызын түсірді.  
Қалғандары қалмақтың  
Әрең қашып құтылды.  
Жылқыға қосып отызын  
Жаяу айдап Абат ер,  
Ауылға барған сықылды.  
Абат сынды батырдың  
Басында үлкен бағы бар.  
Сырт дұшпанға сыр бермей,  
Өрлеп тұрған шағы бар.  
Жаудан түскен жарақат,  
Төрт-бес жерде тағы бар.  
Жылқысын аман қайырды,  
Дұшпаннан кекті қайырды.  
Оған қоса олжасы  
Отыз қалмақ тағы бар.  
Отызын ауылына айдап келді,  
Қайраты таңдаңдырды тамам елді.  
Шуласып отыз қалмақ жалбыранып,  
Жалынып құшақтады Абат ерді.  
“Келіп ек сынамаққа жау емеспіз,  
Жібер,- деп - жалыныпты сіз біздерді”.  
Сөйледі сонда Абат ер жауап беріп;  
“Тиістің жайлы жатқан маған келіп.  
Әңгүдік, алаңғасар, ақылы аз,  
Шарыштың түк білмейтін тіліне еріп.  
Абайлап артын ойлап ескерместең,  
Ежелгі басқыншылық күшке сеніп.  
Айтпас ең сынадық деп сонда маған,  
Егерде күшің жетіп алсаң жеңіп.  
Біле алмай шамаларын талтаңдасып,  
Жол жүріп босқа шаршап салпаңдасып.  
Дәусініп әрқайсысы әлдеқандай,  
Жан ілмей көздеріне алшаң басып.  
Оп-оңай тегін олжа аламыз деп,  
Жылқымды келе қудың жампаңдасып.  
Айқасып бір шетіне тиіскенде,

Қаштыңдар бет-бетіңмен жалтаңдасып.  
Сәлем айт Шаршы ханға жүрсін текке,  
Зәбірін тигізбесін жайып көпке.  
Қазақтың жер мен суын иемденсе,  
Ойласын ол дегені келмес епке.  
Үш арыс-байтақ елім жатқан қазақ,  
Ежелден сырт дұшпанға болмас мазақ.  
Бойында Терісаққанның кіші жүзің,  
Ханынан зәбірленіп көрген азап”.  
Ер Абат осылай деп жауап берді,  
Қалмақты зәбірлемей қоя берді.  
Ырза боп тимегенге жан олжа деп,  
Батырлар қуанысып елге келді.  
Алдына Шарыш ханның жүгінісіп,  
Көргеннен бастан-аяқ сөйлеп берді.  
“Көрдік, - деп - Абат ерді Жемге барып,  
Біз тидік жылқысына айқай салып.  
Келтірмеді ұрысуға шамамызды,  
Құтылдық бас сауғалап, өліп-талып.  
Көрмеді шыбын құрлы қырқымызды,  
Денесі құйған шойын сондай алып”.  
Шарыш хан мына сөзді есіткесін  
Барлығы таңданады қайран қалып.  
Тағы да сынайық деп пікір етті,  
Өзінің бектеріне ақыл салып.  
Абатқа баратұғын кім бар деді,  
Алдына халқын тегіс жиып алып.  
Ер жүрек елден біреу барсын деді,  
Екі есе құнын менен алсын деді.  
Келтірсе жұмысымды орнына  
Олжа боп малы өзінде қалсын деді.  
Жаршылар тұс-тұсынан мініп атқа  
Осылай жар шақыртты әрбір жаққа.  
Жұмысын ханның айтқан орындайтың,  
Ер жүрек бар ма деп ер бұл талапқа.  
Сол кезде біреу тұрды орнынан,  
Көрген жан шошығандай формынан.  
Кеспелтек, өзі жуаң жылтыр қара,  
Есікке шаққа сияды қырынынан.



Алдына Шарыш ханның кіріп келді,  
Бас иіп, тәжім етіп, сәлем берді.  
Ай, тақсыр, неде болса біткерейің,  
Мәнісін жұмысыңның айтқын деді.  
Жігіттің ырза болып батылына,  
Абаттың жұмсаймын деп қатынына.  
Ырза ғып көндіресің амалменең,  
Ойланып қара мұны ақылыңа.  
Арттырамын дәрежеңді уәзір етем,  
Орындап шықсаң істің ақырына.  
Әйелді қызғанбайтын адам дейді,  
Қазақтың бар Абат атты батырына.  
Үйіне өзі жоқта барып алып,  
Бірге жат әйелімен төсек салып.  
Қозғалма келсе дағы орыныңнаң,  
Өлтірер азар болса басыңды алып.  
Бұл сөзді ханнан жігіт есіткесің,  
Толғанды неше түрлі ойға қалып.  
Шарыш хан екі адамның берді құның,  
Қызықты бергеннен соң мал мен пұлын.  
Үстіне жақсы киім киіндірді,  
Даярлап жөнелтпекке жол жабдығын.  
Үйіне көңілі тасып келді қалмақ,  
Талабы Жем бойында елге бармақ.  
Азғырып ебін тауып шама келсе,  
Абаттың қойнындағы жарын алмақ.  
Ойланып дел-сал болып басы қатты,  
Үстінен басқандай-ақ ауыр салмақ.  
Үстіне киім киіп таранады,  
Сипанып, қағып-сілкіп қаранады.  
Зерленген, әшекейлі етек-жеңі,  
Басына үкі тағып жасанады.  
Әлемдеп үсті-басын жуынады,  
Таңырқап жүрді қалмай баладағы.  
Қолымен басындағы алып бөркін,  
Үңіліп айнаменен көріп көркін.  
Таңсынып әлдеқандай мазданады,  
Отырып оңашада емін-еркін  
Етікке ұстарасын жанып-жанып,

Томпайтып тіліменен терең ұртын,  
Қуартып екі жағын жымырайтып,  
Күзеді дымын қоймай сақал-мұртын.  
Кең таңау, бадырақ көз, мұрны жалпақ,  
Басына ақ киізден киіп қалпақ.  
Бір кісі өзімдей-ақ болады деп,  
Аяғын кердең басып алшаң-алшаң.  
Қайсы деп Жем өзені түзеп кетті,  
Қос атпен дамыл алмай жүріп кетті.  
Арада бірнеше күн дамыл алмай,  
Еліңе ер Абаттың келіп жетті.  
Ауылды торуылдап жүрді көп күн,  
Аңдыды дамыл алмай бірнеше күн.  
Бітірмей келген ісін қайтып бару,  
Көрінді өлгенмен тең, бойына мің.  
Ауылды түнде жүріп аралады,  
Онымен ешбір үйге бара алмады.  
Жат үйге түнде бару оңай емес,  
Ойланып ешбір амал таба алмады.  
Ашықты әрлі-берлі жүргеннен соң,  
Біле алмай не істерін алаңдады.  
Қаңғырып бос тентіреп жүрді көп күн,  
Бұралып аш қасқырдай жалаңдады.  
Арада соныменен көп күн өтті,  
Сау басын шарға салып әуре етті  
Атынан түсті дағы бір ойға кеп,  
Сол жерге матастырып қойып кетті.  
Аяғын дік-дік басып ақырындап,  
Жаяулап көп ауылға барып жетті.  
Тамақ боп есіл-дерті бір тоятын,  
Ұмытты хан алдында берген сертті.  
Еш үйге батып кіріп бара алмады,  
Тақымдап иттер қуып, мал үркітті.  
Ер Абат түн кезеді ауыл сыртын,  
Күзетіп сырт дұшпаннан елін-жұртын.  
Бір ойда екі жылқы байлаулы тұр,  
Бұрыңғы әдетінше жүрсе бір күн.  
Таңданып не жылқы деп жетіп барған,  
Еріттеулі, біреуі бос қосарға алған.

Екеуін бір шұңқырға матастырып,  
Иесі жоқ тастап солай кетіп қалған.  
Аттарды көрді дағы кейін жүрді,  
Кім бар деп жан-жағына мойынын бұрды.  
Әйтеуір иесі болса бір келер деп,  
Тасалап бір шұңқырда қарап тұрды.  
Ай жарық, таңға жақындап қалған кезі,  
Елбөндеп біреу келеді көрді көзі.  
Өзінше бір нәрсені айтып келеді,  
Тыңдаса мынау екен айтқан сөзі:  
“Шарыштың мында келдім тілін алып,  
Өзімді мүсәпірлік жолға салып.  
Беремін не деп жауап ханға барып,  
Бітірмей ешбір жұмыс қайтып барып.  
Болармын шын масқара сол уақытта,  
Егерде ұстап алса біліп қалып.  
Малынан ханның берген не пайда бар,  
Пәлеге ұшырасам өліп қалып.  
Екен-ай ақымақтық бұл еткенім,  
Аңласам бұл ісімді ойға салып.  
Бос жүріс бұл жүргенім ойға салсам,  
Айтармын бір дәлелін қайтып барсам.  
Не пайда дүнияда жиған малдаң,  
Қырсыққа өстіп жүріп ұшырасам.  
Осылай сөйлеп жалғыз келді атқа  
Көз салып мойын бұрмай ешбір жаққа.  
Ер Абат қарсы алдынан шыға келді,  
Атына келіп жаңа мінген шақта.  
Абатты көріп қалмақ жаман састы,  
Атының мойынын бұрып тұра қашты.  
Жеткізбей аман қашып құтылуға,  
Екі атқа үсті-үстіне қамшы басты.  
Абат ер құтқармады қуып жетті,  
Жанасып тізгінінен ала кетті.  
“Барасың қайда қашып әй, ақымақ,  
Баяндап аты-жөнін айтқын”, - депті.  
“Ұрымын елді торып жүрген аңдып,  
Ежелден Абатпенен болған кекті.  
Кез болып сен алдымнан тұра қаштың,

Ауылға келе жатсам қойып бетті”.  
Есітіп мына сөзді қалмақ нанды,  
Бұдағы өз жөнінен баяндады.  
Бірлесіп енді амалын табайық”, - деп,  
Ауылға Абатқа еріп аяңдады.  
Қалмаққа Абат айтты сөзім тыңда,  
Шарышқа уәде етіп келдің мұнда.  
Есітіп сұрастырып біліп едім,  
Абат жоқ кеткен дейді жортуылға.  
Абаттың шеткі анау қараша үйі  
Ал тез бар енді бекер қарап тұрма.  
Мен тұрам деп сен келгенше атты ұстап,  
Көрсетіп қолыменен үйді нұсқап.  
Қорықпа неде болса тәукел ет,  
Ешқайда мен кетпеймін сені тастап.  
Келгесін жұмысыңды бітіріп кет,  
Еліңнен әдейі іздеп шықтың тастап.  
Бұрын соң келгенім жоқ деді қалмақ  
Жүрсейші алға түсіп өзің бастап.  
Қалмақты бастап Абат алып жүрді,  
Екеуі ақырындап үйге кірді.  
Есіктің тап алдына келген шақта:  
“Әуелі, - қалмақ айтты, - сен кір, - деді.  
Қалыпты босағада қалмақ тұрып,  
Ер Абат келді өзі үйге кіріп.  
Қалмақты масқара ету үшін,  
Жинады сандық жүкті ортаға үйіп.  
Орнықсыз қалтылдатып жиып қойды,  
Құлайтын етіп қойды кетсе тиіп.  
Алдына ол қалмақтың қайта барды,  
Шешініп сырт киімін төрге іліп.  
Үй іші тегіс ұйықтап жатыр екең  
Абайлап келдім деді бәрін біліп.  
Қауіп етпе енді саған қорқыныш жоқ,  
Бітір деп жұмысыңды үйге кіріп.  
Осылай оспадарсыз тұрысыңнаң  
Қалмасын біреу-міреу бізді көріп.  
Қалмақты бастап Абат үйге кірді.  
Әдейі төр алдына алып келді.

Мысалы, түк көрмейтін соқырдай-ақ,  
Жабысып етегінен қалмай жүрді.  
- Жатыр, - деді, Абаттың әйелі әне,  
Қармалап қалмақ айтты кәне-кәне.  
Сүрінді төр алдына төрге барып,  
Қолына ілінбеді еш дәнеңе.  
Жиюлы жүкке тиіп құлап жатыр,  
Бір бала жүк астында жылап жатыр.  
Бар болса жер тесігі кіргендей боп,  
Жабысып жерде қалмақ сұлап жатыр.  
Үй іші астын-кестен болып жатыр,  
Бүлінген уақ нәрсе толып жатыр.  
Білмейді қараңғыда кім екенің,  
Шекеге жұдырықта қонып жатыр.  
Қалтырап үрейленіп жаман састы,  
Есікті лақтырып тұра қашты.  
Ышқынып жүгіреді жан ұшырып,  
Алақтап зәресі ұшып жанталасты.  
Жүгіріп жөнеледі үйден шыға,  
Бағытсыз бетін қойып айдалаға.  
Шулады азан-қазан бәрі тегіс,  
Үрпейіп үрейленіп бала-шаға.  
Соңынан құды адамдар айқай салып,  
Артынан қуғыншылар жетіп барып.  
Ауылдың ортасына алып келді,  
Тұтқын қып қол-аяғын байлап алып.  
Қалмаққа Абат айтты: "Ер екенсің,  
Ерлердің ел ішінде бірі екенсің.  
Осындай ерлігімен елден шығып,  
Бишара мал табуға жүр екенсің.  
Сәлем де Шарышқа әуре еткен,  
Сынайды мені неге қандай бетпен.  
Талайды сен сияқты малға жалдап,  
Масқара ел алдында мазақ еткен.  
Тастасын екіншілей бұл мінезін,  
Ақысы болса алсын бізде кеткен.  
Екі рет осыменен өзі тиді,  
Қылығы айуаншылық асты шектен.  
Мен дайын сынасуға Шарышқа айт

Тезірек енді тұрма еліңе қайт.  
Ат-тоның үстіңдегі өзіңе олжа,  
Тек жүргің, қиқаңдаушы енді болма”.  
Жіберді батыр Абат осыны айтып,  
Жөнелді қуаңнан қалмақ қайтып.  
Жаманның жаны олжа деген дейің,  
Жүреді күні-түні тынбай тартып.  
Алдына Шарыш ханның кіріп барды,  
Тағзыммен басын иіп, қолын алды.  
Кеткелі елден шығып көргендерің,  
Қалдырмай бәрін тегіс баяндады.  
Мұны естіп елін тегіс жиып алды,  
Бәріне үлкен-кіші ақыл салды.  
Сәлемін батыр Абат есіткесің,  
Жиылған қалмақ елі таңға қалды.  
Хан айтты біз Абатты шақырайық,  
Жолығып өз аузынан сөз сұрайық  
Атақты асқан қыран мерген дейді,  
Тағы да көзбен көріп бір сынайық.  
Мақұл деп мына сөзді баршалары,  
Жиылған үлкен-кіші, жас пен кәрі.  
Әуелі біз Абатты келтірейік,  
Тағысын кеңесерміз мұнан әрі.  
Жіберді тоғыз кісі тарту беріп,  
Сәлемде ер Абатқа кетсін келіп.  
Кешірсін бір білместік болған шығар,  
Не десе мұнан былай өзінде ерік.  
Қалмақтар тоғыз атқа тағы мінді,  
Дамылсыз күндіз-түні тынбай жүрді.  
Кідіріп екі арада тоқталмастан,  
Жағалап Жем бойына елге келді.  
Аралап талай жерді маманданған,  
Басшысы тоғызының Құныкей еді.  
Қашаннан өзі қақсал, алаяқ, қу.  
Көп көрген бұрың-соңда ұзақ жолды.  
Жағалап көп ауылға келіп жетті,  
Сөйлесті қара үйге келіп шеткі:  
“Келе жатқан алыс жолдан жолаушымыз,  
Біздерге жөн сілтейтін кім бар”, - депті.

Көрсетсең біздер саған барар едік,  
Атақты Абат батыр асыл текті.  
Сол кезде үйден шықты бір ақсақал,  
Сықылды қария адам көрген көпті:  
“Абатты не жұмыспен іздейсіңдер,  
Ол бүгін ертеменен аңға кетті.  
Көрінеді атың жарау алыс жолдан,  
Балалар, жұмыстарын айтқың”, - депті.  
Түссеңіз Абаттың үйі осы,  
Болсаңыз келген қонақ адал ниетті.  
Егерде дұшпан болсаң оны айтыңдар,  
Өштескен Абатпенен болып кекті.  
Біз келдік алыс жерден іздеп мұнда,  
Қария құлақ салып сөзді тыңда.  
Тал түсте ауылыңа келеміз бе,  
Егерде дұшпан болсақ біз шынында.  
Абатты іздеп мұнда келіп едік,  
Есітіп сырттан сұрап біліп едік.  
Айбынды ел қорғаны дегеннен соң,  
Көруге көптен құмар, жерік едік.  
Тоғызы аттан түсіп үйге кірді,  
Мейман боп барлығы да жата берді.  
Аң аулап серуендеп батыр Абат  
Ауылына кешке жақын қайтып келді.  
Үйіне аттан түсіп келгеннен соң,  
Отырған тоғыз кісі көзі көрді.  
Сұрасып есен-саулық болғаннан соң,  
Жігіттер, не жұмыста жүрсіз деді.

**Тоғыздың басшысы Құныкейдің жауабы:**

Құныкей сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді.  
Қалмақтың ел-жұртынаң,  
Іздеп келген мен дейді.  
Арыстандай айбатты,  
Батыр Абат сен деді.  
Терісаққаның бойында  
Нұра таудың ойында,  
Қалмақ деген ел деді.

Осы арадан он күндік  
Қашық емес жер деді.  
Сізге салар қолқам бар,  
Бір тілегім бар деді.  
Хан менен бек, қараны  
Біздің елді аралап,  
Барып батыр көр деді.  
Айбынды артық батырым,  
Сөзге құлақ салыңыз.  
Сізге сәлем жолдайды,  
Шарыш атты ханымыз.  
Шақырады достықпен  
Қонаққа соған барыңыз.  
Ат басындай алтынды  
Тартуға сізге жіберді,  
Сыйлықты батыр алыңыз.  
Азды көптей көрерсіз,  
Әзірге қолда барымыз.  
Бәрі өзіңде билігі  
Мал менен бас жанымыз.  
Тілекті қабыл етпесең,  
Екінші қайтып айтуға  
Жоқ-ты біздің әліміз.  
Қателік болса кешсін деп,  
Ақылмен ойлап шешсін деп.  
Қиянат еткен ісімді,  
Оны ғафу етсін деп.  
Ханнан сізге өтініш,  
Қателік еткен ісіне  
Етті қазір өкініш.  
Біз алдыға бас идік,  
Сізде билік, сізде күш.  
Елшілікке біз келдік,  
Қалмақ жұрты елінен  
Нұраның адыр бойында,  
Доңыз деген көлінен  
Күні-түні жол жүрдік.  
Асау салдық шідерлі  
Белқопаның белінен



Озбырлыққа сия алмай,  
Шарыш ханның кесірі  
Ауып келдік біз баста  
Қоныс еткен жерінен  
Мекен еттік біз қазір  
Терісаққанның саласын.  
Нұраның батыс бетінде,  
Доңыз көлдің жағасын.  
Тобылғылы шұбарда  
Сай саланың арасын.  
Туған жерден көшірген,  
Сол Шарыштың қылығы.  
Көз алартып көрші елге,  
Басынан асқан байлығы.  
Қалмақ елін билеген  
Қазіргі үлкен ұлығы.  
Ендігісін өзің біл,  
Аяғыңа жығылды.

**Абат батырдың жауабы:**

Абат сонда сөйледі,  
Асу-асу асқартау  
Өткел бермес белім бар.  
Шөбі шүйгің, суы бал,  
Жағалай шалғың, көк майса  
Бөлек-бөлек көлім бар.  
Қызғалдақтай гүлденген,  
Масатыдай түрленген,  
Ғажап салқын жерім бар.  
Сарыарқаны жайлаған,  
Қоралап малды айдаған,  
Атанатын үш арыс  
Қазақ деген елім бар.  
Бейбіт жатқан еліме,  
Көрші отырып қол салдың.  
Жерінен қуып көшіріп,  
Мал мен жесір олжа алдың.  
Нұрадан елді көшіріп,

Қаһарын төгіп түсіріп,  
Енді алмаған не қалды.  
Жауластырып екі елді  
Ұрысқа бастап жол салдың.  
Тастап көшіп қонысын  
Ұлы жүзге сия алмай,  
Кіші жүзге килікті  
Аламын деп билікті.  
Енді не деп шақырады,  
Шарыш ханың ұялмай.  
Шақырса жақсы барайың,  
Салыстырып қарайын  
Асығыстық етпейің,  
Ақырын істің бағайың.  
Түсініссе мен дайын,  
Боламын десе ағайын.  
Солай деп батыр Абат жауап берді,  
Жөнелтті рұқсат етіп келгендерді.  
Артыңнан аман болсам барармын деп,  
Шарышқа сәлем айт деп қоя берді.  
Ер Абат елін тегіс жиып алды,  
Бәріне үлкен-кіші ақыл салды.  
Қасына бес жүз кісі жолдас ертіп,  
Ат айғыр мінді жақсы елде барды.  
Шетінен өңшең батыр, мергең балуан  
Әр түрлі өнер істер алуан-алуан  
Асынып мылтық, найза, белде қылыш,  
Ер жүрек, қайтпас өжет бәрі жаудан.

Абат атасы Асанға келіп: «Ата, шақырған жауға барайың, ордаханасына ойран салайың рұқсат беріңіз», - дейді. Сонда Асан қайғы: «Рұқсат жолың болсын, бірақ барғаннан кейін мергендігінді сынар. Бәсің бар ма, қалаған сұрағанымды бересің бе дерсің. Хан беремін деп үш қайтара айтар. Сонан соң ат деген жеріне тигізгеннен кейін мынаны сұрарсың:

Терісаққанның саласың,  
Ойыл Қиыл Жем, Сағыз,  
Еділ Жайық арасын

Отыз екі сағасы,  
Тоқсан тарау Торғаймен  
Осы араның шамасы”, - депті. Абат атасынан рұқсат  
алып жүріп кетті.

\*\*\*

Рұқсат алып ер Абат  
Қалмаққа қарай жүреді.  
Екі арасы он күндік,  
Қашық емес жер еді.  
Дауылды күндей гулетіп,  
Екпіндетіп желеді.  
Бес жүз кісі қасында,  
Заулап жетіп келеді.  
Бәрін көрді аралап,  
Қалмақтың кіріп шетіне.  
Қадалған жерден қан алады,  
Қайтқан емес бетінен.  
Қаһарын төгіп түсіріп,  
Зәресін алып ұшырып,  
Ордаға жетіп барады.  
Жатқан аттың дүбірі  
Үйде отырған Шарыштың  
Құлағы сонда шалады.  
Не болды деп, япырмай,  
Қолын түріп ысырып.  
Жабығынан қарады,  
Келген қолды көргесін  
Қуырылып апшысы  
Есінен жаман танады.  
Айбынды туған ер Абат  
Ордаға жетіп келеді.  
Іркіліп, сасып бөгелмей,  
Ханға сәлем береді.  
Көрінгенінен жиренген  
Жасынан солай үйренген.  
Қарны жуан Шарыш та  
Шікірейген неме еді.

Асып туған қайраты,  
Абаттың басты айбаты.  
Жақын келіп төнеді,  
Сонда Абат сөйледі:  
“Қоныстанып жерімді,  
Тыныш жатқан елімді  
Бостырып қуып көшірдің,  
Қорама суық қол салып.  
Ұрысқа бастап жол салып,  
Зәресін жұрттың ұшырдың.  
Иесіз жатқан мал бар ма,  
Қорғаны жоқ ел бар ма?  
Мұнша неге есірдің,  
Түбі өзіңе тимесің,  
Абайлаңыз Шарыш хан.  
Бұл сияқты кесірдің,  
Келгенім жоқ жаулыққа  
Абдырап Шарыш лобықпа.  
Өзің мені шақырдың,  
Ерік өзіңе тигесің.  
Қонысқа жайлы келгенсің,  
Оңды-солды сапырдың.  
Жетемін де ниетіме  
Жан келтірмей бетіңе,  
Тізеңді қатты батырдың  
Жан-жағыңа қарамай.  
Әлдеқандай кісімсіп,  
Белдеуден ұстап ақырдың.  
Ақырында мінекей,  
Аяғыма бас ұрдың.

Сонда Шарыш түсіңіз батыр айып бізден деп өтінеді. Бұрыннан Абатты келеді деп күтініп, 100 үй тіктіріп қойған екен. Соған бес-бестен түсіріп, күніне қонақ асыға 40 тай, 60 қойдан сойып беріп жатқыза береді. Бір күні баяғы Құныкейді жұмсайды. Сен Абатқа бар, көп жатып жалыққан шығар, аңға шығайық дейді. Ондағы ойы Абаттың мергендігін сынамақ.

### **Құныкейдің Абатқа келіп айтқаны:**

Ер Абат, жатырсың ба, арыстаным,  
Кең ойлы, ақылы артық, данышпаным.  
Жарайды бәрекелді құтты болсын,  
Шарышпен татуласып табысқаның.  
Қарсыңа жан келтірмей айбатыңмен,  
Дұшпаныңды жықтың дәйім алысқаның.  
Тойтарып тұрмастай қып шегеледің,  
Бетіңе келіп қарсы қарысқаның.  
Еліңнен сапар шегіп жүрдіңіз жол,  
Қасыңда өңшең батыр көп ауыр қол.  
Халқыңның арқа сүйер батырысың,  
Қамқоршы халық ері қайраты мол.  
Шығайық бүгін аңға деді Шарыш,  
Екінші сізге айтарлық жұмысым бұл.

Абат жарайды шықсақ шығайық, Шарышқа айт дайындалсын деп, жолдастарын ертіп аңға шығады.

Жарайды деп батыр Абат мақұл көрді,  
Ерттетіп, дайындатты таспа керді.  
Шарышпен бүгін аңға шығайық деп,  
Қасына жолдас ертті өңшең ерді.  
Шарыш хан қолына алып қаршығасың,  
Аралап келе жатыр тау, жырасын.  
Асынған мылтық, найза, белде қылыш,  
Ерітіп шыққан бұл да өз жолдасын.  
Айбаты арыстандай түрі бөлек,  
Бәрінен ер Абаттың күші басым.  
Жолдасы қасындағы өңшең мерген,  
Жібермес ұсынғанын атқан жерден.  
Шетінен өңшең алып, бәрі күшті,  
Абаттың жолдастары қасына ерген.  
Аударып бірі қашып, бірі қуып,  
Істейді қандай істі ойға келген.  
Боялған танаулатып аттар терлеп,  
Келеді қаптай жүріп тауды өрлеп.  
Ортада Шарыш жалғыз келе жатыр,  
Әр түрлі әңгімені етіп ермек.

Бұрын бір көргендерін айтып келеді,  
Көрсетіп нұсқап қойды, қолын сермеп.  
Қасымда қырық жігіт жолдасым бар,  
Өткен жыл осы тауға келдім мен деп.  
Қолымда бүркітім бар тауға келдім,  
Аралап тау жырасын кезіп жүрдім.  
Аң аулап осы тауда жүргенімде,  
Ғажайып таңырқарлық бір іс көрдім.  
Жүгіртіп шықтым барып анау шыңға,  
Көрінді бір топ киік осы жолда.  
Киікті көргеннен соң тілеп ұшты,  
Аспанға көтеріліп құсым сонда.  
Шүйлігіп зымырады төмен ағып,  
Артынан менде қудым қи-қу салып.  
Ысқырған сол мезгілде үн естілді,  
Екпіні суылдаған көкті жарып.  
Қарасам бір сары құс келеді екен,  
Төмендеп жұлдыздай-ақ зулап ағып.  
Екпіндеп зымыраумен барды-дағы,  
Бір түйіп бүркітімді кетті қағып.  
Япырмай, не оқиға болды екен деп,  
Тездетіп мен де артынан бардым шауып.  
Құсымды желкесінен қиып кеткен,  
Атымнан түсіп жылдам көрсем барып.  
Қырағы аң кетпейтін құсым еді,  
Қайғырдым өлгеніне қапаланып.  
Сол сары құс сонан кейін бәле болды,  
Өлтіреді келсем құсты аңға салып.  
Ғажайып не екенін біле алмадым,  
Мен соған қайран болдым таңға қалып.  
Қазір-ақ келер өзі аң көрінсе,  
Сол құсты түсірейік шама келсе.  
Ғажайып не екенін білер едік,  
Өлтірмей тірі ұстап қолға берсе.  
Деуші еді Абат батыр асқан мерген,  
Іс болды сірә бүгін сәті келген  
Беремін не сұрасаң екі етпеймін,  
Атыңыз сол сары құсты келген жерден  
Сонда Абат айтты берсең сұрағаным,

Көресің қазір құстың құлағаның.  
Көрінсе атып оны түсірейің,  
Екі етпей берсең деді қалағаным.

Сонда хан “Сұрағаныңды не болса бердім. Осы көпшілік сөзімізге куә болсын”, - дейді. Абат үш рет бересің бе деді. Үшеуінде де соны айтты. Сөйтіп келе жатқанда, Қосбүйректің орталығынан бір топ киік тұра қашады.

Осылай уәде етіп келе жатты,  
Боялып аттар терлеп танаулатты.  
Қалың қол бір төбеге шыға келді,  
Жүгіріп екпіндетіп қойып атты.  
Бауырдан бір топ киік тұра қашты,  
Қалың қол аттарына қамшы басты.  
Қиқулап бәрі қаптап шауып келеді,  
Киікке тазы, бүркіт араласты.  
Сол кезде бір үн шықты көкті жарып,  
Қалың қол қарай қалды аң-таң қалып.  
Зуылдап бір сұңқар құс келеді екен,  
Шарыштың бүркітіне түсті барып.  
Бауыздап желкесінен қиып кетті,  
Мылтықтың оғындай-ақ зулап ағып.  
Лезде көтеріліп шарықтады,  
Аспандап жоғарылап қайта айналып.  
Көрінбей енді кетті жылдамырақ,  
Шарыш хан атыңыз деді айқай салды.  
Сонда Абат атайын деп қай жерінең,  
Кезеніп садағына оғын салды.  
Өлтірме, қанатынан қия атыңыз,  
Екі атпа, мерген болсаң бір атыңыз.  
Беремін сұрағаның неде болса,  
Тірілей атып соны құлатыңыз.  
Ер Абат садағына оғын салды,  
Шіреніп пәрменімен тартып қалды.  
Ысқырып кетті сонда ыңыранып,  
Боздаған үні оқтың көкті жарды.  
Пәлі деп, қайратыңа берекелді,  
Барлығы қайран болып таңға қалды.  
Басылмай оқтың үні зыңылдады  
Көз тұтып, құлақ бітіп, шыңылдады.

Шүйлігіп қалбалақтап бір мезгілде,  
Бір биік шыңға барып құс құлады.  
Артынан екпіндетіп барды шауып,  
Басынан биік шыңның алды тауып.  
Қанатын қия тиіп, кесіп кеткең,  
Шарыш хан Ер Абаттан етті қауіп.  
Япырмай, болады екен мұндай мергең,  
Таңданды кереметін көзбен көргең.  
Алыңыз не сұрайсыз деді Шарыш,  
Тигіздің сұңқар құсқа айтқан жердең.  
Ер Абат Шарышқа айтты: "Бермен қара,  
Өлкесі Торғай тосын тоқсан сала.  
Жем, Сағыз, Ойыл, Қиыл, Ордың бойы,  
Арасы Еділ, Жайық ұшан дала.  
Бересің осы араның бәрін тегіс,  
Бұл жерге қоныстанып салма қала.  
Еріксіз екі аттасаң көшірермің,  
Екі елді жауықтырып салма жара.

Сонда Шарыш беремін деп айта алмай тосылып қалады.  
Ханның сыңайын байқап Абаттың айтқаны:

Сұраусыз келіп жерімді  
Баса көктеп жайладың.  
Көз алартып көрші елге,  
Жау жарағын сайладың.  
Жан көрінбей көзіңе,  
Астамшылық ойладың.  
Үйірлеп жылқы алдырып,  
Қоралап кейде айдадың.  
Кезеніп қару тап беріп,  
Надандық та ойладың.  
Жазықсыз елді зәбірлеп,  
Алымға сірә тоймадың.  
Неше рет саған ескерттім,  
Бұл қылығыңды қоймадың.  
Жүрмей қарап жайыңа,  
Меніменен ойнадың.  
Бейбіт елді көшіріп,  
Жарқылдаттың қылшыңды.  
Сабыр етсең азғана,



Көрерсің істің ұлысын.  
Қарны жуан доңыздың  
Сен Шарыш хан бірісің.  
Неге бүйтіп тасасың,  
Қазақтың қорлап жынысын.  
Иемдетпен мен саған  
Елімнің мекен қонысын.  
Келді кезек алдыңа,  
Тарылтармын тынысын.  
Желкеңнен сені бауыздап,  
Шығармаймын дыбысын.  
Бұл сөзді айтып ер Абат  
Кер атқа қамшы басады.  
Арыстандай ақырып,  
Қаһарын төгіп шашады.  
Мұны көріп Шарыштың  
Үрейі ұшып сасады.  
Бас сауғалап еліне,  
Кейін қарай қашады.

Сонда Абат батыр: «Қашқанды қума деген атам қазақтың мақалы бар еді» – деп, атының басын бұрып тұрып қалыпты. Шарыш еліне барып бастығы Құныкей етіп, 40 кісі елшілікке жіберіпті. Құныкей Абатқа келіп:

“Батыр аяғыңа жығылдық,  
Қарсы батып келе алмай,  
Бір шұңқырға тығылдық.  
Сұраған жеріңізді береміз,  
Не айтсаңда көнеміз.  
Батыр ашуыңда тастаңыз,  
Біздің елге жүріңіз”, - дейді.

Сонда Абат: “Мен екі елді жауықтырып босқа жазықсыз хан төгуге құмар емеспін. Шарышқа айт 10 күн мұрсат беремін, сол күннің ішінде бұл жерден көшіп болсын. Оған көнбесе бізді егіз төбе Қосбүйректің түбінен тапсын”, - деп Құныкейді кейін қайырып жібереді. Ақ Абат батыр күтініп бес жүз әскерімен жата береді. Осы күнгі Қосбүйрек егіз төбенің арасында 1000 қойдың қорасындай қазан шұқыр бар. Сол Абаттың қамал соғып бекініп жатқан жері екен деген аңыз бар. Құныкей ханға барып ханды қайрап айтқаны:

Ханға келіп Құныкей  
Сонда былай сөйлейді.  
Сөйлегенде бүй дейді,  
Абатқа бардым мен дейді.  
Айтқанын оның істесең,  
Көшетін шығар ел деді.  
Мұнан кетсек қолайлы,  
Табыла қоймас жер деді.  
Жібере берсең еркіме,  
Айтқаныма көн деді.  
Соғысам десең мен дайың,  
Қызығымды көр деді.  
Қарсы жауап айтқызбай,  
Қоғадай бізді жапырды.  
Қасарған бірбет неме екең,  
Ажырайып ақырды.  
Балағаттап жекіріп,  
Тиігізіп тілін батырды.  
Апшымызды қуырып,  
Берекетті қашырды.  
Қалмақ деген ел ме деп,  
Бүкті жаман насырды.  
Мұншама қорлап ала алмай,  
Неге бізді басынды?  
Қарап жатпа тақсыр хаң,  
Өзің тап бұған ақылды.  
Мұны естіп Шарыш хан  
Еліне жарлық салады.  
Жігіттерден кісі алады,  
Қалмақтың ауыр көп қолы  
Абатты іздеп барады.  
Аспанға шықты бұрқылдап,  
Төрт мың қолдың шаңдағы.  
Іріктеп алған саралап,  
Қалмақтың өңшең саңлағы.  
Бастаған қолды батыры  
Сарымсақ деген алдағы.  
Сарымсақ батыр гүжілдеп,  
Бастап қолды келеді.

Алаңғасыр әңгүдек,  
Едіреңдеген неме еді.  
Еш нәрседен қате жоқ,  
Күшіне жалғыз сенеді.  
Әуел баста Абатқа,  
Мен барайын деп еді.  
Сабыр ет, әзір шыда деп,  
Тоқтатқан оны көп еді.  
Қалмақтың ауыр әскері,  
Қосбүйрекке келеді.  
Айбыны артық ер Абат  
Келгенін қолдың көреді.  
Тартып қатты айылың  
Кер атқа сонда мінеді.  
Сабыр етіп саспады,  
Көп екен деп қашпады.  
Айтулы асқар ер еді,  
Жекпе-жек деп ақырып,  
Тайынбай қарсы жүреді  
Қарсы шықты Сарымсақ.  
Жеке Абат, жеке деп,  
Көзі оттай қызарып  
Шұбар атын төпелеп,  
Сазайыңды берейің  
Жеке Абат, жеке деп.  
Сол уақытта Абат ер,  
Кер атқа қамшы басады.  
Арыстандай ақырып,  
Қайраты судай тасады.  
Мұны көріп қалмақтар,  
Үрейі ұшып сасады.  
Екі батыр егесіп,  
Жағаласып тартысты.  
Ет жүректі межелеп,  
Ырғай найза салысты.  
Шақыр-шұқыр айқасып,  
Найзаласып қалысты.  
Қайта айналып екеуі,  
Ат үстінде алысты.

Сол уақытта ер Абат  
Тымақша жұлып алады.  
Алқымынан езгілеп,  
Көк бөрі қылып барады.  
Екі жүзді алмаспең,  
Қақ жүректен жарады.  
Мұнан кейін қалмақтар  
Жекелеп бірі шықпады.  
Қарсысына келе алмай,  
Ұйлығып бәрі тоқтады.  
Жекелеп шықпай майданға,  
Ат қойды тегіс дүркіреп.  
Қарсы шапты Абат ер  
Жауатын күндей күркіреп.  
Қабағынан қар жауып,  
Кірпігінен мұз тамып  
Бір шетінен кіреді.  
Астындағы кер аты  
Оқ жыландай атылып,  
Араласты қалмаққа  
Арыстандай ақырып.  
Келтірмеді бетіне,  
Қоғадайын жапырып.  
Кез келгенін шабақтап,  
Найзасын ырғап батырып.  
Бес жүз кісі жолдасы  
Көмегіне жарады.  
Қасқыр тиген қойдай-ақ,  
Қуып кетіп барады.  
Бір күн, бір түн ұрысып,  
Қалмақты жаулап алады.

Қалмақтар жеңіліп, Абатқа елшілікке кісі жібереді. Абат: «Мен бұрында айтқан едім, қан төгуге құмар емеспін»-деп, «бұл жерден көшіңдер қазақ даласынан қоныс іздемеңдер» - дейді. Қалмақтар амалсыз Нұрадан көшіп кетеді. Осы күнгі Нұрадағы Сұңқарқия деген шың сол Абат батырдың сұңқар құсты атқандағы сұңқардың құлаған жері деседі жергілікті халық.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институт директорының орынбасары Мәлік Фабдулинге

Абаттың өлең еттім әңгімесін,  
Шатпақтап жазды деме мұны нәсін.  
Ғапу ет, қате болса түзетерсің  
Үйлеспей кеткен болса сөз кемісін.  
Әуелде естуім де осылай еді,  
Мәнерлеп түзетпедім олай-бұлай.  
Күтемін нәтижесін не де болса,  
Тағысын жазып тұрам үзбей ұдай.  
Ардақты аттасымсың Мәлік батыр,  
Жазғаным мұнан басқа толып жатыр.  
Өзімді-өзім сынап біле алмаймын,  
Жарамсыз, иә жарамды, дұрыс, мақұл.  
Өтініш аттасыңды шепке алыңыз,  
Үздіксіз кеңес беріп, айтып ақыл

**Мәлік Әлмұратов**  
24 қараша 1947 жыл

## **Ақбикеш** **(поэма)**

Өтіпті бізден бұрын неше елдер,  
Асынған қару-жарақ алып ерлер.  
Бұрынғы ата-бабам мекен еткен,  
Асқар тау, әсем дала, биік белдер.  
Отырып жағасына ел жайлаған,  
Шалқыған қаздар қонып айдын көлдер.  
Замана неше алуан болып өткен,  
Не жандар бізден бұрын келіп кеткен.  
Кешегі қара түнек хан заманы,  
Талайды қайғы менен зар еңіреткен.  
Өзінің сүйгеніне қосыла алмай,  
Көңілі зар жылаумен арманда өткен.  
Тіршілік, дүниядан қол үздіріп,  
Кімдерді жапан түзде тентіреткен.  
Мақсұтқа көңіліне алған жете алмай,  
Талай жан мұңды болып өліп кеткен.

Сол өткен қара түнек тұл заманнан  
Айтайын бір азырақ болған ептеп.  
Атақты Қазақстан Қара тауы,  
Көп елдер бізден бұрын мекен еткен  
Қаратау талайларға болған қоныс,  
Қойыны қазыналы алтың күміс.  
Ащы сай және тағы тас көмір сай,  
Елдерге еңбек сүйгіш болған азық.  
Бұрынғы осы тауда мекен еткен,  
Қан ішер ел билеген би мен болыс.  
Әр түрлі қара таудың сырлары көп,  
Айтылған ел аузында жырлары көп.  
Жүректі елжіретіп ой түсірер,  
Сымбатты сұлу шахы шыңдары көп.  
Ақсүмбе сол айтылған шыңның бірі,  
Айрықша өзгелерден бөлек түрі.  
Алыстан қарағанда ақ отаудай,  
Мұнара қолдан соққан дейді мұны.  
Мойыны көкке созып көтерілген,  
Сүмбідей сұлу шоқы жоқ-ты міні.  
Бауыры талай елге болған қоныс,  
Келелі өрісі көп байтақ жері.  
Басында Ақсүмбенің мұнара бар  
Ақбикеш мұнарасы дейді мұны.  
Көруге әркім құмар таудың басың,  
Салынған Ақбикештің мұнарасың.  
Найзадай биік шоқы мұнар басқаң,  
Әркімдер әуес еткен тамашасың.  
Отырған өңірдегі ел аңыз етіп,  
Айтады Ақбикешті өлең етіп.  
Бұл шыңды көрген кісі таныс еткен,  
Көруге мұнараны келген ақын.  
Бердібек былайша деп жазып кеткен,  
Айтылған ел аузында мынау сөзі.  
Арада онан кейін көп жыл өткен,  
Ақбикеш айналайын атың артық  
Тұрдың су мұнараңа иек артып.  
Бақытты Сарыарқадан күткен жандай,  
Қараушы ең сол далаға шын құмартып.

Көк тастан басыңдағы қанды көрдім,  
Кетпестей қабырыңда қалған қатып.  
Көзіңнің әлде тамған жасы ма екең,  
Жарыңды сағынғанда құмарланып.  
Тіл жетпес әлде сұлу болдың ба екең,  
Зарлаған теңін таппай қапы қалып.  
Көңіліңде нендей жұмбақ сыр бар еді,  
Тесіле қарағандай көзің талып.  
Көктасқа осылай деп жазып кеткен,  
Оқыған оны кейін тауып алып  
Ақ Мәлік енді сөйле болған жайдан.

\*\*\*

Қатыгез ертеректе бір бай өткен  
Малы көп қартайғанша бала көрмей,  
Зар жылап перзент үшін қайғы шеккен.  
Пұшпағы әйелінің қанамады,  
Ынтық боп бір бала үшін жүрді көптен.  
Өтпеді тамағынан ішкен асы  
Көл қылып екі көзден жасын төккен.  
Әйелі бір күндері жүкті болды,  
Мезгілі айы жетіп, күні толды.  
Өлшеулі уақытылы күн болғаннан соң,  
Толғатып бір ұл менен бір қыз туды.  
Ұлының атын қойды Кескентерек,  
Бір ғажап бала болды түрі бөлек.  
Мінезі алмасуан алаңғасар,  
Кетпендей кеңірдегі, мұрны шелек.  
Кескіні адам шошыр алып күшті,  
Ақсиған түрі жамаң сойдақ тісті.  
Қабағы нар бурадай жабылыңқы,  
Өмірі істемеген бір жөн істі.  
Қап-қара шүңірейген түрі жаман  
Соқтықпай ешбіреуге жүрмес аман.  
Мінезін көрген кісі шошығандай,  
Қасына жуық жүрмес ешбір адам.  
Кескінсіз ожыр, қара, имек мұрын,  
Көруге адам шошыр оның түрін.

Қасына көрген адам жақындамай,  
Бұрылып шошығаннан кетер қырын  
Қатыгез қаныпезер, қара жүрек  
Деп айтар оны сырттан білген сырын.  
Ақбикеш қойылыпты қыздың аты,  
Ақылды бала болды парасатты.  
Тартпады ата менен ағасына,  
Болғанмен оның туған нәсіляты.  
Қияқтай, қара қасты, пісте мұрын,  
Нәп-нәзік сөйлегенде сөзі шырын.  
Бұрылып қарағанда буыңды алар,  
Адамзат ғашық болар көрсе түрін.  
Алмадай екі беті, бота көзді,  
Жайдары жарқын мінез, шырын сөзді.  
Жаратпай ата менен ағасының  
Олардың мінезінен енді безді.  
Әжімсіз он саусағы тартқан сымдай,  
Бұралған тал шыбықтай, белі қылдай.  
Тілменен түр сипатын жеткізе алмаң,  
Еш адам тумағандай сірә мұндай.  
Есейіп екеуі де бойға жетті,  
Көрген жан Ақбикешті тамаша етті.  
Майысқан сегіз қырлы Ақбикештің  
Жайылып әр тарапқа даңқы кетті.  
Көрмей-ақ сырттан ғашық құмар болып,  
Жолында әркімдерді әуре етті.

\*\*\*

Бұл байда бір жігіт бар жылқы баққан,  
Өзінің қызметі мен байға жаққан  
Өнерпаз жігіт еді сегіз қырлы,  
Айыбы кем демесең мал мен бақтан  
Ержүрек жігіт еді өзі дана,  
Жасынан атанып еді Қарабала.  
Себебі әке-шеше жастай өлген,  
Жоқ еді сүйенетін іні-аға.  
Қорғаныш, қамқоршысы болмағасың,  
Жалданған осы байға жылқы баға.



Бұл жігіт жүрді байда жылқы бағып,  
Өзінің қызметімен байға жағып.  
Ақбикеш бұған сырттан ғашық болды,  
Жас жүрек елжірейді дүрсіл қағып.  
Сыртынан жүрді солай көңілі ауып,  
Сөйлесем деді бір күн уақытын тауып.  
Қатыгез, қанпезер ағасынан  
Айтуға бұл жағдайын етті қауып.  
Ақбикеш осылайша ғашық болды,  
Сарғайып запырандай жүзі солды.  
Көрмесе бір күн оны шыдамады,  
Қайғымен қапаланып өлер болды.  
Жігіт те қыздың сырын біледі екен,  
Сыртынан ғашық болып жүреді екен.  
Жолықты қара бала алдын тосып,  
Ақбикеш суға барып келеді екен.  
Ақбикеш үйден шықпаған-ды бұрын көптең,  
Жете алмай дегеніне арман еткен.  
Сүймейтін бір адамға бермек екен,  
Ақбикеш осыны ойлап қайғы шеккен.  
Сол үшін бүгін суға келіп еді,  
Көңілін көтермекке қасіреттен.  
Жас бұлап кейде жылап зарланады,  
Құтылар күн бар ма деп осы дерттен?  
Ақбикеш суға солай барған екен,  
Құдықтан суды тартып алған екен.  
Ортасы ауыл менен қалың шөпті,  
Алдынан жолын тосып тұрған екен.  
“Жүрмісің аман, - деді, жаным,  
Сөйлесу болды саған бар арманым.  
Бір сенсіз дүниенің қызығы жоқ,  
Тірлікте, жалғанда да сенсің сәнім.  
Өмірдің тіршілігі сеніменен,  
Көңілің қандай қалқам, меніменен.  
Сарғайдым, ғашықпын көптен бері,  
Сен сүйсең, мен де сүйем шыныменен.  
Жолыңда болдым ғашық есті сүйіп,  
Бел будым тәуекелге жанды қиып.  
Көрмесем дидарыңды жүре алмаймын,

Өртеніп іш-баурым от боп күйіп.  
Жаным-ау, енді маған жауабың бер,  
Алдыңда тұрмын міне басым иіп.  
Жанымсың жалғандағы жалғыз өзің,  
Сенікі бойымдағы барлық сезім.  
Алдыңда перуана боп қарап тұрмын,  
Ақбикеш маған айтар бар ма сөзің?"  
Ақбикеш тұрды қарап сонда күліп,  
Жарқырап он төртінші айдай болып.  
Ойланып алды-артың, толғанады,  
Денесі бірде суып, бірде қызып.  
Сен сүйсең, менде сүйем жаным деді,  
Көзінің маржандай қып жасын тізіп.  
Екеуі сол арада қол алысты,  
Махаббат жастық өмір қандай қызық.  
Бір-бірін қиыса алмай жүріп кетті,  
Уәде қолын ұстап, беріп сертті.  
Қайғысыз бұл екеуі күліп-ойнап,  
Арада соныменен көп күн өтті.  
Ойға алған мақсатына жету үшін,  
Екі жас қосылуын арман етті.  
Жүргенде Қарабала жылқы бағып,  
Жігітке Ақбикештен хабар жетті.  
Кешікпе енді келмей сүйген жарым,  
Күйеуге әкем мені береді депті.  
Тез жетсін жаны болса бүгін кеште,  
Бүрсі күн күйеу құда келеді депті.  
Армансыз сөйлесейік сүйген жарым,  
Көзінен осыны айтып жасын төкті.  
Қойшысы сары баладан айтты сәлем,  
Қашаннан арасында жүрген епті.  
Мұңдас еді Қарабала бұнымең,  
Бұлдағы көрген қойшы көп бейнетті.  
Есітіп қыз сәлемін Қарабала  
Сарғайып қапа менен қайғы шекті.  
Қалайда бір жолығып қалайын деп,  
Келеді қос атпенен қойып бетті.  
Түн іші елдің алды жатқан кезде,  
Сабылтып қос атпенен әрең жетті.

Ақырын жалғыз өзі келе жатыр,  
Бір ойға атын байлап қойып кетті.  
Аяңдап келді ақырын Қарабала  
Көңілі Ақбикешке болып қана.  
Қалайда бүгін түнде жолығуға,  
Арманы көңіліндегі жалғыз ғана.  
Аяғын ептеп басып келе жатыр,  
Бір ойға атын байлап қоя сала.  
Бұлт басып жұлдыздар да көрінбейді,  
Ызғарлы, күн желдетіп тұрды дала.  
Желдетіп, мұнарланып бұлт басқан,  
Тілектес болғандай-ақ жер мен аспан.  
Сыңғырлап селеулерде басын иіп,  
Білдірмей жүрісіне дыбыс қосқан.  
Ақырын жайменен тыңдай-тыңдай,  
Ақ үйдің ық жағымен қадам басқан.  
Жүрегі аттай тулап лүпілдейді,  
Жайменен ептеп келіп есік ашқан.  
Есікті жайлап ашып үйге кірді,  
Дыбысын айыра алмай біраз тұрды.  
Ішінен демін алып, ақырын басып,  
Қармалап екі қолын төрге келді.  
Ақбикеш ұйқылы-ояу жатыр еді,  
Қасына Қарабала жетіп келді.  
Ақ бетін алақанмен сипағанда,  
Орнынан аударылып бұл кім деді.  
Мен деді Қарабала дыбыс беріп,  
Ақбикеш құшақтады оны көріп.  
Жаным-ау, мен жолыңда садағамың,  
Жіберді сонда көзден жасын төгіп.  
Екі жас құшақтасып мауқын басқан,  
Жадырап бұлт серпіліп тұрды аспан.  
Жан сәулем, жолыққанша қош енді деп,  
Бұралып қайтарында есік ашқан.  
Құттықтап бұл екеуін тұрғандай-ақ,  
Жарқырап жұлдыздар да жымыңдасқан.  
Жан достым, айтқан серттен айныма деп,  
Ақбикеш сүйіп құшып қол алысқан.  
Әрқашан өзіңе-өзің сақ болып жүр,

Қарабет деді ағам бізге дұшпан  
Серт айтып, уәделі қолын ұстап,  
Екеуі осылайша айрылысқан  
Қоштасып Қарабала жүріп кетті,  
Атына байлап қойған келіп жетті.  
Жалма-жан атын мініп қосарлаған,  
Келеді жылқы жаққа қойып бетті.  
Сол кезде елу кісі ұры тиіп,  
Жылқыны қуып, айдап дүрілдетті.  
Шамасы келмеді оның көп кісіге,  
Аударып атын қасқа алып кетті.  
Таяқтап ұрып-соғып басын жарып,  
Аямай бишараны зәбірлетті.  
Байлаулы аяқ-қолы жата беді,  
Арада соныменен көп күн өтті.  
Жылқысы ауылына келмегесің  
Бір күні Кескенжүрек іздеп кепті.  
Байланған жылқышысын көргеннен соң,  
Біледі сонда сұрап болған жайды.  
Ұрысты, балағаттап жаман сөгіп,  
Себепші бұған болған өзің депті.  
Босатты қол-аяғын аттан түсіп,  
Келгенсін сазайыңды берем депті.  
Долданып жан ұрғандай, көбік шашып,  
Артынан жылқысының қуып кетті.  
Орнынан тұрды сонда Қарабала,  
Ойланып бір қиялды жадына ала.  
Аттандап, айқай салды жау келді деп,  
Ауылдың сырт жағына келе сала.  
Шулады азан-қазан бәрі тегіс,  
Үрпейіп үрейленіп бала-шаға.  
Ауылда еркек қалмай бәрі кетті,  
Атына шабуылдап міне сала.  
Келеді Қарабала Ақбикешке,  
Таңулы орамалмен басы жара.  
“Жаным-ау, саған мұндай не болды”, - деп,  
Ақбикеш құшақтады көре сала.  
Ал сонда баяндады болған істі,  
“Жан сәулем, бүгін қайғы басқа түсті

Жолыңда жаным пида зарлауменен,  
Өткіздім қайғыменен жазы-қысты.  
Жылқының ұры тиіп алды бәрін,  
Ағаңыз маған төкті енді кәрін.  
Өлтірмек болды мені жұрт адында,  
Айырып келгеннен соң жаудан малын.  
Жылқыны ұры алған қуып кетті,  
Ашулы маған жаман болып кекті.  
Аямас келгеннен соң мені өлтірер,  
Қан ішер, қара жүрек, арам ниетті.  
Мен келдім дидарыңды көрейін деп,  
Бір сүйіп армансыз боп өлейін деп.  
Жаным-ау, бер ұлықсат енді маған,  
Мен тұрмын ұзақ жолға жүрейін деп.  
Дариға таң бар ма екен бізге атар,  
Төніп тұр басымызға қауіп-қатер.  
Қош сәулем, қолыңды бер енді маған,  
Жүргелі тұрмын міне ұзақ сапар.  
Ырза бол көре алмасам енді жаным,  
Уақыт жоқ мұнда босқа қарап жатар".  
Ақбикеш тұрды сонда сүйеп басын,  
Көзінің орамалмен сүртті жасын.  
Елжіреп іш-бауыры өртенеді,  
Қайғымен сөккендей-ақ қабырғасын.  
Көзінен тұрды Ақбикеш төгілтіп жас,  
Сөйледі бір мезгілде көтеріп бас:  
"Қалмаймын менде кетем", - деді сонда,  
Құшақтап мойынына жайып құшақ.  
"Не болам, - деді, артыңда сенен қалып,  
Айтқанмен әке-шешем көнбейді анық.  
Өртеме жас жүректі елжіретіп,  
От болып ғашықтықтан күйдім жанып.  
Дүние-ай, бізге жарық заман бар ма,  
Шығатын бұл құрсаудан амал бар ма?  
Осындай зарыққанда жөн сілтейтін,  
Беретін қолдың ұшын адам бар ма?  
Ел билер қара жүрек, өңкей залым,  
Өтпейді қанша айтқанмен оған зарым.  
Күн бар ма құтылатын бұл заманнаң,  
Сүймейтін біреу алар беріп малын.

Дариға, таң бар ма екен бізге атар,  
Құритын құда түсу дейтін халық.  
Басар жер, барар тауың болмағасың,  
Қамаулы алды-артымыз от пенен су.  
Тұрмайық,"- деді, Ақбикеш кетейік тез,  
Уақытты өткізбейік ұзатып сөз.  
Кетейік енді айналмай жылдамырақ,  
Болмайды бізге мұндай оңаша кез.  
Екеуі қол ұстасып кетті қашып,  
Паналап тау мен тасты жүрді асып.  
Елсізде бір шоқыны мекен етті,  
Қосылған ынтық болып екі ғашық.  
Екеуі сол арада жата берді,  
Көрмеді күндіз-түні ешбір елді.

\*\*\*

Айырып жаудан малын қайтара алмай,  
Аулына Кескентерек қайтып келді.  
Үйіне аттан түсіп кірген кезде,  
Әкесі былайша деп жылай берді:  
"Құл мен қарындасың кетті қашып,  
Аяққа ар-намысын таптап басып.  
Сайқалдың мынау бүгін азарынан,  
Сырқырап сай-сүйегім жаман жасып.  
Кірсе де жер түбіне қуып жетіп,  
Өлтір, - деді, сол бибақтың қанын шашып.  
Көйлегін қандап маған әкеліп бер,  
Рақым етпе, титтей де жаның ашып.  
Емшегін итке таста кесіп алып,  
Қанжармен өлтір деді ішін жарып.  
Кейінгі адамдарға үлгі болсын,  
Залымдар өкімімді білсін анық".  
Мұны естіп Кескентерек ашуланды,  
Шыдай алмай ашуы оттай жанды.  
Кетсе де жер түбіне жетемін деп,  
Атына ашуланып мініп алды.  
Қолына мылтық найза алды қылыш,  
Бишара екі жасқа болды жұмыс.  
Аралап тау мен тасты кезе берді,

Атынан жерге түсіп алмай тыныш.  
Аралап тау мен тасты бір ай жүрді,  
Қауіпсіз қыз бен жігіт жата берді.  
Сандалып тау жырасын кезіп жүріп,  
Үстіне екеуінің жолы келді.  
Көріпті бұл екеуін Кескентерек,  
Аямас қанпезер, қара жүрек.  
Тау мен тас тітіркенді аянышпен,  
Өмірі не болар деп екі түлек.  
Абайсыз олар білмей ұйықтап жатыр,  
Өмірі не болады екі пақыр.  
Атынан түсе сала ақырындап,  
Аяңдап әлгі залым келе жатыр.  
Сол кезде күн көрінбей бұлт басқанды,  
Аяу қып қайғырғандай жер мен аспан.  
Шөптерде басын иіп ызыңдады,  
Күңіреніп шыққандай үн қара тастаң.  
Жалмаған талай жанды бауыры суық,  
Қара жер келсең кел деп есік ашқан.  
Жігіттің мойынына арқан салды,  
Тұрғызбай жатқан жерде байлап алды.  
Қолынан түскеннен соң аямады,  
Зәбірлеп ұрып соғып басын жарды.  
Жігіттің аяқ-қолын байлап тастап,  
Қасына Ақбикештің жетіп барды.  
Қаныңды сен сайқалдың ішейін деп,  
Қолына ашуланып қанжар алды.  
Қатыгез, қанпезер, қара жүрек,  
Аямай ет жүректен салып қалды.  
Құлады сонда Ақбикеш жер бауырлап,  
Қорылап анда-санда демін алды.  
Ақбикеш айтты сонда көзін ашып,  
Өкпесін қолыменен тұрды басып:  
“Айырдың арман менен сүйгенімнен,  
Аямай туғаным деп қаным шашып.  
Қайтейін қош аман бол, сүйген жарым,  
Дүниеде бітпей кетті бар арманым.  
Бақыл бол аз күн жолдас болып едік,  
Айрылдым амал бар ма енді жаным.  
Айырдың сүйгенімнен Кескентерек

Аямай туысым деп қара жүрек.  
Басына Ақсүмбенің мені жерле,  
Ақырғы өсиетім саған тілек.  
Басымнан кетті өтіп дүние жалған,  
Қайғымен көңілдегі бітпей арман.  
Тілегім туысқандық жалғыз сенен,  
Жарымды зәбірлеме артта қалған.  
Пайсыз дүниенің баяны жоқ,  
Басына талайлардың қайғы салған.  
Аямай бауырыңды зәбірледің,  
Адамдықтан безіп мұнша ұят-ардан.  
Мен кеттім сүйген жарым артта қалдың,  
Құтылмай қамауында қайғы-зардың.  
Болмады бір күнгідей көрген қызық,  
Ұшырап шеңгеліне пейілі тардың.  
Жаным-ау, сүйгенім, " - деп жұмды көзің,  
Көңілінде бітіре алмай айтар сөзің.  
Ақбикеш дүниеден өтті солай,  
Өлімнің кім біледі келер кезін.  
Қасына Кескентерек қайтып келді,  
Емшегін қанжарменен кесіп алды.  
Шеңгелдеп лақтырды екі жаққа,  
Адамдық ойламаған ұят-арды.  
Байлауда жігіт жатыр есі танып,  
Бұл болған оқиғаны білмейді анық.  
Көрсетіп жұрт алдында өлтірем деп,  
Өңгеріп өзіменен кетті алып.  
Аулына сүйретумен алып барды,  
Көруге шыдамады оны халық.  
Азаппен жанын қинап өлсін деді,  
Тастапты бір шұңқырға алып барып.  
Құдықта жата берді жігіт пақыр,  
Өмірің не болады енді пақыр.  
Бір құлын жұмсап сонда Кескентерек  
Көм деді, құдықтың бар бетін жап.  
Қыз алып қашатұғын мұлғындардың,  
Аузына ана сүті енді татыр.  
Мұны айтып Кескентерек мақтанады,  
Жауымды мұқаттым деп көңілі тасыр.  
Кейінгі қалғандарға үлгі болсың,



Аулыма атпен шауып салмас асыр.  
Жайына әлін білмей тек жүрмесе,  
Құртам деп құл біткенді таза тақыр.  
Қалшылдап жұдырығын тастай түйіп,  
Қайрайды тісін сонда шақыр-шақыр.  
Бұл түрде қоятынын көргеннен соң,  
Құл байғұс құдық жаққа келе жатыр.  
Кернеді тұла бойын кекті ыза,  
Басына түскендей-ақ заман ақыр.  
Құдықтан қалайда аман құтқаруға,  
Ойланып былайынша тапты ақыл  
Жоқ деген аққа зауал ей, жарандар,  
Айтылған бұрынғыдан барды нақыл  
Әлгі құл құдық жаққа жетіп келді,  
Ішінде Қарабала жатыр еді.  
Көзінен зар еңіреп жасын төгіп,  
Көргесін бұл жағдайын жылай берді.  
Белбеуін беліндегі шешіп алды,  
Ұста деп ол еңкейіп ұшын берді.  
Ұстады Қарабала белбеу ұшың,  
Қалтырап бойындағы жиып күшін.  
Қып-қызыл тұла бойы қаңға батқан,  
Шошыды көргеннен соң мұның түрін.  
Жасырып бір апанға қойды апарып,  
Үстіне білінбейтін қаңбақ жауып.  
Жата бер осы жерде ешкім білмейді,  
Келермін тағы түнде қайта айналып.  
Құдықты көміп тастап қайтып кетті,  
Алдынан Кескентерек келіп жетті.  
Тепкілеп көмдім деді тұрмастай қып,  
Өтірік осылайша баян етті.  
Айналып түн ішінде келді жаңа,  
Жатыр еді оны күтіп Қарабала.  
Алдыңнан жарылқасын қош енді деп,  
Босатып жібереді келе сала.  
Босанып байлауынан қиған болды,  
Көңілі жабырқаған енді толды.  
Жалғанда тірі жүрсем ұмытпаспын,  
Қоштасып Қарабала берді қолын

Желдетіп ай қараңғы бұлт басты,  
Түнеріп мұнарланды аспан асты.  
Тілегін жолаушының тілегендей,  
Ақырын семеулерде сыбырласты.  
Қоштасып Қарабала жүріп кетті,  
Солтүстік Сарыарқаға қойып бетті.  
Жол жүріп бірнеше күн ашып, арып,  
Есілдің өзеніне барып жетті.  
Сіңісіп сол жердегі тұрған елге,  
Неше жыл сол арада мекен етті.  
Аралап тау мен тасты кезіп жүріп,  
Аңшылық мергендікті кәсіп етті.  
Белгісіз өткен өмір кетіп жатыр,  
Күн өтіп ай артынан жылда жетті.  
Есілдің өзеніне барғанына,  
Бірталай соныменен заман өтті.  
Осылай Қарабала жүре тұрсың,  
Айтайын артындағы болған кепті.

\*\*\*

Құдықты Кескентерек көргеннен соң,  
Көміліп жер астында өлді депті.  
Сол жылы қысы жаман болып қатты,  
Айырылып бар малынан жұтап қапты.  
Қырылып төрт түліктің бәрі тегіс,  
Табылмай қап ақырында мінерге ат.  
Қаңғырып жүрді жалғыз Кескентерек,  
Рақым етпеді оны да ешкім елеп.  
Азабын тірліктің тартты солай,  
Қанішер, арам ниетті, қара жүрек.  
Қаңғырып ішуіне тамақ таппай,  
Есілдің өзеніне ол да келеді.  
Тентіреп қайыр сұрап жүргендігің,  
Біреуден Қарабала естіп біледі.  
Қайнады ызаланып, ашулы кек,  
Біртіндеп өткен өмір алдына кеп.  
Қанішер жауыздықпен еткен ісі,  
Бәрі де кешегідей тұрды елестеп.

Жолында сүйгенімнің шалар едім,  
Ойлады оңашада жолықса деп.  
Қайғымен қаталданып, ашу басып,  
Күндері еске түсті кеткен қашып.  
Осыдан оңашада бір кездессе,  
Қаныңды іш деді судай шашып.  
Есітіп осыны айтып жүре берді,  
Аң аулап күндіз-түні көрмеді елді.  
Аралап өзен бойын келе жатып,  
Алдынан бір адамды көзі көрді.  
Япырмай, іздегенім жолықты деп,  
Қасына іркелместен жетіп келді.  
Қасына Қарабала жетіп барған,  
Бір кісі үш-төрт жылқы қосарға алған.  
Қанішер, мейірімсіз Кескентерек  
Ойда жоқ жапан түзде кез боп қалған.  
Қылышын қынабынан суырып алды,  
Алдына былайша деп жетіп барды:  
“Мен кіммін танимысың әй, қанішер,  
Адамдық ойламаған ұят-арды”.  
Ойда жоқ Қарабала тірі деген,  
Біле алмай не айтарын естен танды.  
Жалынды аттан жерге түсе қалып,  
Жылады аяғына басын салып.  
Деп айтты: “Өтінемін кешіріңіз,  
Алдында кінәлімін бәрі де анық” .  
Сұрады Қарабала сонда онан,  
Келесің бұл жылқыны қайдан алып.  
Баяғы тегіс малдан айырылғанмын,  
Кешегі өткен қыста жұтап қалып.  
Ішерге ас, мінерге атым болмаған соң,  
Келемін бұл жылқыны ұрлап алып.  
Бұл сөзді Қарабала есіткен соң,  
Шыдамады ашуы оттай жанып.  
Жан жары арманда өткен Ақбикештің,  
Ойлады өлтірмекке кегін алып.  
Үстіне жатқан жерде мініп алды,  
Секіріп аттан жерге түсе салып.

Өкіртіп арам итті өлтіреді,  
Жайратып қанжармен ішін жарып.  
Атына қайта келіп мініп алды,  
Ойланып бір қиялды жадына алып.  
Баяғы Қаратауға жүріп кетті,  
Олжадан түскен малды қосар қылып.  
Бет қойып Қаратауға жүріп кетті,  
Жол жүріп бірнеше күн барып жетті.  
Қабірін Ақбикештің көргеннен соң,  
Құшақтап, сүйгенім деп зар жылады.  
Дариға аз күн ойнап күле алмадым  
Дүниеде арманда боп өмірім өтті,  
Рухың ырза болсын енді жаным  
Дұшпаннан сенің үшін алдым кекті.  
Дүние тарылттың ғой заманымды,  
Жалғыздық құрттың менің амалымды.  
Тілдесіп, мақұлдасып сөйлесе алмай,  
Жөнелттім арман менен жан жарымды.  
Арманда өліп кеткен жан жарым деп,  
Көзінен жасын төгіп зар еңіреді.  
Зарына адам шыдап тұра алмастай,  
Таусылмас айта берсек сөздері көп.  
Адамға опа бермес дүние жалған,  
Көшпелі бірден бірге кейін қалған.  
Шыңдағы Ақбикештің мұнарасын  
Жұрт айтады Қарабала соны салған.

\*\*\*

Ертегі ел аузында аңыз болып,  
Бұл сөздер бірден бірге кейін қалған.  
Жылында мың тоғыз жүз қырық алтыншы  
Сұрасаң Әлмұратов мұны жазған.  
Данышпан ұлы көсем бастауымен,  
Құтылды қазақ халқы бұл бұғаудан.  
Талай жан арманда боп өмірі өткен,  
Ертеде ел зарыққан сол шырмаудан.

31 қаңтар 1946 жыл



**Жүсіп Сейілов** – 1901 жылы Қарабұтақта туып, жастайынан халық аузынан естіген әң, термешірларды жаттап айтып, бала кезінен ел арасында жырау атанған. Жүсіп Молдабайдың, Мұхиттың, Қызылдың әндерін, халық әндерін, жыр-термелерді шебер, нақышына келтіріп орындайтын болған. Академик Ахмет Жұбанов Жүсіп Сейіловтің әншілік дауысын жоғары бағалап: “Жүсіптің даусы бұлттан да

жоғары кететін еді” дейді “Замана бұлбұлдары” атты зерттеу еңбегінде. Осы пікірге дәлел ретінде Жүсіп ауылының көне көз қарттарының бірі – Орысбай Нұрмаханов ақсақалдың мына бір әңгімесі дәлел: Аралтөбе ауылының жанындағы Бақсайыс қорымының жанында бір кездері ұзындығы мен ені 40 метрлік мешіт болыпты. Сол мешіттің азаншысы Жүсіп болған екен. Оның азан шақырғандағы даусын жайлауда отырған қойшылар еститін еді дейді Орысбай ақсақал. Кеңес заманының солақай саясатының әсері болар, мешіт 1927 жылы құлатылыпты.

Тенор дауысты әнші, термешінің еңбегі еленіп Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген әртісі деген атаққа ие болған. Алматы музыка-драма техникумында оқып, кәсіби білімін шыңдаған әртіс кейін Педагогика техникумымен бірігіп сахналаған “Сегіз бен Мақпал” пьесасындағы басты роль – Сегізді сомдаған.

1942-1949 жылдары облыстық драма театр мен облыстық филармонияның әртісі қызметін атқарған.

Жүсіп жырау өмірінің соңғы шағында “жас ұлғайды, Қазақстанның көп жерлерінде болдым, Өзбекстан, Қарақалпақ, Орынбор, Жаманқалаларға да бардым, енді қалған ғұмырымды туған жерде, ел ортасында өткізгім келеді” - деп ұйғарым жасап, Қарабұтаққа көшіп келіп, 1971 жылы дүние салады. Бейіті Сулы егістегі ата-бабаларының қорымында.

## Қуандық Шаңғытбаев

(1925-2002)

Қазақ поэзиясының мойны озық үлгілерінің бірі, кеше ғана арамыздан кеткен белгілі қазақ ақыны, майталман лирик **Қуандық Шаңғытбаев** та осы өңірдің түлегі. Қуандық Төлегенұлы Шаңғытбаев 1925 жылы 21 наурызда Ақтөбе облысының Қарабұтақ ауданының орталығынан үш шақырым жердегі ата қонысы – Шаңғытбай қарасы деп аталатын жерде дүниеге келеді. 1937 жылдың



аласапыранында әкесі Төлеген “Халық жауы” атанып, он жылға сотталып, Ярославль облысы Рыбинск қаласына лагерьге жіберілген. Сонда жүргенде 1941 жылы шілде айында поездің астына түсіп қаза болған. Қуандық Шаңғытбаев бұрынғы С.М.Киров, қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетінде оқыған. Әр кездері Ақтөбе педагогикалық институтында қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, халық ақыны Н.Байғаниннің әдеби хатшысы, Қазақтың Біріккен мемлекеттік баспасында редактор, облыстық “Социалистік жол”, қазіргі “Ақтөбе”, “Актюбинская правда” газеттерінде бөлім меңгерушісі, “Жұлдыз” журналында редактор, “Қазақ әдебиеті” газетінде қызметкер, Қазақстан Жазушылар одағында секретарь, “Қазақ фильм” студиясы сценарлық редакторлық коллегиясының Бас редакторы, Қазақ радиосы әдеби хабарлар редакциясының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының әдеби кеңесшісі болып істеген. 2001 жылдың ақпанында дүние салды. Өз оқушысына өлең сөздің сарасын сыйлаған ақын – Қуандық Шаңғытбаевты қалың жұртшылық қашаннан бері Қуағаң деп етене жақын тартып кеткен.

Ақынның “Ар” (1945 ж), “Аққу өні” (1968), “Ар ма,

Республикам!" (1974 ж), "Лирика"(1976 ж), "Гүл толқын" (1982 ж), "Сарша тамыз"(1982 ж), "Жыл құсы"(1987), "Махаббат пен ғадауат"(1995 ж) атты жыр жинақтары жарық көрген.

Қуандық Шаңғытбаев поэзия ғана емес, драматургия, публицистика, әдеби-сын жанрларында да қалам тартып келе жатқан талантты суреткер. Оның "Беу, қыздар-ай", "Ой, жігіттер-ай", "Құтырғаннан құтылған" пьесалары республика сахналарында қойылып, көрермен көңілін серпілтен шығармалар болды. Әнді сүйіп тыңдайтын қауым Қ.Шаңғытбаевтың "Романс", "Көктем вальсі", "Жан ерке", "Қайдасың сен" атты ән текстерінің авторы екендігін жақсы біледі.

Қ.Шаңғытбаевтың аударма саласындағы жемісті еңбегі – ақын талантының тағы бір жарқыраған қыры. Ол Шығыс жұлдыздары Хафиз, Омар Һайям рубайларын дәлдікпен, өзіне ғана тән сезімталдықпен шынайы жеткізеді. Өз қолтаңбасын да шығыс мотивтерімен, айшықтарымен безендіре білді. А.С.Пушкиннің "Евгений Онегині", Горькийдің "Қыз бен Ажал" поэмасы, Лермонтов, Гейне, Бернс өлеңдерінің аудармасы – шебер де білімдар, талғампаз ақынның туған әдебиетке қосқан баға жетпес үлесі. Пәкістанның ақыны Фаиз Ахмад Фаиз, ирандық Надир Надирпур, вьетнам көсемі Хо Ши Мин, армян Н.Кучак, ұйғыр Хизмет Абдуллин, үнді жыршысы Али Сардар Джафри, татар классигі Мұса Жәлид өзбек ақыны Миртемирдің поэзиясын аударды. Шығыс шоқ жұлдыздарының озық үлгілерін қазақ оқырманына өз тілінде сыйға тартуы, ақынның мәртебесін көтерді, мерейін тасытты.

Қуандық Шаңғытбаев - өзіндік жазу мәнерімен, дарын құдіреттілігімен поэзияда дара тұрған ақын. Оның көркемдік құралдарынан пайдалануы да, тілдік қолданыстарды жаңалауы да, өз алдына үлкен бір ақындық, әсемдік әлемін қалыптастырады. Сондықтан қазақ әдебиетінде, оның ішінде поэзияда Қуандық Шаңғытбаевтың ақындық орны әрқашан да ерекше әрі биік.

## Туған жерді сағынғанда (үзінді)

... Барады ұшып қоналқаға қарғалар,  
Ұласады сұрқай көкте зарға зар.  
Шулайды екен сонша неге бейшара,  
Мүмкін, түнде Алматыда қар жауар?

Дүмі – жаңғақ, өрік сапты, басы – ырғай,  
Домбырамның күрең сазы басылмай.  
Күбірлейді, күңіренеді күрсініп,  
Дірілдейді таныс жанар жасындай...

... Рас, кейде меңдетеді мына күз,  
Жария қылмай, жайлап іштен тынамыз.  
Қайда, қайран қызықтары жас кездің,  
Қайда сайран-сауықтар мен жыр-аңыз?

Қалыпты ғой бәрі сонау Ырғызда,  
Ұқсап алыс жарығы мол жұлдызға.  
Сол арадан аттанғалы мен келем,  
Батып-шығып барқың, шөлен, шың, құзға.

Ырғыз! Ырғыз! Сағындырдың балаңды,  
Шаранаңнан шыққан шақа шалаңды.  
Ұшу қайда енді маған шаңдатып  
Жарлауыттан жарыстырып шанамды!

Күлуші едім «Күңіреншек», - деп, - шал адам»,  
Кешір мені Жарөткел мен Шабаған!  
Сағынады шабағын да Ырғыздың  
Шырқап бүгін шалғай кеткен шағалаң.

Мейлі, мен-ақ қартаяйың, Ырғызым,  
Бірақ, сенің болсын биік жұлдызың.  
Ман болсын сені мендей сағынып,  
Ет-жүрегі елжірейтін ұл-қызың!..



\* \* \*

Өртеді мені жанарың,  
Жанарың мені өртеді.  
Дертеді жаным қиналып,  
Қиналып жаным дертеді.

Жайнаған жұлдыз, күн мен ай –  
Айтқыш-ау, шіркін, шайырлар –  
Тең емес саған, дүрдана-ай  
Сенен тек қандай қайыр бар?

Көктегі жарық – жырақта,  
Сен болсаң, жүрсің жап-жақың,  
Басымды тіктім сынаққа,  
Сергелдең болды-ау сорлы ақын.

Сорым ба әлде бақ па бұл?  
Бақ па бұл әлде сорым ба?  
Қолыңда – қыссаң бишараң,  
Бишараң – қыссаң, қолыңда.

\* \* \*

Бүлдіршін көзін сүзбесе,  
Буыршын бұйда үзбейді.  
Жігіт те сол ғой, қыз десе,  
Сүзеген көзді іздейді.

Бас қосқан жерге қыз-қырқын  
Қырындар сорлың бейбағдар.  
Өшіп те өліп ол шіркін,  
Алысар жанда шер мен ар.

Шерменде болар, арланар,  
Сүйгені көзін сүзбесе,  
Ғашықтың күні сол болар,  
Ғайыптан ғажап іздесе.

Сондай боп біз де көрдік қой,  
О кезді қалай қия алам!  
Көндік қой енді, көндік қой,  
Өткеннен өте ұялам.

Бірақта көңіл – буыршың,  
Дауа жоқ екен үмітке.  
Көзіңді бір сүз мен үшін,  
Қалмасын орын күдікке.

## Мұхтар Құрманалин



Қазақтың киелі топырағы қашан да арқалы ақындарға, баһадур батырларға, күйші-жыршыларға, от ауызды, орақ тілді шешендерге кенде болған жоқ. Қазақ жерін – алтын тұғырым, Ақтөбем – туған жерім деп санайтын айтулы өнерпаздар, ірі-ірі тұлғалар мен ғалымдар, қоғам қайраткерлері, өлеңнен өрмек өрген жыр дүлдүлдері де баршылық. Солардың ішінде айрықша қолтаңбасымен, өзіндік бедерімен поэзияның тұңғыығына батыл бойлаған, елдің құрметіне

бөленген аяулы ақын – **Мұхтар Құрманалин.**

...Алтын күз. Ала шыққан қолда гүлім,

қып-қызыл ту көтерген аудан бүгін.

Мәз болып мен де жүрмін осы ортада,

Ақиқат Ұлы Октябрь туған күнім –

деп өзі жырлағандай, ақын 1927 жылдың 10 қазанында Әйтеке би ауданы, Қарабұтақ ауылында, Ырғыз, Шалқар, тіпті Сыр өңіріне белгілі болған шайыр Құрманәлі мен “өнер десе ішкен асын жерге қоятын” әнші Бибігүлдің отбасында дүниеге келген. Осындай қыдыр дарыған шаңырақта ән мен күйге бөленіп өскен Мұхтар ақынның ақын атанбауы мүмкін емес еді.

Қазалы педагогикалық училищесінде, Қызылорданың Н.Гоголь атындағы педагогикалық институтында білім алған жас талант бір кездері еліміздің астанасы аталған Алматыға арман қуып кетпей, туған өңіріне оралып, алты жыл мектеп мұғалімі, он үш жыл өлкелік, облыстық газеттерде журналист, бөлім меңгерушісі қызметін, он жеті жыл Қазақстан Жазушылар одағы Ақтөбе облысаралық бөлімшесінің әдеби кеңесшісі міндетін абыроймен атқарды. Тынымсыз еңбек пен үлкен сенімді арқалаған сәттердің өзінде оның табандылығы мен адалдығы мына шумақтардан байқалады:

Қалтылдап жүк көтерген қауырсындай,  
Мен емес көрер оны ауыр сындай.  
Қадірмен халқым қанша сенім артсың,  
Ақтаймың,

### Жер-анадай, ауырсынбай

Ақынның қауырсын қаламынан туған өлең-жырлардың тақырыптары сан-алуан. Адам бойындағы ізгі қасиеттерді дәріптеп, адамгершілік пен адамдыққа үндейтін шығармалары бір төбе десек, жастық шақтың жалының, бозбалалық пәк махаббатты жырлаған өлеңдері жүрек түкпіріндегі шынайы сезімдерді толқытатын өзінше бөлек әңгіме.

Қиял құсын әкететін жолға алыс,  
Поэзия – керемет бір толғаныс.

Асқақ армаң, сұлу сезім, тапқыр ой,  
Тек осылар беретұғын жырға күш –

деген ақын поэзия құдіретін сезініп қана қоймай, оны үнемі жетілдіріп, көркейтіп отыруға, тақырып аясын кеңейтуге тырысқан. “Домбыра”, “Жас тұлпар”, “Мәуелі махаббат” поэмалары, “Күй аңыз” балладасы М.Құрманалиннің 70-80 жылдардағы үздіксіз еңбегі мен шалқар шабытының куәсі.

Мұхтар ақынның “Табиғат”, “Жем бойында”, “Нәсер”, “Көкше суреттері”, “Таудағы кеш”, “Қысқы көріністер” т.б өлеңдерін оқыған кезде көз алдыңа мөлдіреген табиғат суреттері елестейді. Ал туған жер тақырыбы ақында ерекше күшті. Кіндік кескен Қарабұтақ өңірі, оның сұлу табиғаты сезімтал ақын жүрегінен жыр нәсерін ағыттты:

Гүлінің исі бөлек үлбіреген,  
Суы да сүйкімдірек мөлдіреген.  
Тізіліп ұшқан көкте тырналары,  
Таусылмас өз алдына бұл бір өлең.  
Алардай жиып бәрін жанарыңа,  
Кеудеңді тосасың самалына  
Мап-майда топырағы туған жердің,  
Мақпалдай төселеді табаныңа –  
Немесе мына бір шумақта:  
Аңсап жүрсең өз халқыңның сауығың,  
Біздің жаққа тезірек кел, бауырым.  
Қарабұтақ қырқасына жайғасқан  
Меймандосты осы менің ауылым

“Ер туған жеріне” деген қазақ нақылы өз елің, туған халқын шексіз сүйген нағыз азаматтарға қатысты айтылса керек.

Жырақта өтті жылдар жиі аңсаған,

Қанатын қақты тура қиял содан.

Бұлқынған бұлақ едім баурайында,

Нәсер боп қайта оралып құям саған –

деп жырлаған ардақты ақынды елі де алақанына салып аялай білді. Ол “Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі”, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен, “Еңбектегі ерлігі үшін” медальмен марапатталған. Өмірдің өзіндей қарапайым, арнасынан асып-таспайтын, артық ауыз сөзге жоқ ақын ағамыздың жемісті еңбегі поэтикалық, публицистикалық он төрт жинақтың жарыққа шыққанынан байқалады. Оларды атап айтсақ, “Әткеншек” (1963), “Шалқар теңіз” (1968), “Аспан” (1971), “Көңілімде бір күй бар” (1972), “Мөлдір моншақтар” (1975), “Алыстағы найзағай” (1977), “Сәлем” (1981), “Домбыра сазы” (1983), “Ашық сабақ” (1984), “Көңіл күнделігі” (1987), “Қағаз қайық” (1990) өлең кітаптары, “Жұлдызды сауыншы” (1967), “Жылқылы ауылдың жігіттері” (1968) очерктер жинағы, “Табылған теңіз” (2003), “Жұлдызды жорық” (2005) деректі-баян әңгімелер жинағы оқырмандарын тапты.

Бүгінде ақын Мұхтар Құрманалин сексеннің сеңгіріне аяқ басты. Дара дарынымен, салмақты ойларымен, абзал бейнесімен көпшіліктің көңілінен шыға білген М.Құрманалинді тек туған топырағы ғана емес, дүйім жұртқа мақтан етсе артық болмас. Өйткені ақынға көрсеткен құрмет, отанға жасаған құрметпен тең.

## Әйтеке әлемі

Армысың, уа әлеумет, Әйтекелік,  
Табысқан тар кезеңде қайта келіп,  
Қазақтың қолындағы көк байрағың,  
Жүрмеген боларсыңдар жәй көтеріп.

Қиын ба өте шығу бір-ақ аттап,  
Ұрпағың ұғынбаса ұлағаттап, -

Атаның өшпес мәңгі өсиетің,  
Жүрсіңдер туған жерде қалай ақтап?

Алаштың азаматы арға құлар,  
Көрдің бе, барады ұзап алдағылар.  
Баба атын иемденген, бауырларым,  
Біліп қой: «алмақтың да салмағы бар».

Көзіңдей көрінетін Би атаның,  
Өзен, көл, ыстық бізге құба талың.  
Астықтан тау тұрғызған аудан едің,  
Жеткей тек Ақордаға жиі атағың.

Бәсеке – қашанда бұл басқа майдан, -  
Қамшы бас, қалып қоймай Қостанайдан.  
Дәулетке кенелсеңдер дән сапырып,  
Елге – ырыс,  
Тиер және досқа пайдаң.

Құйылсын табыс көзі құт арнаға,  
(Нарықтың заманында ұтар баға)  
Жан-жаққа жөнелте бер байлығыңды,  
Жүйткіген тиеп мынау «отарбаға».

Қайда жүр құрыш білек қолғанатың,  
Талабы таудай оның зор болатын.  
Ортадан сәйгүліктей оза шауып,  
Шығарсын шартарапқа аудан атын.

«Кім еді келмей жатып ұрандатқан?» -  
Дей көрме,  
Мезі етті ғой кілең мақтан.  
Бүйрегі ауыл жаққа жиі бұрар,  
Бір балаң, жыр бағыштап, сыр аңдатқан.

## Қарабұтақ

Көңілі қыстай алаң, жаздай алаң,  
Баяғы бала көріп, бізді аяған.  
Қайрақты, Ырғыз, Талдық, Ор бойында,  
Бармысың, бауырларым, мұздай аман.

Шетінен шежіре-шешен, сөз мергені,  
Әкемнің қайда тұстас – көзкөргені?  
Бөгелмей барайын мен алдарына,  
Деп жүрер тентек шалдар: «Тез келмеді».

Мен үшін мейлі жағдай жасамасың,  
Бәрібір білем қолдың босамасың.  
Ағайын ренжиді, келіп тұрып,  
Аттамай кетсем егер босағасын.

Жайым жоқ бөгде жандай бұлданатың,  
Жалықпас мен бір сенің қолқанатың.  
Дауыстап құлағыма ұш қайтара,  
Өздерің мықты ағаның қойған атың.

Жыр болып жаңғырдың сен ойымда сан,  
Өзіңсіз өтіп еді тойым қашан.  
Балалық, бауырластық сезімімді,  
Айып па, алдарыңда мойындасам.

Демеймін бойда біздің дарын басым,  
Тебіреніп кеттім білем сағынғасын.  
Анамдай аялаған, Қарабұтақ,  
Сен менің жүрегімде, қанымдасың.

**Смат Қабылбаев** – 1934 жылы Қарабұтақ ауданында туған. Қарабұтақ орта мектебін бітіргеннен кейін 1955 жылы Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың филология факультетіне оқуға түседі. Жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін еңбек жолын Бөгетсай орта мектебінде мұғалімдіктен бастады. 1956 жылдан Қарабұтақ орта мектебінде мұғалім, мектеп-



интернат директоры қызметтерін атқарды. Ұстаздың ерен еңбегі бағаланып, “Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі” белгісімен марапатталды. Кейін бірыңғай шығармашылдық жұмысқа бейімделіп 1973 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін Ақтөбе облыстық “Коммунизм жолы” газетінде бөлім меңгерушісі болып еңбек етті. КСРО Журналистер Одағының мүшесі. Алғашқы өлеңдері “Жас керуен” атты ұжымдық жинаққа енсе, кейін балаларға арналған “Солақай” жинағы “Жалын” баспасынан жарық көрді. Мұнан кейін “Жайлауда” атты жыр жинағы жарық көрді. Ол творчестволық кемеліне келіп, есімі ел арасына таныла бастаған шағында 1980 жылы өмірден өтті.

## Солақай

Кейде маған достарым  
“Солақай”, - деп күледі.  
Сол қолымда күш барың,  
Бірақ, олар біледі.

Қарап тұрсаң шынында,  
Дұрыс теңеу бұл өзі.  
Оң қолдан сол қолым да  
Бұрынырақ жүреді.



Бірде үйге жете бергенде,  
Бір аға тұр жүгі бар,  
Алыс жолдан келген бе,  
Шаршағандай түрі бар.

- Қашық па, - деп сұрады, -  
Апаратын жеріңіз.  
Көтерейін бірауық,  
Қане, маған беріңіз!

Сынайын деп ол дағы  
Тұрғандай-ақ күшімді.  
Күдікпенен қолдағы  
Чемоданын ұсынды.

Сездім оның ойын мең,  
Күш келмесе не дермін.  
Көтеріп сол қолыммең,  
Қайқалаңдап жөнелдім.

Аға артымда келеді,  
Шайқап қойып басын бір.  
Маған да осы керегі,  
Көңілім соған тасып тұр.

Бірде жинап тұс-тұстан,  
Кілең мықты жастарды.  
Үлкен жарыс бокстан,  
Мектебімде басталды.

Жатыр бәрі шайқасып,  
Шығып шаршы алаңға.  
Күш сынайтын айқасып,  
Кезек келді маған да.

Қарсыласым бірден-ақ  
Шабуылда бастады.  
Бұрышқа әкеп тықпылап,  
Екі-үш соғып тастады.

Алып жатыр ол ұпай,  
Қайрай түсті бұл мені.  
Бірақ менің солақай  
Екенімді білмеді.

Қатты кетті ол тіпті,  
Қыза түсті шаршы алаң.  
Ақырында ендікті,  
Байқаймын ол шаршаған.

Пайдаланып соны мең,  
Оны алдап түсірдім.  
Байқатпай сол қолыммен  
Абайсызда ұшырдым.

...Үйге қайтып келем мең,  
Кетпей жеңіс есімнен.  
"Солақай бұл", - дегенмең,  
Оңқайлардан несі кем?!

## **Аптап және жаңбыр**

Жаңбыр да жаумады,  
Шаң басты даланы.  
Күн шыжып қайнайды,  
Күйдіріп барады.

Гүлдер де сарғайды,  
Алқасын тақпады.  
Көрінбей сайрайды,  
Бұлбұлдар бақтағы.

Бозторғай шырылдап,  
Көлеңке көздейді.  
Самал жел сыбырлап,  
Маңайды кезбейді.

Маужырап қалғандай,  
Жан-жақта тыныштық.

Ақ жауын армандай,  
Не деген күн ыстық!

Ақ лақ марқайғаң,  
Шелекті жалайды.  
Шөптер де жантайғаң,  
Сығалап қарайды.

Қайда бұлт, қайда сел,  
Айнала күйіп тұр.  
Қайда екен ақ нөсер  
Кететін құйып бір.

Кенеттен бұлт ойнап,  
Торлады аспанды.  
Найзағай атойлап,  
Ақ жаңбыр басталды.

Үлкен той жасалып,  
Жатқандай бұл маңда –  
Бар аймақ жасарып,  
Айналды думанға.

Бәрі де қалпында  
Тығылып жатқан ғой.  
Ыссыға, салқынға  
Әдісті тапқан ғой.

Қалғып бір кеткендей,  
Оянды дала алып.  
Құлпырды көктемдей,  
Бойға нұр таралып.

Балалар шапқылап,  
Су кешіп жарысты.  
Бәріміз бас құрап,  
Тағы да табыстық.

Нөсерден қашпадым,  
Жауғаны ұнап тұр.  
Кранын аспанның  
Ашқандай бұрап бір.

**Қызмет Нұралин** – 1939 жылы 1 қаңтарда бұрынғы Қарабұтақ ауданына қарасты Тасөткел ауылының Ащы жерінде дүниеге келген. Әкесі Жақайұлы Нұралы 1942 жылы ұлы Отан соғысында қаза тапқан. Шешесі Дәмелінің қолында тәрбиеленген.

Ақынның тырнақалды туындылары мектеп қабырғасында жүргенде-ақ Қарабұтақ аудандық “Колхоз өмірі” (кейіннен “Совхоз өмірі”) газеттерінде үзбей жарияланып тұрған. Кейін 1950 жылдардың аяғынан бастап осы газетте ауыл шопандарының өмірі мен еңбегінің нәтижесі жайында зер салып отыратын меншікті тілші қызметін көп жылдар атқарып, 1964 жылы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі атанды. 1974 жылы журналистік шығармашылығы үшін Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталды.

“Ленин туралы”, “Балаларға базарлық”, “Жас керуен” жинақтарына топтама өлеңдері енді. 2001 жылы Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған “Еркелей аққан Ор өзен” деген жыр кітабы жарық көрген.

## **Туған жерім тұғырым**

### **Ырғыз –ау, Ырғыз**

Өтеш пен Шідер ұлғая келіп торабы,  
Шот, Жоса Ащы тепсіне тулап жағаны.  
Қуана саған құлдилай ағып барады.  
Ырғызым – ырыс жалғаған алыс араны.

Шалғайдан жалғап ояқпен және бұяқты,  
Сағаңа сенің салаларың тынбай жиі ақты.  
Жағаңда жатыр еміреңе сені ел болып,  
Аралтөбе, Жарөткел және Қияқты.

Қарабұтақ, Қайрақты, Талдық бұларда,  
Іздегені өзіңдей сенің ұлы арна  
Кісінесіп табыспай сірә шыдар ма!  
Бауырыңа сенің тұмсығын тықпай тынар ма?

Иелік етіп, иітпей сені тұрар ма?  
Аяныш бізге –  
Тек ғана сала- салаңды,  
Ренжітпеші құрдымға барып құярда.

## Төрт үй

Төрт үйім қарап тұрсам төрт тұсымдай,  
Шарықтар көңіл шіркін көк құсындай.  
Әріден Әйтеке мен Жалаңтөсті,  
Айтамыз жұрт алдында көп қысылмай.

Сөйлейміз екпін бере төрт санына,  
Төрт үйді жүреміз ғой көп сағына.  
Төрт үйдің Төртқарасы боламыз- деп,  
Келеміз сөздің түйін тоқтамына.

Мекенді есіме алсам төрт үй деген,  
Көңілді көкке самғай желпиді өлең.  
Төрт үйден төр ұсынған жайсаң жандар,  
Арына қонақтың кір келтірмеген.

Жайылып кетпесе де елге атағы,  
Болған ғой келгендердің кең жатағы.  
Төрт үйді қадірлеген тұрғындары,  
Қалалы Қарабұтақ – деп жатады.

## Өтеш өңірі

Тынысы жусаны мен көдең белдің,  
Арқауы жыр-қисса мен өлеңдердің.  
Мекені Өтеш бойы деп жатады,  
Кепер мен Былшық бидей кемеңгердің.

Жер ана оттан да өттің, оқтан да өттің,  
Шүкір ғой көңіліңде тоқтап көптің.

Жылқысы көкалалы жайлаған жер,  
Қорлы бай, елге сыйлы Қортпанбеттің.

Далыйып, қойыны кең дала жатыр,  
Нар қамыс, сәмбі талдар салада тұр.  
Бұл жердің алтын құмақ төбесінде,  
Тыныстап жатыр ұйықтап Қарабатыр.

Шалқар көл, құс базары сүйікті айдың,  
Көтерген көлдері көп биікке айбын.  
Батырлық сұс танытқан – Қарашатау  
Тік тұрған тұлғасындай Киікбайдың.

Тірліктің ошағынан от өшпеген  
Ертеңге алған мынау беті өскелең.  
Нан берер жарты жемге наубайхана,  
Осы өңір ырысы мол Өтеш – деген.

Тасытып кеудесінен нәсібені,  
Өркендеп қанат жайған өсіп елі.  
Бұл өңір молшылықтық биігінең,  
Уілдеп тоқтың тартып көсіледі.

## **Мұхтар аға Арыновқа**

Ордың бойы тұрдың сол түн жағада,  
Ортамызда өзің Мұқа, жан аға.  
Әңгімеңнің әр сөзінен от ұшып,  
Санамызға құйылды ғой самала.

Көңіліме шырақ алып енгендей,  
Қолаамтамды үрледің ау сен желдей.  
Тіл дәтіңнен құмарланып жұттым мең,  
Ана сүтін құшарланып емгендей.

Жанды баурап қоңыраулы қоңыр үң,  
Сөз қорымнан қомақтанды көңілім.

Құпиялы жұмбақ жайлар шешілді,  
Ұштай түстің ойдың орам өрімін.

Ордың бойы. Тұрды желмен тал билеп,  
Су бетіне ақ шабақтар салды ирек.  
Айттың аға әңгімені әрідең,  
Тіл ұшында әрбір сөзді әлдилеп.

Ықыласым қалай саған құлаған,  
Сен бе дедім маған жалғыз ұлы адам.  
Әр ілімнің сапасынан сабақ ап,  
Толтырылды топ біліммен сыбағам.

Өзің болып ғылым жайлы ғұламам,  
Арылттың ғой дым білместік күнәден.  
Ғұрып-дәстүрі, ұлтымды айтып ардақтап,  
Болсын дедің ойың биік тіл аман.

Байланысқа шыққандай әлемменен,  
Тілдесіп-ақ тұрғандай әр елменен.  
Жердің шарын ойықпенен орап алдың,  
Әрбір сөзді дәл айтып дәлелменен.

Ана тілге қашанда талап қандай,  
Сөз қалмады өзіңнен сарапталмай.  
Енгізіп-ақ жібердің сен жұмаққа,  
Жүрегімді қайтадан жаратқандай.

**Сақтаған Жұмағұлов** – 1941 жылы Қарабұтақ ауданының Ұлғайсын ауылында дүниеге келген. Әкесі Назарбай бастапқыда мұғалім, кейін мектеп директоры болды. Сөзге шешен, қайырымдылығы мол азамат еді. Сақтаған да әкесіне ұқсап, ақжүрек, елгезек болып өсті. Орта мектепті, «Темір» кеңшар-техникумын, Орал педагогикалық институтын бітірді. Қарабұтақ аудандық баспаханасында директор, облыстық телерадиокомпанияда редактор қызметтерін атқарды. «Шарықташы, шағалам» жыр жинағының авторы. Өмірге құштар Сақтаған

О, туған жер, сенің ауаң  
Кеуде кере жұтқаным.  
Бар керекті сенен табам  
Сендік дәстүр – тұтқаным, - деп жырлайды.

Алдымда енді қаншама,  
Нұр шашып келер көктемім  
Алдағы асқар белсеңе  
Осы емес шығар жеткенім, -

деп келер күнге үлкен үміт артқан ақынның ғұмыры қысқа болды. 56 жасында 1997 жылы ауыр науқастан қайтыс болды.

## **Ұлғайсын**

Білмейтін адам кемде-кем,  
Қарттары қайсар өр екен.  
Жазира жайлау кең мекен,  
«Ұлғайсын» деген жер екен.

Шығысы – шоқы мұнартқан,  
Батысы – палуан төбелер.  
Аспанда Ай, Күн құмартқан,  
Ақ алтын нұрын себелер.

Оңыңда аққан Ырғыз бар.  
Солыңда – саба, сан көлдер.  
Көгіңде – жаһұт жұлдыздар,  
Жеріңде – кербез паң белдер.



Сағыныш шөлін еселер,  
Көрмесен сәби балалар.  
Жеңге, апа, әже, шешелер,  
Аға, әке, ата-бабалар.

Бірге өскен құрбы-құрдастар,  
Кейінгі толқын інілер.  
Қамалы берік кіл достар,  
Сықиған сылқым серілер.

Ізіне басқан гүл өскен,  
Ізгілік әрбір қадамы.  
Көппен барын үлескен,  
Мейірбаң, қамқор адамы.

Тілдескен көкте жұлдызбең,  
Мәңгілік бақтар гүл жайсын.  
Таңдармен шуақ нұр жүзген,  
Мерейің артсын, ұлғайсын!

## **Қарабұтақ вальсі**

Бұл елдің білер бәрі қайда екенің,  
Төрт түлік өріс толы, бай мекенің.  
Ауылым аталады есімімен  
Қазақтың кемеңгері Әйтекөнің.  
Білмеймін – інісің бе, ағасың ба,  
Берерсің өзің көріп бағасын да.  
Ырғыз, Ор, Жоса дейтін өзендердің  
Ауылым қоныс тепкен жағасында.

Қазыбай, Сейдақ ақың,  
Кемел ой даналарым.  
Тахауаи, Қуандықтар  
Тарланым, дараларым.  
Хан Кенені қарсы алған  
Кілемжайған жері гүл

Туған жер – Қарабұтақ  
Әділ бидің елі бұл  
Ауылым тоғыз жолдың торабында  
Ілескен бақыт атты мол ағынға.  
Бабамдай қызыр күткен өмір бойы  
Жай берген төбесіне қонағына.  
Ауыл жоқ бұл ауылдай жер төсінде,  
Жоқтықтың қарамайды келтесіне.  
Аңсаған арманыма жеттім дей бер,  
Өнердің от қойғанда білтесіне.

Жезтаңдай жырау Жүсіп  
Жыр-дастан теңізіндей.  
Өмірхан, Аяпберген,  
Өнердің егізіндей.  
Өзіңе арнар ән-күй көп,  
Туған мекен – киелім.  
Жаныммен мәңгі әлдилеп,  
Арыммен сені сүйемін.

Қызмет, Мұхтар ақын,  
Бұлар – бір дара бұтақ.  
Ордасы ұлы өнердің,  
Туған жер – Қарабұтақ.  
Өзіңе арнар ән-күй көп,  
Туған мекен – киелім.  
Жаныммен мәңгі әлдилеп,  
Арыммен сені сүйемін.

**Қазыбай Нұрмұханбетов** – 1925 жылы Қарабұтақ ауданында туған. Қарабұтақ орта мектебін, Ақтөбе педагогикалық институтын бітірді. Еңбек жолын мұғалімдіктен бастады. Ұзақ жыл мектеп директоры болды. Оқушыларға қазақ тілі мен әдебиет пәнінен дәріс бере жүріп, өлең, мақала жазудан қол үзген емес. 1965 жылдан Қарабұтақ аудандық «Жаңа өмір» газетінде редактордың орынбасары болды. 1983 жылы 4 қаңтарда қайтыс болды.

## **Жарөткел**

Жайнаған жаңа күнде Жарөткелім,  
Келеді көз алдыма бар өткелің.  
Жадымда есім кірген бала күнім  
Жаныма жауқазындай нәр еккенің.

Өмірге өзіңде алғаш қадам бастым,  
Албырт кез «Әліппемен» санамды аштың.  
Әз аға, ізетті іні, жарқын жеңге  
Тағы да толқынды айды алаңдаттың.

Қашан да маған ыстың ұл мен қызы,  
Демеймін «өстім, толдым, білімдімін».  
Тілек бір, талап ортақ, туған аулым  
Өсе бер аясында бүгін Күннің.



## VI ТАРАУ

### АУЫЛ АҚЫНДАРЫ



# Алтын Ылаубайқызы

Қарашатау ауылының 90 жастағы суырыпсалма ақыны. Экспедиция мүшелері қарт ақынмен жүздескенімен, тілдесіп, сұхбат алу мүмкін болмады. Кәрілік меңдеген ақын-ана хал үстінде жатыр еді. Сондықтан да, ақын қолжазбасын баласы – Нұри Жолдаяқовтан алынды. Экспедиция ауылдан аттанысымен Алтын апа көп ұзамай дүниеден өтіпті.

## Алтын мен Тілеужанның айтысы.

### Тілеужан

Танысайын атаңызға Алтын анық,  
Айтқыр деп айтып отыр сізді халық.  
Баршаға есітуің мұны-дағы  
Қоянның жүрген-жерде ізі жарық.

Әріп бар оқысаңыз жиырма тоғыз,  
Емес қой бәрі семіз, жарық арық.  
Ішінде бір семізін сен-ақ ұста,  
Қарындас келсе жайың айтысалық.

Тілеужан Шөмекейден ақын деймін,  
Біздің жай алты алашқа мақұл деймін.  
Төменде бір-екі ауыз жаздым жұмбақ  
Өзімдей сені туған ақын деймін.

### Алтын

Қолға алдым жазайын деп қарындашым,  
Хатпен амандасқан қарындасың.  
Азғырған Әнуардың сөзіне еріп,  
Санасып қарындаспен не қыласың?

Бұл күнде менде аға бар уайым,  
Айтпаса кім біледі кімнің жайын.  
Мендағы Шөмекейдің бір баласы,  
Айтысып аға сізбен не қылайын.

Ойымда айтысам деп жоқ еді алаң,  
Кей адам бұл жұмбаққа болады маман.  
Айтысып жұмбақпенен көргенім жоқ,  
Сонда да бұл құрлысы болар адам.

### **Тілеужан**

Шөмекей алты арыс, жеті жүйе  
Тіліме жәрдемші бол Жаппар ие.  
Не керек жазығы жоқ халыққа ши  
Ағасын қарындаспен шағыстырған,  
Әнуарға екеулеп бір жақсақ күйе.  
Қоянның жүрген жері шың болады,  
Жыраудың жүрген жері ду болады.  
Жаз жайлау, қыс қонысың қай арада,  
Руың Шөмекейде кім болады?

### **Алтын**

Келмейді өлең айтқан тілмен епке,  
Болады бауырмал жүрген шетте.  
Бес жылдай бірге отырып Бершүгірде  
Жүріп ем апа болып Сапабекке.

Естідім ағасы деп Сапабектің,  
Сондықтан да ол аға сіздей бекке.  
Ертеде әкем өліп, қалдым жастай,  
Емеспін артық жетік отау текке.

Қосылады домбырама салсам әнім,  
Ұларбай әкем аты халыққа мәлім.  
Таниды Ырғыз, Шалқар көпшілігі  
Сіңіскен Шөмекейге едім Әлім.

Баласы Қиынбайдан Бәймен туған,  
Бешпетпен алтын-күміс белін буған.  
Бай болып, болыс болып аты шығып,  
Кешегі конфескеде болған «думан».

Айтайын білгенімше аты-жөнімді,  
Бәйменнің құдашасы едім туған.

Жайлауым Жабасақта Жұбан көлді  
Көп қайғы жүрегімде шермен тіл де.

Әй, аға мендегі сордан не сұрайсың,  
Бар еді жалғыз ағам кісі өлтірді.  
Кісімен ерегісіп айтыспайтын,  
Кеміген сондықтанда мен бір сорлы.

Күз болса қыстауымыз Телқарада,  
Бұл күнде Телқараға ел бара ма.  
Кетіп ем жастайымнан елден шетке  
Қосылмай өз ауылымнан бір балаға.  
Көре алмай туған жерді жүрмін әлі,  
Көбіне армандамын сол араға.

Шығарған осы сөзді атым Алтын,  
Болмаған қайғыменен жүзім жарқын.  
Аз сөзден көп мағына тыңдағанға,  
Осыменен аяқтаймын сөздің артын.

\* \* \*

Елу жылдай сағынамын елімді,  
Өшірмеймін көңілдегі сенімді.  
Қиындықтың зарын тартып қалған соң,  
Өлеңменен тарқатайын шерімді.

Көз алдыңнан кетпейді екен туған жер,  
Балғын шаққа куә болған құба бел.  
Сағыныш қой, Телғарайдай көлдерім,  
Сағыныш қой, жүзімді өпкен самал жел.

Алты қанат ақ үй тігіп, жайлаушы ек,  
Үйір-үйір бие сауып, байлаушы ек.  
Телғараның бөктерінде, көк майса  
Думан құрып, ат шаптырып тойлаушы ек.

Бар еді үй жанында үлкен суат,  
Көмкерген қоға–қамыс буат-буат.  
Сағынып, бал дәуренді әнге қосам  
Қайтейін бұл да боса дертке қуат.

Қыз едім Ылаубайдың атым Алтын  
Сағындым, о дариға, асыл халқым.  
Туған жер, құтты Нұра, саған сәлем,  
Иірімінде сағыныштың біраз малттым.

## **Жақсы мен жаман**

Жаңа заң, жаңа құрылыс, болдым таныс,  
Ғұрып-салт кетіп еді-ау бізден алыс.  
Жаңалық жарқыратқан жастарыма,  
Тілегім: озып келгің, қалма қалыс.

Айтамын рахмет партияға,  
Жеткендей еркін даусым әр қияға.  
Оралған жетпіс жылда ана тілім,  
Айтпасам көңіліме бұл сия ма.

Үлкенді сыйла дейді кіші тұрып,  
Төмендеп қалып еді-ау, біздің ғұрып.  
Ғұрып-салт естен кеткен елестеді,  
Тыңдаймын ықыласпен мойын бұрып.

Күшіміз қолымызда мінекей деп,  
Кемпір көп сияқталған келін қуып.  
Құлақшың, бөрік киіп бастарына,  
Тұрады-ау еркек құсап белін буып.

Кейбіреу жамандықты бастап жатыр,  
Талай қарт интернатта қақсап жатыр.  
Аймалап, ана сүтін емген бала  
Сорлатып ата-анасын тастап жатыр.



# Әбілқайыр Дүйсенбин

## Көңілінің ояулығы көзден бетер...

Әйтеке би ауданының Ақкөліне барғанда ауыл адамдарынан «Әбілқайырдың айтқаны» деген тіркестерді көп естідік. Көңіл жадыратар, езу тартқызар сөздер мәнісін сұрадық. Әбілқайыр Дүйсенбіұлы Ырғыз ауданының Аманкөл деген жерінде дүниеге келген екен. Тағдырды қойсайшы: көп ұзамай екі көзден көрмей қалыпты. Ол аз дегендей әке-шешесі де бірінен кейін бірі о дүниеге кеткен. Әкесінің нағашысы Байғабыл мен Зеріптің тәрбиесінде болады. Баланың ерекшелігі есте сақтау қабілеті күшті әрі табан астынан өлең шығарады. Уақыт бір орында тұрмайды. Күндер өтіп зымырап жатыр. 20 жасқа келеді. Басқалары үйленіп, тұрмыс мәре-әре. Бұл қамығады бір отырыста:

Жігіттер мен сөйлейін, тыңдап қара,  
Сөзіме түсінеді ақыл дана.  
Шағамын бір-екі өмір мұңын,  
Жалғанда Әбілқайырдың көңілі жара...

депті. «Сұлу сұлу емес сүйген сұлу» Ақкөлдiң Бекзада деген қызы Әбілқайырға ғашық болып, ақыры екеуі бас қосады. Дүниеге үш ұл, үш қыз келеді. Тоғыз немере сүйеді. Көзім көрмейді демейді, масылдық пиғылды ысырып тастап, Әбекең кеңшар бақташысына жәрдемшілікке шығады, кейін саулық қой және емдеу санитарлық орнындағы ауру қойларды бағады. Көңілі көктемдей жайнайды. Дендері сау адамдардан несі кем: әйелі, балалары, немерелері, жұмысы, үйі, халық қатарлы тұрмысы бар. Қайырбегі Ақтөбе педагогикалық институтының тарих факультетін, Қаныбегі Темір совхоз-техникумын, Гүлайымы Ақтөбе мәдени-ағарту училищесін тәмамдады. Басқа балалары да қара жаяу емес. Өніп өсті, жапырағын жайды деген осы. Қарт (Әбілқайыр) бұрнағы жылы жетпіс жасында дүние салыпты. Қарттың артында ұрпағымен қатар, көркемдігі онша болмаса да халық аузында жүрген әзіл-оспақтары бар. Бірде Сұлтанғали Әбдіғалиев деген жүргізуші Қарабұтаққа бармақ болады. Әбілқайырды алмайды, әрі жөнін айтпайды. Сол бойда:

Іздегенің арақ,  
Ойлағаны қарақ,  
Ауданға қарай жол түссе,  
Сұрасаң жөнін айтпайды,  
Бұл не деген дорак, - дейді.

Сөздің реті келіп қалғанда Сара деген балдызына айтқаны:

Сараның бейнесі бар жарқылдаған,  
Қызығы өмір бітпей сарқылмаған.  
Үндемей күн ұзаққа жүрсе дағы,  
Кей кезде мінезі бар балпылдаған.

Әйелі Бекзаданы еске алу кезінде көршілір алдында былай деген екен:

Шөмекей Әбілқайыр менің атым,  
Белгілі Қошқар, Боздақ арғы затым.  
Дүйсенбі бала оқытқан әкем молда,  
Бір ізбен жүрген жанмын түсіп жолға.  
Қайтейін балаларым аман болсын,  
Мен түстім шыға алмастай қазған орға.  
Бекзада біраз жатты науқастанып,  
Науқасы күннен-күнге жанға батты.  
Тамаққа зауқы болмай, ұйқы көрмей,  
Қиналып бірнеше күн таңдар атты,  
Сырқаттан бес жыл бойы тазарған жоқ,  
Дәріні уколменен аз алған жоқ.  
Бүркіттің тырнағына іліккендей,  
Сілкініп бір күн бойын жаза алған жоқ.  
Білгенге қызметі көп аналардың,  
Мейірімі түспей қойды жан алардың.  
Көз жұмып, оралмасқа кете барды,  
Қызығын тегіс көрмей балалардың.  
Қоштасты ел-жұртымен алпыс жаста,  
Қайғыдан өлмейді екен жаны басқа.  
Артында қалам деген менде ой жоқ,  
Қасірет түсті жаңа біздің басқа.  
Мұң мен зар жақындады бала жастаң,  
Болды ғой маған тұман ашық аспан.  
Қас-қағым кезді ашып-жұмғандай боп,  
Балдәурен бақытты шақ өтті бастан.

Кетпейді көрген қызық ойымыздан,  
Көрінбейді ешбір белгі бойымыздан.  
Сайрап тұр көкіректе жазған хаттай,  
Сыр айтсақ хабар беріп жайымыздан.  
Алпыстан өтіп барады менің жасым,  
Кемтарлық, жоқшылықты көрді басым.  
30 жыл өмір сүріп Бекзадамең,  
Төктім де қала бердім көздің жасын.  
Дүние алдап жүрсің қинап жанды,  
Артыңда алты бала ..... қалды.  
Пендеңді ынтықтырдың еліктіріп,  
Отыз жыл тоғыз күндей болмай қалды.  
Сұм ажал мейірімі жоқ қатал екен,  
Тұз-дәмді уақытта адам татады екен.  
Іздеймін күндіз-түні есіме алып,  
Ойда жоқ өмір сүру кейін қалып.  
Шыбын жан шықпай қойды басқа болып,  
Айырылған жолдасынан мен бір ғаріп.  
Қарт едім алпыс бірге жасым келген,  
Құтылмас тірі пенде қара жерден.  
Басым ба, жүрегім бе мен білмеймін,  
Оқ тиді оңалмастай жанды жерден.  
Жігітке жарасады әуелгі бақ,  
Болдырды сөйлей-сөйлей тіл менен жақ.  
Қуар аз, жас ұлғайып келгенімде,  
Ауыр жүк таланыма болды ғой тап.  
Аллаға жақпады ма ақ ниетім,  
Айырылып қосағымнан қалдым жетім.  
Жақындап кәрілік, шіркін, келген шақта,  
Көрместей өтті мынау елді бетін.  
Қыс та өтер, жаз да өтер, күз де өтер,  
Жақсы адам әр уақытта іздетеді.  
Жатырмын жалғыз өзім бір бөлмеде,  
Кім мені төмендесем – күзетеді?

## Өзім туралы

Ерттеп мініп алдым дөңеніме,  
Дүние баяның жоқ жөн едің бе?  
Әлеумет құлақ салып құп тыңдасаң,  
Айтамын мұңылық етіп өлеңімді.  
Сөзіме құлақ сал үлкен-кіші,  
Өлеңді айтып отырсам қызады тіл  
Айтамын бісмилә деп дінім үшін,  
Пенде өссе, топырақты үйдіреді.  
Ғашық жар бір-бірімен сүйдіреді,  
Дерті де кемшіліктің жаман екен  
Ішімді от жалындай күйдіреді.  
Мал азады қыс айында жатарынаң,  
Қазанның алдым тауар татарынаң,  
Сау болса екі көзім шамшырақтай  
Мен дағы кем болмас едім қатарымнан.  
Дүния біліп жүрмін жалғаныңды,  
Жетім боп ойлаймын қалғанымды,  
Жарқырап екі көзім шамшырақтай,  
Бітер ме бұл жалғанда арманым-ай.  
Шаң болса жібек көйлек қақ етегің,  
Көп ойлап уайымды тоқ етемін.  
«Үмітсіз шайтан болсын» деген сөз бар,  
Әлі де көңіл құрғыр дәм ететін.  
Әуеде жүрген қаз болды ғой,  
Қыс өтіп биылғы жыл жаз болды ғой,  
Құдайым денсаулықты бермегесің,  
Қызығы бұл дүниенің аз болды ғой.

1947ж.

## Екінші өлең

Батырлар айбалтасын қайрайды екен,  
Табаны көрсе жауды тоймайды екен,  
Басына кемдік салып қойсадағы,  
Жүрегің қызыл шоқтай жайнайды екен.

Жараттың паруардигар етіп пенде,  
Басыма салып қойды барлық кемді,  
Орнаттың соқыр жетім жоқты жарлы,  
Көремін қай уақытта қызық енді?  
Алланың кім көнбейді нәубетіне,  
Байларды артық дейді сәулеті де.  
Құдайым ақырын қайыр өзет берсе,  
Кез болдым құдыреттің дәулетіне.  
Пошташы басады екен хаттың мөрің,  
Жігіттер аямайды аттың терің,  
Біздердей мұңлы ғаріп пендесінің,  
Құдайым жояр ма екен көңіл кірің.  
Пендеде тіршілікте берген ерік,  
Кәпірлер мінеді екен мықты керік,  
Жігітке қырық жыл байлық, қырық жыл жарлы,  
Құдайым оңғар қайта кезек беріп.

1947ж.

## **Үйленбеген кездегі мұң зарым**

Жігіттер мен сөйлейін тыңдап қара,  
Сөзіме түсінеді ақыл дана.  
Шағамын бір-екі ауыз өмір мұңын,  
Жалғанда Әбілқайыр көңілі жара.  
Айтудан әңгімеден өлең жеңіл,  
Әбілқайырдың науқасы бар жарым көңіл.  
Тұңғыық терең ойға кетсем түсіп,  
Болады бөтекем тас жүрек темір.  
Жігіттер тіршілікте сол қиғашты,  
Пендеге білінбейді өткен өмір.  
Бас қосқан алған жарың жақсы болып,  
Іргесі дүниенің сонда кеңір.  
Жігіттер кейімейді сүйген досқа,  
Өмірім уайыммен өтті босқа.  
Құрбымен ойнап күліп күн өткізген,  
Құдай-ай арман барма көңіл хошқа.  
Бақ қонады кей жігітке бейім болып,  
Мен жүрмін қатарымнан кейін болып.  
Бір қызды мен де таңдап алар едім,

Кішкене көтерсем бас тиім болып,  
Таудай ғой ойнап тұрсам менің мінім,  
Қорғаны жоқ көмектесер аға-інім.  
Сетте емес адамда емес шер мендемің,  
Құрысын бүйтіп жүрген күнім көрген  
Екі көз жас өмірге салды бөгет,  
Әбілқайыр қасіретпен жасын төгед.  
Бұтақтан жалғыз ағаш гүлденбесе,  
Бір күні шіріп қурап сөлі кебед.

1946 ж.

## Сағира мен Жаңылдық

Қылқандағы орақта Ақжеңшемнің үйіне,  
Екі қыз келіп жатады,  
Бір екі таң атады,  
Кінәсіз дос айырылса қабырғаңа батады.  
Бір күндері болғанда,  
Ақжеңшем мен екі қыз әңгімелесіп жатады,  
Сөйлесіп жатып үшеуі түрлі сөзді құрыпты.  
Ақжеңшем айтты қыздарға жігітпен ойна тұрақты,  
Ойнап күлсен біреумен сыйласып тату жүріңдер,  
Аударма дейді қылапты.  
Жеңешемнің бұл сөзі,  
Қыздарға да ұнапты.  
Адамың бар ма жүрген деп,  
Екі қыздан сұрапты.  
Қыздар сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
Ау, жеңеше, жеңеше-ау,  
Ашық еді басымыз,  
Келіп қалды жасымыз,  
Не айтсаң соған көнеміз.  
Жалғаншы дағы қызық қой,  
Бұйырған болса қосыңыз.  
Басқа шаян жем екең,  
Судағы жүрген балықтың,  
Рас болса жігіттер

Айтқан сөзі халықтың.  
Қуанышбай Қанымбай,  
Мәдени қоста жүріпті.  
Орақтағы қыздарды,  
Аралап жүріп көріпті.  
Ғашық болып сол жерде,  
Сағира мен Жаңылға.  
Екеуі көңіл бөліпті,  
Айтып айтпай немене,  
Сөз айттырып жеңшеме,  
Келесі күні қонағы,  
Екі қызды меншіктеп,  
Көрпесіне еніпті.  
Жақсы қыздың белгісі,  
Жеңге салып араға,  
Салтанатпен жүргізді,  
Абыроймен кіргізді,  
Жақсы екен жеңшем.  
Сол арада бір қызды,  
Қуанышбайға сәлем айт,  
Үзбесе қыздан күдерің,  
Сен кеткесін біліп ем,  
Сағираның жүдерің  
Қыз толып жатыр колхозда,  
Жақсы қызды айырып,  
Жуыстырып тілегің,  
Байқадың ба жігіттер,  
Ақ жеңшемнің жігерін.

## Сұлтанғалиға

Іздегенің арақ,  
Ойлағаның қарақ.  
Ауданға қарай жол түссе,  
Сұрасақ жөнін айтпайды.  
Бұл не деген дорақ?!  
Кем қарыс пен топасқа,  
Айтпайсың неге жөніңді?

Өкімет пен партия,  
Тәрбиелеп қатарға,  
Жігітті сенің көңілді,  
Аспанға қарап ақидың.  
Танауыңды көтеріп,  
Қалтаға салып алғансың,  
Права деген – шеніңді,  
Шығармай шашу далаға.  
Айтайын сөзді көмкеріп,  
Оқта сонда қоясың,  
Машинаңды төңкеріп,  
Сен бір жүрген торғайды,  
Бастықтар аяп қорғайды.  
Мен білмейтін жан бар ма,  
Қарабұтақ қаласың.  
Советтік дәуір тең еді,  
Сен де жетім баласың.  
Арағы мол кісіні,  
Кабинаңа аласың.  
Арағы жоқ кісіге,  
Айтатының өтірік.  
Өткен күнді ұмытып,  
Маңдайыңа саласың.  
Аяныш жақсылық,  
Әділдік пен арың жоқ.  
Ойлағаның арамдық,  
Біле-білсе Сұлтаным,  
Мұнымен қайда барасың?

1962ж.

## **Жамиғаға**

Жамиға, Сырға, Меруерт, Гүлсара, Қаламқасың  
Көктегі жұлдыздардай өңшең жасым.  
Азамат қатарына қосыласың,  
Білімпаз білімге бай мінезі бар.  
Әр іске үлгерімді алтын басың,  
Жастардың арақ болды дәру асы.



Қалмайды отбасының шаруасы,  
Үйіне барсаңыздар дастарханда  
Алма, овощ, түрлі тағам халуасы.  
Бой-тұлға айдын көздің құрағындай,  
Тілдерің балдың аққан бұлағындай.  
Көздерің күннің жанған шырағындай,  
Сыртынан үлкен-кіші сіздерге риза.  
Өсірген қандай ана қарағымды-ай,  
Жібекке қыз Құртқа ма Зейне зайып.  
Тыңдаған бұл сөзімді етпес айып,  
Жігіттер асыл затқа қосылыпсыз  
Бергендей пірлер бата қолын жайып.

## Қасқа өгіздің мұңы

Өгізден дұғай сәлем Қанымбайға,  
Бұйақта қарамады біздің жайға.  
Жаз жұмыс қысқа қарай күтімім жоқ,  
Сиынып тұрған жай бар бір құдайға.  
Мен жүрмін жаздайлыққа пішен шауып,  
Жейтұғын қыс айына азық тауып.  
Дамылсыз күзге дейін жүргеннен соң,  
Арыдым қыстан шығу маған ғарып.  
Қауып жоқ еркін жүрсем сақта болса,  
Салған көң жұмсақтығы мақта болса.  
Өгіздің семірмейтін жыны барма,  
Әлгідей жайланатын бапта болса.  
Расбай сөзімді тыңда Дінтай дейді,  
Тесігін баздарының қымта дейді.  
Малдарың қыстан шықсын семіз дейді,  
Көгінен пішеніңнің жегіз дейді.  
Тыныш жоқ қар жауғанша еңбегі бар,  
Жазғытұры жер жыртады өгіз дейді.  
Діттеген Расбайға мақұл дейді,  
Саламыз көк пішенді дақыл дейді.  
Қыс жеңіл қара жылы семіреді,  
Қалмаса аусыл келіп қапыл деді.  
Түсіндім екеуінің сөздеріне,

Қуанып өгіздерге айтқым келіп.  
Бастықтан жақсы хабар сезгенімді,  
Жұмысты аяқтадық ноябрьде.  
Тұрсын деп қыс айында соя бірде,  
Бойына күшін жиып күйленсін деп.  
Басына Ұзынкөлдің қоя берді,  
Базына Ұзынкөлдің алып барды.  
Барғасын қырқа жаққа айдап салды,  
Пішенді әлденеше құртады деп,  
Тойбазар Дінтайға айтып қайғыланды.  
Бұл сөзін Тойбазарға мақұл деді,  
Айтқанын аға сенің мақұл деді.  
Қайырып айдап салып байқап тұрсың,  
Үйдегі Жарасбайды шақыр деді.  
Түсініп жақтырмадым айтқан сөзін,  
Пішенге бір тойсам деп екі көзім.  
Ойлап ек рахаттана тұрамыз деп,  
Жұтты ғой Расбайға айтқан сөзін.  
Жараспай айдап кетті сабап қуып,  
Өткір жел өтіп барад қара суық.  
Тоңсақ та қызыл өңеш қаратпады,  
Жайылдық сол арада айға жуық.  
Пішенге байласа да жарымадым,  
Жаз жұмыс күзге суық арығаным.  
Халімнің азайғанын осыдан біл,  
Ақаңды келгенде танымадым.  
Көк пішен жесем сіңімді,  
Қанымбай, саған айтайын.  
Басымдағы мұңымды,  
60 үйдің басшысы,  
Жігіт едің жұғымды.  
Жаз айындағы жұмыстар,  
Жеткізген екен шыңымды,  
Жеріме жетіп жүдеппін.  
Айтайын сізге шынымды,  
Олай-бұлай боп кетсем,  
Мал менен жанның қожасы,  
Сіз сұрайсыз құнымды.  
Тойып тұрсам көк шөпке,

Өшірер ем үнімді,  
Итке берме мал емес,  
Менің көрген күнімді.  
Өзімнен-өзім шошимың,  
Қарап тұрсам түрімді,  
Өлшеумен шөпті салады,  
Шайнап тұрдым тілімді.  
Қанымбай үйге барғасың,  
Күнзағида жеңшемнің,  
Тырнағы мықтап ілінді,  
Жамандар сөзді кектейді,  
Жақсыға адам жетпейді,  
Артта қалған мал жанды,  
Бір шолып кетсең Қанымбай.  
Еш нәрсеңіз кетпейді,  
Кейінде қалды бар малың,  
Ұртына көзін салмадың,  
Тірісінде көзінің.  
Қанымбай деген басшыны,  
Бір көрсем деген арманым,  
Әкімге барған өгіздер,  
Аяғымен жайылды,  
Посевной егіске.  
Жеуге олар дайынды,  
Қараған қолға құрысың,  
Біз жатырмыз бұяқта,  
Өлімге бұрып мойынды.  
Ақшиге барып жайылып,  
Бір көрмедім тойымды,  
Күйленіп алсам жұмысқа,  
Көрсетер ем ойынды.  
Өле кетсем осыдан,  
Артымда қалған тұқым жоқ,  
Қасқа өгіз атым жойылды.

1950ж.

**Шәкимарат Оңғаров** – 1937 жылы 7 маусымда Әйтеке би ауданының Қаракөл жерінде дүниеге келген ақын. Өлеңдері бұрын-соңды жарық көрмеген. Ақын поэзиясы қара өлеңмен, халық ауыз әдебиетіндегі жыр стилінде жазылғандықтаң, көбіне поэма-дастандар болып келеді.

## **Бақшақбай палуан**

Қорған бар Қарашатау төбесінде,  
Сақталған ұмытылмай ел есінде.  
Өтіпті осы жерде бір оқиға,  
Шамасы бір-ер ғасыр белесінде.  
Бір жылдар қоныс болған осы маңай,  
Орта жүздің Кеңесары төресіне.  
Орта жүзден би-болыстар түгел келіп,  
Кенені хан көтерген төбесіне.  
Ел сирек ол уақытта бөлек-бөлек,  
Әркімнің қонысы бар үлесінде.  
Оқиға ел ішінде толып жатыр,  
Арналып айтылардай келесіге.  
Ғажайып жерлері көп ашылмаған,  
Сырларын айтпаса адам білесің бе.  
Жер асты түрлі-түсті мрамор тас,  
Жарар ед алса адам кәдесіне.  
Белгісіз құпиялар жер бетінде,  
Айтылмас адамының ат-өсімі.  
Көпті көрген көнелер өтіп кетті,  
Бәріде мінді ажалдың кемесіне.  
Іздесе жер байлығын жер астының,  
Байлықтың ашылар ед кең есігі.  
Осында өткен біраз оқиғалар,  
Жүр еді ұмытылмай әлі есімде.  
Жазуды осы жайлы талап еттім,  
Жараса кейінгі ұрпақ кәдесіне.  
Той болған хан Кеңенің құрметіне,  
Шақырған хабар жетті ел шетіне.  
Жиналған әр рудан ақсақалға,  
Бөлек-бөлек үй тігіп құрмет өтті.

Бұл тойда ондап-жүздеп мал сойылды,  
Алдына табақ-табақ ас қойылды.  
Ішуге саба-саба асау қымыз,  
Тоқтаусыз қонақтарға бұл құйылды.  
Басталды ойын-сауық бойдаң сәні,  
Көруге жиналыпты жұрттың бәрі.  
«Той десе қубас домалар» - дегенде –  
Келіпті қатын-қалаш, жас пен кәрі.  
Жыршылар жыр жырлады тойды бастап,  
Ауқымы кең, бірінен-бірі асқақ.  
Көмейден әң, көңілден күй төгілген,  
Қолдарында домбыра, қобыз аспап.  
Бір жерде өлең айтса әншілері,  
Күй төкті домбырамен күйшілері.  
Топырлап үсті-үстіне тамам халық,  
Әркімді әркім - өзі еншіледі.  
Мұнын басқа басталды үлкен тартыс,  
Палуан күрес ат ойыны, бәйге жарыс.  
Ортадан төрешілер сараланып,  
Ортасына ту тікті үйден алыс.  
Отырды ақсақалдар алды жаққа,  
Сиынып бір жаратқан әруаққа.  
Шығарып палуандарын ортасына,  
Бата беріп тапсырды жалғыс хаққа.  
Бұл келген палуандар әрбір жақтаң,  
Сом дене, шойып тектес ауыр батпан.  
Күресте өз жерінде талайларды,  
Орнынан тұрғызбастан домалатқан.  
Би-болысқа сондаяқ еріп келген,  
Күштілеріне өздері сеніп келген.  
Шой дене, бұқа мойын, апай төсті,  
Ерекше күш иесін елі көрген.  
Әр жерден алып келген палуанда,  
Оларды көрген адам таңыр айды.  
Бөлекше дүниеде жаралған жаң,  
Кім көріпті адамнан дәл мұндайды.  
Сонымен басталады күрестері,  
Көк майса шөп тапталып, шақ көтерді.  
Ауыр дене бір-бірін алып ұрып,  
Жаққандарға дәріптеп ел жүгірді.

Бір палуанды Орта Жүз алып келген,  
«Түйе палуан» атағын иеленген.  
Өзіде түйе десе түйедей боп,  
Оқшау бөлек отырды тамам елден.  
Ешкім батып онымен күреспеді,  
Шабын құрлы көрмеді күрескенді.  
«Бұл дүлей майып қылар адамды» - деп,  
Оған батып ешкім де келіспеді.  
Керек болды палуан Кіші Жүзге,  
Табу дұрыс елі іші күдер үзбе.  
Күресіп түйе палуанды жығып кетсе,  
Атағы тарамай ма дүниежүзге.  
Жар салды күресетін талапкерге,  
Елдің әрін сақтайтын кемеңгерге.  
Жаршылар жария айтып аралады,  
Жоғарғы, ортаңғысы, төменгі елге.  
Бір жігіт руы Алтын Шөмекейден,  
Үстіне жеңіл-желпі шекпен киген.  
Көнектің бір баласы Маңғытайдың,  
Қосқұлақтан тараған баласы екен.  
Есімі ол жігіттің – Бақшақбай-ды,  
Өзімен бірге жүрген жұрт мақтайды.  
Күші де өз басына мол жетерлік,  
Сол үшін де елі көп салмақтайды.  
Үлкендер ол жігітті ортаға алды,  
Күрес, - деп, палуан мен қолқа салды.  
Сүйе біл туған ел мен туған жерді,  
Жеткенше күш, қайратың сақта арды.  
Бақшақбай да қайратты батыр адам,  
Тұлпар аттай солығы басылмаған.  
Түрегеп үлкендердің батасын ап,  
Қол жайды жар болсын деп ұлы бабам.  
Палуандар ықшап киің, шал бар байлап,  
Көз салып бірін-бірі көрді абайлап.  
Кім жеңіліп, кім жеңер бұл айқаста,  
Бағы жанып, кім жығып бәйгені алмақ.  
Келе екеуі, ұстады бірін-бірі,  
Қимылы екеуінің тіптен ірі.  
Жібермей бірі-бірін екеуі де.

Алысып жығысы алмай біраз жүрді.  
Бір шама алып кетсе түйе палуан,  
Шыдамай Кіші жүз айқай салған.  
Бірақ та жыға алмады Бақшақбайды,  
Ортаға екеуі де қайта оралған.  
Алысты, аянбады, жұлқыласты,  
Қалай да жығу керек қарсыласты.  
Жас жігіт жігер, күшін тасқа жанып,  
Дүлеймен арыстандай арпаласты.  
Екеуін де тер басты тұла бойын,  
Алысып, қара жерде салған ойын.  
Қанша күш, қайрат жұмсап ұмтылса да,  
Жығуы бір-бірін болды қиын.  
Күш кернер тұла бойын Бақшақбайдың,  
Белінен қысып ұстап Алып дәудің.  
Оқыстан дауса шықты жас жігіттің,  
Я бабам, ұрпағыңа жәрдем бергін.  
Деді де дәуді жерден жұлып алды,  
Сол аяқпен айналып іштен шалды.  
Алып дәу оқыс жайдан тез арада,  
Шалқасынан сол жерде құлап қалды.  
Шу етті Кіші жүз жақ ұланына,  
Елдің арын сақтаған қыранына.  
Палуанын Орта жүздің жығып кетіп,  
Елінің сеніміне жарады да.  
Алыпта Бәйгесіне түйеден нар,  
Жылқыдан айғыр үйір өңшең тұлпар.  
Сол кездегі дәстүрдің бірі болар,  
Беріпті бұған қосып күң мен құлдар.  
Қалыпты Бақшақбайдың палуан аты,  
Шөмекей кіші жүзде арғы заты.  
Қысқаша жоғарыда айтып кеттім,  
Қалмақ көнек-қосқұлақ жұрағаты.  
Жазушы Шакимарат менің атым,  
Төртқара - Өтеп бақшақ арғы затым.  
Бұл жерде болып өткен оқиғаны,  
Білсін деген ұрпақтарға аманатым.

## Әулие ағаш, Табынбай құпиясы

Жазайын қалам алып бір хикаят,  
Оқиға көпшілікке болған жұмбақ.  
Ізденіп, сұрастырып үлкендердең,  
Шешуін айтпақшымын енді талдап.

Қазақтың жері байтақ, құпиясы көп,  
Анықтап жазу парыз сөзбен өңдеп.  
Кешегі ел қорғаған батырлардың,  
Есімің, ерліктерін айтып бермек.

Демей ме, ағаш өссе жердің сәні,  
Аққу, қаз ұшып қонса көлдің сәні.  
Бұрыннан болып келген жер құпиясың,  
Осы күні біле бермес жұрттың бәрі.

Айтатын кетті өтіп көне көздер,  
Солармен бірге кетті небір сөздер.  
Бұл күнде естігені жинақтасақ,  
Қалмай ма кейінгіге басқан іздер.

Талай ер жанын қиды ел жер үшін,  
Шайқасып, жауларынан алып өшін.  
Жас кетті ұрпақта жоқ талай батыр,  
Оққа ұстаған елі үшін апай төсін.

Шеті жоқ, шегі де жоқ айдалада,  
Кездесер жалғыз жарым мазар-мола.  
Жолаушылар зер салып байқамайды,  
Тоқтамас уақыт бөліп оған бола.

Белгісіз құпиясы көп қара жердің,  
Кезінде мекен болған кейбір елдің.  
Мерт болған туған елін қорғау үшін,  
Сол жерде тәні жатыр талай ердің.



Ұмытылған сол ерлердің атағы да,  
Кейбір жер қалды соның атауында.  
Ерлігін ұрпағына жеткізбесек,  
Рухы өмір бойы батар мұңға.

Көп сыр бар Қарашатау өңірінде,  
Жастарға сабақ болар өміріне.  
Ашылса көп жәйттердің құпиясы,  
Табынған табиғаттың әміріне.

Кім көрген дара тұрған Әулиеағашты,  
Тамыры жарып шыққан қара тасты.  
Адамдар мінажатқып тәуіп етер,  
Қалай пайда болғанын болжамас-ты.

Болыпты Қарабатыр аты шыққан,  
Қарсы келген жауларын орға тыққан.  
Жауға алдырмай еліне қорған болған,  
Сескенбей кіреді екен атқан оқтан.

Көп жаумен жалғыз өзі соғысыпты,  
Беріспес қайраты мол, өзі мықты.  
Өктемсіп, менменсінген талайлардың,  
Қаймықпай жүрегіне найза тықты.

Батырға барған сайын жау көбейді,  
«Қалайда құрту керек» деп дүлейді.  
Келгенін Қарабатыр қағып тастар,  
Қанша мықты болса да жан демейді.

Батырды қылыш кеспес шапқанменен,  
Айланы неше түрлі тапқанменен.  
Батырға күш беретін әруағы бар,  
Батпайды қанша әскер жапқанменен.

Бұл батыр дұшпанынан айласы асқан,  
Жүрегі жаралғандай қара тастан.  
Дұшпанға аяушылық көрсетпеген,  
Мінезі қалыптасқан бала жастан.

Талай жау ер қолынан қаза тапты,  
Жаулық, кек жүректерді жаралапты.  
Қалайда бұл батырды өлтіретің,  
Қайраты айласы бар ер таңдапты.

Күндіз-түн Қарабатыр елін бағар,  
Тұтқиылдан кеп қалса жауға шабар.  
Жалғыз жүрген дұшпанның ең қиыны,  
Адамның дайындықсыз кезін табар.

Отырған Қарабатыр белін шешіп,  
Шешініп ат байлауға шылбыр есіп.  
Сап етіп садақ оғы дәл жүректен,  
Сауытсыз ер денесін өтті тесіп.

Құлады сол арада Қарабатыр,  
Жанары солғын тартып бара жатыр.  
Қапыда жау қолынан қаза тапты,  
Ер еді Жалғыз өзі мыңға татыр.

Батырға құлағасын жақын келген  
Шын өлгенін енді ол анық білген  
Жүрегіне бір қара тасты қойып,  
Кейін қайта жөнелген келген ізбен.

Ер еді талай жалғыз жауға шапқан,  
Жауын толық құртқанша түспес аттан.  
Құдыреттің күшімен ағаш болып,  
Жүрегі қара тасты жарып шыққан.

Шыққаны сол арада сұлу қайың,  
Болғандай табиғатқа бұл да уайым.  
Маңында бір ағаш, мидай дала,  
Көпшілік біле бермес мұның жайын.

Бір жылы ел қоныпты маңайына,  
Ел білмеген не екенін ол жайында.  
Өсіп тұр бір қыраңда екі ағаш,  
Құлпырып күн сәулесі арайына.

Балалар ағаш көре мында келген,  
Тасты жарып нәр алған қара жерден.  
Бір бала бір бұтағын кесіп алса,  
Орнынан шыққан қызыл қанды көрген.

Халық көріп бұл жайды таңғалыпты,  
Тегін ағаш емесін аңғарыпты.  
«Кешір деп балаларды» - садақа берген,  
Сонан бұл Әулиеағаш атаныпты.

Бұл ағаш пайда болған ертеректен,  
Сол кезден әжептәуір мезгіл өткен.  
Адамға кездескенде қиын жағдай,  
Келіп, қонып осы ағашқа тәуіп еткен.

Кейде ағаштан шұбалып от жанады,  
Бейне адам формасы сәл тұрады.  
Көбеймей, азаймай бір қалыпта,  
Бір-ер минут шамасы жоқ болады.

Сол ағаштар өсіп тұр осы күнге,  
Бейне бір жаралғандай жермен бірге.  
Не құрып, не көбеймес бір қалыпта,  
Сарғайып, қайта көктер мезгілінде.

Онан өзге бейті бар Табынбайдың,  
Дарыған құдыреті бір Құдайдың.  
Халыққа қамқор күші байқалмаса,  
Есімін еске сақтар жайдан-жай кім?

Айтайын білгенімді Табынбайдан,  
Атағы аталмаған бекер жайдан.  
Бұлда бір аты шыққан батыр дейді,  
Сақталар ма ұмытылмай тек жай адам?

Бұған да әжептәуір уақыт өткен,  
Сақталып жүр еді ойда бұ да көптен.  
Батырды аты қалған ел есінде,  
Тұрағы осы маңай емес шеттен.

Жау болған ертеректе қазақ-қалмақ,  
Мақсаты барымталап малын алмақ,  
Батыры, қорғаны жоқ кей ауылды,  
Бүлдіріп кететұғын итше талап.

Кім білмес қазақ ханы Абылайды,  
Әртүрлі әңгіме көп олар жайлы.  
Арада барымта мен дау көбейіп,  
Соғысқан қалмақпенен ол ұдайы.

Іріктеп батырлардан қол жинаған,  
Жауларын беттетпеген қойша айдаған,  
Кең байтақ осы жерді қорғап тұрған,  
Алаңсыз қазақ халқы ең жайлаған.

Қазақтың жері байтақ, көңілі кең,  
Ешуақытта жауларға болмаған жем.  
Қорғаған қаныменен осы жерді,  
Таптаған талай жауын менменсіген.

Соғыста талай ердің аты шыққан,  
Ерлерін елі сүйіп «пір» деп ұққан,  
Қамқоршы елің жерін сүйген ұлды,  
Сақтай білген қиянат, жаманаттан.

Сол ерлердің бірі екен Табынбайда,  
Жақсы аттан ел ешқашан жаңылмайды,  
Ер болмас тегін адам тектен-текке,  
Өзі өлсе де рухы ел қорғайды.

Табынбай батыр болған әруағы бар,  
Досқа ашық кең болса, жауына тар.  
Шыққанда жекпе-жекке тым күшейіп,  
Күш үстіне әлі де күш қосылар.

Қарсы келсе қаймыққан жан батпаған,  
Тек ойына арамдық кек сақтаған,  
Жауының өте атқыш бір мергені,  
Батырды ту сыртынан дәлдеп атқан.

Табынбай елін қорғап жаудан өлген,  
Арулап жолдастарды жерге көмген.  
Өлсе де қайран ердің әруағы,  
Қиналып, қысылғанға жәрдем берген.

Адамдар бейітіне барады екен,  
Садақа шалып, басына қонады екен.  
Әулие ондай жанға аян беріп,  
Алладан тілегені болады екен.

Бейне жұмбақ адамға еткен ісі,  
Өз көзімен көрмесе сенбес кісі.  
Сол жерде кейде адам боп жүреді екен,  
Көрсеткен адамзатқа құдырет күші.

Табиғатта белгісіз құпия көп,  
Адамзат біле бермес мұны жөндеп.  
Қасиетін көрмесек сенбес едік,  
Рухын өлген жанның көзбен көрдік.

Бұл жазғаным қағазға хикая хат,  
Ел ішінде ертеден болған жұмбақ.  
Естіген білгенімді жинақтадым,  
Жазушы Оңғарұлы Шакимарат.

**Досқалиев Төребек** - 1936 жылы 15 шілдеде Қарабұтақ ауданы Милы ауылында дүниеге келген. Ол Әйтеке би ауданынан шыққан тұңғыш кәсіби журналист. 1954 жылы Қарабұтақ орта мектебін тәмамдағаннан кейін, Алматы қаласындағы бір жылдық техникалық байланыс училищесінде оқиды. 1955-1958 жылдары Севастопольде әскери борышын өтегеннен кейін, бір жылдық марксизм-ленинизм университетінің, 1959-1964 жылдары Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетін бітіреді.

Мектепте, әскер қатарында, университетте оқып жүріп жазған өлеңдері аудандық «Совхоз өмірі», облыстық «Социалистік жол» (қазіргі «Ақтөбе»), Алматы облыстық «Жетісу», республикалық «Жас Алаш» газеттерінде жарияланды. 1969-1999 жылдары «Ақтөбе» газетінің меншікті тілшісі, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде дәріс оқып, облыс көлемінде алғаш ілеспе аударманы енгізушілердің қатарында болды. Көркем очерктері республикалық газет-журналдарда, «Ақ тарының атасы» (1981ж.), «Тың жұлдыздары» (1985ж.) және басқа да ұжымдық жинақтарда жарық көрді. В.М.Шукшин әңгімелерін қазақ тіліне аударып, бірнеше облыстық, республикалық көлемдегі басылымдар бәйгесінде жеңімпаз атанды.

## Досыма хат

Есімде, мінсек шыбық көрдік аттай,  
Үй маңын жүре алмадық шуылдатпай.  
Күнұзын сәл нәрсеге ажырасып,  
Түндерді өткіздік пе бірге жатпай...  
Балбырап бала мезгіл қалды артта,  
Жігіт боп, ұлы өмірге тұрдық сапқа.  
Жан досым, көп жыл болды көре алмадым,  
Жетеді тек сәлемің жазған хатқа.  
Алыста жүрсеңдағы бүгін менен  
Ұмытып мен досымды кеттім демен  
Орыныңды өмірдегі білдім айқың  
Сөзіңнен «партияға өттім», - деген

## **Анаға**

Шықпадың кіп-кішкене баспанаңнаң,  
Айта алмай көңіліңде жатса да арман.  
Бұйығы бейшаралық күйде болдың,  
Таяқтың тепкісінен жасқанғаннаң.  
Басқаша ол кезгіден бүгін күнің,  
Шаттықта, еркіндікте бүгінгі үнің.  
Бөленіп жаңа заман сәулетіне,  
Келесің ұлы көшпен басып мығым.  
Өңірін өзгерткенде тың даланың,  
Еңбегің үлгі болған мыңға мәлім.  
Партия алға қойған жаңа міндет,  
Мінекей көрдім сені шыңдағанын.  
Емессің бұрынғының жарым-жаны,  
Бойыңда алып қуат ағындады.  
Жан ана, құттықтаймын мейрамыңмен,  
Менің де бойымда күш жалындады.

## **Келді көктем**

Жадырап күн де күлді, келді көктем,  
Желі де жар деміндей беттен өпкен.  
Жібектей желбірейді сағым белде,  
Базарлап келді құстар қайтып кеткен.  
Ашуын басты қысқы ызғардағы,  
Құлпырды кең даланың қызғалдағы.  
Малымыз шөбі шүйгін шықты өріске,  
Ой салды жігіттерге қыздардағы.  
Себелеп өтті көктем жауыны да,  
Бар ғалам ауруынан сауығуда.  
Солдаттай сапқа тұрды тракторлар,  
Еңбектің күйі енді ауылыма.

**Бауыржан Әбдіқалық** 1967 жылы туған. Саратов орта мектебінде оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет жасайды. Облыстық, аудандық, жыр мүшәйраларының жүлдегері. Жанұялы. Бір бала тәрбиелеп отыр.

## **Он ғасырлық он жылым**

Қасіреттің сөнді мәңгі соңғы үні,  
Жойдық мәңгі атом атты бомбыны.  
Таңғажайып ғажап істер атқарған,  
Құтты болсын тәуелсіздік 10 жылы!

Бұл он жылда болды талай керемет,  
Тізе беріп оның бәрін не керек.  
Бар әлемге үлгі біздің Астана,  
Бұл сөзімді кім айтады бекер деп.

Не бір дарын ұл-қыздарды өсірдік,  
Елорданы Ақмолаға көшірдік.  
Ажал үнін сеуіп келген еліме,  
Семейдегі тажал үнін өшірдік.

Бұл он жылды мақтанышпен айтамыз,  
Бұл жылдарға назар салып байқаңыз.  
Білмей келген батырлармен, билермен,  
Арыстармен табысқанбыз қайта біз.

Көк аспанда қалықтап жүр қыраның,  
Бейбітшілік әр кез сенің ұраның.  
Арқасында батырлардың Бекзаттай,  
Сиднейде айды аспанға шығардың.

Отанымды тышыштыққа бөлеген  
Бар адамның мүдделерін елеген  
Елімдегі ұлтаралық татулық,  
Нұр – ағаның саясаты көреген!



Табыстырған түркілермен туыс қып,  
Осы он жыл біздер үшін тым ыстық.  
ҚАЗАҚ ЕЛІ гүлдене бер, дами бер!  
Белгісі боп татулық пен ырыстың!

## Әлия

Бал балалық, әсем қала, алтын кез,  
Бүлдіршін шақ, жастық дәурен өтті тез.  
Ғажап арман,  
Үлкен мақсат барлығың,  
Үзіп кетті «Соғыс» деген жалғыз сөз...

Ерте есейтіп жас аруды, жас ұлды,  
Қатал тағдыр шарға салды асылды.  
Нар тұлғалы ерлер асар қаруды,  
Он сегізге толмай жатып асынды.

Туған жері – Қазақстан даласы,  
Өскен жері – Ұлы Ленин қаласы.  
Балғын ару қан майданға аттанды,  
Шақырған соң Ұлы Отан – Анасы.

Артта қалды Отан-Ана, жанұя,  
Артта қалды Қобда, Нева дария.  
Артта қалды тума-туыс, дос-бауыр,  
Жауға аттанды мерген ару - Әлия.

Қорғау үшін Отанды, кең даланы,  
Қорғау үшін бауыр менен ананы.  
Мерген ару жауға оқты боратты,  
Әрбір оғы бір фашистің ажалы.

Оқ боратып бар қарумен жердегі,  
Қозғалуға жау мүмкіндік бермеді.  
«Отан үшін!» -  
деді дағы бастады,  
Сын сағатта шабуылды,  
Ерледі!

Қанды шайқас.  
Қызыл қырғын.  
Бетпе-бет.  
Алпамсадай жаумен қалды жекпе-жек.  
Соңғы деммен дұшпанына атылды,  
«Елім үшін өлмек емен текке!» - деп.

Өлім жайлы ойлап тұрар кезі ме?!  
Алыса кетті,  
Кеткен жаумен кезіге.  
Шалт қимылмен сұлатты ол дұшпанды,  
Дұшпан өлді...  
Құлады ол өзі де...

Елестетіп туған ауыл – Бұлағың,  
Елестетіп Ленинград – тұрағың.  
Сөне берді ару-ғұмыр, ән-ғұмыр,  
Сен бақытты болу үшін шырағым!

Қалмау үшін Отан жаудың қолында,  
Құрбан болды бейбіт өмір жолында.  
Солар үшін көрмей кеткен бұл күнді,  
Міндеттісің сен бақытты болуға!

## Сұлулық

Келбетіңе таң қалады бар адам,  
Сұлулығың күн нұрынан жаралған.  
Сен сұлусың Қыз Жібектең Құртқадан,  
Сұлусың сен Қозы сүйген Баяннан.

Мен де сенің келбетіңе таң қалам,  
Әттең тілмен берілмейді бар баған.  
Сен сұлусың әлемдегі бар қыздан,  
Петрарка жырға қосқан Лаурадан.

Теңеймін сені Мәжнүн сүйген Ләйліге,  
Сен туралы жазам талай әңгіме.  
Да Винчидей суретші болсам мен де,  
Атың сенің қалар еді мәңгіге.

Күлгеніңде ай туғандай оңында,  
Жұлдыздар да жымыңдайды соңында.  
Даная мен Мадонналар тап қазір,  
Су құюға жарамайды қолыңа!

Ай келбетің алынғандай ертектең,  
Сұлусың сен Заринадай ерте өткен.  
Әттең! Әттең, қала бердім тіл қатпай,  
Өкінішпен өзегімді өртеп мен...

Аспандағы бар жұлдыздан сұлусың,  
Әлемдегі барлық қыздан сұлусың.  
Жүз жүрекке, жүз жігітке қайғысың,  
Әттең өзге бір жүрекке жылусың...

Сенің алдағы өміріңе:

- күннің нұрын,
  - көктемнің гүлің,
  - айдың шапағатың,
  - адал жанның махаббатын
- тілеймін! А.

«Күннің нұрын» сен тілепсің қарағым,  
Шыны ма деп үмітпенен қарадым?!  
Күннің нұры керек-ақ қой,  
бірақта  
Маған керек сенің нұрың аяулым!

Маған және «Көктем гүлін» тілепсің,  
Ең асылы осы-ау сірә тілектің?!  
Маған деген сезіміңді  
Сен жаным,  
Бір сездірмей сарғайттың да жүдеттің.

Тілепсің сен «Шапағатын айдың» да,  
Шын сөзің бе?  
Жүрегіңнен жаздың ба?  
Маған керек шапағатың тек сенің,  
Өзің болдың қуанышым, қайғым да.

«Адал жанның махаббатын тілеймін!!!»,  
Қалай, қалай?  
Жылайын ба, күлейін?  
Сенен адал жан жоқ бүкіл әлемде,  
Қолыңды бер  
мәңгі аялап жүрейін!!!

Күлімдейсің,  
күлімдейді жанарың,  
Жадырайды, ашылады қабағым.  
Көзіңдегі жылылықты баладым.

Күлімдеген сенің сол көз қарасың,  
Тырналайды жүрегімнің жарасын.  
Көзбен көріп, жүрегіммен сеземін,  
Күннен-күнге барасың сен құлпырып.

Аспандағы ай мен күнге сен теңсің,  
Қызғаныштан талай жүрек өртенсін.  
Сұлулықтың бар асылың, қымбатың,  
Бір өзіңе жинағандай көркемсің.

Сүп-сүйкімді лағындайсың еліктің,  
Көркіңе, сымбатыңа еліттім.  
Өкінемін...  
өкініштен не пайда?  
Әттең ерте дүниеге келіппін!

Талай, талай жүректерге армансың,  
Әлі талай жүректерді алдарсың.  
Ботам бірақ жүрегімде сен мәңгі,  
Періштедей таза болып қалғансың.

Ерік беріп жүректегі сезімге,  
Аққу болсын деп едім ұшқан көгімде.  
Мен өзіңе мұнша ынтық болғанда,  
Өмір бойы сүйіп өтсем дедім бе?!

Амал қанша тағдыр бізді қоспады,  
Сен қаладың сыңарыңа басқаны.  
Біздер үшін бір кітаптың ішіне,  
Жазылмапты махаббаттың дастаны.

Жазылмапты махаббатың өлеңі,  
Ол әрине өмірде тез сөнеді.  
Алданса да махаббаттан жүрегім,  
Мәңгі-бақи тек өзіңе сенеді.

Айтушы едік – қиянатқа төзбелік,  
Ойлап едім – уәде берік, сөз берік.  
Ал қазір сен бейтаныстай қарайсың,  
Кетіпсің сен өте қатты өзгеріп.

Кете бардың айтқанымен өзгенің,  
Біле алмадым қалай мұнша өзгердің?  
Бұрындары сенбеуші едің сен тіпті,  
Қайталанып айтылатын сөзге мың.

Неге тұнық көңіліміз бұзылды?  
Махаббаттың нәзік жібі үзілді.  
Амал қанша тағдыр бізге жазбапты,  
Айдынында қос аққудай жүзуді.

Мен тәңірден тірлігіңді сұраймын,  
Сені ойлап қайғырдым да мұңайдым.  
Сен жылама, көрмесін жұрт жасыңды,  
Екеуіміз үшін тек мен ғана жылайын!

Бұлт шалмасың, жадырасын көкте күн!  
Тілеймін саған мәңгі өмірдің көктемін.  
Бұл өмірден жылап өтсең егер сең,  
Мен екі есе бақытсыз болып өткенім...

\* \* \*

Ақылсыз есірткіге құмар болар,  
«Қой!» - деген ақылыңды ұғарма олар.  
Қылығы қарап тұрсаң малдан төмен,  
Анасын да өлімге қияр солар.

Күн сайын іздегені наша ғана,  
Ес-түссіз жатар кейде босағада.  
Нашаға ақша іздеп қарақшы боп,  
Жемтігін жатар аңдып «Қособада».

Алдайды босқа беріп саған олар,  
Бір татсаң есірткі ол санаңды алар.  
Ұмыт боп Ата-ана, бауыр, туыс,  
Дос, жолдас деген ұғым қараң қалар.

Нашақор ұрлыққа да икем келер,  
Бауырдан, ағайыннан, үйден безер.  
Миында есірткіден өзге ой жоқ,  
Қылмыскер, қаңғыбас боп көше кезер.

Өмірі нашақордың болар келте,  
Дозаққа барып түсер олар ерте.  
Ар-ұят, имандылық бәрі қараң,  
Есірткі деген пәле жүрген жерде.

Нашамен өз жолыңды өзің кеспе,  
Жұмсайық күш жігерді игі іске.  
Бар әлем есірткімен күресуде,  
Қосыңыз сіз де үлес бұл күреске!

Нашақорлар – асыққандар ажалға,  
 Сен жолама есірткі атты тажалға.  
 Наша деген – қасіреті ғасырдың,  
 Зор қасірет әкелуде адамға.

Пайдалансаң тез улайды санаңды,  
 Мәңгүрт қылар ол кез-келген адамды.  
 Наша шегу рахат сезім бір сәттік,  
 Қазір жарық, ал ертеңі қараңғы.

Апиын ол аздырады еліңді,  
 Нашақорлық тоздырады тегіңді.  
 Ой-санадан түбірімен жояды,  
 Жанашырлық, адамшылық сезімді.

Айыра біл жақсы менен жаманды,  
 Ұқпағандар мына өмірде надан-ды.  
 О, адамдар күресіңдер бірігіп,  
 Нашақорлық жайлап барат ғаламды.

## **Нұр-Аға!**

Сәл кірбің бар қабағында болмашы,  
 О, жаратқан Нұр-Ағаны қолдашы!  
 Мойынға алу миллиондардың тағдырың,  
 Қиын іс-ау бола білу Елбасы...

Жаһандағы Қазақ басын құраған,  
 Қазағымның бағына туған Нұр-Аға!  
 Қаз дауысты Қазыбектей Сізде де,  
 Әрқашанда екеу болсын сыбаға!

Асыл пышақ қапты теспей тұра ма?  
 Бабалардан қалған бізге мұраға.  
 Әз Жәнібек, Әз Тәукедей кемеңгер,  
 Қазағымның қамын жеген Нұр-Аға!

Абылайдай кемеңгер жан бұл Аға,  
«Екінші» деу жараса ма сірә да?  
Дей алмаймыз Сізді екінші Абылай,  
Қазақ үшін Сіз бірінші Нұр-Аға!

Бар Қазаққа бола білген шын Аға,  
Бар әлемге үлгі болған «Ғұлама».  
Қазақ елі елуінші болмасын,  
Бесіншіге жеткізіңіз Нұр-Аға!

Қазақ Елін тыныштыққа бөлеген,  
Барлық ұлттың мүдделерін елеген.  
Елімдегі Ұлтаралық татулық,  
Нұр-Ағаның саясаты көреген!

\* \* \*

Биыл міне барлығыңның тойың бар,  
Той боларын кімде болса мойындар.  
Қырық жаспен құттықтаймын бәріңді,  
Тілегімді қабыл алып қойыңдар.

Өмір деген бағынбайтын бір мықты,  
Бағынбайды тура айтады шындықты.  
Құшақ жайып қарсы алайық көңілді,  
Сағындырып жеткен қырық жылдықты!

Уақыт деген бізді күтіп тұрмас-ты,  
Жыл өтеді жасқа қосып бір жасты.  
Мерекелі қырық деген жасымең,  
Құттықтаймын барлық құрбы-құрдасты!

Біздер үшін шаттанатын күндер бұл  
Таң атқанша думандатар түндер бұл  
Құрдастар толмай кеткен қырыққа,  
Үнсіз тұрып еске алайық бір мезгіл



Жылы жақтан құстар ұшып жеткенде,  
Қырат, белдер гүлге толып кеткенде.  
Құттықтаймын құрдастардың барлығың,  
Қырық жасқа толған осы көктемде!

Биылғы жыл мерекеге тола тым,  
Талмай самға шаршамасын қанатың.  
Құттықтаймын құрдастардың барлығың,  
Осы жазда қырық жасқа толатын!

Шаттық болсын, күлкі ойнасын жүзінде,  
Бұл өмірде құлама да сүрінбе.  
Құттықтаймын құрдастарды толатың,  
Қырық жасқа осы жылдың күзінде!

Қысылмандар мынау нарық тұсында,  
Барыңды бер шен ниетпен ұсын да.  
Құттықтаймын құрдастарды қырыққа,  
Толып кеткен осы жылдың қысында!

Қырық жылдық құтты болсын, бақ болсын,  
Көңілдерің таза болсын, ақ болсын!  
Ұлықпандай мың жасаңдар ұрпақпен,  
Үйлеріңе береке еңсін, бақ қонсын!

Қырық деген қылшылдаған бір жас бар,  
Қырық деген алынбайтын бұл асқар.  
Құтты болсын барлығыңа қырық жас,  
Жылқы жылы бірге туған құрдастар!

## Желтоқсан

Сексен алты...

Қара суық, дала қыс,  
Күңіреніп зар илейді даламыз.  
Қанға бөккен Брежнев алаңы,  
Қансыраған қара көзді қара қыз...

...Желтоқсанның он алтысы есімде,  
Ол кездері «орталық» өз күшінде.  
Пленумда Қазақстан тағдыры,  
Шешілгенді он бес минут ішінде.

Басымыздан өтті тағдыр сан қилы,  
Неге бізді жаманшылық аңдиды?  
Нар тұлғалы Конаевтың орнына  
Отырғызды алып келіп Колбинді...

...Жатақхана,  
Жастар кеңес құрысты,  
Белді буды бастамаққа бір істі.  
Сөз байласты жиналмақ боп алаңға,  
Өңкей жастар, студент пен жұмысшы.

Тасталды ұран -  
«Жиналыңдар алаңға!  
Бұдан өткен бар ма зорлық ғаламда?  
Қазақ елін басқарадай қазақтаң,  
Бір азамат тумады ма даламда?»

Компартия байламасын бағымды,  
Өзге ұлттар сындырмасын сағымды!  
Өткіземіз бейбітшілік шеруін!» -  
Деп алаңға мыңдаған жас ағылды.

Соқпай қалды орталықтың есебі,  
Бас көтерді момын қазақ кешегі.  
Алып шықты қарапайым ұранды -  
«Әр халыққа тек өзінің көсемі!»

Заман тағы қазақ үшін қағынды,  
«Ұлтшыл» деген ауыр айып тағылды.  
«Бұзықтарды» келтірмек боп тәубаға,  
Алматыға қалың әскер ағылды.

Қанға бөкті Брежнев алаңы,  
Ұлды, қызды таптады әскер табаны.  
Қаруы сай, жалаңдаған әскердің,  
Билігіне беріп қойды қаланы.

Қызыл кеңес асырам деп айламды,  
Талайлардың басы оққа байланды.  
Алатаудың төсіндегі «Ән-қала»,  
Екі күнде «қан-қалаға» айналды...

Содан кейін, қуғын-сүргін басталды,  
Абақтыға тоғытты әкеп жастарды.  
Бірнеше жүз түрмелерге қамалды,  
Бірнеше мың оқу іссіз бос қалды...

...Сол Алматы.

Соттың залы, сот үсті,  
Болмағанды мойындатпақ болысты.  
Жас Қазаққа тағылды ең зор айып: -  
«Неге өлтірдің Савицкий – орысты?!»

«Жоқ!» - деді ол -  
«Жаба алмайсың жалаңды,  
Кінәлама жазығы жоқ адамды.  
Мен ешкімді өлтіргем жоқ,  
Себебі:  
Қанішерлік жайламаған санамды.

Рас! Бардым алаңға мен сол күні,  
Қорғамақ боп таяқ жеген сорлыны.  
Аң екеш аң ұяласын қорғайды,  
Ең ақыры болмадық па сол құрлы?!

Ол күндері болды сұмдық не түрлі,  
Ұра-ұра күрек жүзі кертiлдi.  
Ұстаздықты армандаған Сәбира  
Терезеден «ол дүниеге» секiрдi.

Көрмедiм мен тап осындай тозақты,  
Кiм өлтiрдi әншi болар Ләззатты?!  
Айтыңдаршы  
Сол қаракөз жан қиып.

Ерге қарай өзiн-өзi неге атты?!  
Ендi олар қақ төрiнде пейiштiң,  
Солар үшiн мен айтуға тиiспiң  
Ертеңгi күн айыпкерлер орнында.

Мына сендер отыруға тиiссiң!»  
Қайсар Қазақ қорқып басын имедi,  
Судьяны өткiр сөзбен түйредi.  
Айып жалғаң, мойнына ол алмады.

Шыдап барлық азапқа «тас үйдегi».  
Өткiр ұшы болары рас жебенiң,  
Қызыл кеңес iстеп бiлдi дегенiң  
Орталықтан нұсқау бiлмей жүр-ау өлерiң».

Күңiрентiп бар халықты, елiмдi,  
Жалған күнә, жалған айып терiлдi.  
Шындықты айтқан сол бiр қайсар Қазаққа,  
Ауыр жаза – ату жаза берiлдi.





Қорықпады, тайсалмады ажалдан  
Дей алмайсың оны ауыр жаза алған  
Сот залында соңғы сөзiн сөйледi,  
Бiр сөзi де қалмады тыс назардан –

«...Қазақ деген затым бар,  
Қайрат деген атым бар.  
Еркек тоқты құрбандық,  
Атам десең атыңдар!..»

- Деді дағы мойынқұмның Ұланы  
Көзін жұмды мәңгілікке құлады.  
Содан бері жұлдыз болып, от болып,  
Бар қазақтың жүрегінде жүр әлі...

...Сексен алты...

Қара түнек, дала қыс,  
Қансыраған кербез сұлу, бұла қыз.  
Елі үшін құрбан болған Қайратқа,  
Арналады мен құраған бұл аңыз!



**VII ТАРАУ**

**АТАУЛАРДЫҢ**  
**АСТАРЫНДА – ТҰНҒАН ТАРИХ**

Қазақтың қай жерін алсаңыз да «Жеті жұрт көшкен жер» деген терең ұғымды сөзді естисіз. Ғалымдардың зерделеуінше қазақтың жері жеті рет басқыншылық көріпті. Әр басқыншы жер-су аттарын өздерінше атап, қалдырып отырған.

Белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор М.Мырзахметов: “Қазақты құрту үшін үш нәрсені жою керек болған. Олар – тілі, діні және жер-су атаулары. Осы үшеуі жойылса халықтың санасы тозатынын білген”, - деп түйіндейді.

Біз әңгіме еткелі отырған қазіргі Әйтеке би ауданының жері ертеде Ырғыз уезіне қараса, кейін Қарабұтақ (1936-1997) бөлініп аудан болды. Одан кейін Комсомол (1966-1997) ауданы құрылғанда, ақыры екі аудан біріктіріліп 1997 жылдан Әйтеке би ауданы болып аталды.

Ауданның жер көлемі 35,9 мың шаршы шақырым. Бір сәтке әлем картасындағы елдермен салыстырып қарасақ, Сицилия мен Ливанды бірге орналастыруға болады екен. Армяндар мен молдавандар елінің жерінен осы аудан жері әлдеқайда үлкен екен. Айта берсек Бельгия, Кувейт, Албания сияқты елдердің жер көлемдері әлдеқайда көп кем жатыр.

Шалқыған алып мекенімізге мақтанышпен қараймыз. Осынша жерді сақтап бізге мекен еткен бабаларымызға бас иеміз.

Алайда, осы сайын дала төсінде еркін өсіп өнген, өзінің тәлім-тәрбиесі мен салт-дәстүрімен сан ғасырлық ескерткіштер қалдырып кеткен дала төсіндегі тарих таңбаларын танып білдік пе, зерделедік пе, оларды сақтап сөйлете алдық па, деген сұрақтар ойланта ма бізді? Әй, қайдам? Бабалар қалдырған тарихтың хаты – жер-су атаулары түптеп келгенде елдіктің белгісі. Осы белгілерді түгендеп мән-мағынасын түсіне алмай, тіпті түсінуге құлқымыз жоқ болып, уақыт оздырып, “ай-қапқа!” салып жүргенімізді мойындайық.

Бұл өлкеде адам баласы тіршілік ете бастағаннан бері, яғни тас дәуірінен өркендеген мыңдаған жылдардың таңбасы – атаулардың тарихи ізі сақталған. Мұғалжар тауының бір пұшпағы Қайрақтының қайрақ тастарында бізге жеткен жәдігерлер саны алуан түрлі. Айта берсек XIII ғасырға дейін Ырғыз-Торғай алқабында бірнеше қала болғаны тарихтан белгілі. Солардың бірі Толыбай жеріндегі қала орны «Ақөткелден» өтетін ескі керуен жолы Нұрадағы Күйген қалаға,

одан Ұлытауға және Сырға тартады. Бұл қалалар да XIII-XIV ғасырларда қираған. Ол дәуірдің көп атаулары да ұмыт болған. XVIII ғасырда көшпелі тұрмыс қайта күшейген кезеңде жер-су аттарына байырғы атаулармен қатар, этнологиялық, этнонимдік атаулар рудың, әулиенің, батырдың не жайлау иесінің атымен айтыла бастаған. Аюкөл, Алдияркөл, Қаражаң, Тышқанбай, Кежексай, Байжанкөл, Саржанкөл, Қожамұрат көлі, XIX ғасырдың өзінде Аққұмды «Самұраттың Аққұмы» деп атапты. Әрбір онома қоғамдық құбылыстың әр тұстағы бір көрінісі. Сондықтан да, атау атаулының бәрі, сөз атаулының бәрі сияқты қоғам ризығы, тарихтың ұшқыны, соның табы сіңген нысаналы белгі [1;3-4].

Бұл ауданның өзен-көлдер гидрономика жүйесі өте көп, олар туралы өз алдына келелі зерттеу жүргізу артық емес. Бүгінде көп көлдер суы кеуіп, сор мен тұзға айналған. Үлкен көлдердің өзі суы азайып, базары тарқаған. Ал оларды жайлаған елдің тарихы зерттеуді күтуде.

Аудан жері Мұғалжар тауы үстіртінің солтүстік шығыс бөлігін алып жатқандықтан шашыраған, үйілген немесе бұрқ етіп шығып қата қалғандай бөлек-бөлек, шоғыр тастармен қатар, кішігірім тау-төбелер, тұтас тас жоталар мен жарғабақтар баршылық. Сондықтан да тасқа байланысты атаулар ерте заманның белгісі екенін еріксіз еске салады. Қайрақты, Бестас, Қақпақтас, Тікелітау, Тас үңгірлер, Қарадыр, Ұйтас – ғұндардан басталып, түркі қағанаты қанат жайған дәуірден сақталған. Алып Меңгір тас пен Балбал тастар да бұл өлкенің тарихын тереңге сілтейді.

Саяхатшы орыс офицері “Орынбордан – Бұхараға саяхат” атты жол жазба еңбегінде: “...қазақ халқы жер-суға ат қоюға келгенде, аса білгір, өте тапқыр. Топырақтың түріне, таудың, орманның, көлдің, өзеннің ішкі қасиеттеріне, сыртқы көріністеріне қарай дөп басып, бірін-бірі еш уақытта алмастырмайтындай лайықты ат тауып қоюға шебер” – делінген. Осы айтылғандарға тарихи оқиғаларды, тұлғаларды небір табиғи құбылыстар мен өзгерістер ономастиканың басқа салаларын алмағанда топонимдік, этнологиялық, этнонимдік атауларды ғана жан-жақты зерделеулер, сөйтіп бір тұжырымға келіп барып айқындау – жеңіл-желпі жұмыс емес. Оның тереңге, тіпті басқа салаға кететін тұстары көп кездеседі.

Аудан жерінің жер-су атауларына байланысты тарихи



оқиғалар мен жеке адам аттарына және олардың атауға ие болудағы іс-әрекеті мен рулардың атақонысы мен жайлауларының аты қалған және олар өзгермей бізге жеткені көп ізденісті керек етеді.

Әйтеке би ауданының жер-су атауларының тарихындағы бір ерекшелік – бұл аймақтың теміржолдан, әкімшіліктен қашық жатуына байланысты патшалық Ресейдің алғашқы жаппай отарлау саясатының күші жете қоймаған. Шұбырған қоныстанушылар бұл жаққа беттемеген. Оның есесіне XVIII ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың ортасына дейін Әбілқайыр мен Кенесары хандардың жорық жолының, қанды тарихының ізі жатыр. Өлкейек пен Қабырға өзені жанында Әбілқайыр хан жерленген жер «Хан моласы», «Хан қарасуы» аталса, 1841 жылы қыркүйекте Кенесары Қасымовты хан көтерген Қарашатау екені архив құжаттарынан табылып отыр. (Қ. Ахметов).

“Қарашатау – Текелі,

Сендерден асқан бел бар ма?” –

деп жырлаған Ұлытау мен Мұғалжар тауларының ортасында шалқар көлді, малға бай елді, балдай бұлақты, көк құрақты, тас қамалы жаудан қорғану амалы – бәрі табылған Кенесары ханға құтты мекен болған Қарашатау.

Қарашатау атауына толықтырусыз тауды елестете аламыз. Бірақ сонының өзінде осы таудың атауында екі мағына бар. Таудың алыстан ақ-қара тастар күн сәулесімен мұнартып қара-ала болып көрінетінен қараша болса. Ал екінші жағынан – *ша* жұрнағы арқылы бұл таудың көлемінің шағын екенін айқындап тұр. Сөйтіп, қара-қоңыр, шағын тауды – Қарашатау деп атаған.

Бұл жерде ешқандай түсініктемесіз атын естігенде көз алдыңызға бейнесі ақындала қалатын бейнелі (образный) атаулар көп-ақ. Мысалы, Ақтасты, Сұлукөл, Сулыкөл, Шалбаркөл, Шалқаркөл, Тереңсай, Құмқұдық, Кіндікті, Басқұдық, Сарыбұлақ, Жиделібұлақ, Үкіліқопа, Бесқопа, Қыналыкөл, Ұзынкөл, Қайрақты, Миялы аты айқындалып тұрса да, олардың өз шежіресі, тарихы барын естен шығармауымыз керек.

Көптеген жер-су атаулары адам атына байланысты. Мысалы, Жабасақ, Толыбай, Жантай, Өтек бірін білсек те, бірін жете біле бермейміз.

## Бақсайыс әулие

Бақсайыс әулиенің осы жерге жерленуі мен жер-су аттарына ие болуы, кейін оның шәкірттері мен жергілікті халық осы жерге мешіт салып әулиенің ісін жалғастыруы, айта берсек, осы өлкеде мешіттердің көптеп салынуы, ғұлама-оқымысты кісілердің келіп, оқу-ағарту жұмысы жүргізуі кешегі 1937 жылға дейін үзілмегені сол ұлы кісінің салған жолының жоғалмағанын қарттардан естіп білдік. Бір ескеретін мәселе – Бақсайыс әулие Алтын Орданың дәуірлеп тұрған кезінде осы жаққа келген тұңғыш ғұлама, сол жердегі мешіт те алғашқы салынған мешіт болуы мүмкін.

Алғаш келген төрт ғұламаның бірі Бақсайыс Ата – осы жер, өзен атын алып жатқан жерде жерленген әулие Бақсайысқа арналып, діни орталық етпекші мекені болуы да мүмкін.



Суретте: Мешіттің орны

Бақсайыс әулие бұл жерді жайлап қоныстанды ма не жолаушылар жүріп қайтыс болды ма, бізге беймәлім. Әулие

сүйегі жерленді деген жер тастақты кең биік төбе. Әулиенің биігі деген орында ұзынша қақпақ тас жатыр, еш белгі жоқ. Төбенің нақ ортасында үлкен обалар және орта ғасырлық бейіттер жақпар тастардан өріліп көмкерілген, ескі бейіттер көп. Кейін ауыл адамдарын жерлеп, ақ кірпіштен төртқұлақтар салыпты. Төбенің шығыс жақ тегіс беткейінде 40 x 40 м. етіп салынған мешіттің орны анық көрініп жатыр. Кейбір жаңа тамдар мешіттің ішіне салыныпты. 84 жастағы Нұрмаханов Орысбай ақсақалдың қайраты бар кезінде көргені бойынша сілтеп тауып берді. Қорымның оңтүстік шығысында сыпсыған құрақ, талы толы Бақсайыс өзені жатыр, арғы беті үлкен қоғал ойпат, бұл жердің өсімдігі ерекше қалың, жері таза, мөлдіреген табиғатты көрдік. Осы төбеден қарасаң, айналаны түгел көресің. Біз ақсақалдың айтуымен Әулиеге және қорымдағы барша әруақтарға арнап құран бағыштадық. Бақсайыс әулие деп үлкен кісілер айтқан мен көптен бері халықтың тәу етер орнынан қалған екен.



Суретте: Орта ғасырлардағы қорым

Бақсайыс әулиенің өмір сүрген және біздің жаққа келген мезгіліне көз жіберсек, ғалымның мына анықтамасына тоқтаймыз:

XII-XVIII ғасырлар арасын қамтитын Қожа Ахмет Иассауи мен оның шәкірттерінің, ізбасарларының аттарымен тікелей байланысты әулиелі жерлер. Олар бүкіл қазақ даласына түгел жайылған және оларды санамалап шығу мүмкін емес. Қазақ халқының рухани, мәдени бірлігі мен тұтастығын қалыптастырған осы Иассауи жолының өкілдері еді.

Тағы бір жазба дерекке зер салайық. 1867 жылдары патша үкіметін басқарудың жаңа жүйесін енгізген кезде біздің өлке Орынбор губернаторлығына Торғай облысына қараған-ды. Ырғыз уезі құрамына 12 болыс кіргенде, солардың бірі Бақсайыс болысы аталды.

Деректерді қорытындылай келіп, Бақсайыс әулиенің келген кезінде бұл аймақта қалың ел болғаны күмән туғызбайды. Бұл жер өзен-көлдер жүйесіне өте бай, суы – таза, тұщы Ырғыз өзенінің өзі Қақпақтас жақтан бастау алып, салалары, Шот, Жосы, Ащыкөлі, Шідер, Бақсайыс жалғасып жатса, төменде Қарабұтақтың мол сулы өзені бар. Ол заманда суы тұщы шалқыған Белқопа көлі елдің ең бір берекелі мекені болыпты. Жоғарысында Ақтасты, Айбала, Құлбатыр көл, Айханыз көлдердің суы тұщы таза екенін және өзен-көлдердің суының тұщылығын бұлақтардың көптігінен деп түйіндеген (6-бет).

Аудан жеріндегі құмдардың мал өсірген қазақтар үшін ерекше маңызы болған Жаз бойы құмды жер бос тұрып, түлеп, оты молайып, мәуесі пісіп балбыраған күздің аяғында далада үскірік жел, ызғар соқса, құмның іші тұп-тұнық жанға жайлы жылы болғандықтан, шөп дайындамай-ақ қыруар мал қыстан қысылмай шығатын болғандықтан бұл жақтың Аққұм, Мамыт, Құмшық деген құмдары шаруаның ең сүйікті жері деуге болады. Табиғаттың ерекше сыйы!

Жерұйық іздеген Асан қайғы бабамыз Мамытты көргенде «Жердің бөтеке майы екен» деп баға берсе, Жазушы Өтебай Қанахин: "Мамыт дейтін ең бір шұрайлы өңір бар. Көшкен жұрттың орны бес күннен соң қайтадан алшындап көгеріп шыға келеді. Былтыр қаққан қазығың келер жылы көктемде көрсең, бұр жарып тұрады" [2].

“Мамыт” деп аталуы туралы ел аузында, беріректегі кісі атына байланысты деректер бар. Бірақ көңілге қона қоймай тұр. Мамыт сөзінің нағыз төркінін араб тілінде «мақтауға, алғысқа лайық» деген мағынаны береді екен.

Мамытты ел сары майдай сақтап, ең қиын жағдайда ғана шетінен кертіп жеп пайдаланатын болған. Отар-отар қой, табынды жылқыларды бір ізбен кіргізіп қана жайып, өте ұқыптылықпен табиғи байлығын қадірлеуді ұрпақтан ұрпаққа үйретіп отырыпты.

Аққұм – аумағы үлкен дөңгелек ең бір шұрайлы жер. Бір шеті Торғай мен Нұра және Мамытпен шектеседі. Аққұм – ерте заманнан халықтың сүйікті мекені болған, әсіресе ХУІІІ-ХІХ ғасырда бұл жерге иелік ету екенін бірінің қолына түспеген. Самұраттың жайлауы атанып Төремұрат пен Әбдіқадыр салдырған көк үйдің тарихы, оның айналасына аққайыңдар мен тораңғы егіп бақ өсіріпті. Сол жерге «Тораттың бидайығы» атты жер Самұраттың бірнеше жыл бәйгеден алдын бермеген тор атты шідерлейтін тек қана бидайық өсетін алқап әлі атын жойған жоқ. “Аққұм” аталуы оның құмынан ақтығынан емес, ерекше жағымды табиғатының қасиетінен сүйкімдігіне берген екен.

Қысы-жазы қатпайтын құпиясы ашылмаған «Былқылдақ» әлі былқылдап жатыр. Бір ғажабы бұл құмдақтың жер асты сулар мол қазсаң 1-2 метр төрндіктен кейін-ақ тұщы су шыға береді.

Аққұмның құм қатпары қанша болса, оның тарихы да сонша екеніне, көзіміздің жеткен кезі соңғы жылдары ғана біле бастағанбыз. Бұл жер «Марал ишанның жуғысы» мен Раманқұл әулиенің жерленген жері екен. Сондай-ақ халқы көбіне бір сөзбен «Жуғы» деп те атайды.



Суретте: Жуғының үстіне шыққан аққайың.

Аққұм мен Құмшық ескі керуен жолы бойында, екеуінің де «Жуғы» аталуы, жиде ағашы шыққан жерді ел ишанның денесі тиген жер деп кие тұтады. Көп қолданысқа енбеген, тіпті тың сөз болып естілетін Жуғы туралы қысқаша түсінік:

Үш жүздің баласының пірі болған, әйгілі дін ғұламасы, көрнекті қоғам қайраткері – Марал Құрманұлы (1780-1841) 1841 жылы қайтыс болғанда Қостанай жеріндегі Әуликөлiнен Қызылорда облысының Қармақшы ауданына әулиенің денесін шағын түйе керуенімен жеткізу үшін күндіз денені жерді қазып, салқындатып күтіп, түнде жүріп отырған екен. Ескі керуен жолында осы ауданның үш жеріне тоқтап, әулиенің денесін аман жеткізу жұмыстарын жүргізген жерлердің атын ел Жуғы деп атайды. Осы жерлерде жиде ағашы шыққан кейбіреуінде бұлақ та бар. Аққұмдағы Жуғының ерекше түрі Шайқы қарт айтқан деректі растап тұрғандай. Жуғы маңы бұлақ бойы қалың жиде өсіп жайылған, әулиенің тәрбиеленген жері үлкен бейіт сияқты етіп көтеріп, екі қайтара орлап көмкеріп қойған. Бұл жерге халық құрметпен қарап, сыйынып келген, әлі киелі орын деп бағалайды.



Суретте: Бұл жер «Марал ишанның жуғысы»

Кенесары Қасымов бастаған он жылға созылған ұлт-азаттық көтерілісінің бес-алты жылы және Ресей патшалығына өте күшті үрей тудырған кезеңі Торғай-Ырғыз өңірінде болғаны тарихи

шындық. Сол қанды оқиғалар кезінен қалған атаулар бұрын айтылмай келді. Бірақ ел есінде сақталуынан бізге жетті. «Наурызбайдың қарауыл төбесі», «Қойлыбай қырғыны», «Басықара қопасы» деген жерлерді мынау деп көрсетер кісілер әлі де бар. Көтерілісте кіші жүздің көп батырларының ерлікпен қаза тауып, жерленген, жайлаған жерлерінде аты қалғанын Табынбай қорымы, Алдияр көлі, Саржала, Қаражан т.б.

Кенесары көтерілісінің жорығы, оны жоюға дүркін-дүркін жіберіліп отырған қарулы әскери отрядтардың озбырлығы, оған Ырғыз бен Қарабұтақ бекіністерінің салынуы, 1848 жылғы А.Бутаков бастаған жер қайысқан экспедициясы одан кейінгі 1858 жылғы Орск-Қазалы пошта қатынас жолының ашылуы Сарыарқаның жерің елін тоз-тоз етті. Елдің іргесі сәгілді, жойқын қашып-пысу жан-жаққа көшіп, ата-қоныстың берекесінің кетуінің басы болды.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін «Қызыл партизан», «Чапаев» атындағы колхоз, «Жаңа дәуір» сияқты атаулар елді мекендерге беріле бастады. Бұл өзгерудің басы болатын. Алайда ел ішінде жер-су атаулары берік сақталып келеді.

Бұл аудан жерінің ең мықты қасірет шеккен кезеңі ХХ ғасырдың ортасынан басталады.

Тың және тыңайған жерді игеру науқаны ауданның жер-су атауларына үлкен зардап шектірді. Жаппай қоныстанған өзге ұлттар өздерінің қалаларының елдерінің атын емін еркін қоя салу оңай болды. Ол кезде өзіңді басқа елде жүргендей сезінетінсің. Олардың аттарын атамай-ақ қояйың, егемендік алғалы түгелдей ежелгі атаулары қайтарылуда.

Қазақтың бір қарыс жері атаусыз емес, кішігірім сай-сала, жыра, төбелердің атсызын таба алмайсыз. Қазақта жершіл деген сөз бар, ол бір көрген жерін ұмытпайтың, айсыз қараңғыда адаспай табатын кісілерге айтылған сөз. Ертеде дала төсінде өскен қазақтың баласының жершіл емесі кемде-кем болған.

Өткен жылы Марал ишанның Жуғысын зерттеу үшін Аққұмға барғанымызда жасы сексеннен асқан Сәтімұлы Шайқы қартпен кездескенде, ол кісінің осы жерде тұнған шежіреші екеніне көзіміз жеткен-ді. Келер ұрпақ адаспас үшін осындай қарттардың естігені мен көргенін жинап алсақ игі іс болар еді. Атауларды анықтау сананы сауықтыруға, келешекке керек екенін ұмытпайық.

«Жер-су аттары дегеніміздің өзі ертеде сол тарапта өмір сүрген халықтың сөйлеу тілінің қалдықтары. Оған дау жоқ. Ол халықтар мейлі жойылып кетсін, немесе бөтен өңірге ауып кетсін, бәрі бір топонимдер тапжылмай ғасырдан-ғасырға өмір сүре береді. Топонимика сол жерде өткен және өзінің иесі болып табылатын халықтың тарихи сырың аты-жөнін тарату мен оның этнографиялық шегін де ажыратады [1;23].

Алып Сарыарқаның үлкен бір бөлігін алып жатқан бұл ауданның жеріннің терең тарихы мен астасқан жер-су атауларында көп қабатты тоғысқан тайпалардан ұлттар мен ұлыстардан қалған таңбалар өшкен жоқ.

Ең көне атаулар санатына ирандық, финно-оғурлық жатса, одан кейінгі ескі атаулар тобына түркі-монғол, түркі-иран тілдерінде сақталыпты. Оған араб-парсы, қалмақтардан қалғаны бар. Ең соңғы атауларды қалдырған орыстық пен советтік идеологиялық бағыттағылар еді.

Белгілі ғалым Э.М.Мурзаевтың айтуынша, жағрапиялық атауларды кездейсоқ сөз деп қарауға болмайды. Олар сол жердің нақтылы анық табиғи ерекшелігін беретін бірден бір дерек деп түйіндеген.

Біз өлкенің де, жер-су атауларын жеңіл-желпі жобалай салып, солай шығар деп қарасақ қателесеміз. Себебі бұл дала төсінде өте ерте заманнан қаншама ұлттар мен ұлыстар мекендеп, кейін ауысып отырған ұлы көш тарихы әлі зерттеуін күтуде. Олар мекендеген кездерінде талай атауларды қалдырған.

«... ақ, қара, көк, жирен – түстік сын есімдер топонимикалық атаулар құрамында көбіне сол объектілердің түсін емес, өзге қаситтерін көрсететін компоненттер екендігі түркі ономастика әлемінде анықтала түсуде [1].

Түрколог А.Н. Кононов зертеуі бойынша «қара» сөзінің топозлементтік мәндері алуан түрлі болып келетінін ескерткен.

«Қара» сөзінен басталып, не қосақталып айтылатын атауларға өте сақ болу керек екен.

Ертеректе газет беттерінен Қарабұтақтың атына байланысты өте қисынсыз дерек жазылғанын көргенмін. Оған ол кезде онша мән бергенім жоқ еді. Зерттеуші ғалымдардың нақтылы дәлеліне құлақ түрсек «бұтақ» сөзі «тарам, сала» мағынасына ие. Ал



Қарабұтақ өзені бас жағы терең сайды толтыра ағып, қар қалың жауып, еріген сумен өзен тасыған кезде арнасынан шығып, маңайына су жайылып телегей-теңіз етіп Ырғызға құятын болыпты.

2006 жылы маусым айында Әйтеке би ауданында экспедициямен жүргенімізде Қарабұтақ ауылында жасы 80-нен асқан ел ағасы Нысаналы Жаңбырбаев ағайдан Қарабұтақ өзенінің арнасын ертеде көргеніңізде қандай еді дегенім де, “Ырғыз өзенінің барлық салаларынан ең арнасы кең, биік жарына суы ернектеп ағатын мол сулы Қарабұтақ. Оған еш күмән жоқ. Бірақ бұл өзеннің атауы туралы айтылып жүргендердің пікіріне қосыла алмаймын”, – деді. Зерделі ақсақалдың өз болжамы мен байламы ғалымдардың зертеуіне дәл келіп-ақ тұр. Екеуінің үндестік тапқанына мен қуанып тұрдым.

XIX ғасырдың ортасында осы өзен аттас Қарабұтақ бекінісі 1848 жылы салынысымен патша үкіметінің билік жүргізу, байланыс, патша жолының ең түйінді стратегиялықлық орталығына айналды.

Орск қаласынан шығатын жаңа керуен жолы Қарабұтақтан Ырғыз арқылы Сыр бойына төтелесе, кейін Орск-Қазалы пошта-қатынас жолы Қарабұтақтан Ырғыз бен Торғайға, Торғайдан Ырғызға дала төсіндегі Ырғыз уезі жерінің төрт бұрышына еркін бақылап жүріп тұратын жол торабы бір шеті Орынбор-Ташкент темір жолымен қатарласа Мұғалжарда түйісетін оңтүстік өңірге енді. Орск қаласы арқылы жүргізілетін басқару жүйесі қатынас жолының тағы бір саласы 1870 жылдары Ақтөбе уезінен Орынбор қаласын жалғастырды.

1911 жылғы Торғай облысы Ырғыз уезінің жер пайдалану жүйесі мен статистика мәліметі бойынша жасалған картада 14 болыс көрсетілген. Негізгі тоқтайтын орын Бас Қарабұтақ қарауыл төбесі мен екінші форт Қарабұтақ маягі (маячися)

Бұл кезеңде Қарабұтақ бекінісіне төнетін қауіп жоқ, жайбырақат сауда-саттықпен айналысып кіші-гірім қалашық, ал пошта жолының осы күнгі орынға орналасуы қолайлы болған. Бұл орын нағыз төте және тоғыз жолдың торабы болған. Кең жазық дала, шалқыған өзендер келешекте үлкен халық орналасатын мекен болуға лайықты қоныс.

Қазір Қарабұтақ жерінің нақ ортасынан екі үлкен тас жол дүниенің төрт бұрышына шығарады.

Сол сияқты қара сөзінің тағы бір қыры «Қаражар» сөзінен байқаймыз. Ол сөздің мағынасы «Биік жар» деген ұғым екен. «Қаратамақ» деп екі өзеннің сағалай құйған жерін атаған екен. Терең сайдағы «Қаратабан» атауы – «абат жер» деген ұғымды береді екен. Екінші жағынан үш-төртке келген баланың өсіп қалғанын «Қаратабан болып қалыпты» дейміз.

2005 жылы мамыр айында экспедициямен Аққұмға бара жатып, бұрынғы ішкі жолмен жүреміз деп түнде «Қарабайтал» деген қой ауылдың қыстағына жақындай беріп екі машина бірден батпаққа батып, оны тартып шығара алмай бір күн, бір түн тоқтадық. Сонда бұл жер неге «Қарабайтал» аталған екен деген сұраққа жауап табылмады. Жерін өз көзіңмен көргенге не жетсін. Кең жазық алқап екен. Қыстақ жанында шалқыған көл қар суы мен нөсер жаңбырлы көктемнің белгісі екенін естідік. Жері қара сазды болғандықтан жиналған су бірден сіңіп кетпейтіні белгілі. Біраз құстар еркін жайлап, кәдімгі тұрақты көл сияқты көрінгенді. Ұзақ жылдар бойы мал бағылып жайланса да, көгалды алқап қалпын сақтап тұрғандығын көрдік.

«Қарабайтал» деген жерді бір Қарабайталға байланысты аталып кеткен деп түсінуге ыңғайлы. Алайда, зерттеуші ғалымдардың тереңдетіп зерделеуінен табылып отырған көне тілдің тура мағынасы «Қалың отты, көк жайқын алақап» дегенді білдіреді екен. Осы аталған жерді байқап қарасаңыз шынында да шалғынды тегістік. Қанша жыл мал үзбей жайлап отырғаннан тап ертедегі сәні тозғанымен, алқаптың су жиналатын көл табаны тартылғанда айналасы, орны көк шалғын болатыны көрініп-ақ тұр.

«Қарабайтал» – қазақша сөз ұғымын беретін болғандықтан оның арғы жағын тексермей-ақ айта беруге болатын сияқты. Бірақ жердің нағыз қасиетін, сипатын нақтылы анықтауға келгенде ең ежелгі атаудың мағынасын тауып түсіну өте қажет.

Шағын өзен-көлдердің ақ, қара сөздерінен басталуы көшпелі мал баққан елдің судың түсін емес. Оның тұщы, ащылығы, тартылып қалмай ұзақ шаруаға жарайтынына байланысты аталыпты. Мысалы: Ақкөл су тасығанда бір-біріне және өзендерге құйылған суы жағымды болғандықтан ағынды көл - Ақкөл атаныпты. Ертеде осы маңда 16 көл шоғырланған екен.

«Ақтоғай» – атауы ойыс жер, су жайлайтын сай-сала немесе ескі арна деген ұғымды білдіретін болған.

XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Назаралы әулие жерленген жердегі көлдің аты «Жарықкөл» атауы сонау көне түркіден қалған чарық немесе чарих топқа жатады екен. Түркі тайпасының ежелгі қонысы сол тайпаның атымен аталыпты. Жарық қосылған атау көп емес, батыс және Орталық Қазақстанда сақталған және бұл сөз бұрынғы аталуынан өзгеріп, қазақ тілінің жарық сөзіне айналған. (Е. Қойшыбаев).

Сарыоба, Сарықопа, Саркөл, Сарыбастауы, Сарыбұлақ, Сарыбассай, Сарыбастөбе деген атаулар аудан жерінде жетерлік. Топонимика саласын зерттеуші ғалымдар «сары» сөзінің мәні үнді-араб тілдеріндегі төркінінде «кең, айқын, байтақ» деген ұғымды білдіретініні айқындалған. Сарыбұлақ – атауы «көп, кең бұлақтар» деген ұғымнан туындаған. Осы өңірде Сарыбұлақ, Тымабұлақ, Қырыққұдық деген атаулар жер асты суларының, бұлақ көздерінің мол екенін айқындап тұр. «Қырыққұдық атауы» – қалың көп құдық деген ұғымды білдіреді.

Қазіргі кезде Басқұдық округіне қарайтын ертеде колхоз, совхоздың орталығы болған Сарат елді мекені Қызқарасу көлі жағасында. Сарат аталып та жазылып та кеткенімен, дұрысы – Сарыат. Топонимикалық зерттеушілердің айтуына “ат” түркі-монғол сөзінде көптік белгісін білдіреді екен. Сарыат бірігіп айтылғанда кең ата қоныс, атамекен, кең қоныс деген ұғымдарды береді делінген. Қазақы атауға сыйғызылып тұрса да, Сарыат атауы айтылуы бойынша Сарат болып қалыптасқан. Меніңше, бұл атауды басқа қырынан да зерделеу керек сияқты.

Қарабұтақтың оңтүстік батыс алқабында Мұғалжар тауының тас шоқылары ерекше шоғырланған және тарихы да тереңнен сыр шертетін «Қайрақты» жері қайрақ тастардың молдығынан аталыпты. 254-344 метр биіктіктен бастау алатын «Қайрақты».

«Талдық» өзенінің атауына келсек – «Тал» сөзі топонимдер мен топонимдермен көне тілдерден қалған. Ойлы-қырлы таулы далалы мекенді мегзейді – (Е. Қойшыбаев). Сонда «Талдық» өзені таулы тасты жерлерден ағатын өзен деген ұғымды білдіріп тұрғанға сәйкес келіп тұр. Топонимика саласын зерттеуші ғалымдардың айтуынша, атаулардың сын, сан есімдермен басталуының мәні қатар жатқан екі объектінің табиғи

айырмашылығына байланысты екен. Жақсы-жамаң ақ-қара, немесе «Ұлыталдық» – ұзындығы – 145 шақырым. «Балаталдық» – 97 шақырым қатар жатқан екі өзеннің ұзындығы мен қысқалығына қарай «Ұлы, бала» деген айырып тұрғанын түсіндіреді.

Қазақтың қарыс жерінің сай-жыра, ойы мен қырының атаусызын таба алмайсыз. Түгөндеп тізіп, тарихын білсек, артық болмас еді, бірақ ондай толық атауларын жазып шығуға әлім жетпесін білемін, маған кешіріммен қарар деп сенемін.

Қазақстанның бірсыпыра топонимика саласын зерттеушілердің еңбектерінде, атап айтсақ, Әбілбек Нұрмағамбетұлының «Жер-судың аты – тарихтың хаты» (Алматы. «Балауса». 1994 ж.) еңбегінде осы ауданның бірнеше жер-су атаулары кіріпті. Онда Ырғыз, Өлкейек, Қабырға өзендерінің аталуын бір жүйеге келтірген, ал «Жабасақ» атауының тууына өзімен бұрынғы зерттеушілердің шешіміне келіспейтінін және бұл сөз «өзен саласы» деген ұғымды береді деп түйіндейді. Меніңше, Жабасақта өзеннің саласы жоқ, ел аузындағы деректің бәрінен шоши беру де дұрыс шешім емес. Жабасақ - Шөмекейдің төрт баласының бірі Бозғылдан тарайтын Қаратамыр (ру болып кеткен) руының XVIII-XIX ғасырларда жайлаған ата қонысы. Осы жерде Қаратамыр руының бай беделді кісісі Жабасақ елдің бірлігін ұстап, мешіт салып балаларды оқытып, керуеншілердің тоқтайтын орны болып, сауда-саттықты дамытыпты. Небір оқымысты, үлкен дәрежелі кісілер түсетін салтанат құрған елдің басшысы болған Жабасақтың мекенін халық сол кісінің атымен атапты. Жабасақтың бейіті Сыр бойында деген дерек бар.

Соның нәтижесінде, жаңа баспамен шыққан облыстың картасындағы атаулардың көп өзгермегені оған қоса жер-су, елді мекендер мен қорымдардың аттарын дұрыс жазбағандықтан адам түсінбейтін қателіктерге толып тұр. Облыстың картасын жасағанда асығыстықпен шығара салу ешкімге абырой әпермейді. Сайып келгенде, жер-су атауларының дұрыс жазылмауы ономастика, топонимика саласының зерттелмегенінің белгісі.

Мен көп жылдар облыстық әкімшілігі жанындағы ономастикалық комиссиясының мүшесі болғанда байқағаным

топоним саласын зерттеуді жетілдіру немесе оларды реттеудің бағыт-бағдарын жолға қойып жұмыс істеу мәселесі ескерілмейді. Аудандардан келіп түскен ұсыныстарды қараудан басқа, киелі іске көшу, атауларды реттеудің тарихи-танымдық, ғылыми жүйесін қалыптастыру мәселесі әлі шешуін тапқан жоқ. Бұл саланы зерттейтін білікті адамдар жетеді, әр ауданды бірекі адам міндетіне алып жинақтап, бәрін қорытып, Ақтөбе облысының жер-су аттары сөздігін шығаратын ғалымдар да тәжірибелі зерттеушілер де бар.

Тағы бір ескеретін жағдай жер-су, елді мекен атаулары ішінара болса да өзгеріп не толығып, не ескі атаулары ұмыт болып, орнына жаңа аттар пайда болғанын осы аудан жерінен де байқалады. Сонымен бірге аумағы шағын ғылыми тілмен атағанда, макротопонимдік атаудың ұланғайыр тарихы шыға келетінін көріп жүрміз. Осы өңірде жатқан үш атау ХХ ғасырдың ішіндегі оқиға мен кісі атына байланысты.

Талдап қарасақ, Аралтоғайдағы «Сейдалы тоғайы». Сейдалы Оразалин (1884-1936) репрессияның алғашқы құрбаны, өте білімді, елінің мүддесі үшін еңбек еткен. Алаш партиясының мүшесі, «халық жауы» деген жалған жаланың азабын тартқан адал азаматтың мекенін ел сол кісінің есімімен атауда.

Екіншісі – 1941-1945 жылдары қажырлы еңбегімен ел құрметіне бөленген әйелдің атымен «Балжанай» аталады.

Үшіншісі – 1950-1954 жылдары колхоздарды ірілендіру кезінде аталып кеткен «Ұлғайсын». Бұл атаулар елдің жадында берік сақталып, сіңісіп кеткені шындық.

Атауларды анықтау кезінде сол аймақтың тарихына үңілмей, сөзді қуалай беру де үлкен жаңсақтыққа апаруы мүмкін. Айталық, Аюкөл Алдияркөлдің этимологиясын іздесе, қайдан шығарын кім білсін, ал шын мәнінде осы көлдердің аты Аю руы және Сырым руының Алдияр аталығынан тараған елдің мекені болғандықтан аталып кеткен.

Жер-су, елді мекен аттарын зерттеуші ғалымдардың тұжырымы бойынша Қазақстанның топонимдері тілдік бітімі жағынан бес түрлі қабаттардан қалыптасқан екен.

Олай болса, бесінші және ең көп тараған және өзімізге етене таныс қабатына қазақша атаулар жатады, бұған орыстанған

және кеңес кезіндегі идеологияның теліген аттарын қосуға негіз жоқ деп ойлаймын. Олардың тілдік қабатына кірмей-ақ, өшіп бара жатқандар деп түсінуге болады. Бірақ, кейбіреулеріміздің құнтсыздығымыздан немесе жете білмеуімізден болар, көпшілік аудандарда әлі атауларды қайтаруға мән берілмей отыр.

Астанада Тіл комитеті өткізген Республикалық ғылыми-тәжірибелік мәслихаттың:

“Жеріңнің аты – бабаңның хаты. Ол – шежіре, тарих, жатқан қатпарлы сырлар. Ол – мәдениет, ұрпақтың рухани нәрі. Ол хат өшсе – сол жердің тарихы да бірге өшті деген сөз. Соны өшіріп алмайық, тым ескіріп кетпей тұрғанда жаңғыртайық, қалпына келтірейік. Ономастика деген ермек үшін көз алдау, ғылыми атақ алу үшін емес, ұлт мүддесіне қызмет етуі тиісті”. (С. Шүкірұлы. «Ана тілі». № 6,9 ақпан 2006) деген пікірін басшылыққа алса дұрыс болар еді.

## Жалғызағаш



«Бір жоқты бір жоқ табады» деген қағиданың дұрыстығы әлдеқашан расталып келеді. Ізденістің салыстырмалы нәтижесі бізді дұрыс жолға салды.

Әулиеағаштың өсіп тұрған жерін білмегендіктен, Тарас Шевченко салған Жалғызағашпен астасып, шатасып жүргеніміз рас. Бұл әңгіме барысы да ұзаққа кетеді.

1848 жылы 11 мамырда А.И.Бутаков бастаған экспедиция Жаманқаладан (Орск) шығып, жер қайысқан қалың қолмен Ор және бірнеше шағын өзендерден өтіп, Тасөткелге келеді. Айтпай кетпеске болмайтын ақиқат Арал теңізіндегі Райым бекінісіне баруға арналған ғылыми экспедицияда үш мың түйе 150 атты казактар мен бір әскери орудия және 565 жол көрсетуші қазақтар болған. Экспедицияның басты мақсаты – алып даланы әскери барлау және топографиялық өлшемдер жасап, егжей-тегжейлі картографиясын қағазға түсіру, ең бастысы Кенесары Қасымовтың әскери қимылдары мен әдістерін зерттеу болыпты, өрине бұл тапсырма құпия түрде жүргізілген.

Орск салынғаннан кейін ежелгі керуен жолы жабылып, төте жол салу және оны Сыр бойына дейін жеткізу патшалық

Ресейдің көздеген мақсаты болатын. Тап Бутаков экспедициясының ауыр қозғалатын қалың керуені осы жолды бастаушылардың бірі болды. Одан өтіп, Тасөткел арқылы бергі жаққа шығып, жолда бірнеше шағын өзекартер мен сайлардан өтіп, арнасы кең Қарабұтақты өрлей ескі Қарабұтақ атанған екі таудың шатқалына бекініс салатын жерге жеткенді.

Қалың қолды экспедицияның күнделігі жазылып отырған, Тарас Шевченко өзі тұтқын бола жүріп, өзінің көрген-білгенін, келген жерін, өзен атауларын қағазға тіркегенде кейде жазып үлгермей бірер күн кейін ілгері түсіріліп отырғанын жасырмайды. 20 мамырда Шевченконы қосқан керуен тобы Жалғызағашты көреді. Ол ағаштың суретін салып, ми далада жалғыз ағашқа таң қалып, маңайындағылардан елдің аңыз-әңгімелерін сұрап, жалғыз ағаштың қалың өрттең балтадан аман тұрғанын көрген ақын ерекше сезімге бөленіп: «Тәңірінің қолында еді балтасы» деген өлеңін жазады. Ақынның қасында бұрын барлаушы, жазалаушы топтарға қатысушы башқұрттар, тілмаш татарлар бұл өңірде әлденеше рет болған.

Жалғызағашқа таң қалған ақынға жер-су атаулары мен Әулиеағаш туралы естіген-білгенін жеткізетін адамдар аз болмаған. Ақын Әулиеағашты көзіне былай елестетеді, ағаштың бұтағына табынуға келген кісілер неше түрлі шүберектер байлайды, сойған лақтарының терісін де іледі, жатып-жалбарынып, дұға оқып, тілек тілейді. Басында сұңқардың ұясы бар...

Ал тап өзі көрген және салған жалғыз ағашта осы айтқандарының бірі жоқ, мына жырды арнайды.

...Қазақ деген өсіп тұрған киелі  
Ағаштарды құрмет тұтып, сүйеді.  
Оның жасыл жапырақтарын аялап,  
Мәрт бастарын келіп соған иеді.

Жалынады дұға оқып көбіне,  
Қолын жайып алыс аспан көгіне.  
Тілейді:  
Орман жапырақтарын жайса деп,  
Өздерінің тозақ басқан жеріне.

(1848 ж. Аударған Д. Стамбеков).



Қасқайып жалғыз өсіп тұрған ағаш қанша қасірет шексе де бас имеген қас батырдың, мәңгілік күштің символы деп қабылдаған ақын жүрегі.

21 мамырда Қарабұтақ фортының негізін салып басталғанда, Шевченконың салған суретіндегі үйлер болмаған, осындай бекініс салатын болар деп жобалап салыпты.

Тағы бір еске сала кететін жәйт, бейбіт экспедиция десек те, жер қайысқан керуенге жарамды көлік, азық-түлік, жалпы жолындағы елдің бар шырынын соратыны белгілі. Шевченко башқұрттан бұл не қылған өрт десе, – ол қазақтар шөп жақсы шықсын деп өртеп жатқаны ғой деп жабайы жауап қайырады. Көктем айының басында қазақ тек көл жиегіндегі қамысты ғана өртейді. Артына көк күрең шығу үшін. Бұлар сондай өртке тап болды ма, әлде мал-жанын аман алып қалу мақсатындағы өрт пе? Белқопаның аумағы ол кезде үлкен қамысты көл болған бір жағасын өртесе, екінші жағында бой тасалауға болатынын жергілікті халық жақсы біледі.

Қалың өрттің түтіні астында аман тұрған жалғыз ағашқа арнап Тарас ақынның өз ойына түйген түсініктердің поэтикалық бейнеленуі:

...Ұзын жолдың шетінде,  
Кең жазықты жағада,  
Жалғыз-ақ зәулім ағаш тұр.  
Тәңірден қалған далаға  
Балтадан қалған кесілмей.  
Өрттен қалған және де,  
Күмбірлейді ағаш ертегі.  
Күндерді айтып даңаза.  
Қасіретті ағашты  
Ойлап қазақ толғанып,  
Таңданады құдіретке  
Түйесімен ырғалып.  
Құрметтейді ағашты,  
Сиынады бас иіп,  
Құрбандыққа мал шалып  
Өссе дейді сол ағаш  
Сорлы болған елінде,  
Елінің кең жерінде.

(193-194 беттер)

Енді осы жалғыз ағаш қай жерде екенін білу үшін көп сұрау салдық. Ақыры, Бөгетсайда тұратын белгілі ақын Нұралин Қызмет ініміз сол ағаш туралы деректі жеткізді. Белқопа елді мекенінен өткенде «Сайқұдық» деген жердегі жалғыз теректі көріп, тоқтап суретін салыпты. Қарақұдық, Сайқұдық түбінен Қарабұтақ бекінісіне баратын жол өтеді. 1858-1862 жылы Орск-Қазалы пошта қатынас жолы салынғанда, тап осы жолмен жүрген. 1848 жылғы Бутаков экспедициясының жолсапары бағытын қуалай жүріп отырсақ, Тарас салған Жалғызғағаш тап осы Сайқұдықтағы терек (тополь) екеніне көз жеткізу қиын емес. Бірақ, бұл Әулиеағаш емес, екеуі екі жерде өсіп тұрған ағаштар.

Жалғызғағаш атауы нағыз микротопонимге айналғаны Шевченко көргеннен бұрын ауызға іліккені де осы күнге дейін солай аталады.

Жалғызғағаш атауы түскен А. Н. Богдановтың «Баксайская волость Иргизского уезда – естественно географический очерк» (Оренбург. 1915 г.) Осы кітапшадағы 1911 жылы осы болыстың жерінен 200 өсімдіктерді жинағын тіркеген екен.

Сол тізімде көрсетіліп тұрған № 32 және № 36 санды өсімдікті Жалғызғағаш сайынан алынды деп көрсетіпті.

Жалғызғағаштың (теректің) жасы нешеде екені белгісіз, мүмкін ғасырлар бойы өсіп тұрды ма, не бұрынғысының орнына жас терек шықты ма? Ол неге жалғыз, неге көбеймейді деген сұрақтар тұрғаны рас. Бір ғана күмәнсізі – бұл маңдағы жер асты суы мол әрі тұщы қатынас жолының бойында қазылған құдықтар тізбегі айқындап тұр. Қалай десек те бұл жалғыз ағаштың өсіп тұруында да бізге белгісіз құдіреттің күші бар сияқты.

Біздің халқымыздың ертегілері мен аңыз-әңгімелері мен қисса, жыр-дастандар да үнемі өмірге өзек боларлық пана ағаштан, жалғыз теректен тауып, мақсат-мұратына жететін жағымды кейіпкерлер қаншама. Сайып келгенде, Аллаһтың адамға қойған үш міндетінің бірі де ағаш егу болуы тегін емес-ау.

Ал біздер – қазақтар сайын даланың иесіміз деп мақтана отырып, айдалада өсіп тұрған ағашқа құрметпен қарауды үйрендік пе?

Киелі, әулие немесе өзгеше түрде өсіп тұрған, немесе жүз, мың жасаған ағаштарға ерекше құрметтеп қастерлеу жер жүзі

халықтарының бәрінде бар екен. Туризмнің майын ішкен елдерде осындай ағаштар төңірегіндегі аңыздарды жинап, оған әсерлі түрін үйлестіріп, небір керемет көпшілік шаралар өткізеді екен. Ең бастысы, ондай ағаштарды есепке алып, қорғап, киелі орынға айналдырып, табиғатты аялаудың бір әдемі түрінің дәстүрге айналуына ықпал етуге жол тапқан. Жақсы дәстүрді үйренсек, қай жағынан да артық болмас еді.



Қарабұтақ фортының 1848 жылғы бейнесі

## Үңгіртас

Қарабұтақ жерінің басым көпшілігі Мұғалжар жоталары, таулы-тасты шатқалдар, терең сайлар мен жарқабақ жыралар көп кездеседі. Аралтоғай округінің әкімі Дошаев Абылай «үңгіртасты» көрсету үшін жол бастады. Тас жолмен шамалы жүргеннен кейін оңтүстік батысқа өрлеп келеміз. Жан-жағымыз шашыраған тастар, кішкене өзеннің арнасы жасыл құрақтарымен бізбен бірге иретіліп терең сайға ұласып жатты. Тасты қырқа басына тоқтағанда өзеннің арғы бетіндегі биік жарқабақтағы үңгірдің есігі бірден көрінді. Тасты жардың биіктігі жүз метрдей, үңгір төменде, өзен табанында үш бөлік қара су сияқты етіп

мөлдіреп жатқан суды жалпақ тастар бөліп тұр, ал тастардың жиегін тап-таза ақ қайыр құм жапқан кішкене арал сияқты, тастың екі жағынан аққан су жолы жіңішкеріп барып, кәдімгі сарқырама сияқты сылдырап ағып жатқаны бергі жағадағы біздерге естіліп тұрды. Енді үңгірді көруге экспедицияның жастар жағы қызыға барып, есігінен өрмелеп ішіне кіріп, артқы есігінен таудың басына шықты, енді біреуі үңгірдің бүйіріндегі терезе сияқты тесігінен басын сұғып дауыстады. Үңгірдің ішіне оншақты кісі сиятындай екен дейді ішіне кіргендер. Ауыл адамдарының айтуынша бұл үңгір ертеде үлкен болыпты.



Сурете: Кенесары сарбаздарының қарауыл құрған жері – Үңгіртас.

Солдан оңға қарай: Г. Шматова, А. Амиров, А. Тасымова.

Бүйіріндегі терезеден шығыс жақ жағалау тегіс көрінеді, ал артқы таудың үстіне шығатын есік әрі тез қашып құтылуға, әрі сыртқы қырқаны түгел шолуға ыңғайлы. Сырт жағынан келу қауіпті, екпіндеп келсе терең құзды байқамайды, тік жарлы терең сайға құлап түседі және ол жақта тұрып үңгірді көре алмайды. Ал бергі беттен қарағанда білмеген кісіге үңгірдің есігі екенін бірден айыра қоймайды. Қалай десек те, бұл үңгірдің адамға қызмет көрсеткен орын болғанына күмән жоқ. Осы

аймақта өткен талай оқиғалардың тілсіз куәгері дерегін бірде кешегі Кеңесары сарбаздарының қарауыл құрған жері десе, бірде талай жапа шеккен жандарға да, ұры-қарыларға, қашқындарға да пана болған деген қилы-қилы әңгімелер естідік. Сондықтан болар, үңгіртасты кейде «Көлеңкетас» деп те атайды.

Біз көріп тұрған үңгіртас қазір шағындалып жатағандау көрінгенімен, қатпар-қатпар биік жартастардың сұсты қалпы қаһарлы түрімен үңгірді бауырына басып-басып тұр. Бұл жер дайын туризмнің орны болуға сұранып тұр екең бірақ табиғатты аялап үйренбеген бізге осы жердің табиғи тұлғасы бұзылмай жата бергені дұрыс-ау деп ойладымыз. Бұл терең жарқабақ көмкерген сала ирелеңдеп жоғары көтеріле береді. Осы жерден жоғарырақтағы тағы Сандықтасқа көлігіміз жете алмай, үңгіртасты және оның айналасындағы тамылжыған табиғатты, состиған, ақсиган қоңыр ала жартастар мен бүк түсіп арқасын күнге төсеп төсек болып жатқан қызғыш тастардың санқилы сурет әлемін қимай аттанып кеттік.

## Әулиеағаш

“Әулиеағаш – Қазақстанның барлық түпкірінен кездесетін мекен аты. Микротопонимдер санатына жатады” [1].

Ал біздің Ақтөбе өңірінде ағашқа байланысты атаулар аз емес. Бірақ Әулиеағаш деп аталатын ағашы бар жер қазіргі Әйтеке би ауданында ғана Әулиеағаш туралы еміс-еміс естіліп жүргенімен, Тарас Шевченко салған «Жалғыз ағаш» суреті мен ақынның өлеңі астасып көпшілікке Әулиеағаш деген түсінік бір ағаш болып қалыптасқан-ды.

1848 жылғы мамыр айында экспедициялық сапарға шыққан капитан А.Бутаковтың жер қайысқан қалың қолының жүру жолын зерттеп қарасақ, тап қазіргі Әулиеағаш тұр деген жерге соқпайды. Жалғыз ағаштың бәрі Әулиеағаш атанбайды. Сонда нағыз Әулиеағаш қай жерде деген сұрақ туады. Әулиеағаш атануының сырын тап басып аша алмасақ та сол жерді, ағашты көруді армандап жүргенім рас.

Атам қазақ «сабақты ине сәтімен» - дейді. Сол сәтті күннің туғаны 2006 жылдың маусым айында Қ.Жұбанов атындағы

университет жанынан құрылған Гуманитарлық зерттеулер институтының алғашқы экспедициясы Әйтеке би ауданынан басталып, профессор Алпысбай Мұсаев өзі басқарып елдің, жердің тарихы мен фольклорың, этнографиясын және елді-мекен аттарын тұтастай өңірдің өткені мен бүгінгі өмірінен мол мағлұмат жинауды мақсат еткен еді, соған аудан басшыларының да оң ықпалы және жергілікті азаматтардың ерекше ықыласы арқасында мол мәлімет жиналды. Осы сапарда Әулиеағаш атанған жерді көрудің сәті түсті.

Жол көрсетуші ауыл ақсақалы Еңбек ардагері Дойманов Кенжеғали және Құмқұдық округінің әкімі Айсауытов Көпжасар әуелі Бестас аталатын мал қыстағынан өтіп, одан оңтүстік-батысқа қарай ескі жолмен туралап келеміз.

Ақсақалдың айтуынша биыл су аз жайылған жаңбыр саябыр болғаннан былтырғы көл суының жайылған алқабы биыл құрғақ, қалың шөп өскен. Құмқұдықтан 30-35 шақырымдай Әулиеағаш Кенжеғали ағамыз осыдан 50 жыл бұрын көрген екен. Теп-тегіс алқаптың екі бетінде екі көл Қарашатау-Шалқар мен Үкілі де арнасынан шықпай аралары шалғынданып кетіпті. Екі көлдің арасындағы жазықтан өткен соң, екінші жазықта үйме-жүйме ақтастардың үстінде шығып тұрған ағашты жолбастаушымыз - Әулиеағаш осы деп көрсетті.

- Біздің бала кезімізде бұл жерде жалғыз ағаш болатын, маңына ешкім бармайтын. Оны сындырсаң қан шығады деп әжелеріміз қорқытып отыратын. Онысы ағашқа тиіспесін дегені шығар, - деді. Біз бірден жалғыз ағаштың түбірін іздей бастадық. Ол тастың шығыс жағындағы кеңдеу қуыста өртенгеннен бе қарақошқылданып жарымдай түбірі сақталыпты. Өсіп тұрған үш ағаш тап тастың үстіндегі жықпылдарынан шығып тұр. Ортадағы ағаш үлкендеуі екен. Онда құстың қомақты жалғыз ұясы бар. Екі жағындағы ағаштар сәл кішілеу. Байқап қарасаң үш ағаш көрінісі осы жердің таста орнатқан үш тағаны сияқты. не ерекше өңі, таңбасы бейнесіндей әсер еткенін түсіне алмасам да, жасыра алмадым. Тұран даласының белгісі деуге боларлықтай Әулиеағаштың тұқымы кәдімгі қайың. Төменгі жағының сырты қоңыр қабықты, одан жоғары бойы аппақ ағаштан ақ бұтақтар, көк жапырақтар жауыр тұр. Қайың ағашы 100-150 жыл өмір сүреді екен және олар жарықсүйгіш. Топырақ пен ылғалды көп талғамайтын ағаш екен. Ағаштың тамырына ылғал

мен қорек жетпеуінен олардың өздері де, бұтақтары да қисайыңқырап өседі екен. Биылғыдай құрғақшылық жылдары тас астына жиналған қар суынан азайғанын ағаштардың бұтақтары қисайып, жапырағы сиреп тұрғанын көрдік. Қайың ағашы тазалықтың белгісі және биоэнергиялық күші бар. Энергия беретін ағаш және ол геомагниттік кеңестікте өсіп өнетіндіктен тап осы шоғыр тастарда өскен қайыңның бізге белгісіз де жұмбақ сыры барында күмән жоқ.

Үш ағаштан басқа тастардың жарығынан өсіп келе жатқан 3-4 балапан ағаштар қою жапырақты шоқ-шоқ түп әдемі өсіп тұр. Көз жетер жерде қайың түгіл басқа ағаш та жоқ. Шоғыр тастың көлемі де үлкен. Кейбір тұстарының биіктігі екі метрге жетеді. Жан-жағы жазық алқап. Осы жазық алқаптан батысқа қарасаңыз Жылантау, Текелі оған жалғас Қарашатау биік тауларының айбатты тізбегі жатыр. Ал олардың сырт жағы сайын далаға ұласып, бірыңғай тегістік болып жатады. Шағыр тастың үстіне шыққан биік ағаш ойпатта тұрып-ақ тауларға иық тірескендей жалғыз белгі болған.

Бұрын бұл өңірде XVIII-XIX ғасырларда қалың ел жайлаған және көші-қоны жолында алыстан көрінетін ақтастың үстіндегі көк ағашты халық өзіне жол бойындағы белгі етіп, ғажап көрініске таңдана қадірлеген болар. Ертедегі жалғыз ағаштың жерге шықпай тастың үстіне шығуының табиғат құпиясында құдіреттің күші деп ұғынбасқа шара жоқ.

Кенжеғали қарттың айтуынша өзінің ат-анасының ата-әжелері Әулиеағашқа бармаңдар, оған тиюші болмаңдар, ол киелі ағаш, - дегенді үнемі айтыпты.

Қайыңның тұқымы бұл жерге қалай келді деген сұрақ тұрады. Қазіргі ілімнің негізінде қайыңның тұқымы жеңіл желмен ұшып, сумен ағып немесе құстардың жемсауында, не қауырсынында келуі мүмкін. Ылғалды жерде жайып өседі екен. Тастың астында ылғал ұзақ сақталатынын ескерсек, бәрі де орынды сияқты. Бірақ Қарашатау, Ақтасты өңірінде шашырап жатқан тастар бар жерлер аз емес, кейбір жерлерде тастар жота-жота болып тұтасып жатса, кейбір жерде шашылып қалғандай жалғыз не екі-үш түйір шыға келеді. Жазық далада жаңа ғана жерден шығып тұрғандай бастары қылтиып тұрғаны қаншама.

Ертеде Әулиеағашқа табынып, тілек тілеп тарыққанда

армандары орындалғаны туралы аңыз әңгімелер әлі де бар. Оның тағы бір ескеретіні бұл жерге жақын «Кемпір әулие» жалғыз бейіті мен «Табынбай әулие» қорымы және «Қыз әулиелер» аралары жақын орналасқан. Олардың тарихы бүгінде ұмыт болған. жақпар тастардан қалаған Табынбай әулие қорымының тастары да Қарашатаудағы қамалмен бірге тасылып кеткен дегенді естідік. Ауызша деректерде Табынбай сайында тұщы сулы құдықтар маңында Кенесарының сарбаздарының қару-жарақ жасатын шеберхана ұсталар дүкені болыпты.

Бұл жалпақ даланы батысында Текелі мен Қарашатау Шалқар көлімен көмкереді, шығысында Бестас одан әрі үлбіреген Үкілі көлінен жалғаса жатқан Шиліқара көл, Алдияр көл, Аю көлдеріне жайлауға көші-қон жолдары болған. Сонда тас үстіндегі жалғыз ағаш алыстан көрініп, өзіне сүйсіндіре көз ұшында ұзақ сақталған. Бұл алып жазық ойпат үлкен-үлкен көлдерді құшағына алып, теңіз деңгейінен көп төменде жатқан жер.

Соңғы 60-70 жылдарда бұл маңда бірін-саран малшылар болмаса, көпшілік келе бермейтін жерге айналған. Сайын дала төсінде бөлек шоғыр тастардың үстінде қасқып өсіп тұрған ағашты халық қадірлеген оған байланысты аңыз әңгімелерде ұмыт бола бастаған Түбірі ғана сақталған. Ана ағаштың орнына шығып тұрған үш ағаш Әулиеағаш атын жалғастырып тұрғанына біз де куә болып, іштей ұғыстық. Табиғаттың құдіретіне бас имей көр.

Ақтөбе облысының жаңа картасында «Әулиеағаш» жер аты түспеген себебі де соңғы жүз жылдық бойы бұл жерде халықтың азаюы, жер атаның аз айтылуын тудырады. Дегенмен Құмқұдық ауыл-аймағы Әулиеағаш атауын жақсы біледі екен. Жер-су, елді-мекен атауын зерттеушілер, ғалымдар өсімдікке байланысты аталғандарды микротопоним сипатына жатқызады. Ағашқа әулие аты берілуі бұл атаудың ауқымын биіктетіп, кеңейтіп тұрғаны басқа әңгіме болар.

Әңгіменің басында Ақтөбе жерінде ағашқа байланысты сан-алуан атаулар барын ескерттік. Оған қоса жер-жерде әулие кісілердің бейітінде өскен ағаштар бар. Шалқар ауданында Есеш-Дәрібай, Ойыл ауданында Сүлеймен әулиелердің бейітінде өскен ағашты сол әулиелердің құдіреті деп түсіндіреміз.



Сол сияқты көздері бар жерлерде ағаштар өседі. Ол жерде таза судың молдығынан көреміз. Ал айдалада күнге қақталған тастың жарығынан нәр алып, аспанға ұмтылған сүйкімді, сұлу қайыңдардың өсуін неге жорыр едіңіз? Әулиеағаш аталуында жатқан жұмбақты ешкім шеше алмас. Бірақ табиғат ана ғана осы ағаштардың жоғалып кетпеуіне қамқор болып, Әулиеағаш атауын бізге жеткізіп тұрғанын көрдік.

«Әулиелі жерлерге қатысты аңыздардың пайда болу кезеңімен, идеологиялық бағытына қарай оларды төрт кезеңге немесе төрт топқа бөлген ғалымның зерделеуінде бірінші топқа жататын – Ислам дініне дейінгі киелі саналып келген орындар. Алайда олар ислам діні келгеннен кейін исламдық сипат алған. Тарихи тегі белгісіз киелі орындар,» - дейді [2].

Бүгінгі біз көріп, әңгіме етіп отырған Әулиеағаштың да тегі белгісіздер санатына енеді. Әулиеағаш туралы қосымша «Түнекке, пұтқа табынған дәстүрін аңғартады» [1], дегенді ескерсек бұл жердегі Әулиеағаш атауының тарихы тым тереңге тартады. Қалай десекте халық жадында ұмытылмай Әулиеағаш аталып келе жатқан жерде ағаш бар. Ақиқаты осы.

Қарашатау, Құмқұдық халқы Әулиеағашқа үлкен құрметпен қарайтынын байқадық. Осы жердің азаматы, Ақын Шәкимарат Оңғаров «Әулиеағаш, Табынбай құпиясы» атты дастанында елің, жерін қорғаған батырдың өшпес рухы белгісіне теңегені кім-кімге де тың ой салады:

Ер еді талай жалғыз жауға шапқан,  
Жауын толық құртқанмен түспес аттан.  
Құдіреттің күшімен ағаш болып,  
Жүрегі қара тасты жарып шыққан.  
Шыққаны сол арада сұлу қайың,  
Болғандай табиғатқа бұл да уайым.  
Маңында бір ағаш жоқ, мидай дала.  
Көпшілік біле бермес мұның жайын.

Қара тасты жарып шыққан белгісіз батырдың рухы осы жерге талай батырды берген екен. Соның бірі Табынбай батыр-әулие ерлік дәстүрді жалғастырып, мерт болыпты. Әулие бейіті және қорымы Әулиеағаш, Кемпір әулие, Қыз әулие, Қарашатау мен ондағы қос бұлақтар киелі орын ретінде қорғалуға жататын ескерткіштер санатына еніп, қамқорлық көрсететін шаралар

кейінге қалдырылмай, шешімін табу баршамыздың міндетіміз. Әсіресе билік басында отырған және жерді бере салатын азаматтар рух алдындағы перзенттік парызым деп түсінуі керек. Бұл істер халқымыздың болашағына керек.



**Әулиеағаш етегінде солдан оңға қарай:  
Көпжасар Айсауытов, Алпысбай Мұсаев,  
Айсұлу Тасымова, Рысжан Ілиясова, Дойманов Кенжеғали**



## «Сандал» төбе

Жабасақ пен Толыбайдың жолы бойында «Сандал» төбе деген төбе теңіз деңгейінен 230 метр биіктікте. Арқа жерінде бұндай төбелер көп, алыстан қарағанда төңкерілген тостағанда, не баланың басына киіп тұрған төбетейіндей төбелерде не жасырылғанын кім білсін.

Сандал төбе туралы ауыл адамдары өздеріне жеткен әңгімелерді айтады. Бір жылдары осы аймақты басқаруға келген кісі жергілікті тұрғын машина жүргізушіден неге «Сандал» – деп аталған екен? десе, – қапелімде білмеймін деуге ұялған серігі – баяғыда екі салт атты кісілер осы төбе түбінде дамылдап ұйықтап кетіпті, таң ата оянса аттары жоқ, әрі-бері жүгіріп іздеп, әбден шаршап, төбе басына шықса, іргесіндегі үлкен шұңқырда оттап тұрған аттарын тауып алған соң, әбден сандалып шаршағандар койған дейді деп жауап қайырыпты. Қайсыбірі ауылдарына қондырмаған кісілерден қалған шығар деп те әзіл-шыны аралас айта салады.

Бұл биік төбенің бұрын да өзге аты болған болар. Ал «Сандал» атауы қазақ пен қалмақтар соғысы кезінен қалғаның жер жағдайын жақсы білетін қазақтардың осы төбе түбінде жауын жеңіп, айламен сан соқтырып кеткенінен аталыпты дегенді 1993 жылы шежіреші – Қалық жыраудан естіген едім. Оған қоса жырау 1841-1842 жылдары бұл маңайда Кеңесарының сарбаздарының үлкен-үлкен шайқастары болғаны туралы көп әңгіме шерткен. «Сандал» төбе түбінде Хан Кеңе мен орыс отрядының бетпе-бет шайқасы болыпты. Сарбаздар таң ата жауын жеңіп, төбе басына шыққанда үлкен шұңқырда қырылғаннан қалғандарының бас сауғалап қашып бара жатқанын көріпті. Сандалға келіп сандалып қалған жауын көрген сарбаздар, Сандал болса, Сандал болсын бұл төбе депті. Құлаққа ерсілеу естілетін бір ғана төбе атауында қанша тағдыр, қанша дерек жатыр. Бұл төбеде ел қорғаған батырлар рухы бар.

## Әдебиеттер тізімі:

1. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы; 1985.
2. Жандарбек З. Алтын Орда мемлекетіндегі билер институты. // Қазақ тарихы, №3. 2006
3. Ермұқанов Б. Сарайшық хандары. «Арыс» Алматы, 2004
4. «Қазақ тілінің түсініктеме сөздігі». Ғалым – 1976 ж.
5. Ақтөбе энциклопедиясы. Ақтөбе – 2001 ж.
6. Қ. Еламанов. «Шежірелі өңір». Ақтөбе – 2003 ж.
7. Ө. Қанахин. «Ата қоныс». Алматы – 1990 ж.
8. Ә. Нұрмағанбетұлы. «Жер-судың аты – тарихтың хаты». Алматы. «Балауса».
9. А.Н.Богданов. «Баксайская волость Иргизского уезда. Естественно-исторический очерк». Оренбург. 1915 г.
10. С. Шүкірұлы. «Ана тілі». № 6, 9 ақпан 2006.
11. Шевченко. Таңдамалы шығармалары. Алматы. 1964.

## Қазақтың соңғы ханы сайланған жер



**Қарашатау** – аудан орталығынан 70 шақырым қашықтықтағы Құмқұдықтың батыс жағында. Әйтеке би ауданы аумағының біраз жері Мұғалжар тау үстіртінің жазықтық солтүстік-шығыс бөлігін алып жатқандықтаң жол бойы әр түрлі тастар тобы жиі кездесіп жатты. Теңіз деңгейінен 239 метр биіктікте жатқан Қарашатау алыстан едәуір биік болып көрнеді. Жер қыртысын зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, полеозой кезеңінде кварцтік топырақ су мен желдің, атмосфералық қысымның әсерінен қатты ақшыл түсті кварцит шөгіндісіне айналған. Тау бетінде әр түрлі ұсақ тастарды арнайы тесіп тастағандай, аяғына шаң жұқпайды. Әр жерде тастардың неше түрлі шоғыры топ-топ болып жатыр. Бұл тастар бейне жер астынан қайнап шығып, қата қалғандай әсер етеді. Тау үстіндегі ақшыл тастарға жабысып өскен көкшіл тау қынасы тастарды қоңыр түске «бояп» тұр. Таң атқан немесе күн батқан мезгілдерде, тастардың көлеңкесі ұзарып, қошқылданып тұрады, араларына түскен күн сәулесінен тау қарала-қарала болып көренеді. Қара сөзіне «ша»-жұрнағы жалғануы арқылы «шағын, қоңыр тау» деген ұғымды беріп тұр. Қарашатау атауы осындан шықса керек. Және бұл

өте ертеден келе жатқан атау болса керек. Зерттеушілер бұдан 600 жылдай уақыт бұрын бұл таудың биіктігі 400 метрден астам болғаның еріген қардың ағын суы мен нөсердің әсерінен жоғары қабаттары жылжып, етегіне түсіп, аласарғанын айтады. Қарашатаудың үш жағын орап жатқан қалың нар қамысты Шалқар көлі де бұдан әлдеқайда айдындырақ болған. 1980 жылдардың өзінде бұл көлдің көлемі 80 шаршы шақырым екен қазір азайған... Алайда, әлі базары тарқамапты. Қыркүйек айының майда шуақты күнінде көл бетінде қайтқан құстың қалың тобы жапырлай қонып, құжынап отыр. Сірә, бұл көл – қайтқан құстардың құс жолы бойындағы дамылдап алар мекені болса керек.

Дегенмен, әңгіме бұл маңның сұлулығы жөнінде емес, көзінде Кеңесары хан көтерілген тарихи жер екендігінде ғой... Е.Бекмахамбетовтың зерттеуі бойынша, Кеңесары жасағының ең күш жинаған жері – Ырғыз – Торғай даласы болған. «1838 жылы Кеңесары бастаған Орта жүз қазақтары Кіші жүз жеріне – Ырғыз бен Торғай ауданына, Орынбор әкімшілігінің шығыс бөлігіне өте бастады. Бұл аудандар Батыс Сібір губернаторлығынан да, Оренбор губернаторлығынан да біршама алыс жатқандықтан, олардың Кеңесары үшін стратегиялық маңызы зор болды. Сондықтан бұл аудандардың көп уақыт ұлт-азаттық қозғалыстың орталығына айналуы кездейсоқ емес», - деп жазды Е.Бекмаханов. Бұл көтерілісті Кіші жүздің барлық рубасылары, би-батырлары қолдап соңдарынан жұртын ерткен. Халықтың қолдауы арқасында Кеңесары осы кең байтақ жерде ұзақ уақыт жеңіске жеткен. Жалпы, тарихшылардың айтуынша, Кеңесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліс – ұзақ уақытқа созылған, әрі үш жүздің басын біріктірген XIX ғасырдағы ең ірі көтеріліс болды.

Тарихшы Бекмаханов «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты еңбегінде көрсеткендей, 1841 жылдың қыркүйек айында қазақ руларының өкілдері ата дәстүр салтымен Кеңесарыны ақ киізге көтеріп, хан сайлады. Ал журналист Қуаныш Ахметовтің «Кеңесары қай жерде хан көтерелген?» деп аталатын мақаласында («Егемен Қазақстан» 31.XI.2001.) 1841 жылы Кеңесарының хан көтерілінген жері Қарашатау деп көрсетіпті. Автор нақты деректі Алматы, Омбы

мемлекеттік архивтерден алған. Бұл – біз әңгімелеп отырған Әйтеке би ауданы аумағындағы Қарашатау.

Біз алдымен, Құмқұдықтағы орта мектептің музейін көріп, ұстаздарымен пікірлестік. Елдің, жердің тарихынан хабардар ақсақалмен көздестіруді өтіндік. Жаппар Өмірзақовпен солай көздестік. Жаппар аға 1929 жылы тұған. Ол кісідең «Қарашатаудағы Кенесарының тас қамалы туралы не білесіз?»- деп сұрағанымызда, «Қамалдың болғанын естіп өстік, бала кезімізде жұрттың аузында: «Биік тауда самал бар, Қарашатауда қамал бар» - деген жыр жолдары жүретін, өз басым 1957 жылы орнын ғана көрдім, тастарын бұзып алып кеткенін естідім», - деді. Қамалдың орны қай шамада екенін айтып, жөн сілтеді. Сүйтіп, қамалдың орнын іздеуге шықтық. Таба алмаймыз-ау деген күдік басым болды. Дегенмен, қабырғасы тарқатылып алынған орнында ұсақ тастар шашылып қалған, адам қолының ізі байқалатын үш жерді көздестірдік. «Қамалдың орны болар-ау» - деп үшеуін суретке түсіріп алдық.

Ал кейін облыс орталығына көшіп келгенімен, біз әңгімелеп отырған өңірде туып-өскен Мағаз Арғынбаев 1930 жылдары ағаларына еріп барып, тас қамалды көрген екен. «Ақ тастан қаланған, үш үлкен дөңгелек үй тәрізді, төбесі ашық есіктері бір-біріне жақын еді. Бала болғандығымнан шығар, олар маған өте биік боп көрінді. Одан соң, 1951 жылы Орынбек Дәуірбайұлы деген ағамның бір жүдеңкіреп, жабырқап жүрген кезі еді. «Қарашатауға барып келмейікші» деп өтініш айтқан соң, еріп шықтым. Баяғы үш тас үйшіктің орнында тұрғанын көрдім. Орекең құран бағыштағаннан кейін, бағдарлап қарасам, шеткі біруінде бейіт бар екен. Ал тас қабырғалардан бірнеше ақ шүберектерді көріп, бұл жерге түнеушілер бар болғаны ғой деп ойладым», - дейді. Бұдан соң Мағаз ағай : «Орекең маған ол қамалды жонғар-қалмақтармен соғыстан қалған деген еді. Мүмкін жергілікті жұрт бұл қамалдарды тіпті әр кезеңдегі соғыстарда өз пайдаларына жаратқан болар. Айтпақшы, бір қызық бар, Николай Старцев деген тракторшы сол маңда аң аулап жүріп, таспен жапқан құдықтың үстінен шығыпты. Тастың асты – киіз екен. Ал құдықтың іші таспен өрілген. Аузы тар, бір шелек қана сиятындай... Терендігін көрейін деп, кішкене тас лақтырған екен, шолп етіп, сұға түскені естіліпті. Құдық таудың

шығыс жақ бетінде, қамалдың орнынан төменіректе деп еді, барып көрудің сәті түспеді», - дегенді қосты.

Қамал маңында тұрып, «Сонда ханды қай жерде сайлады екен?» - деген ой мазалайды. Мысалы, қамалға шығыс жағынан келетін жолдағы Қожанай-Шалқар – биік төбелердің бірі. Хан сайланатын салтанатқа лайық орын ... Ал Қарашатаудағы қамал Кеңесарыны хан көтергеннен кейін салынуы да мүмкін ғой? Біріншіден, қасиетті орынды иесіз қалдырмау керек, екіншіден, бақылау-барлау жүргізуге өте ыңғайлы, биікте тұр. Ғалымдар Кеңесарының әскер басшысы ретінде табиғи қамалдарды, тау-тас пен үңгірлерді ұтымды пайдалана білгенін айтады.

Әйтеке би ауданы аумағында Кеңесары көтерілісінің іздері сақталған жер атаулары көп: «Наурызбайдың қарауыл төбесі», «Қойлыбай қырғыны», «Басықара қопасы», т.б. Осы өңірде тұратын Мираш Мырзағұлов, Шайхы Сәтімұлы, Тұратай Шамауовтардан талай әңгімелерге қаныққанмын Кеңесарының негізгі жорық жолдары – Ырғыз-Торғай даласында, Мұғалжар тауы, Талдық, Шетырғыз, Темірастауда, әсіресе, Мәні әулие қорымы маңында...

Шеңбертал өңірінде туып-өскен, марқұм Сұлтан Әжмағамбетов Мәні әулие қорымы туралы мақаласында: «Ауыл қарттарының айтуынша Кеңесары Ырғыз өзенінен өтіп, Мұғалжар, Жем бойына дейін барып, соғыса жүріп, осы қорым басында қаза болған сарбаздарына, әр рудың ерлеріне бір-бір оба жасап, таңбасын ойып, жақпар тастармен бастарын қарайтыпты»- деп жазыпты, («Ақтөбе», 1993 жыл 2 ақпан). Сол тас қорымның тек бір төбесіндегі бір бөлігі ғана сақталған, ал екінші төбедегі тастардың бөгет салуға тасып әкетілгені жөнінде Ағытай Қойлыбаевтан естіген едік. Кеңесары қамалының Мәні әулие қорымында болуы да ғажап емес. Мұндағы бейітке ұқсамайтың бірнеше бөліктен тұратын тас орамдардың құпиясы белгісіз.

Ырғызда, Торғайда әскери бекіністердің салынуы Кеңесары сарбаздарына құрылған темір тор еді. Жеті-сегіз жыл бойы Ырғыз-Торғай алқабында бекінген Кеңесарының жер қайысқан қарулы қолында Кіші жүздің атақты батырлары көп болған. Табын Бөкенбай батырдың немересі – Жоламан Тіленшіұлы



жер дауымен 1820 жылдардан-ақ бас көтеріп, кейін Кеңесарыға қосылып, оның белгілі әскер басшыларының бірі болған.

Кеңесары көтерілісін басуға үш жақтан қарулы отрядтар шығып, талай қанды қырғын болған. Сол ұрыстарда опат болған батырлар жерленген жерлерді білмейміз. Әулие Табынбай қорымның да тастары іске жаратылып кеткен, одан әрі Әулиеағаш, Қазан қойған, Алдияр көліндегі Саржала батыр, Толыбайдағы Ұзақ батыр мен Хан моласы қорымдарында жаттың басынғанына көнбей, арпалысқа бел буып, қолына қару алған талай боздақ жерленген болар.

Кеңесары заманынан беріде бұл жердің, осы жерді мекендеген елдің басынан небір зұлмат өтпеді десеңізші. Әсіресе, 1954-1955 жылдары басталған тың дәуірі тарихи оқиғалар іздерін өшіріп, жер аттары Щербаков, Урожайный, Псков, Ярослав, XXII партсъезд... болып кетті. Басқыншы билік қазақтың тарихын түгендемек түгіл, мүлде сызып тастауға, ел жадынан өшіруге тырысты. Талай батырдың ізі қалған мынау даланың ешқашан иесі болмаған, есте жоқ замандардан құлазып, бос жатқан дала депті...

Біздің сөз еткеніміз де – тіпті берідегі, Кеңесары көтерілісіне қатысты кейбір жайттар ғана. Ал бұл өлкенің ежелгі тарихы мүлде қозғаусыз жатыр...

...Осындай ойлармен үш жүздің игі жақсылары жиылып, Кеңесарыны хан көтерген қасиетті Қарашатаумен қоштастық. Ойқы-шойқы, шоғыр-шоғыр тастар бейне қасіреттен қалған жараның орны сияқты.

**Ілиясова Рысжан**  
өлкетанушы, Қазақстан Республикасына  
еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.

## «Хан моласы»

Жыра-жықпылы, қойны-қонышы тарихи қазынаға бай өлкенің негізгі діңгегі, басты тарихи мұрасы – Кіші жүз ханы Әбілқайырдың ізі қалғандығында. Әбілқайыр Мұхамбет Ғази Бахадүр хан (1693-1748) – Кіші жүздің ханы, қолбасшы. Шыңғыс ханның баласы Жошының он үшінші ұлы - Өсекеден тараған ұрпағы, қажы-сұлтанның баласы. Жауға шапқандағы жаужүректілігі мен қайтпас батырлығымен көзге түскен Әбілқайыр Кіші жүз хандығының тағына мұрагерлік жолмен емес, өз беделімен жеткен. 1726 жылы жоңғарларға қарсы азаттық күресі өрлеген кезде Ордабасындағы халық жиналысында қазақ жасақтарының қолбасшысы болып тағайындалған. 1728 жылы Бұланты өзенінің, 1729 жылдары Аңырақайдағы жоңғарларды талқандаудағы қолбасшылық өнері айрықша көрінді.

Әбілқайыр ханның Ресейге қосылудағы шешімі – мемлекеттік қайраткерлік пен көрегендік саясаты болды.

Бұл жерді “Хан моласы”, “Хан қырғыны” және “Хан қарасуы” деп атайды. Осы атауларға байланысты “Хан қарасуы” қорымынан екі-үш шақырым жерде шағын қарасу бар, ол соған байланысты деген ойды ауыл ақсақалы Халық Жәнібекұлының әңгімесі растай түсті. Толыбайдан Аққұмға дейінгі аралықта бірнеше қырғын болған жерлерді көрдік.

Жалпақ төбені өрлей қорымның ортасында бірнеше үлкенді-кішілі төмпешік жатқан жерді нағыз хан тамы орналасқан жер деп түсіндік. Бұл жатқандар қам кірпіштен салынған, тозығы жетіп қирай-қирай осындай төмпешік болып қалғанын дәлелдеудің керегі жоқ. Бұл дәлелді Николай Рычковтың 1771 жылғы көзімен көріп жазған кітабы да растайды. Хан қорымының көлемінің үлкеюін көп жылдар бойындағы жаугершілікте қаза болғандарды жерлеу тоқталмаған деп түсінген дұрыс.

Хан бейіті осы деп айту кім-кімге де қиын. Алайда, Әбілқайыр хан жерленгеннен кейін жиырма үш жыл өткенде көрген “Дневные записки путешествия капитана Н.Рычкова в киргиз-кайсацкой степи в 1771 году” деген кітаптағы деректерге тоқталайық. Ол хан моласын былай сипаттайды: “Хан тамы күйдірілмеген кірпіштен іргесі төрт бұрышты етіп қаланып, басы сүйірленіп

күмбез болып біткен. Тамның батысындағы есіктен кіргенде ішіне ақ балшықпен сыланған бейіт ішіндегі шұңқырда кәдімгі киімімен хан денесі жатыр, - деген. – Қасында қылыш, садақ оғымен қойылған. Қазақтар бұл моланы әулие тұтады, әсіресе хан бейітінің аяқ жағынан шыққан биік ағаш бүкіл тамды жауып тұр. Осы ағаштың шығуы хан моласының әулиелігін тіптен көтерген. Табынған жандар небір жақсылықтарды көргендерін әулиеге байланыстырады. Келгендер ағашқа шүберек байлап, шаштарын жұлып бейіт басына қойып өздерінің қайғырғандық белгісін білдіреді”. Одан әрі хан тамының қарсы алдындағы көлемі 12x12 метрлік таспен қоршалған орын бар, сонда садақа – ас беретін малды соятынын жазған.

“Хан моласының айналасында көптеген тамдар, әдемі салынуы жағынан хан тамынан да артықтары бар. Басқа бейіттер топырақпен көміліп, ши, қамыстан кілемше тоқылып жабылған, бейіи бетінде азғантай қару мен оқтар қойылған. Бейіт басында екі күн болғанымызда Нұралы хан нөкерлерімен келіп әкесіне жылқы сойып, ас берді”, -деп жазған.


Рычковтың көзіне ешқандай құлпытас түспеген, демек ханның осы жерге жерленгеніне жиырма үш жыл болса да әлі “Астана қорым” жасау жұмысын істемеген деп түсінеміз. Ал ханның жерленуі қазақша сағана бейіт салып, сыртынан іргесі төрт құлақ, одан жоғарғы жағы жартылай күмбез қазақы там салынғанын аңғару қиын емес. Н.Рычковтың көріп баяндаған хан моласы туралы толық мәлімет кім-кімді де сендіретініне күмән болмаса керек.

Әбілқайыр өлгеннен кейінгі Нұралы хандық еткен уақыт бұл өлкеде жеңіл болған жоқ. Оның үстіне хан шаңырағына жанашыр атақты Жәнібек, Есет бастаған билер, батырлар өмірден кетіп, Әбілқайыр мүрдесін басқа жаққа көшіру мәселесін қолдайтын күштің болмағаны анық. “Әкең ант берген сөзден тайдың”, - деп ақ патшаның да дала әкімдері Нұралының кеңірдегіне қанжарын үнемі тақап, қозғалмастай шармап баққан еді... Айбарлы хан мен ақылды ханымның бір қорымда жерленбеуі де осы шырғалаң заманның белгісі деп түсінген дұрыс.

Бір ақиқат – “Хан моласы” деген қорым осы екеніне еш күмән жоқ. Бұл жер Толыбай шаруашылығына қарағанымен, көп жыл

бойы көрші Торғай елі жайлайтын жемі-суы мол жайлауға айналыпты, мына қорым туралы біздің кісілерден гөрі олар көбірек білетін көрінеді, бірақ баяғы қасиетті “Хан моласы” деп сыйлайтын қариялар өмірден кеткен, қорым өте күйзелген.

**Рысжан Ілиясова,**  
Өлкетанушы, Қазақстан Республикасына  
еңбегі сіңген мәдениет қайраткері.



Қабырға және Өлкейек өзендерінің тұсындағы  
Хан бейітіне қойылған құлпытас.  
XIX ғасыр.

## **Әйтеке би ауданының археологиялық ескерткіштері**

Аудан территориясының Ақтөбе облысының шығыс бөлігінде орналасуы табиғи-географиялық жағынан, сонымен қатар түрлі тарихи кезеңдердегі, тас ғасырынан соңғы ортағасыр және жаңа кезеңге дейінгі археология ескерткіштерінің орналасу ерекшелігінде маңызды орын алып отыр.

Аудан территориясы кең алаңды алып жатыр, бұл бұрынғы әкімшілік бөлімдер – Комсомол және Қарабұтақ аудандарының біріктірілуімен байланысты. Қарастырылып отырған әкімшілікті бірліктің батыс бөлігі солтүстіктен оңтүстікке қарай Ырғыз өзені және оның көптеген құйылыстарымен бөлінген. Оңтүстік және шығыс шеттері көптеген кішігірім тұзды көлдер және сорлармен тұмшаланған.

Жердің рельефі тұтасымен алғанда жазықты, солтүстік бөлігінде аласа үстірттер кездеседі. Жалпы алғанда, территория адамдар тобының өмір сүруіне ыңғайлы, соның негізінде сала бойынша бағдарлау байқалынады, яғни XIX-XX ғасырларда кеңінен жайылған топырақты жамылғылы солтүстік бөлігі жер шаруашылығына қолайлы, ал оңтүстік бөлігі белсенді түрде мал шаруашылықты қыстаулар тармағы кеңінен тарағандықтан мал шаруашылығы үшін пайдаланылды.

Нақты дәуірлер бойынша археологиялық ескерткіштер сипаты келесі суретті қалыптастырады. Аудан территориясында ежелгі тас дәуірі адамдарының ежелгі тұрақтары жоқ. Тас ғасыры – бұл адам өркениеті тарихындағы ежелгі және ең ұзақ кезең. Оның ұзақтығы шамамен 2,5 миллион жыл. Бұл кезеңнің тоғысы ежелгі адамдардың құрал-жабдықтарды дайындауы еді, дәл осы дәуірлік оқиға оны арғы ата-бабасынан бөлетін. Осы кезеңнің аяқталуы еңбек процесінде металды пайдаланумен байланысты болды. Мұғалжар таулары етегінде тұрақтардың табылуын ескере отырып кейінгі палеолит ескерткіштері бар болуы мүмкін деуге болады, бұның өзі аудан территориясының әлсіз зерттелгендігін көрсетеді.

Адамзат тарихындағы келесі кезең – мезолит, өз атауында көрініс тапқандай өтпелі дәуір. Хронологиялық бөліктің бөлінуі және адамзатпен жасалған жетістіктер алдымен экологиялық

факторлармен байланысты еді. Солтүстік жартышарда мезолиттің басталуы плейстоценнен голоценге көшумен сәйкес келеді. Мезолиттің хронологиялық шеңбері шамамен б.з.д. X-V мыңжылдықтар. Бұл кезең көлемі жағынан кішкене тас құралдарының таралуымен және адамдардың өмір сүру сипатының өзгеруімен – ұзақ арақашықтықтарға ауысумен байланысты бір жердегі ұзақ отырықшы өмір сүру салтынан кезбе өмір сүру сипатына көшуімен ерекшеленеді. Әйтеке би ауданы территориясынан табылған мезолит дәуіріндегі адамдардың тас құралдары игерудің алғашқы кезде аңшылық топпен жүргізілгендігін дәлелдейді.

Тас ғасырының соңғы сатысы – неолит. Осы кезеңге қатысты XX ғасырдың бірінші жартысында ағылшын зерттеушісімен ғылыми айналымға енгізілген «неолиттік революция» термині қолданылады. Осы құбылыстың негізінде аңшылық, балық аулау, терімшілік сияқты бұрын адамды қоректендірген иелену шаруашылығынан жер шаруашылығы және мал шаруашылығы сияқты өндірістік шаруашылыққа көшу жүзеге асты. Жаңа тас ғасыры атауын білдіретін «неолит» тасты өңдеудің жаңа техникасы – аралау, бұрғылау, тегістеудің пайда болуымен байланысты. Археологтар палеолит пен мезолит арасындағы шекараны анықтауда қиыншылықтарға кездесетін болса, ал керамикалық ыдыстардың пайда болуы бұл жаңа дәуірге тән белгілер.

Осы кезеңнің айқындаушы археологиялық белгісі керамиканың болуы. Адамдар кейін тұрмыстың бөлінбес бөлшегіне айналған саз балшықтан отқа күйдіру арқылы ыдыстар жасауды үйренді. Жоғары сапалы саз балшықтан жасалған ыдыс біздің өмірімізде ас үйдің ерекше белгісі болып есептеледі. Бұған сынақтар мен қателерге толы саз балшықтың құрамы туралы тәжірибенің жинақталу жолы негіз болды. Адамдарға ыдыстарды ойлап табу идеясының қалай келгендігі белгісіз, я азық-түліктерді кеміргіштерден сақтау мақсатында шыбықтан өрілген кәрзеңкелерді сылау арқылы, я су ұзақ тұратын сулы балшықтағы тереңдіктерді, мысалға, өзен жағалауларын бақылай отыра. Алғашқы ыдыстар ыдыстың қабырғасын тілім-тілім балшықпен өсіру арқылы, ленталық әрекетпен жасалды.

Неолит кезінде ойлап табылған иіру мен тоқымашылықсыз.

біздің өмірімізді елестету мүмкін емес, оған дәлел есебінде тұрақтардан табылған олжалар, яғни жіпті ширату кезінде ұршық рөлін атқарған маховиктер саз балшықты және тасты ауырлатқыштар-иіргіштер мысал бола алады. Алғашқы кезде жабайы зығырдан алынған өсімдік талшықтары, қалақай, сора пайдаланылған, кейін жануарлар жүндері айналымға кіреді.

Қоғамдық қатынастарда неолит кезеңі мезолит кезінде белгіленген социогенез линиясының даму, рулық қауым кезеңі болды. Қоғамдық құрылысты сипаттай келе тайпа және тайпалық одақтардың құрылуы туралы айтуға болады. Соның негізінде әлеуметтік құрылымдардың иерархиясы байқалады: туыстық және шаруашылық қатынастар жағынан дәнекерлі бірнеше рулық қауымдар тайпа құру арқылы одақ түріндегі тайпалардың бірлестігіне кірді. Әйтеке би ауданының шығыс бөлігінде неолиттік аңшылар мен балықшылардың тобы орын тепкендігін өзен және кішкене көлдер жағалауынан табылған керамика және өңделген тас қалдықтары дәлелдейді. Неолиттік бірлестіктер тұрағының көптігі қаралып отырған территорияда толығымен қоныстанудың болғанын айқындайды.

Келесі дәуірлер – қола, ерте темір дәуірі және ортағасыр кезеңінің ескерткіштері туралы айтар болсақ, бұл дәуірлерге жалғыз қорғандар және қорғандық қорымдар тән. Аудан территориясындағы қорғандық ескерткіштерді зерттеуді бірнеше сатыға бөлуге болады. Алғашқы кезеңде зерттеулер XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында жүріп, Ақтөбе облысының қазіргі шығыс аудандарын зерттеген Орынбор оқу архивтік комиссиясының өкілдерінің ішінде басты орын алған И.А. Кастанье жұмысымен байланысты болды.

Келесі саты тың жерлерді алдын-ала зерттеу және жаңадан құрылып жатқан экспедициялар жұмыс жасап жатқан тарихтағы кеңестік кезеңмен байланысты және XX ғасырдың ортасына сай келеді. Осы кезеңде батысқазақстандық аймақтың бүкіл территориясы бойынша біраз бөлігі тексерілді. Бірақ та осы тың жерлерді игеру кезінде далалық аймақтардағы археологиялық ескерткіштердің біраз мөлшері жойылды.

Ақтөбе облысының территориясы үшін Запказгеология сияқты кәсіпорын шеңберіне біріккен жеке геологтар тобының болуы өте маңызды еді. Тас ғасыры кезеңінің көптеген тұрақтары дәл осы геологтармен табылып, қорғандық типтегі

ескерткіштер есепке алынды. Әйтеке би ауданында жұмыс жасаған зерттеушілердің арасынан Р.А. Сегедин және В.В. Родионовты атап өткен жөн. Кейін Ақтөбе педагогикалық институты негізінде С.Ю. Гуцалов жетекшілігімен археологиялық экспедиция құрылып, ол Облыстық тарихи-өлкетану музейі қорының мұраларын бірнеше есе көбейтуіне өз үлесін қосты.

Палеометалл кезеңі – бұл үлкен адамзат бірлестіктерінің бағытталған миграциялық кезеңі, бір-бірінен аулақтанған этнотоптар арасындағы мәдени ұштастықты кеңейту еді. Жүздеген және мыңдаған километрге осы тәріздес ауыспалылық сәйкесті техникалық бейімделусіз мүмкін емес еді. Доңғалықты ойлап табу өз кезегінде ежелгі тұрғындардың дүниетанымын қалыптастырудағы мәдени құбылыста маңызды рөл ойнаған техника саласындағы революция болды. Өсімдік әлемінің шеңбері, қозғалысы, өсіп-өну циклі, бірін-бірі алмастырып және қайталанып отыратын жыл мезгілдері басқа мағыналық сипатқа ие болды. Доңғалақ эволюциясы қарапайым бекітілген тақтайшалардан күрделі тоқыма бізді және төлкелі доңғалаққа көшті. Бұл жеңілдетілген нұсқалы жеңіл арба - әскери жетілдіру негізі болды. Осылайша «ежелгі танкке» ие болған қола дәуірінің тұрғындары әскери күші жағынан артта қалған көршілерден үстем болды. Осы тұрғыдан алып қарағанда палеометалл дәуірі соғыс сияқты қоғамдық құбылыстың пайда болуымен сипатталады. Кішігірім локальді қақтығыстардың орнына малдарды, руда шығатын жерлерді, қолайлы территорияларды, жайылымдарды басып алуға және көршілерді бағындыруға бағытталған мақсатты әрекеттер келеді. Соғыс айқын әлеуметтік дифференциацияны тудыра және дамыта отырып, баюдың басты көзіне айналады.

Батыс Қазақстан үшін ор, катакомба, абашевтік, андроновтік сияқты археологиялық мәдениеттерге жүйелі ауысым ретіндегі қола дәуірінің археологиялық ескерткіштерінің таралуы тән сипат. Ақтөбе облысының шығысы үшін алакөл тұрғындарының жерлеу және қоныстану объектілерінде көрініс тапқан андроновтік мәдениеттің ескерткіштері тән. Осы кезеңге түрлі қола бұйымдар - әшекейлерден бастап қару-жарақ бұйымдары, оюланған ыдыстардың көп мөлшері, сүйек пен тастан жасалған түрлі бұйымдар жатады.



Қола дәуірінен кейінгі адамзат тарихындағы кезең ерте темір ғасыры деп аталады. Ол өз атауын адамның еңбек процесіне жаңа металл-темірді енгізуіне байланысты алды. Бұл ең көп тараған металл дұрысында біздің планетамыз үлкен темір кесегі. Қазіргі кезде адам пайдаланып жүрген көптеген металдар физикалық құрамы жағынан темірден артық, үлкен жылу және электрөткізгіштік қасиетке ие жеңіл алайда берік металдар да бар. Бірақ та темірдің коррозияға ұшырау қасиетінің болуына қарамастан қолданылуы және таралуы жағынан темірге тең келетін металл жоқ. Өрістеу деңгейі жағынан біз әлі де болса темір дәуірінде өмір сүрудеміз.

Евразияның далалық алқабы үшін бұл өркениетті аспектілердің бөлектену, «көшпелі өркениет» ұғымы мен принциптерін жасауға алып келген барлық белгілердің қалыптасу кезеңі болды. Осы кезеңде Жер тұрғындарының көпшілігінде жер және мал шаруашылығына негізделген азық-түлікті шаруашылық қалыптасады (Мартынов, 2005. С.223.). Бұл әлемдік тарихы құрамында Греция және Риммен қалдырылған тарихтағы жарқын із, Жерортатеңіздік өркениеттің өркендеуі болды.

Дунайдан Ордосқа дейінгі кең белдікті даланы негізгі сипаты жағынан жарқын ескерткіштер қалдырған мәдени қатынастар жағынан европеоидке жақын және кескін-кейпі жағынан ирантілдес тұрғындар мекендеген. Ерте темір ғасыр дәуіріне материалдық мәдениет аспектілерінде көрініс тапқан тұрғындардың мәдени бірлігі тән.

Ондаған мың километрге созылып жатқан дала белдеуі өзінің бүкіл ұзындығы бойынша түрлі жағдайға ие. Ол батыс бөлігінде табиғи қатынастар жағынан қолайлы Украинаның оңтүстігін, Қырым, Солтүстік Предкавказьенің далалық территориясын, алып жатыр. Орталық бөлігінде Оңтүстік Приуралье және Батыс Қазақстан, шығыс бағытында Забайкалье және Оңтүстік Сібір шегіне дейін барады. Осы өзіндік табиғи-климаттық ауданда мәдени-тарихи бірлік, скиф-сібір әлемінің тұрғындары қалыптасты. Қола дәуірінде бастау алған шаруашылық жағынан даланы игеру ерте темір ғасырында көшпелі тұрғындармен белсенді жалғастырылды. Ерте темір дәуіріне жататын қорғандық типтегі ескерткіштер Әйтеке би ауданының далалық аймағында көп кездеседі. Олар

саны жағынан қола дәуірі және ортағасыр кезеңінің ескерткіштерінен үстем.

Ортағасыр кезеңі б.з. VI ғасырынан Түрік қағанатының құрылу кезінен бастап Қазақ хандығының құрылған уақытына дейін жалғасады. Ескерткіштер негізінде оғыз, печенег, қыпшақ көшпенді топтарының жүйелі ауысымын байқауға болады. Жалпы алғанда, Әйтеке би ауданындағы біздің ата-бабамыздың өткен ұрпағы тарихы ескерткіштерінің көпшілігі толығымен аяғына дейін зерттелмеген және олар біздің өлкеміздің ежелгі тұрғындарының мәдениеті жөнінде көрнекті материалдар береді.

**Арман Бисенбаев**

тарих ғылымдарының кандидаты.



Сурете: Бірғыз өзенінің Ұлғайсын тұсындағы жағалауындағы жақпар тастар

## Сөз соңы

Сонымен аумағына бірнеше Еуропалық мемлекеттер еркін сыйып кететін жәдігерліктерге бай өлке, тұтас эпикалық аудан Әйтеке би аймағына жасалған ғылыми экспедициямыз аяқталды. Бірақ бұл «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстары аяқталды деген сөз емес. Бізде бірінші кезекте жинақталған материалды елеп, екшеп, жүйелеп халыққа ұсыну мақсаты тұр.

Біздер бұл бағытта фольклорлық-этнографиялық мұралардың бір бөлігін билер мен шешендер, ағартушы қоғам қайраткерлерін, әулиелер мен киелі орындардың, ағаштан ою ойып, темірден түйін түйгендердің табиғатына барлау жасап, жұртшылыққа ұсынуды жөн көрдік. Қазақ халқының қоғамдық өмірінде саяси ойдың дамуына, саяси сана мен мәдениеттің, қоғамдық пікірдің қалыптасуына бес ғасыр шамасында от ауызды орақ тілді би-шешендер мен ақын-жыраулар белсене ықпал етіп отырды. Сайын даланың қай бөлігінде болсың, жер алыстығына қарамастан ауыздан-ауызға, елден-елге олардың билік, төреліктері, уытты өлеңдері, аталы терең толғаулары жетіп жататын. Би атанған кісілер – қазақ халқының тарихында қайталанбас ерекше, біртуар тарихи тұлғалар, өз заманында халық би деп танығандар, шешендігі мен әділдігі зор қоғам қайраткерлері еді.

Кіші жүздің бас биі Әйтекеден бастап, кіші биі Былшыққа дейінгі билер тұлғасына, дүниетанымына, ой-өрісіне терең бойлау, зерттеу жүргізу, толығырақ тану үшін олардың өмір сүрген әлеуметтік ортасын, сол кездегі саяси жағдайды, тіптен жеке өмірлерін жақын білуге тырыстық. Ел қамын ойлап шешендік пен көсемдікті қатар ұстанған билер елдің ішкі тірліктерін ұйымдастыруда да, саясаттың делбесін тең ұстауға да көрегендік танытқан.

Ел ішінен шыққан ақын-жыраулар Жәкібай, Жөкей, Құрманәлі, Сидақ, Закариялар өз өлең-жырларында ел қамын жеген еді. Олар өз қандастарының татулығын, бүтіндігін тілеп, ел арасынан шыққан батырлар мен билердің, қарындас қазағы үшін тер төккен ерлердің ұлағатты өмір жолдарың бейнелерінің жарқындығын, көпшілдігі мен ұйымшылдығын, кесектігі мен

кішілігін, данышпандығын арқау етті. Олар туған өлкесінің жібектей жолдары мен жусанды адырларың, заңғар таулары мен айдын шалқар көлдерің, мөлдір бұлақтары мен кәусар ауасың, оны мекендеген жан-жануарлар дүниесі мен өсімдіктер дүниесінің қасиеттерің, сайын даланың сан қырлы сырларын жырлады.

Біздің басты міндетіміз – мәтін орындаушыдан қалай жазылып алынса немесе қалай жарияланса, сол қалпында оқырманға жеткізу болды. Біз сондықтан да әрбір мәтінмен мұқият жұмыс жасауға тырыстық. әрбір өлең жолы мен шумаққа терең үңіліп, жыр, дастан, поэма пайда болған заманның ерекшелігін, жыршы-жыраудың, ақынның дүниетанымдық көзқарасың, ой-мақсатын ұғынуға тырыстық.

Қазақ арасындағы әулие-әнбиялар – айрықша дүниетаным жүйесі, онда ерекше рәсім, айрықша адамдар тобы арқылы ғарыштың үш деңгейінде қарым-қатынас жасау мүмкіндігі туралы көзқарас көрініс тапқан рационалды, иррационалды көркем образы элементтері тоғысады. Олар адамдар қауымдастығының әртүрлі әлеуметтік-психикалық, эмоционалдық, эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандырады. Алайда, бұл дүниетаным қоғам өмірінің барлық жақтарын, соның ішінде діни саласын да қамтиды және адамның табиғатынан тыс күштерге тәуелділігін көрсетеді.

Осы дүниетаным жүйесін зерттеген қазақ ғалымдарының бір тобы оны адамның виртуалдық, тылсымдық дүниесіне әсер етудің ерекше дәстүрі деп санайды. М.С.Орынбековтің пікірінше, бақсы адам мен әлем арасындағы ажыраған байланысты қалпына келтіреді. Мистикалық желігу, зікір салу практикасы арқылы адам мен әлемді біріктіріп, сананың тұтасуына ықпал етеді. Дүние түйсігінің негізі бұл дүниедегі сананың толымдылығы, үйлесімділігі, кең ауқымдылығы болып табылады. Ал сырқат адам мен дүние арасындағы үйлесімділіктің бұзылуының салдары. Қазіргі психиатрияның дамуы ғалымның бұл пікірін растайды. көптеген жүйке ауруларының адамның табиғаттан, әлеуметтік ортадан жаттануынан туатындығын медицина ғылымының дамуы дәлелдеп отыр.

Кітапқа енгізіліп отырған Бақсайыс әулие, Қарабас, Жайлау.

Абдолла, Раманқұл, Айтмұханбет, Әзірбай, Ақбақы, Алмағанбет, Сары ишандар осындай қасиеттерге ие. Олардың іс-әрекеті рухани мәдениеттің мистикалық тәжірибесінің типтік көрінісі.

Жинаққа кірген этнографиялық-фольклорлық материалдардың дені жаңа, яғни бұрын еш жерде жарияланып, баспа бетін көрмеген. Бұлар осындай құндылықтарымен ерекшеленеді. Мәселен белгілі ел ақыны Мәлік Әлмұратовтың 2 поэмасын, бірнеше айтысын бірінші рет жариялап отырмыз. Ал оның әлі жарияланбаған он-он бес баспа табақтай өлең-жырлары біздің қоржынымызда. Олар да өз кезегін күтіп жатыр, сәтін салған күні жарияланатынына сеніміміз мол. Жинақталған дерек құжаттарының көпшілігі шектеулі көлем ауқымынан шыға алмағандықтан келесі кезекке ысырулы тұр. Олар да өз кезегінде жарияланады деген үміттеміз.

Көмескі дала жолдарымен із кесіп, халық жәдігерлерін іздеп жүргенде білгендерін айтып, бағыт-бағдар нұсқап, ақыл-кеңестерін аямағаны үшін, ізгі тілектестіктері үшін өлкетанушы апамыз Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Рысжан Ілиясқызына, Әйтеке би ауданының әкімі Есмұқан Есенбаевқа, оның орынбасары Ақансері Ермағанбетовке, аудандық мәдениет бөлімінің бастығы Бақыт Исатаевқа Құмқұдық округінің әкімі марқұм Көпжасар Айсауытовқа, ардагер-ұстаз Жаппар Өмірзақовқа, Айтбай ахунның ұрпағы Қонысбай Әбілқаевқа, Раманқұл әулиенің ұрпағы Шайқы ақсақалға, Ақтасты округінің әкімі Мейрамбек Сәтімөвке, белгілі жырау Жәкібайдың баласы – Зәмзә Жәкібайұлына, Былшық бидің немересі Төлегенов Әнеске, Аралтөбе ауылының көнекөз қариясы Нұрмаханов Орысбай мен округ әкімі Әбдіхамит Төлебаевқа, ежелгі Қарабұтақ жерінің патриархы Жаңбырбаев Нысаналы ақсақалға, Қарабұтақ мұражайының меңгерушісі Рая Байзақоваға, Аралтоғай округінің әкімі Абылай Дошаевқа, Сары ишан немересі Саттарберген қария мен ұрпақтары Қабылбай мен Сағындық Орақовқа, Ақкөл округінің әкімі Қайырбек Дүйсенбин мен осы ауылдың жырауы Әбдіғани Ыбыраев пен ісмер ұста Көптілеуов Дүйсенғалиларға шексіз ризашылығымызды білдіреміз.

# Мазмұны

Кенжебаев К. Алғы сөз .....	3
Мұсаев А. Мәдени мұра – асыл қазынамыз .....	5

## I тарау

### Билер мен шешендер

Әйтеке би .....	19
Қисық би .....	22
Келаман би .....	24
Әбет би .....	25
Былшық би .....	28
Қарадос би .....	39

## II тарау

### Әулиелер мен киелі орындар

Бақсайыс әулие .....	43
Қарабас әулие қорымы .....	50
Жайлау әулие .....	51
Ақкөлде Абдолла әулие .....	52
Киіктің матауын көрген әулие .....	53
Айтбай ақын атанып кеткен Айтмұхамбет ахун .....	55
Әзірбай (1900-1965) .....	60
Ақбақсы (1895-1993) .....	61
Нұрмашев Әлмағамбет (1888-1975) .....	63
Сары ишан .....	63

## III тарау

### Ағартушылар мен қоғам қайраткерлері

Жүргенов Темірбек .....	80
Оразалин Сейдалы .....	84
Бекбаев Сырлыбай .....	105
Қаратаев Төреғали .....	108
Райымбергенов Ысқақ .....	109
Бітімбаев Тағыберген .....	109
Қойлыбаев Әліби .....	110
Ақдәулетұлы Мейірхан .....	111

## IV тарау

### Ағаштан ою ойып, темірден түйін түйгендер

Үсеңхан Өтешұлы (1884-1957) .....	119	✓
Қазан сипаған Пұсыр .....	119	✓

Мұқаш .....	120
Якуда Жалмырзаұлы .....	121
Соңғыбай Құмақұлы .....	123
Бес ұста .....	125
Кіребай Жолдыбайұлы .....	128

## **V тарау**

### **Әйтеке би ауданының әдеби мұрасы**

Шаңғытбаев Жөкей .....	131
Жәкібай жырау .....	132
Дәуітұлы Құрманәлі .....	144
Дайрабайұлы Сидак .....	155
Шоқаев Закария .....	155
Әлмұратов Мәлік .....	177 ✓
Сейілов Жүсіп .....	238
Шаңғытбаев Қуандық .....	239
Құрманалин Мұхтар .....	244
Қабылбаев Смат .....	249
Нұралин Қызмет .....	253
Жұмағұлов Сақтаған .....	257
Нұрмағанбетов Қазыбай .....	260

## **VI тарау**

### **Ауыл ақындары**

Ылаубайқызы Алтын .....	262
Дүйсенбин Әбілқайыр .....	266
Оңғаров Шәкімарат .....	277
Досқалиев Төребек .....	287
Әбдіқалық Бауыржан .....	289

## **VII тарау**

### **Атаулардың астары – тұнған тарих**

Әйтеке би өңірінің жер-су атаулары .....	304
Бақсайыс әулие .....	307
Жалғызағаш .....	320
Үңгіртас .....	324
Әулиеағаш .....	326
Сандал төбе .....	332
Қазақтың соңғы ханы сайланған жер .....	334
«Хан моласы» .....	339
Әйтеке би ауданының археологиялық ескерткіштері .....	342
Сөз соңы .....	348

## Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы

Жауапты шығарушы: Бисембаев А.А.

Дизайнер, суреттерді түсірген, дайындаған Тасымова А.А.

Корректорлары: Қожахметова А. , Қоспағанбетова И.

Компьютерде теруші: Хобдолова С.

Компьютерде беттеген: Кукаев Х.С.

Басуға 29. 11. 2006 ж. қол қойылды.  
Пішімі 84/108 1/32. Офсеттік басылым  
Шартты баспа табақ 22,12  
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 1748

Кітап «А-Полиграфия» ЖШС  
баспаханасында басылды.  
Ақтөбе қаласы, Т.Рысқұлов көшесі, 190 үй.



